BYD ATTO 8

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



Алғысөз

BYD автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Автокөлікті пайдалануды және оған қызмет көрсетуді тиімдірек ету үшін пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

Айрықша нұсқаулар: BYD компаниясы түпнұсқа қосалқы бөлшектерді таңдауға және автокөлікті пайдаланғанда, оған техникалық қызмет көрсеткенде және оны жөндегенде осы нұсқаулықтың талаптарын сақтауға кеңес береді. Ауыстыру және конструктивтік өзгертулер енгізу үшін түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді қолдану автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларына, қауіпсіздігі мен ұзаққа жарамдылығына әсер етеді. Кепілдік автокөліктің зақымдануларына және олардан туындаған пайдаланушылық сипаттамалардың проблемаларына таралмайды. Сонымен қатар автокөлікті модификациялау ұлттық заңдар мен ережелерді, сондай-ақ жергілікті билік органдарының қаулыларын бұзуы мүмкін.

BYD компаниясының өнімдерін таңдағаныңыз үшін сізге тағы да алғысымызды білдіреміз. Сіздің барлық бағалы комментарийлеріңіз бен ұсыныстарыңыз қарастырылады. Қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін барынша дәл байланыс ақпаратын көрсетіңіз. Қандай да бір өзгерістер болған жағдайда жүйедегі ақпаратты жаңарту үшін BYD өкілетті дилерлік немесе сервис орталығына уақтылы хабарласыңыз.

Осы нұсқаулықта жұлдызшамен (*) белгіленген сипаттамалар осы модельдің тек кейбір жинақтамалары мен нұсқаларына қатысты қолданылады. Сіздің автокөлігіңізбен арада айырмашылықтар болған жағдайда іс жүзіндегі конфигурация басымдық күшке ие болады.

Жарақаттардан немесе зақымданулардан сақтану үшін осы нұсқаулықтағы «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!», «АБАЙЛАҢЫЗ!» ЖӘНЕ «ЕСКЕРТУ!» белгілемелеріне назар аударыңыз және нұсқауларды мұқият орындаңыз. Бұл таңбалардың мағынасы келесідей:

ЕСКЕРТУ!

ЕСКЕРТУ!
Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін сақталуы тиіс ережелер.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
Автокөліктің зақымдануына жол бермеу үшін сақталуы тиіс ережелер.

ЕСКЕ САЛУ

ЕСКЕ САЛУ
Автокөлікке қызмет көрсетуді жеңілдету үшін сақталуы тиіс ережелер.

Бұл қауіпсіздік белгісі орындамау қажет операцияны немесе орын алмауы тиіс оқиғаны көрсетеді.

Бұл нұсқаулық сізге автокөлікті дұрыс пайдалануға көмектесуге арналған және конфигурация мен бағдарламалық құрал нұсқасының сипаттамасын қамтымайды. Автокөлік конфигурациясы және бағдарламалық құралдың нұсқасы туралы толық ақпарат алу үшін осы автокөлікке байланысты шартты (мұндай бар болса) қараңыз немесе дилерге хабарласыңыз.

Байланыс деректері

Егер сізге компания саясаты немесе процедуралары бойынша көмек немесе түсініктеме қажет болса, тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Электрондық пошта: Autoservice.contact@byd.com

Тәулік бойы жұмыс істейтін тұтынушыларға қолдау көрсету қызметінің телефоны: 1811

Авторлық құқықтар © BYD Auto Co., Ltd компаниясына тиесілі. Барлық құқықтар қорғалған.

Осы құжаттың ешбір бөлігін BYD Auto Co., Ltd. компаниясының алдын ала берген жазбаша келісімінсіз және рұқсатынсыз көрсетуге, көшіруге, сақтауға, аударуға немесе электронды не басқа түрде беруге болмайды.

Барлық құқықтар қорғалған

Графикалық көрсеткіш..... 7

Алдыңғы панель..... 8

Салон..... 9

Есіктер..... 10

Қауіпсіздік..... 11

Қауіпсіздік белбеулері..... 12

Қауіпсіздік белбеулері туралы жалпы мәліметтер..... 12

Қауіпсіздік белбеулерінің қолданылуы..... 12

Қауіпсіздік жастықтары..... 15

Қауіпсіздік жастықтары туралы жалпы мәліметтер..... 15

Қауіпсіздік жастықтарының типтері..... 16

Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу шарттары және сақтық шаралары..... 18

Бала бекіту құрылғылары..... 21

Бала бекіту құрылғыларының жіктелуі..... 21

Бала бекіту құрылғыларын орнату..... 23

Гибридті жүйенің жұмыс режимдері..... 27

Гибридті жүйенің жұмыс режимдерінің сипаттамасына кіріспе..... 27

Гибридті жүйенің жұмыс режимін таңдау..... 30

Гибридті жүйенің жұмыс режимдеріне қатысты ескертулер..... 31

Айдап әкетуге қарсы жүйе..... 34

Күзет режимін қосу..... 34

Деректерді жинау және өңдеу..... 34

АСПАПТАР ТАҚТАСЫ..... 39

Аспаптар тақтасы..... 40

Аспаптар тақтасының сыртқы көрінісі..... 40

Аспаптар тақтасының индикаторлары..... 41

Автокөлік жабдығын басқару..... 51

Есіктер мен кілттер..... 52

Кілттер..... 52

Есіктерді құлыптау/құлпын ашу..... 56

Кілтсіз кіру және қозғалтқышты оталдыру жүйесі..... 63

Балалардан қорғау..... 65

Орындықтар..... 65

Алдыңғы орындықтар..... 66

Екінші қатардағы орындықтар..... 70

Орындықтарды жылыту және желдету жүйесі*..... 72

Үшінші қатардағы орындықтар..... 73

Бассүйегіштер..... 73

Руль..... 75

Рульдегі басқару құралдары..... 75

Рульді реттеу..... 77

Әйнектазартқыштар..... 78

Әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы..... 78

Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру..... 79

Ауыстырып қосқыш..... 80

Жарық аспаптарының қосқыштары..... 80

Жүргізуші есігіндегі түймелер..... 82

Жолаушылар есіктеріндегі әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары..... 83

Әйнектерді автоматты түрде көтеру*..... 83

Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы..... 84

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышы..... 84

Панорамалық шатыр*..... 85

Салон жарығы плафондарын ажыратқыш..... 85

Сыртқы артқы көрініс айналары..... 86

Ішкі артқы көрініс айнасы..... 86

Электржетекпен жабдықталған сыртқы артқы көрініс айналары..... 87

Пайдалану және жүргізу .. 89

Сыртқы тұтынушыларды қуаттандыру/зарядтау бойынша нұсқаулар..... 90

Зарядтау жөніндегі нұсқаулық..... 90

Зарядталу..... 94

Сыртқы тұтыну көздеріне қуат беру жөніндегі нұсқаулық* 99
Аккумулятор батареясының мақсатты заряд деңгейін баптау 102
Ұрлықтан қорғау үшін зарядтау ағытпасын құлыптау 103
Аккумулятор батареясы 105
Жоғары вольтты аккумулятор батареясы 105
Төмен вольтты аккумулятор батареясы 107
Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары 108
Сынап тексеру кезеңі 108
Тіркеме сүйреу 109
Жүргізу кезіндегі сақтық шаралары 109
Автокөлікті пайдалану бойынша ұсыныстар 109
Отын 110
Отын үнемдеу және автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту 112
Көмірқышқыл газымен (CO) улану қаупі . 113
Жүк тасымалдау 114
Су кедергілерін кесіп өту 115
Тұтанудың алдын алу 116
Автокөлікті оталдыру және жүргізу 118
Автокөлікті оталдыру 118
Жүргізу 120
Отын шығыны аз қозғалыс 121
DiSus-C* 122
Селектор 122
Электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB) 123
Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы (AVH) 126
Жүргізу кезіндегі сақтық шаралары 127
Жүргізушінің көмекші жүйелері 129
Көмекші жүйелер 129
Алдыңғы қауіпсіздік көмекшілері 140
Бүйірлік қауіпсіздік көмекшілері 152
Артқы қауіпсіздік көмекшілері 161
Жүргізушінің қосымша көмекші жүйелері 166
Айнала шолу жүйесі (AVM) 168
Тұраққа қойған кездегі көмекші жүйесі* ... 170
Проекциялық дисплей (HUD)* 173
Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі* ... 174
Шинаның қысымын бақылау 175
Автокөліктің жақындауы туралы дыбыстық ескерту жүйесі (AVAS) 177
Қауіпсіз жүргізу жүйелері 177
Басқа негізгі функциялар 182
Бейнежазғыш 182

Салон жабдығы..... 185

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі . 186
Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экраны 186
Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі 187
Тақырыптық режимдер 187
Ишаралар және жүйенің реакциялары ... 190
Bluetooth арқылы шақыру 190
OTA жаңарту* 190
Интеллектуалды дауыстық көмекші 191
Караоке* 191
Менің автокөлігім* 192
Климаттық қондырғы 192
Климаттық қондырғыны басқару тақтасы 192
Климаттық қондырғыны басқару интерфейсі 194
Функциялардың сипаттамасы 195
Кондиционер жүйесінің баптаулары 199
Желдету саңылаулары 199
BYD қолданбасы 200
BYD қолданбасы туралы 200
Есептік жазбаны тіркеу 200
Автокөліктің күйі және басқару 200
Дербес орталық және автокөлікті басқару 200
Сақтау 201

Есіктердегі қалталар..... 201
Алдыңғы жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасы..... 201
Орталық консольдегі бөлім..... 201
Орталық консольдегі бөлім..... 201
Стақан қойғыштар..... 202
Көзілдірік бөлімі 202
Орындық арқалықтарындағы қалталар... 203
Басқа да жабдықтар 203
Күңқағар..... 203
Ұстағыштар 203
Екінші қатардағы орындықтардың жолаушыларына арналған киімілгіштер . 204
USB-ағытпалар 204
Электр розеткалар..... 204
Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі 205

Техникалық қызмет көрсету және күтім жасау 209

Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат 210
Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі мен операциялары 210
Мерзімді техникалық қызмет көрсету. 215
Мерзімді техникалық қызмет көрсету..... 215
Коррозияның алдын алу..... 216
Лак-бояу жабынына (ЛБЖ) күтім жасау бойынша кеңестер..... 217
Шанақты тазалау 217
Салонды тазалау..... 219
Өз бетінше техникалық қызмет көрсету 221
Өз бетінше техникалық қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары..... 221
Шатыр люгіне күтім жасау..... 224
Автокөлікті сақтау 224
Капот..... 225
Іштен жану қозғалтқышына күтім жасау.. 225
Отын сүзгісі 226
Салқындату жүйесі 226
Тежеу жүйесі 227
Әйнекжуғыш 227
Климаттық қондырғы 228
Әйнектазартқыш щеткалары..... 228
Шиналар 229
Балқымалы сақтандырғыштар..... 232

Ақауларды жою..... 235

Ақауларды жою..... 236
Жарық шағылысатын кеудеше..... 236
Смарт-кілттің қоректендіру элементі разрядталған..... 236
Жоғары вольтты жүйе ақаулығы..... 236
Автокөліктің электр қуатын қосу мүмкін емес 236
Қозғалтқыш қозғалыс кезінде оталмайды..... 237
Қозғалтқыш қызып кетті..... 237
Автокөлікті сүйреу..... 238
Шинадағы қысымның төмендеуі 240

Техникалық деректер..... 245

Деректер 246
Автокөлік туралы мәліметтер..... 246
Ақпарат 251
Автокөлікті сәйкестендіру..... 251
Ескерту жапсырмалары..... 252
Транспондер орнату 253
Сәйкестік туралы декларация 253
Көрсеткіш..... 257

Қысқарған сөздер 261

Қысқарған сөздер 261

Графикалық көрсеткіш



1 Жүксалғыш бөлімі ***60-бет***

2 Зарядтау алдында тексеру ***94-бет***

Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелін пайдалану (ICCPD) ***94-бет***

Айнымалы токпен зарядтау станцияларын пайдалану* ***96-бет***

Тұрақты токпен зарядтау станцияларын пайдалану* ***97-бет***

3 Сыртқы артқы көрініс айналары ***87-бет***

4 Отын құю ***111-бет***

5 Есіктерді құлыптау/құлпын ашу ***57-бет***

6 Шиналар ***229-бет***

Егер дөңгелек жарылса ***240-бет***

7 Жарықтандыру құралдары ***223-бет***

Жарық құралдарының ауыстырып-қосқышы ***80-бет***

8 Капот ***225-бет***

Мотор майы ***225-бет***

Салқындату жүйесі ***226-бет***

Тежеу жүйесі ***227-бет***

Әйнекжуғыш ***227-бет***

Алдыңғы панель



1 Рульді қолмен реттеу ***77-бет***

Руль дөңгелегіндегі ауыстырып-қосқыштар ***75-бет***

2 Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экраны ***186-бет***

3 Алдыңғы жолаушы жағындағы заттар ұсақ-түйек тартпасы ***201-бет***

4 Алдыңғы орталық дефлекторлар ***199-бет***

5 Климаттық қондырғыны алдыңғы басқару панелі ***192-бет***

Климаттық қондырғы функциялары ***195-бет***

6 Іске қосу түймесі ***118-бет***

7 Auto Hold функциясының түймесі ***126-бет***

8 Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы ***84-бет***

9 Гибридті жүйенің жұмыс режимдері ***30-бет***

10 Селектор ***122-бет***

Салон



1 Жарық аспаптарының қосқыштары ***80-бет***

Әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы ***78-бет***

2 Жолаушылар есіктеріндегі әйнекқөтергіштердің ауыстырып қосқыштары ***83-бет***

3 Орталық консольдегі бөлім ***201-бет***

4 Қауіпсіздік белбеулерінің қолданылуы ***12-бет***

5 Алдыңғы стақан қойғыштар ***202-бет***

6 Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі ***205-бет***

Есіктер



1 Есіктің ішкі тұтқасы ***57-бет***

2 Әйнеккөтергіштердің түймелері ***82-бет***

3 Жүксалғыш бөлімін құлыптау/құлпын ашу ***60-бет***

01

ҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіздік белбеулері 12
Қауіпсіздік жастықтары 15
Бала бекіту құрылғылары..... 21
Гибридті жүйенің жұмыс режимдері..... 27
Айдап әкетуге қарсы жүйе..... 34
Деректерді жинау және өңдеу..... 34

Қауіпсіздік белбеулері

Қауіпсіздік белбеулері туралы жалпы мәліметтер

Зерттеулер қауіпсіздік белбеулерін дұрыс қолдану шұғыл тежеу, кілт бұрылу немесе соқтығысу кезіндегі ауыр салдарларды айтарлықтай төмендете алатынын көрсетті. Келесі ақпаратты мұқият оқып шығыңыз және келтірілген ұсыныстарды қатаң сақтаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Қозғалысты бастамас бұрын, шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында жарақаттарды немесе тіпті өлімді болдырмау үшін барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін дұрыс бекіткеніне көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белбеулері ең алдымен ересектерге арналған және балаларға арналмаған. Балаңыздың жасына, бойына және салмағына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын таңдаңыз (12-бетті қараңыз).
- Егер қауіпсіздік белбеуі зақымдалған немесе ақаулы болса, проблеманы шешу үшін кідірместен BYD өкілетті дилерлік немесе сервис орталығына хабарласыңыз. Оған дейін сәйкес орындыққа жолаушыларды отырғызып тасымалдамаңыз.

- BYD компаниясы ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар алудан сақтану үшін барлық жолаушылар әрдайым қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруға тиіс екенін айрықша ескертеді.
- Балаларды артқы орындықтарда тасымалдау және тиісті бала бекіту құрылғыларын міндетті түрде бекіту ұсынылады. Бұл ұсынысты сақтамау шұғыл тежелу немесе соқтығысу жағдайында күрделі немесе өмірге қауіпті жарақаттарға алып келуі мүмкін. Сондай-ақ, балаларға ешкімнің тізесінде отыруға рұқсат бермеңіз. Мұндай отыру қалпы жеткілікті қорғаныш дәрежесін қамтамасыз етпейді.

Апаттық бұғаттағыш тартып орағыш құрылғы (ELR)

- Шұғыл бұрылу немесе күрт тежеу кезінде, соқтығысқан жағдайда немесе жолаушы алға қарай кілт еңкейген кезде қауіпсіздік белбеуі автоматты түрде құлыптанатындықтан, жолаушыны тиімді ұстап және қорғап қалады.
- Автокөліктің және/немесе жолаушының орындықтағы жатық қозғалыс кезінде қауіпсіздік белбеулері бұғатталмастан еркін шығарылады және оралады.
- Егер шұғыл тартып шығарудың салдарынан қауіпсіздік белбеуі бұғатталып қалса, оның керілуін босату үшін белбеудің таспасынан тартыңыз, сонда кейін қайтадан тартыңыз.

Алдын ала кергіш және күш шектегіші функциясы*

Күшті бетпе-бет соқтығысу орын алған және алдын ала кергіштің іске қосылу шарттары сақталған жағдайда ол қауіпсіздік белбеуінің бір бөлігін тез ішке орап тартады да, жолаушыны қорғау деңгейін жоғарылату үшін оны бұғаттайды. Шектен тыс керуден болатын жарақаттарға жол бермеу үшін күшті шектегіш қауіпсіздік белбеуінің жолаушының денесіне әсер ету күшін белгілі бір шекке дейін шектейді.

Қауіпсіздік белбеулерінің қолданылуы

1. Орындықтың орнын және арқалықтың еңкею бұрышын реттеңіз (***66-бетті*** қараңыз).
2. Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуінің күйін реттеңіз.

- Дұрыс отыру қалпын сақтап, қауіпсіздік белбеуін оның иық тармағы диагонал бойынша көкірек қуысының үстімен өтетіндей етіп орналастырыңыз. Белбеу қолтықтардың астымен немесе желкенің үстімен өтпеуі тиіс.
- Белбеудің бел тармағын сандарыңызға мүмкіндігінше жақын орналастырыңыз.



3. Ілмекті сырт еткен дыбыс естілгенше тоғаға сұғыңыз, содан кейін ілмектің сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны артқа қарай тартып көріңіз. Егер тармақтарының бірі шиыршықталған болса, белбеуді тақпаңыз.



4. Оңтайлы жайлылық пен максималды қорғанысты қамтамасыз ету үшін алдыңғы орындық қауіпсіздік белбеулерінің биіктігін реттеңіз.

①Реттегіштің құлыпты ашу түймесін басыңыз.

②Реттегішті қажетті күйге жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Реттегішті бұғаттау үшін түймені жіберіңіз.



5. Реттегіштің сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін белбеуді қатты тартыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Белбеудің иық бөлігі иықтың ортасымен өтпеуі тиіс. Қауіпсіздік белбеуі мойыннан жеткілікті қашықтықта өтуі және сонымен бірге иықтан сырғып кетпеуі тиіс; әйтпесе шұғыл тежеу немесе апат жағдайында ол жұмысын дұрыс атқара алмайды және тіпті күрделі жарақаттар келтіруі мүмкін.
- Апат жағдайында құрсақты қысып қалуынан және ішкі мүшелерге жарақат келуден сақтану үшін қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы мүмкіндігінше төмен сандардың үстінде орналасуы тиіс.
- Ең үздік қорғаныш үшін қауіпсіздік белбеуі денеге тығыз жанасып тұруы тиіс.

6. Қауіпсіздік белбеуінің құлпын ашыңыз.

- Құлыптағы қызыл құлыпты ашу түймесін басыңыз. Тілше шығады және қауіпсіздік белбеуі автоматты түрде кері тартылады.
- Егер қауіпсіздік белбеуі жатық және автоматты түрде тартылып оралмаса, оны тартып шығарыңыз және шиыршықталмағанын тексеріңіз.



ЕСКЕРТУ!

- Бір қауіпсіздік белбеуі тек бір жолаушыға ғана арналған. Бір қауіпсіздік белбеуін басқа жолаушымен бірге, тіпті баламен бірге тақпаңыз.
- Орындық арқалығын тым қатты шалқайтпаңыз. Қауіпсіздік белбеуі

ЕСКЕРТУ!

орындық арқалығы тік күйде тұрғанда барынша тиімді қорғайды.

- Қауіпсіздік белбеуі зақымдалмауы үшін оның серіппелі бұрандасы / тоғасы есікке қысылып қалмауын қадағалаңыз.
- Қауіпсіздік белбеулерінде кесілген жерлерінің, тозу, босау белгілерінің және басқа да ауытқулардың бар-жоғын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Қауіпсіздік белбеулерімен байланысты проблемалар туындаған жағдайда BYD өкілетті дилерлік немесе сервис орталығына хабарласыңыз. Оған дейін сәйкес орындыққа жолаушыларды отырғызып тасымалдамаңыз.
- Қауіпсіздік белбеулерін шешіп алмаңыз, бөлшектемеңіз және оларға ешқандай өзгертулер енгізбеңіз.
- Апаттан кейін қауіпсіздік белбеулерін BYD өкілетті дилеріне немесе сервис орталығына тексертіп алыңыз. Егер қауіпсіздік белбеуінің алдын ала кергіші іске қосылса, мұндай белбеуді ауыстыру қажет.
- Қауіпсіздік белбеуін ауыстыруға мақұлданған модельді қолданыңыз.
- Күрделі апат орын алған жағдайда тіпті көзге көрінетін зақымдары болмаса да, қауіпсіздік белбеуі орындықпен бірге тұтас ауыстырылуы тиіс. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі де мұқият тексеруден өткізілуі тиіс.
- Апат жағдайында күрделі жарақаттардан сақтану үшін аяғы ауыр әйелдерге қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағу және бел тармағын мүмкіндігінше сандарға жақын орналастыру қажет.
- Артқы орындықтағы қауіпсіздік белбеулері алдыңғы орындықтардағыдай бекітіледі. Артқы қатардағы орындықтардың қауіпсіздік белбеулері пайдаланылғанда дұрыс қызмет атқаруы үшін ілмек тиісті тоғаға сұғылуы керек. Жүргізуші жолаушыларға қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағу қажеттігін еске салуы керек.

ЕСКЕРТУ!

- Тоғаға тиындар және қыстырғыштар секілді бөтен заттар сұқпаңыз, олар ілмек пен тоғаның дұрыс қосылуына кедергі жасайды.

Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу функциясы:

Егер жолаушылардың бірі қауіпсіздік белбеуін тақпаған болса, қозғалыс басталғаннан кейін ескертуші визуалды әрі дыбыс сигналы іске қосылады, олар сәйкес қауіпсіздік белбеуі тиісті түрде тағылмайынша беріліп тұрады.

- Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы
  - Егер қандай да бір қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, индикатор жыпылықтайды.
- Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі бар орындықтың индикациясы*
  - Егер орындықтың қауіпсіздік белбеуі тағылмаған болса, осы орындықтың индикаторы жанады және ескерту сигналы қосылады.
- Тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу
  - Оталдыру қосылғаннан кейін қандай да бір жолаушы қауіпсіздік белбеуін тақпаған болса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу индикаторы және тиісті орындықтың индикаторы жанады. Егер қауіпсіздік белбеуі қозғалыс кезінде тағылмаған күйде қалса, тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу индикаторынан басқа, жүргізуші мен жолаушыларға ескерту сигналы естіледі.
- Жүргізуші мен барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін таққан кезде, тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу индикаторы және барлық тиісті орындықтардың индикаторлары өшеді*.

ЕСКЕРТУ!

- Әдеттен тыс жағдайлар немесе жұмысының шалыс істеулері туындаған жағдайда BYD өкілетті дилерлік немесе сервис орталығына хабарласыңыз. Тиісті түрде жөнделгенше сәйкес орындықты пайдаланбаңыз.
- Қозғалыс кезінде, шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында жарақаттарды немесе тіпті өлімді болдырмау үшін барлық жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерімен дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Қауіпсіздік жастықтары

Қауіпсіздік жастықтары туралы жалпы мәліметтер

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі орындықтар мен қауіпсіздік белбеулеріне қосымша пассивті қауіпсіздік жүйесінің бөлігі болып табылады. Ауыр жол-көлік оқиғасы болған жағдайда, тиісті қауіпсіздік жастықтары тез іске қосылады және қауіпсіздік белбеулерімен бірге жүргізуші мен жолаушылардың басы мен кеуде қуысын қосымша қорғауды қамтамасыз етеді, бұл ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақаттар алу қаупін азайтады.
- Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтары алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталады, оларға жүргізушінің қауіпсіздік жастығы және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы кіреді, ал бүйірлік қауіпсіздік жастықтарына орындық арқалықтарындағы бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, орталық қауіпсіздік жастығы және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары кіреді.
- Қауіпсіздік жастықтары тек қауіпсіздік белбеулерімен бірге қолданылған жағдайда ғана максималды қорғауды қамтамасыз етеді. Сапарларда әрқашан қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Қауіпсіздік белбеулері мен жастықтары тиімді қорғанысты қамтамасыз ету үшін жолаушылар орындықта дұрыс отыру қалпын сақтауға тиіс.
- Өкілеттігі жоқ тұлғалардың қауіпсіздік жастықтарын шешіп алуына және орнатуына тыйым салынады.
- Түпнұсқа емес орындық қаптамалары, соның ішінде DENZA, қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуына кедергі келтіріп, жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының модульдері орнатылған аймаққа бөтен заттар орналастырмаңыз.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтардың бүйірлеріне шектен тыс күш түсірмеңіз.
- Соқтығысудан кейін, егер қауіпсіздік жастығы ашылмаса және кергіш қауіпсіздік белбеуін құлыптамаса, қауіпсіздік жастықтарын тексеру үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік жастықтары ақаулығының бақылау шамы

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі ЭББ-мен басқарылады және өзін-өзі диагностикалау функциясына ие. Жүйенің жағдайы аспаптар тақтасындағы бақылау шамымен көрсетіледі.
- Оталдыру қосылған кезде, егер қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы шамамен бес секундқа жанып, содан кейін сөнсе, жүйе дұрыс жұмыс істейді.

ЕСКЕРТУ!

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің бақылау шамы белгілі ақаулықтар туындаған жағдайда жанады. Егер бұл шам жанып тұра берсе, тексеру үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз. Әйтпесе, қауіпсіздік жастықтары дұрыс іске қосылмауы мүмкін.

ЕСКЕРТУ!

- Егер автокөлікке көп мөлшерде су кірген болса немесе ол суға батқан болса, қозғалтқышты оталдырмаңыз және төмен вольтті аккумулятор батареясын ажыратыңыз. Әйтпесе қауіпсіздік жастықтары іске қосылып кетуі мүмкін, бұл ауыр немесе өмірге қауіпті жарақаттарға әкеледі.

Қауіпсіздік жастықтарының типтері



1 Жүргізушінің және алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

2 Ортаңғы қауіпсіздік жастығы

3 Алдыңғы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

4 Екінші қатардағы орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

5 Жоғарғы қауіпсіздік жастықтары

Жүргізушінің және алдыңғы жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Руль дөңгелегіне және алдыңғы панельге «AIRBAG» деген жазуы бар жерлерге орнатылады. Орташа немесе үлкен күшті соққы анықталған кезде, егер автокөлікте борттық электр қуаты жүйесі қосылған болса және іске қосу шарттары орындалса, қауіпсіздік жастығы жарақат алу қаупін азайту үшін ашылады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы

- Орташа және ауыр дәрежелі бетпе-бет соқтығысулар кезінде датчик бірден

баяулауды тіркейді және ЭББ-ға қауіпсіздік жастығын ашу сигналын жібереді.

- Алдыңғы жақтан соқтығысқан кезде қауіпсіздік белбеуі жолаушының алдыға жылжуын шектейді, ал қауіпсіздік жастығы басты және көкірек қуысын қорғап, соққыны жұмсартады.
- Егер соққы күші қауіпсіздік жастығының іске қосылу табалдырығына жетпесе, қауіпсіздік белбеулері жеткілікті қорғанышты қамтамасыз етеді.
- Алдыңғы қауіпсіздік жастығының іске қосылғаннан кейін бірден ауасы шығып кетеді, жүргізушінің көру мүмкіндігіне және оның руль дөңгелегін бұру немесе өзге басқару органдарын пайдалану қабілетіне әсер етпейді.
- Іске қосылу шарттары орындалған жағдайда қауіпсіздік жастықтары лезде ашылады, апат жағдайында жүргізуші мен жолаушыға қосымша қорғанышты қамтамасыз етеді.
- Қауіпсіздік жастығы іске қосылған қатты тарсылдаған дыбыс шығады. Бұл тарсыл құлақтарды шыңылдатуы немесе уақытша есту қабілетінен айыруы мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде газ және шаң бөлінеді. Бұл заттектер улы болып табылмаса да, тыныс жолдарының аурулары бар жолаушылар уақытша жайсыздық сезінуі мүмкін. Егер жайсыздық күшті болса, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышымен өшіріледі. Толық ақпарат алу үшін ***84-бетті*** қараңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Қауіпсіздік жастықтарының қақпақтарына немесе олардың ашылу аймағына қандай да бір аксессуарлар, мысалы, телефон ұстағыштар, стақандар, күлсауыттар және т.б. қоюға тыйым салынады. Қойылған жағдайда қауіпсіздік жастығының іске қосылуы жарақат алу қаупін ұлғайтады.

Ортаңғы қауіпсіздік жастығы

Орталық қауіпсіздік жастығы жүргізуші орындығының арқалығының ішкі жағында орнатылған және «AIRBAG» жазуымен белгіленген. Орташа немесе үлкен күшті соққы анықталған кезде, егер автокөлікте борттық электрмен жабдықтау жүйесі қосылған болса және іске қосу шарттары орындалса, орталық қауіпсіздік жастығы жүргізуші мен алдыңғы жолаушының басы мен иықтарын қорғау үшін ашылады.

ЕСКЕРТУ!

- Орындық арқалықтарының сулануына жол бермеңіз, себебі бұл орталық қауіпсіздік жастығы жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Орындық арқалықтарының қаптамасын өз қалауыңыз бойынша жаппаңыз және ауыстырмаңыз. Орындық арқалықтарының сәйкес келмейтін қаптамалары соқтығысу кезінде орталық қауіпсіздік жастығының іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Егер соққы жолаушы жағына келсе, ортаңғы қауіпсіздік жастығы орындықта ешкім отырмаса да іске қосылады.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастығы тиімді қорғанышты қамтамасыз етуі үшін жолаушы белбеу таққан болуы және орындық арқалығына сүйеніп, тік отыру қалпын сақтауы тиіс.

Орындықтардың бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары алдыңғы орындықтардың арқалықтарының сыртқы жағында орналасқан және «AIRBAG» жазуымен белгіленген. Орташа немесе үлкен күшті соққы анықталған кезде, егер автокөлікте борттық электр қуаты жүйесі қосылған болса және іске қосу шарттары орындалса, қауіпсіздік жастығы соққы жағынан жолаушының кеуде қуысын қорғау үшін ашылады.

ЕСКЕРТУ!

- Орындық арқалықтарының сулануына жол бермеңіз, себебі бұл бүйірлік қауіпсіздік жастықтары жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Орындық арқалықтарының қаптамасын өз қалауыңыз бойынша

ЕСКЕРТУ!

жаппаңыз және ауыстырмаңыз. Орындық арқалықтарының сәйкес келмейтін қаптамалары қауіпсіздік жастығының іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін.

- Бүйірлік соққы болған жағдайда, қауіпсіздік жастықтары жүйесінің іске қосылу шарттары орындалса, соққы жағындағы қауіпсіздік жастығы ашылады.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастығы тиімді қорғанышты қамтамасыз етуі үшін жолаушы белбеу таққан болуы және орындық арқалығына сүйеніп, тік отыру қалпын сақтауы тиіс.

Жоғарғы қауіпсіздік жастықтары

Сол және оң жақ жоғарғы қауіпсіздік жастықтары төбе панелінің шеттерінде бүйірден орнатылған және B және C тіреулерінде «AIRBAG» жазуымен белгіленген. Орташа немесе үлкен күшті соққы анықталған кезде, егер автокөлікте борттық электр қуаты жүйесі қосылған болса және іске қосу шарттары орындалса, жоғарғы қауіпсіздік жастығы соққы жағынан жолаушының басын қорғау үшін ашылады.

ЕСКЕРТУ!

- Жоғарғы қауіпсіздік жастығы тиімді қорғанысты қамтамасыз етуі үшін жолаушы қауіпсіздік белбеуін тағып, тік отыруы керек.

Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу шарттары және сақтық шаралары

Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылу шарттары

- Қауіпсіздік жастықтары тек белгілі бір соқтығысулар кезінде, соққы энергиясы, соқтығысу түрі, соққы бұрышы, кедергі түрі және автокөлік жылдамдығы сияқты факторларға байланысты іске қосылуы мүмкін.
- Әдетте олар болмашы бетпе-бет соқтығысу кезінде, бүйірден тиген соққы, артқы жақтан тиген соққы немесе автокөлік аударылғанда іске қосылмайды. Мұндай жағдайларда жүргізуші мен жолаушыларды қорғауды дұрыс тағылған қауіпсіздік белбеулері қамтамасыз етеді.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің іске қосылу шарттары: электрондық басқару блогы (ЭББ) баяулау қисығын анықтайды және соқтығысу кезінде автокөліктің басқа сигналдарын қабылдайды. Егер бұл параметрлер ЭББ-да белгіленген шекті мәндерден төмен болса, жол-көлік оқиғасы нәтижесінде автокөлік айтарлықтай зақымдалса да, қауіпсіздік жастықтары жүйесі іске қосылмайды.
- BYD қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ЭББ-да берілген шекті мәндер дұрыс пайдаланбаудың стандартты жағдайлары мен жол жағдайларын есепке алады. Алайда соқтығысулардың барлық себептері мен нұсқаларын бірдей есепке алу мүмкін емес. Жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін осы нұсқаулықта мазмұндалған автокөлікті пайдалану бойынша нұсқауларды қатаң сақтаңыз. Олай болмаған күнде қауіпсіздік жастықтарының күтілетіндей әсер беретініне ешқандай кепілдік жоқ.

Аударылу кезінде қорғау жүйесі

- Автокөлік бүйіріне аударылған жағдайда, аударылудан қорғау жүйесі іске қосылған кезде, жолаушыларды қорғау және ықтимал жарақаттардың ауырлығын азайту үшін бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, жоғарғы қауіпсіздік жастықтары, орталық қауіпсіздік жастығы және қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары іске қосылады.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы мүмкін жағдайлар

① Жолтабаны терең жерден өткен кезде автокөліктің алдыңғы бөлігі жерге соғылады.

② Автокөлік дөңес жерге немесе жиектасқа мініп кетеді.

③ Тік өрден төмен түскен кезде автокөліктің алдыңғы бөлігі жерге соғылады.

④ Автокөліктің қапталдарының біріне басқа көлік құралы келіп соғылады.



Қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін жағдайлар

①Автокөлік бетон бағанға, ағашқа немесе басқа да жіңішке заттарға соғылады.

②Автокөліктің артқы бөлігіне басқа көлік құралы келіп соғылады.

③Автокөлік жүк көлігінің немесе басқа үлкен өлшемді көлік құралының астына кіріп кетеді.

④Автокөлік аударылады.



⑤ Автокөлік алдыңғы жағынан өзге жағымен қабырғаға немесе көлік құралына соғылады.

⑥ Бүйірден тиген соққы жолаушылар салоны тұсына келмейді.

⑦ Автокөліктің қапталына диагонал соққы тиеді.

⑧ Автокөліктің бүйірлік бөлігі бағанға немесе осыған ұқсас объектке соғылады.



ЕСКЕРТУ!

- Қауіпсіздік жастықтары нақты автокөлік модельдеріне арналып әзірленеді. Аспаның, шиналар өлшемінің, бамперлердің, шассидің және зауыттық жабдықтардың кез келген өзгертулері қауіпсіздік жастықтары жүйесінің жұмысына кері әсер етуі мүмкін. Басқа автокөлік модельдеріндегі қауіпсіздік жастықтары жүйесінің қандай да бір бөлшектерін қолдануға тыйым салынады; бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі жүргізушінің барынша тиімді қорғанышын қамтамасыз етуі үшін оның көкірек қуысы мен руль дөңгелегінің арасындағы қашықтық кемінде 25 см-ді құрауы тиіс.
- Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастығынан химиялық реакция нәтижесінде туындайтын жоғары температуралы газ шығады. Ешбір жеріңізді ұстамауға тырысыңыз және қолды рульде дұрыс күйде сақтаңыз, кері жағдайда тері күйіп қалуы мүмкін.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде жүргізуші мен барлық жолаушылар қауіпсіздік белбеулері таққан болуы және дұрыс отыру қалпын сақтауы тиіс. Жолаушы қауіпсіздік белбеуін тақпаған немесе дұрыс отыру қалпын сақтамаған жағдайда (алдыға қарай еңкейіп отырса және т.с.с.) қауіпсіздік жастығының іске қосылуы жарақат алу қаупін арттыруы мүмкін.
- Жапсырмаларды бекітуге, түймелер аймағын немесе руль дөңгелегінің ортасын, қауіпсіздік жастығы

ЕСКЕРТУ!

орнатылған жердегі немесе оның жанындағы алдыңғы панельдің бетін, A, B және C тіреулерінің қаптамаларының бетін немесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтары орнатылған жерлердегі немесе олардың жанындағы бетті жабуға немесе безендіруге болмайды. Бұл беттерді тым қатты баспай, құрғақ немесе ылғал матамен тазалаңыз.

- Қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы нәтижесінде күрделі немесе өмірге қауіпті жарақаттардан сақтану үшін балаларды алдыңғы орындыққа отырғызып, сондай-ақ алдыңғы жолаушының тізесіне отырғызып тасымалдамаңыз.

- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және жоғарғы қауіпсіздік жастықтары үлкен күшпен лезде ашылады. Осы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автокөлік есіктеріне қозғалыс кезінде сүйеніп отырмаңыз. Бұл талапты сақтамау ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- Жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының ашылу аймағына, оның ішінде алдыңғы әйнекке, есік әйнектеріне, A тіреуінің қаптамасына, төбе панеліне, B тіреуінің қаптамасына, C тіреуінің қаптамасына және төбе тұтқаларына ешқандай керек-жарақтарды немесе заттарды орналастырмаңыз. Бұл керек-жарақтар немесе заттар жоғарғы қауіпсіздік жастығы іске қосылған кезде күшпен лақтырылуы немесе жоғарғы қауіпсіздік жастығының дұрыс ашылуына кедергі келтіріп, жарақаттарға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

- Автокөлікті басқа тұлғаға сатқан кезде автокөліктің бүкіл құжаттарын автокөліктің жаңа иесіне беруді және оған қауіпсіздік жастықтарының күйі туралы ақпарат беруді ұмытпаңыз.

- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар орындықтарды немесе орындықтардың қаптауыштарын модификацияламаңыз және ауыстырмаңыз. Бұл бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының қалыпты

ЕСКЕРТУ!

іске қосылмай қалуына немесе абайсызда іске қосылып кетуіне, бүкіл жүйенің ақаулығына алып келуі және күрделі немесе өмірге қауіпті жарақаттар келтіруі мүмкін.

- Жоғарғы қауіпсіздік жастықтары орнатылған A тіреуінің, төбе панелінің, B тіреулерінің, C тіреулерінің қаптамаларын шешпеңіз және жөндемеңіз. Бұл қауіпсіздік жастықтары жүйесінің істен шығуына немесе жоғарғы қауіпсіздік жастықтарының кездейсоқ іске қосылуына әкелуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге себеп болуы мүмкін.

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің компоненттерін, соның ішінде ақпараттық жапсырмаларды ауыстырмаңыз. Қауіпсіздік жастықтарымен кез келген әрекеттер BYD өкілетті дилерлік немесе сервис орталығында орындалуы тиіс.

- Қауіпсіздік жастығы тек бір рет іске қосылады. Осыдан кейін оны ауыстыру қажет.

- Автокөлік компоненттерін, соның ішінде қауіпсіздік жастықтары жүйесін кәдеге жаратумен байланысты қауіпсіздік ережелері мен рәсімдерін сақтаңыз.

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің электрмагниттік кедергілерге жоғары төзімділігі бар. Алайда жазатайым жағдайлардан сақтану үшін автокөлікті белгіленген ұлттық нормалардан асатын электрмагниттік кедергілер жағдайларында пайдаланбаңыз.

- Осы автокөліктің қауіпсіздік жастықтары жүйесінің конструкциясы стандартты дұрыс пайдаланбау жағдайлары мен жол жағдайларын толық дәрежеде есепке алады. Алайда жазатайым жағдайлардан сақтану үшін автокөліктің түбіне соққылардың тиюіне немесе ауыр

ЕСКЕРТУ!

жол жағдайларында ұқыпсыз жүргізуге жол бермеңіз.

- Жастықтар жүйесі сертификаттаудан өткен және автокөліктің түпнұсқа өткізгіш сымдары жүйесіне кіріктірілген. Өткізгіш сымдардың кез келген өзгертулері немесе модификациялары қалыпты жағдайларда қауіпсіздік жастықтарының қате іске қосылып кетуіне немесе соқтығысу жағдайында істемей қалуына алып келуі мүмкін.

Егер келесі жағдайлардың бірі орын алса, BYD өкілетті дилерлік немесе сервис орталығына кідірместен хабарласуға кеңес беріледі.

- Кез келген қауіпсіздік жастығы іске қосылды.
- Аспаптар тақтасындағы қауіпсіздік жастықтарының бақылау шамы ақаулық туралы сигнал беріп, жанды.
- Автокөліктің алдыңғы бөлігіне (суретте көрсеткілермен көрсетілгендей) соққы тиді, алайда қауіпсіздік жастықтары іске қосылмады.



- Қауіпсіздік жастығының қақпағында (суретте көрсеткілермен көрсетілген) сызаттар, жарықтар немесе басқа да зақымдар бар.



- Автокөліктің есігіне соққы тиді, алайда бүйірлік қауіпсіздік жастығы іске қосылмады.



- Бүйірлік қауіпсіздік жастығы бар орындықтың бетінде сызаттар, жарықтар немесе басқа да зақымдар бар.
- А тіреулерінің, төбе бойлық арқалықтарының және С тіреулерінің қаптамаларында, оларға жоғарғы қауіпсіздік жастықтары орнатылған, сызаттар, жарықтар немесе ұқсас зақымданулар бар.
- Қауіпсіздік жастықтарын шешіп алу, бөлшектеу, орнату немесе жөндеу қажет.

Бала бекіту құрылғылары

Бала бекіту құрылғыларының жіктелуі

- Бала бекіту құрылғылары ЖКО кезінде баланы жақсы қорғайды. Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, бала бекіту құрылғысын орнатпас бұрын, бала бекіту құрылғысын өндірушінің нұсқауларын, сондай-ақ осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

- Балаңыздың жасына және бойына сәйкес келетін бала бекіту құрылғысын таңдаңыз. Дене өлшемдеріне байланысты бекіту құрылғысын пайдалана алмайтын бала артқы орындықта отыруы және қауіпсіздік белбеуін тағуы тиіс.
- Бала бекіту құрылғысын, тіпті ол мақсатына сай пайдаланылмаса да, сенімді түрде бекітіңіз. Оны жолаушы орындығында немесе жүксалғыш бөлімінде бекітілмеген күйде қалдыруға тыйым салынады.

ЕСКЕРТУ!

- Балаларды әрдайым олардың жасы мен бойына сәйкес келетін бала бекіту құрылғыларына отырғызып тасымалдаңыз және оларға қауіпсіздік белбеулерін тағыңыз. Соқтығысу жағдайында осылай ғана тиімді қорғанышты қамтамасыз етуге болады. Баланы автокөлік ішінде ересек адамның қолына ұстатып тасымалдауға рұқсат етілмейді. Апат жағдайында ересек адам баланы ұстап қала алмайды, бұл автокөлік салонының компоненттеріне соғылудан ауыр жарақаттар келтіреді.
- Жоғарғы қауіпсіздік жастықтары бар автокөліктер: бала бала бекіту құрылғысында болса да, оның басы немесе денесінің кез келген басқа бөлігі есікке, орындыққа, алдыңғы/артқы шанақ бағанына немесе төбе бойлық арқалығының қаптамасына тиіп кетпеуін қадағалаңыз. Әйтпесе, айтарлықтай күшпен ашылатын жоғарғы қауіпсіздік жастығы балаға ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақаттар келтіреді.
- Бала бекіту құрылғысын автокөлікке дұрыс орнатуды қамтамасыз ету үшін, бала бекіту құрылғысын өндіруші ұсынған орнату нұсқауларын сақтаңыз. Әйтпесе шұғыл тежеу немесе апат жағдайында бала ауыр немесе тіпті өлімге жетелейтін жарақат алуы мүмкін.
- Балаларға қозғалыс кезінде автокөлік ішінде орындықта аяғынан тік немесе тізерлеп тұруына рұқсат бермеңіз. Шұғыл тежелу немесе соқтығысу жағдайында бұл күрделі немесе

ЕСКЕРТУ!

өмірге қауіпті жарақаттарға алып келуі мүмкін.

- BYD компаниясы бала бекіту құрылғысын орнатуды қатаң түрде ұсынады. Зерттеулер бала бекіту құрылғыларының алдыңғы орындыққа емес, артқы орындыққа орнатылған кезде ең тиімді қорғанышты қамтамасыз ететінін көрсетеді.
- Баланы тізеге отырғызып тасымалдауға тыйым салынады.
- Бала бекіту құрылғысын орындықтан шешіп алған соң оны жүксалғышқа салып қойыңыз немесе автокөліктен шығарып тастаңыз.

Бала бекіту құрылғысын таңдау жөніндегі маңызды нұсқаулар.

- Бала бекіту құрылғысын таңдағанда баланың жасы мен бойын ескеру керек.
- Бала бекіту құрылғысы орындықтағы орнату орнына түрі мен өлшемі бойынша сәйкес келуі тиіс.
- Бала бекіту құрылғысының ЕЭК БҰҰ № 129 еуропалық стандартына сәйкестігі расталуы тиіс.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышы

- Ажыратқыш жолаушы жағындағы алдыңғы панельде орналасқан және жолаушы есігі ашық болса, қолжетімді болады. Толық ақпарат алу үшін ***84-бетті*** қараңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Жолаушының қауіпсіздік жастығы өшірілмеген болса, алдыңғы жолаушы орындығына артқа қаратылған бала бекіту құрылғысын орнатуға тыйым салынады.

Бала бекіту құрылғыларын орнату

Бала бекіту құрылғыларын орнату

Бала бекіту құрылғысының өндірушісі ұсынған орнату бойынша нұсқауларды сақтаңыз. Бала бекіту құрылғысын артқы орындықтарға бекітіңіз. Алдыңғы жолаушы орындығы, екінші және үшінші қатардағы орындықтарда бала бекіту құрылғысына арналған i-Size бекіту нүктелері бар. Бала бекіту құрылғысын орнату кезінде міндетті түрде үстіңгі зәкірлі белбеуді бекітіңіз.

- Арнайы бекіткіштер алдыңғы жолаушы орындығында, екінші және үшінші қатардағы орындықтарда (олар орындыққа бекітілген затбелгілермен белгіленген) қарастырылған, ал белбеулерді бекітуге арналған құлақшалар орындық арқалықтарында бар.



i-Size бекіткіштері бар бала бекіту құрылғысын орнату

1. Алдыңғы жолаушы орындығындағы, екінші қатардағы шеткі орындықтардағы және үшінші қатардағы орындықтардағы бекіту нүктелерін тексеріңіз. Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде орындық арқалықтарын ең артқы күйге келтіру ұсынылады. Орнатқаннан кейін орындық арқалығын ыңғайлы күйге қайтарыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Бекіту нүктелері орындық арқалығының төменгі бөлігіндегі i-Size қақпақтарының астында орналасқан. Бекіту нүктелерін пайдалану қажет болған жағдайда, i-Size қақпақтарын көтеріп, құрылғыны ішіндегі құлақшаға бекітіңіз.

ЕСКЕРТУ!

- Сенімді орнатылғанына көз жеткізу үшін бала бекіту құрылғысын әртүрлі бағытта басып/тартып көріңіз.
- Бекіту нүктелерін пайдаланған кезде, бекіту нүктелерінің жанында бөгде заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз және бала бекіту жүйесінің артында қауіпсіздік белбеуінің қысылып қалуына жол бермеңіз. Бала бекіту құрылғысының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе шұғыл тежеу немесе апат жағдайында бала ауыр немесе тіпті өлімге жетелейтін жарақат алуы мүмкін.
- Егер бассүйегіш бала бекіту құрылғысының артқы орындықтың арқалығына тығыз жанасып тұруына кедергі келтірсе, оны шешіп алу қажет.
- Бала бекіту құрылғыларына арналған бекіткіштер тиісінше орнатылған мұндай құрылғыларды қолданудың нәтижесінде туындайтын жүктемеге ғана есептелген. Ешқандай жағдайларда оларды штаттық қауіпсіздік белбеулерін бекіту немесе автокөліктегі басқа заттарды немесе

ЕСКЕРТУ!

жабдықты бекіту үшін қолдануға жол берілмейді.

- Балаларға қауіпсіздік белбеулерімен ойнауына рұқсат бермеңіз. Бұл ауыр немесе тіпті өмірге қауіпті жарақаттарға алып келуі мүмкін.

2. Үстіңгі зәкірлі белбеудің ілгегін тіреуге бекітіңіз, белбеуді тартыңыз және сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

- Алдыңғы жолаушы орындығына орнату:

① Зәкірлі белбеу

② Сақтандырғышы бар ілмек

③ Бекітпе



- Екінші қатардағы орындыққа орнату:

① Зәкірлі белбеу

② Сақтандырғышы бар ілмек

③ Бекітпе



- Үшінші қатардағы орындыққа орнату:

① Зәкірлі белбеу

② Сақтандырғышы бар ілмек

③ Бекітпе



3. Бассүйегішті орнатыңыз және оның орнын дұрыс реттеңіз.

ЕСКЕ САЛУ

- Егер жүргізуші орындығы бала бекіту құрылғысы дұрыс орнатуға кедергі келтірсе, оны алдыңғы жолаушы орындығының артындағы орындыққа орнатыңыз.

- Бала бекіту құрылғысын белсенді алдыңғы қауіпсіздік жастығы бар орындыққа қозғалыс бағытына қарсы орнатуға тыйым салынады. Апат жағдайында жастықтың ашылуы баланың опат болуына немесе ауыр жарақаттар алуына алып келуі мүмкін.



Алдыңғы жолаушы орындығында бала бекіту құрылғысын пайдаланған кезде әрқашан төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- Қауіпсіздік жастығы өшірілмеген болса, алдыңғы жолаушы орындығында артқа қаратылған бала бекіту құрылғысын пайдалануға тыйым салынады. Артқа қаратылған бала бекіту құрылғысын алдыңғы жолаушы орындығынан алғаннан кейін қауіпсіздік жастығы дереу қосылуы тиіс.
- Қажет болған жағдайда, баланың салон компоненттерімен жанасуын болдырмау үшін алдыңғы жолаушы орындығын артқа жылжытыңыз.
- Қажет болған жағдайда, алдыңғы жолаушы орындығының арқалығын бала бекіту құрылғысымен сенімді жанасуды қамтамасыз ету үшін реттеуге болады.
- Бала орындығының бассүйегішінде қауіпсіздік белбеуінің бағыттаушы таспасымен жабдықталған бала бекіту құрылғылары үшін, бұл бағыттаушының қозғалыс бағыты бойынша алда немесе автокөліктің В тіреуіндегі қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіту нүктесімен бір сызықта орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы жолаушы орындығында алға қаратылған бала бекіту құрылғысын пайдаланған кезде, орындықтың қосулы қауіпсіздік жастығынан әрі, ең артқа жылжытылғанына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белбеуінің бағыттаушы арқылы немесе оның үстінен бұралмай немесе шеттері қысылмай өтетініне көз жеткізіңіз.

Бала бекіту құрылғысын артқы орындыққа орнатқанда әрдайым төменде берілген нұсқаулықтарды сақтаңыз:

- Алдыңғы орындықты жылжытқанда бала оның арқалығына тимейтіндей болуы керек. Бұл кезде алдыңғы орындықтың арқалығының еңкіштігін де мол кеңістік қалатындай етіп реттеу керек.
- Бассүйегішті шешуге немесе бала бекіту құрылғысы автокөлік орындығының арқалығына сенімді сүйенетіндей етіп реттеуге болады.
- Егер пайдаланылатын бала бекіту құрылғысында арқалық болмаса немесе орындықта ересек жолаушы отырса,
- бассүйегішті шешуге тыйым салынады; оның биіктігін дұрыс реттеңіз.
- Шеткі артқы орындықта жоғарғы белбеуді пайдаланған кезде оны бассүйегіштің сыртқы жағынан өткізіңіз.
- Орнату бойынша толығырақ ақпаратты бала бекіту құрылғысының өндірусіші берген нұққсқаулықтан қараңыз.

Қауіпсіздік белбеуімен бекітілетін, ISOFIX немесе i-Size бекіткіштері арқылы бала бекіту құрылғыларын орнату нұсқалары

Түрі	Отыратын орын							
	Алдыңғы жолаушы орындығы [а]		Жүргізуші орындығы	Екінші қатардың сол жақ орындығы [б]	Екінші қатардың ортаңғы орындығы [б]	Екінші қатардың оң жақ орындығы [б]	Сол жақ артқы орындық [б]	Оң жақ артқы орындық [б]
	Алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы	Алдыңғы қауіпсіздік жастығы өшірулі						
Қауіпсіздік белбеуімен бекітуге жарамды отыратын орын	Иә Тек алға қаратылған	Иә	x	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ
i-Size бекіткіштері арқылы бекітуге жарамды отыратын орын	Иә Тек алға қаратылған	Иә	x	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Жоқ
Көлденең орнатылған бала бекіту құрылғысының максималды рұқсат етілген өлшемі	Жоқ	Жоқ	x	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Артқа қаратылған бала бекіту құрылғысының максималды рұқсат етілген өлшемі	Жоқ	R1/R2X/R2/ R3	x	R1/R2X/R2/R3	Жоқ	R1/R2X/R2/ R3	Жоқ	Жоқ
Алға қаратылған бала бекіту құрылғысының максималды рұқсат етілген өлшемі	F2X/F2/ F3	F2X/F2/ F3	x	F2X/F2/ F3	Жоқ	F2X/F2/ F3	F2X/F2/ F3	F2X/F2/ F3
Бустерді орнатуға жарамды	B2/B3	B2/B3	x	B2/B3	B2/B3	B2/B3	B2/B3	B2/B3

Түрі	Отыратын орын							
	Алдыңғы жолаушы орындығы [a]		Жүргізуші орындығы	Екінші қатардың сол жақ орындығы [б]	Екінші қатардың ортаңғы орындығы [б]	Екінші қатардың оң жақ орындығы [б]	Сол жақ артқы орындық [б]	Оң жақ артқы орындық [б]
	Алдыңғы қауіпсіздік жастығы қосулы	Алдыңғы қауіпсіздік жастығы өшірулі						
Тірек тіреуі бар бала бекіту құрылғысын орнатуға жарамды	Иә	Иә	x	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Жоқ

[a] Алдыңғы орындық тіркелгенше артқа жылжытылып, толығымен төмен түсірілуі тиіс. Алдыңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің жоғарғы бекіткіші толығымен төмен түсірілуі тиіс. Қажет болған жағдайда, бала бекіту құрылғысының алдыңғы орындық арқалығымен тығыз жанасуын қамтамасыз ету үшін, алдыңғы орындық арқалығының еңісін реттеуге және/немесе бассүйегішті реттеуге немесе шешуге болады.

[b] Қажет болған жағдайда, бала бекіту құрылғысының артқы орындық арқалығымен тығыз жанасуын қамтамасыз ету үшін, бассүйегішті реттеуге немесе шешуге болады. Сонымен қатар, алдағы орындыққа дейін орын жеткіліксіз болса, алдыңғы орындықты алға жылжытуға болады.

X: отыратын орын бала бекіту құрылғысын бекітуге жарамсыз.

Ұсынылатын бала бекіту құрылғылары: ЕЭК БҰҰ № 129 стандартына сәйкес баланың бойы бойынша бала бекіту құрылғыларының жіктелуі

Баланың бойы (см)	Өндіруші	Балаларға арналған бекіту құрылғысы	Ескертпелер
<105	Joie	i-Spin 360	ISOFIX
105-125	Britax Romer	Kidfix i-Size [a]	ISOFIX және белбеу
125-150	Chicco	Quasar Fix i-Size	ISOFIX және белбеу

[a]: қауіпсіздік белбеуінің бел бөлігі SecureGuard бекіткішіне салынғанына, ал иық бөлігі SecureGuard бекіткішінде емес, XP-PAD төсемінде екеніне көз жеткізіңіз.

Гибридті жүйенің жұмыс режимдері

Гибридті жүйенің жұмыс режимдерінің сипаттамасына кіріспе

«EV» — тек электр тартқышпен жүру режимі:

- EV режимінде жоғары вольтты аккумулятор батареясынан электр энергиясы электр қозғалтқышына беріледі, бұл автокөлікті іске қосу, артқа жүру, бос жүріс, үдеу және тұрақты жылдамдықпен жүру сияқты әртүрлі жұмыс жағдайларында қозғалысқа келтіреді.



ЕСКЕ САЛУ

- Автокөлік жылдам үдеу, жоғары қозғалыс жылдамдығы, тауға көтерілу, тым жоғары немесе тым төмен температура немесе аккумулятор батареясының төмен заряд деңгейі сияқты жұмыс жағдайларында HEV режиміне автоматты түрде ауыса алады. Қажет болған жағдайда, EV режиміне арналған шарттар орындалса, EV режиміне қолмен ауысыңыз. Тым жоғары немесе тым төмен температураларда HEV режимін таңдау ұсынылады.

«HEV» — гибридті режим:

- HEV режимінде, аккумулятор батареясының заряд деңгейі жоғары болғанда немесе аз қуат қажет болғанда, іштен жану қозғалтқышы іске қосылмайды және автомобиль EV режимін басымдыққа қояды.



- HEV режимінде аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен болғанда немесе жоғары қуат қажет болғанда, іштен жану қозғалтқышы іске қосылады, ол жақсы динамикалық сипаттамаларды қамтамасыз ету үшін тізбекті схема бойынша жұмыс істейді.
- HEV режимінде іштен жану қозғалтқышы аккумулятор батареясын зарядтау және электр қозғалтқышының жұмысы үшін электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді.



- HEV режимінде іштен жану қозғалтқышы электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді, ал аккумулятор батареясы тартқыш электрқозғалтқышты қуаттандыру үшін зарядсызданады.



- HEV режимінде автокөлік орташа немесе жоғары жылдамдықтарда қозғалған кезде белгілі бір жағдайларда іштен жану қозғалтқышы іске қосылады, ол отын үнемдеуді арттыру үшін параллель схема бойынша жұмыс істейді:
  - HEV режимінде іштен жану қозғалтқышы мен тартқыш электрқозғалтқыш автокөліктің қозғалысын қамтамасыз ете отырып, бірлесіп жұмыс істейді.



- HEV режимінде автокөліктің қозғалысын іштен жану қозғалтқышы қамтамасыз етеді, ал электрқозғалтқыш энергияны рекуперациялау үшін генератор режимінде жұмыс істейді.



- HEV режимінде автокөліктің қозғалысын тек іштен жану қозғалтқышы қамтамасыз етеді, ал электрқозғалтқыш өшірулі.



EV — тек электр тартқышпен жүру режимі

- EV режимінде жоғары вольтты аккумулятор батареясынан электр энергиясы электр қозғалтқышына беріледі, бұл автокөлікті іске қосу, артқа жүру, бос жүріс, үдеу және тұрақты жылдамдықпен жүру сияқты әртүрлі жұмыс жағдайларында қозғалысқа келтіреді.



ЕСКЕ САЛУ

- Автокөлік жылдам үдеу, жоғары қозғалыс жылдамдығы, тауға көтерілу, тым жоғары немесе тым төмен температура немесе аккумулятор батареясының төмен заряд деңгейі сияқты жұмыс жағдайларында HEV режиміне автоматты түрде ауыса алады. Қажет болған жағдайда, EV режиміне арналған шарттар орындалса, EV режиміне қолмен ауысыңыз. Жоғары вольтты аккумулятор батареясының температурасы тым жоғары немесе тым төмен болған кезде HEV режимін пайдалану ұсынылады.

HEV — гибридті режим

- HEV режимінде, аккумулятор батареясының заряд деңгейі жоғары болғанда немесе аз қуат қажет болғанда, іштен жану қозғалтқышы іске қосылмайды және автомобиль EV режимін басымдыққа қояды.



- HEV режимінде аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен болғанда немесе жоғары қуат қажет болғанда, іштен жану қозғалтқышы іске қосылады, ол жақсы динамикалық сипаттамаларды қамтамасыз ету үшін тізбекті схема бойынша жұмыс істейді.
  - HEV режимінде іштен жану қозғалтқышы аккумулятор батареясын зарядтау және электр қозғалтқышының жұмысы үшін электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді.



- HEV режимінде іштен жану қозғалтқышы электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етеді, ал аккумулятор батареясы тартқыш электрқозғалтқышты қуаттандыру үшін зарядсызданады.



- HEV режимінде автокөлік орташа немесе жоғары жылдамдықтарда қозғалған кезде белгілі бір жағдайларда іштен жану қозғалтқышы іске қосылады, ол отын үнемдеуді арттыру үшін параллель схема бойынша жұмыс істейді:
  - HEV режимінде автокөліктің қозғалысын тек іштен жану қозғалтқышы қамтамасыз етеді, ал электрқозғалтқыш өшірулі.



- HEV режимінде автокөліктің қозғалысын іштен жану қозғалтқышы қамтамасыз етеді, ал электрқозғалтқыш энергияны рекуперациялау үшін генератор режимінде жұмыс істейді.



- HEV режимінде автокөліктің қозғалысын тек іштен жану қозғалтқышы қамтамасыз етеді, ал электрқозғалтқыш өшірулі.



Гибридті жүйенің жұмыс режимін таңдау

① Режим

② «EV/HEV» режимі түймесі



Үнемді EV режимі

- «EV/HEV» түймесін басыңыз, аспаптар тақтасында EV индикаторы жанады, бұл автокөліктің EV режимінде екенін көрсетеді. «MODE» түймесін аспаптар тақтасында «ECO» индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің

энергия тұтынуды азайту үшін ECO режимінде екенін көрсетеді.

Ыңғайлы EV режимі

- «EV/HEV» түймесін басыңыз, аспаптар тақтасында EV индикаторы жанады, бұл автокөліктің EV режимінде екенін көрсетеді. «MODE» түймесін аспаптар тақтасында «COMFORT» индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің жайлылық пен энергия тұтынудың оңтайлы үйлесімі үшін COMFORT режимінде екенін көрсетеді.

Спорттық EV режимі

- «EV/HEV» түймесін басыңыз, аспаптар тақтасында EV индикаторы жанады, бұл автокөліктің EV режимінде екенін көрсетеді. «MODE» түймесін аспаптар тақтасында «SPORT» индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің жақсы динамикалық сипаттамаларды қамтамасыз ету үшін SPORT режимінде екенін көрсетеді.

Үнемді HEV режимі

- «EV/HEV» түймесін басыңыз, аспаптар тақтасында HEV индикаторы жанады, бұл автокөліктің HEV режимінде екенін көрсетеді. «MODE» түймесін аспаптар тақтасында «ECO» индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің ең жақсы отын үнемдеуді қамтамасыз ету үшін ECO режимінде екенін көрсетеді.

Ыңғайлы HEV режимі

- «EV/HEV» түймесін басыңыз, аспаптар тақтасында HEV индикаторы жанады, бұл автокөліктің HEV режимінде екенін көрсетеді. «MODE» түймесін аспаптар тақтасында «COMFORT» индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің жайлылық пен отын шығынының оңтайлы үйлесімі үшін COMFORT режимінде екенін көрсетеді.

Спорттық HEV режимі

- «EV/HEV» түймесін басыңыз, аспаптар тақтасында HEV индикаторы жанады, бұл автокөліктің HEV режимінде екенін көрсетеді. «MODE» түймесін аспаптар тақтасында «SPORT» индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің ең жақсы динамикалық сипаттамаларды қамтамасыз ету үшін SPORT режимінде екенін көрсетеді.

«Қар» режимі

- «MODE» түймесін аспаптар тақтасында қар режимінің индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің осы режимде екенін көрсетеді. Бұл режим тайғақ жолдарда, мысалы, қар басқан жолдарда жүруге жарамды.

«Құм» режимі*

- «MODE» түймесін аспаптар тақтасында құм режимінің индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің осы режимде екенін көрсетеді. Бұл режим құмды жолдарда жүруге жарамды.

«Батпақ» режимі*

- «MODE» түймесін аспаптар тақтасында батпақ режимінің индикаторы жанғанша кезекпен басыңыз, бұл автокөліктің осы режимде екенін көрсетеді. Бұл режим тайғақ жолдарда, мысалы, батпақ басқан жолдарда жүруге жарамды.

Гибридті жүйенің жұмыс режимдеріне қатысты ескертулер

Автокөлік қозғалған кезде отын мен электр энергиясы бір уақытта жұмсалады. Келесіге ерекше назар аударыңыз:

- Төмен температура жағдайында жоғары вольтты аккумулятор батареясының сипаттамалары төмендейді. Жоғары вольтты аккумулятор батареясының зақымдалуын болдырмау үшін келесі қорғау әдістері қарастырылған:

- Төмен температурада автокөлік зарядтау және разрядтау қуатын, сондай-ақ аккумулятор батареясының қолжетімді заряд деңгейін шектейді.
- Егер температура –30 °C-тан төмен немесе 60 °C-тан жоғары болса, автокөлік зарядталмайды.
- Егер температура –35 °C-тан төмен немесе 60 °C-тан жоғары болса, автокөлік разрядталмайды.
- Автокөліктерді сыртқы температура –20 °C-тан жоғары болғанда пайдалану ұсынылады. Жоғарыда аталған ерекше жағдайларда автокөлікті қозғалту үшін ішкі жану қозғалтқышын пайдалану ұсынылады.

- Аккумулятор батареясының оңтайлы жұмыс температурасы 25 °C құрайды. Тым жоғары немесе тым төмен температурада аккумулятор батареясының шығыс қуаты шектеледі және электртартқыштағы жүріс қоры қысқарады.

Жоғары вольтты және жоғары температураға дейін қызатын компоненттерге назар аударыңыз

- Жоғары вольтты аккумулятор батареясы және автокөліктің басқа жоғары вольтты компоненттері қызғылт сары түсті кабельдермен қосылған.

ЕСКЕРТУ!

- Қызғылт сары кабельдерге немесе жоғары вольтты аккумулятор батареясының шығыстарына тимеңіз. Электр тогымен зақымдану ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- Барлық ескерту жапсырмаларын оқыңыз.

- Электрқозғалтқыш, радиатор және кейбір басқа компоненттер қозғалыс кезінде жоғары температураға дейін қызуы мүмкін. Бұл компоненттерде ескерту жапсырмалары бар. Осы ескерту жапсырмаларындағы нұсқауларды мұқият оқып, орындаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Ешқандай жоғары вольтты компоненттерді шешпеңіз және бөлшектемеңіз, әйтпесе бұл ауыр немесе тіпті өлімге әкелетін жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Соқтығысқан, судан өткен және жоғары вольтты жүйенің зақымдалуына әкелуі мүмкін басқа жағдайларда электр тогының соғу қаупін болдырмау үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласу ұсынылады.
- Электр тогының соғу қаупін болдырмау үшін ток жылыстауы туралы ескерту индикациясы болған жағдайда немесе ток жылыстауы уәкілетті дилер немесе BYD сервис орталығымен диагностикаланған болса, автокөлікті пайдалануды жалғастыруға тыйым салынады.
- Біліксіз әрекеттер салдарынан электр тогының соғуын болдырмау үшін жоғары вольтты компоненттерге тиюге тыйым салынады, бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін.

- Автокөлік бензин қозғалтқышымен және электрқозғалтқышпен қозғалған кезде, іштен жану қозғалтқышының дыбысы мотор бөлімінен естілуі мүмкін.
- Автокөліктің электр қуатын қосқанда немесе өшіргенде орталық консольдің астынан жоғары вольтты компоненттің іске қосылу дыбысы (контактордың тұйықталу немесе ажыратылу дыбысы) естілуі мүмкін, бұл ақаулық емес.
- Егер «OK» индикаторы жанса, бензин қозғалтқышы іске қосылмаса да (тек электртартқышпен қозғалу) автокөлікпен қозғалуды бастауға болады.
- Тұрақта «P» түймесін басуды ұмытпаңыз. «P» немесе «N» режимі қосылғанда және аккумулятор батареясының заряд деңгейі белгілі бір мәннен төмен болғанда, жоғары вольтты аккумулятор батареясын зарядтау үшін іштен жану қозғалтқышы іске қосылуы мүмкін. Селектор тұтқасын «N», «R» немесе «D» күйінде ұзақ ұстау селектордың кептелуі туралы жалған ескертудің іске қосылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан, режимді қосқаннан кейін

селектор тұтқасын босатуды ұмытпаңыз. Автокөліктен шыққанда, «P» түймесін басыңыз, кілтті алыңыз және барлық есіктерді құлыптаңыз.

- Ақаулық және төмен вольтты аккумулятор батареясының толық разрядталуы жағдайында 12 В сыртқы қуат көзінен іске қосу мүмкін болмауы мүмкін; мұндай жағдайда уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласу ұсынылады.

ЕСКЕРТУ!

- Автокөліктен шыққанда қуат агрегатын міндетті түрде өшіріңіз.
- Автокөліктен шықпас бұрын, «P» түймесін басуды ұмытпаңыз. Іштен жану қозғалтқышы өшірілгеніне қарамастан, егер «OK» индикаторы жанса, автокөлік баяу қозғалуы мүмкін (тартқыш электрқозғалтқыштағы жетекпен).
- «OK» индикаторы жанғанда, егер тежегіш педалі басылмаса және селектор тұтқасы «R» немесе «D» күйінде болса, автокөлік төмен жылдамдықпен қозғалады, сондықтан мұқият болыңыз.

- Автокөлікті жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласу ұсынылады.
- Егер автокөлікті жол-көлік оқиғасынан кейін немесе басқа себептермен орнында қалпына келтіру немесе жөндеу мүмкін болмаса, уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласу ұсынылады.
- Егер автокөлікте герметикалық гибридті төмен вольтты аккумулятор батареясына байланысты жұмыстарды жүргізу қажет болса, уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласу ұсынылады.

ЕСКЕРТУ!

1—4 Гибридті жүйенің жұмыс режимдеріне қатысты ескертулер — Ескерту 2

- Жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жоғары кернеулі ток ағып кету қаупін азайту үшін келесі әрекеттерді орындаңыз.
  - Автокөлікті қауіпсіз жерге жылжытыңыз.
  - Тежегіш педалін басыңыз, «P» түймесін басыңыз, селектордың тиісті күйде екеніне және электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қосылғанына көз жеткізіңіз.
  - Гибридті жүйені өшіріңіз.
- Егер автокөлік қатты зақымдалған болса, электр тогымен зақымдану қаупі болуы мүмкін. Электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін жоғары вольтты компоненттерге (мысалы, аккумулятор батареясына) немесе компоненттерді қосатын кабельдерге (қызғылт сары түсті) тимеңіз. Егер автокөліктің ішінде немесе сыртында зақымдалған оқшаулағышы бар сымдар болса, электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін оларға тимеңіз.
- Егер автокөліктің кейбір бөліктерінде сұйықтықтың жылыстау іздері болса, оларға тимеңіз, себебі бұл төмен вольтты аккумулятор батареясының электролиті болуы мүмкін. Егер сұйықтық теріге немесе көзге түссе, оны көп мөлшердегі сумен жуыңыз (бор қышқылының ерітіндісімен жуу ұсынылады) және ауыр жарақаттарды болдырмау үшін медициналық көмекке жүгініңіз.
- Автокөлік өртенген жағдайда, оны сөндіру үшін кернеу астындағы электр қондырғыларын сөндіруге арналған өрт сөндіргішті пайдаланыңыз. Суды аз мөлшерде пайдалану қауіпті болуы мүмкін, сондықтан суды көп мөлшерде (мысалы, өрт гидрантынан) пайдаланыңыз немесе өрт сөндіру командасын күтіңіз.
- Егер автокөлікті эвакуациялау қажет болса, эвакуатор платформасына толық тиеу арқылы эвакуациялау әдісін таңдаңыз. Сүйрету кезінде дөңгелектер жерге тиіп тұрса,

ЕСКЕРТУ!

электркозғалтқышы электр энергиясын өндіруді жалғастыра алады және ток ағып кетуі мүмкін.

Айдап әкетуге қарсы жүйе

Күзет режимін қосу

1. Оталдыру жүйесін өшіріңіз.
2. Барлық жолаушылармен бірге автокөліктен шығыңыз.
3. Барлық есіктерді жабыңыз. Барлық есіктерді құлыптаңыз, күзет режимі 8 секундан кейін автоматты түрде қосылады.

Сигнал берудің іске қосылуы

- Күзет режимін қосқаннан кейін сигнал беру жүйесі дыбыс сигналы және жыпылықтаған бұрылыс көрсеткіштері түрінде келесі жағдайлардың кез келгенінде іске қосылады:
  - Кез келген есік, жүксалғыш немесе капот смарт-кілттің кілтсіз кіру функциясын қолданусыз ашылады.

Күзет режимін өшіру

- Күзет режимін келесі жолмен өшіруге болады:
  - Жарамды смарт-кілт/телефон қолданбасы арқылы есікті немесе жүксалғыш бөлімін ашу.
  - Қолданыстағы смарт-кілтті жаныңызда ұстап, микроажыратқыштың көмегімен есіктің құлпын ашыңыз.
  - Жарамды смарт-кілт арқылы жүксалғыш бөлімін қашықтан ашу.
  - Жарамды NFC-кілт арқылы есікті ашу.
  - Қолданыстағы смарт-кілттің көмегімен автокөлік қозғалтқышын қашықтан оталдырыңыз.
  - Жарамды смарт-кілт автокөлік ішінде болса, START/STOP түймесін басыңыз.
  - Телефонға арналған жарамды қолданба арқылы климаттық қондырғыны қосу.

ЕСКЕРТУ!

- Айдап әкетуге қарсы жүйені өзгерту немесе қосымша жабдықтау арқылы өзгертпеңіз, әйтпесе жүйе істен шығуы мүмкін.

Деректерді жинау және өңдеу

- Бұл бөлімнен BYD автокөлігін пайдаланған кезіңізде дербес деректердің қалай жиналатыны және өңделетіні туралы маңызды ақпарат табасыз.
- Деректерді өңдеу және қорғау, сондай-ақ жеке деректер субъектілерінің құқықтары туралы толығырақ ақпарат алу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде қолжетімді автокөлікке арналған Құпиялылық саясатының ағымдағы нұсқасымен танысыңыз (ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында → Баптаулар → Жүйе → Құқықтық ақпарат → Құпиялылық туралы ереже).
- Бұл автокөлік оқиғалар туралы деректерді тіркеу жүйесімен (EDR) жабдықталған. EDR жүйесі апат жағдайында немесе апатқа жақын жағдайда (мысалы, қауіпсіздік жастығының іске қосылуы немесе жолдағы кедергіні басып кету) автокөлік жүйелерінің жұмысын түсінуге көмектесу үшін төмендегідей деректерді тіркейді:
  - Автокөлік жылдамдығы
  - Шиналардағы қысым жағдайы

- Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің (ACC) күйі.
- Қауіпсіздік белбеулері тағылған ба

- Автокөлік EDR деректерін тек соқтығысу кезінде немесе жағдайдың апатқа жақын белгілі бір қауіптілік деңгейіне жеткен кезде ғана тіркейді. EDR жүйесі автокөлікті әдеттегі жүргізу кезінде ешқандай деректерді тіркемейді.
  - EDR жүйесі тіркеген деректер тиісті тараптар оқиғаны талдай алуы үшін апат сәтіндегі автокөліктің қауіпсіздік жүйелерінің күйін түсінуге мүмкіндік береді.
  - EDR деректеріне қол жеткізу және оларды оқу үшін арнайы жабдық қажет. BYD компаниясы сіздің жеке деректеріңізді үшінші тұлғаларға тек заңмен рұқсат етілген жағдайда немесе өзіңіз келісіміңізді берген болсаңыз ғана жария етеді. Автокөлік өндірушісінен өзге кәсіби жабдығы бар бөтен агенттіктер (мысалы, мемлекеттік органдар) де егер олардың EDR деректеріне және автокөлік жабдығына қолжетімділігі бар болса, EDR деректерін оқи алады (мысалы, олар апаттың мән-жайларын анықтау үшін SRS басқару блогының деректерін оқуы мүмкін).

Автокөлік деректерін өңдеу

- Деректер автокөлікті пайдалану кезінде жиналады, мысалы, автокөлігіңіздің қауіпсіз қызмет етуі үшін қажетті автокөлік датчиктерінен немесе басқару блоктарынан жиналған немесе берілген деректер.
- Кейбір жағдайларда деректер автокөлікті басқаруға көмектесу (жүргізушінің көмекші жүйелері) үшін немесе белгілі бір жайлылықты немесе ақпараттық-ойын-сауық функциясын қамтамасыз ету үшін қолданылады.
- Жиналатын және өңделетін дербес деректерге негізінен автокөлік туралы деректер, қашықтан басқарумен байланысты деректер және төменде көрсетілгендей басқа да деректер кіреді.

Борттық деректер

Пайдалану деректері

- Автокөлікті пайдалану процесінде автокөліктің жағдайы туралы әртүрлі деректер (мысалы, жылдамдық, аккумулятор зарядының деңгейі және тежеу жүйесі) немесе қоршаған орта туралы деректер (мысалы, қашықтық және температура датчиктері) жинақталады және өңделеді.
- Әдетте бұл деректер сақталмайды, алайда автокөлікте мұндай деректерді, мысалы, техникалық қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды, қателер туралы хабарламаларды немесе басқар ақпаратты тіркеу үшін жазатын басқару блоктары, датчиктер немесе басқа компоненттер орнатылған.
- Борттық деректер тек автокөлік жабдығында ғана сақталады, алайда заңда қарастырылған OBD («Борттық диагностика») интерфейсінің көмегімен, мысалы, BYD өкілетті дилерлік немесе сервис орталықтарында, немесе басқа үшінші тұлғалар оқыла алады.
- Егер қолжетімділік автокөлікке техникалық қызмет көрсету кезінде жүзеге асырылып жатса, сапаны бақылау, өнімдердің ақаулары туралы есеп берулерді құрастыру немесе клиенттердің шағымдарын тексеру үшін ақпарат сондай-ақ BYD инженерлеріне беріле алады.

Қашықтан қызмет көрсетумен байланысты деректер

Қашықтан қолдау қызметтері

- Автокөлікте қашықтан қолдау қызметтері қарастырылған. Оларға қауіпсіздікті және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында (көлік иесінің рұқсатымен) қашықтан диагностикалау және сымсыз байланыс арнасы бойынша жаңарту (OTA) жатады.
- Бұл қызметтер келесі мақсаттарға қызмет етеді: қызметтерді ұсыну (қашықтан қолдау/диагностика), өнімдерді әзірлеу және қауіпсіздік/қоғамдық қауіпсіздік.
- Елге және баптауларға байланысты сәйкес нарықтағы BYD деректерді өңдеу орталығына автокөліктің орналасқан жері және күйі туралы деректерді қоса алғанда автокөлік туралы әртүрлі ақпарат, мысалы, электр энергиясын тұтыну,

қозғалыс жылдамдығы, селектор күйі, қоректендіру режимі, ESC жүйесінің күйі, рульмен басқару, аккумулятор батареясы, трансмиссия және т.б. туралы деректер беріле алады.

Басқа

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі

- Автокөлік конфигурациясына байланысты ақпараттық-ойын-сауық жүйесіне деректер пайдаланушылардың өздері арқылы қосылуы мүмкін, мысалы, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында бейне ойнатуға арналған мультимедиа деректері, навигация жүйесінде қолдануға арналған мекенжай деректері немесе онлайн-сервистерде қолдануға арналған деректер.
- Автокөлік конфигурациясына байланысты сондай-ақ автокөлік ішінде отырып немесе қашықтан жеке баптаулар енгізуге де болады.
- Автокөлікте сақталып тұрған деректер кез келген уақытта өшіріле алады.
- BYD автокөлігіне орнатылған үшінші тарап қолданбалары деректерді өз бетінше жинайды (үшінші тарап мазмұнын пайдаланған кезде, атап айтқанда, онлайн-сервистердің жұмысы аясында).

Мобильді құрылғыларды интеграциялау

- Автокөлік конфигурациясына байланысты мобильді құрылғылар автокөліктің ақпараттық-ойын-сауық жүйесіне қосыла және ол арқылы басқарыла алады.
- Мобильді құрылғылардың кескіндері немесе аудиосигналдары ақпараттық-ойын-сауық жүйесі арқылы көрсетіле/ойнатыла немесе ол арқылы жіберіле алады.
- Орналасқан жер немесе көлік құралы туралы ақпарат секілді қосымша деректер белгілі навигация жүйелерінде, коммуникациялық немесе басқа бөтен сервистерде қолдану үшін қолданбалар арқылы жіберіле алады.
- Деректерді өңдеудің нақты түрі сәйкес функцияға байланысты және пайдаланушы немесе үшінші тұлғалар, мысалы, құрылғылардың немесе сәйкес қызметтердің жеткізушісі арқылы бақыланады.

Интернетке қосу және қосылған қызметтер

- Автокөлік конфигурациясына байланысты BYD белгілі функциялары немесе қызметтері үшін Интернетке қолжетімділік ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің желілік құрылғылары арқылы жүзеге асырыла алады.
- BYD компаниясы кез келген басқа тарап арқылы ұсынылатын кез келген мұндай қызметтер үшін жауапкершілік көтермейді.
- Мұндай жағдайларда деректердің қолданылуы туралы ақпаратты сәйкес онлайн-сервис жеткізушісінен алуға болады.

Камерадан кескінді жазу

- Сіздің автокөлігіңіз бірнеше камерамен/датчиктермен жабдықталған.
- Олардың орнатылу себебі автокөліктің кейбір функцияларына автокөліктің қозғалу траекториясын анықтау және бағалау қажет болуымен байланысты, бұл автокөліктің айналасындағы объектілерді (мысалы, кедергілерді) анықтайтын камералардың көмегімен жүзеге асырылады.
- Кескіндер әрмен қарай жүйелердің жұмысына қажетті талдау үшін сәйкес басқару модуліне беріледі.
- Кейбір кескіндер жай ғана тіркеусіз өңделеді (операциялық жад), басқалары сақталуы мүмкін (автокөліктің жабдығына байланысты).
- Камералар туралы толығырақ ақпаратты осы нұсқаулықтағы «Панорамалық шолу жүйесі» бөлімінен қараңыз.

Автокөлікті тұрақты пайдалануға үшінші тұлғаларға беру және автономдық режим

- Автокөлікті түпкілікті табыстау жағдайында — яғни пайдаланылған автокөлікті сатқанда немесе автокөлікті үшінші тұлғаға біржола пайдалануға бергенде — жаңа иесі ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде сақталған кез келген жеке немесе пайдаланушы баптауларына

(соның ішінде контактілер тізіміне және навигациялық жүйе деректеріне) қол жеткізе алатынын ескеру қажет.

ЕСКЕ САЛУ

- Автокөлікті кәдеге жаратқанда немесе басқа пайдаланушыға бергенде өз дербес деректеріңіздің құпиялығын сақтау үшін оның жүйесін зауыттық баптауларға қайтарыңыз.

- Сіз сондай-ақ автокөлікті автономдық режимге ауыстыру арқылы автокөлігіңіздің BYD деректер серверімен байланысын және автокөлікпен байланысты және жеке деректердің өңделуін шектей аласыз.
- Wi-Fi желісін өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында пернесін басыңыз.
- Сіз сондай-ақ Wi-Fi-ды ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында өшіре аласыз → Баптаулар → Желі және Интернет → Wi-Fi → ӨШІРУ.

Дербес деректерді билік органдарына жария ету

- BYD компаниясы заң бойынша талап етілмесе немесе өз келісіміңізді бермесеңіз, сіздің дербес деректеріңізді үшінші тұлғаларға ашпауға міндеттенеді.
- Алайда қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар автокөліктерден деректерді оқуға (мысалы, деректер апаттың мән-жайын анықтау үшін қауіпсіздік жастықтарын басқару блогынан оқи алады) рұқсат алуы мүмкін.
- Егер заң талап ететін болса, BYD компаниясы да сіздің еліңіздің мемлекеттік органдарының сұрауы бойынша, мысалы, қылмыстық істі тексеру шеңберінде деректерді жария етуге міндетті болуы мүмкін.

Сіздің деректерді қорғау құқықтарыңыз

- BYD компаниясы өз клиенттерінің құпиялылығын мүлтіксіз сақтайды және деректерді қорғау туралы барлық заңдарды, соның ішінде Деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламентті (GDPR) және қолданылатын жергілікті заңдарды қатаң түрде орындайды.
- Осы заңдарға сәйкес көлік иелерінің өз дербес деректерін өңдеу кезінде белгілі құқықтары бар:
  - Деректер субъектілерінің ақпарат ұсынуға және қолжетімділікке ие болуға, дербес деректерді түзетуге, жоюға («ұмытылған болу құқығы») құқығы және дербес деректердің өңделуіне қарсылық білдіру немесе оны шектеу (немесе бұған дейін берілген келісімді кері қайтарып алу, сондай-ақ деректердің тасымалдануына) құқығы бар.
- Кейбір жағдайларда бұл құқықтар шектеулі болуы мүмкін. Мысалы, егер біз өзімізде сіздің деректеріңізді өңдеуге құқықтық міндетіміздің бар екенін дәлелдесек, немесе егер сізге ақпаратты беру басқа тұлғаның дербес деректерінің ашылуына алып келетін болса, немесе егер біз заң бойынша бұл ақпаратты жария етуге құқылы болмасақ.
- Кейбір жағдайларда бұл біздің деректерді тіпті сіз өз келісіміңізді кері қайтарып алған жағдайда да сақтап қала алатынымызды білдіруі мүмкін.
- Деректерді өңдеу және қорғау, сондай-ақ сізде бар кез келген құқықтар туралы толығырақ ақпарат алу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінде қолжетімді Құпиялылық саясатының ағымдағы нұсқасымен танысыңыз (ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында → Баптаулар → Жүйе → Құқықтық ақпарат → Құпиялылық саясаты).

02

АСПАПТАР ТАҚТАСЫ

Аспаптар тақтасы..... 40

Аспаптар тақтасы

Аспаптар тақтасының сыртқы көрінісі

Аспаптар тақтасының СК дисплейі



1 Бағыт

2 Уақыт

3 Спидометр

4 Беріліс қорабының режимі

5 EV/HEV режимі

6 Сыртқы температура

7 Одометр

8 Қуат көрсеткіші

9 Жалпы жүріс қоры

10 Отын деңгейінің көрсеткіші/аккумулятор батареясы зарядының деңгейі

Аспаптар тақтасының баптаулары

- Аспаптар тақтасының жарықтығын, жүрілген жол индикациясын және аккумулятор батареясы зарядының деңгейін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында реттеңіз → ⚙ **Аудиожүйе дисплейі** → **Аспаптар тақтасы**.
- Жүрілген жол индикациясын жалпы жүрілген жол, 1-жүрілген жол, 2-жүрілген жол, HEV режиміндегі жүрілген жол және EV режиміндегі жүрілген жол арасында ауыстыруға болады.
- Аккумулятор батареясы зарядының деңгейін жүріс қоры немесе пайыз түрінде көрсетуге болады.

Аспаптар тақтасының индикаторлары

Индикаторлар мен бақылау шамдары

Индикатор	Аты	Индикатор	Аты
	Бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторы		Габарит шамдарының индикаторы
	Заряд индикаторы	OK	OK жүйесінің индикаторы
	HDC жүйесінің индикаторы		Фаралардың таяу жарығының индикаторы
	AVH жұмысының индикаторы		GPF* регенерациясының индикаторы
EV	EV жүйесінің индикаторы	HEV	HEV жүйесінің индикаторы
	BSD* іске қосу индикаторы		Интеллектуалды круиз-контроль* күйінің индикаторы
EV	EV мәжбүрлі режимінің индикаторы		Фаралардың шалғай жарығының индикаторы
	LSS индикаторы*		Бейімделетін круиз-контроль (ACC)* күйінің индикаторы
	Сүйреу режимінің индикаторы*		AFL индикаторы*
	Батпақты жолмен жүру режимінің индикаторы*		Жайлы режим индикаторы
	Үнемді режим индикаторы		Спорттық режим индикаторы
	Қармен жүру режимінің индикаторы		Құмда жүру режимінің индикаторы*
	AEB индикаторы*		GPF* регенерациясының ақаулық индикаторы
	LSS жүйесі ақаулығының бақылау шамы*		Жетек қуатын шектеу сигналының шамы

Индикатор	Аты	Индикатор	Аты
	Мотор майы ресурсының индикаторы*		Шиналардағы төмен қысымның бақылау шамы
	Бас ақаулық индикаторы		Смарт-кілт сигнал шамы
	ESC жүйесі ақаулығының бақылау шамы		ESC жүйесін өшіру индикаторы
	Пайдаланылған газдарды бейтараптандыру ақаулығының сигнал шамы		Артқы тұман шамдарының индикаторы
	Фаралар ақаулығын бақылау шамы		ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы
	Отын деңгейінің төмендігін көрсететін индикатор		AVAS OFF индикаторы*
	Бейімделетін круиз-контроль* ақаулығының сигналы		Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесінің (DMS)* ақаулық индикаторы
	Функционалдық қауіпсіздік жүйесінің ақаулық индикаторы		Бейімделетін жарықтандыру жүйесінің (AFL) ақаулық индикаторы
	BSD ақаулығының сигнал шамы*		Күштік агрегаттың ақаулығының бақылау шамы
	EPB жүйесінің индикаторы		TSR индикаторы*
	Қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу индикаторы		Тұрақ тежегіші жүйесінің ақаулығының бақылау шамы
	Рульмен басқару жүйесі ақаулығының бақылау шамы		Қауіпсіздік жастықтарының ақаулығының сигнал шамы
	Майдың төмен қысымының сигнал шамы		Салқындату сұйықтығының қызып кетуінің сигнал шамы
	Төмен вольтты қуат беру жүйесінің сигнал шамы		Жоғары вольтті батареяның зарядтау құрылғысының жалғану индикаторы
	Электрқозғалтқыштың қызып кетуінің бақылау шамы		Фаралар ақаулығын бақылау шамы

Индикатор	Аты	Индикатор	Аты
	Жоғары вольтті батареяның ақаулығының бақылау шамы		Жоғары вольтті батареяның қызып кету бақылау шамы

Бақылау шамдарының / индикаторлардың сипаттамасы



Пайдаланылған газдарды бейтараптандыру ақаулығының сигналы

- Борттық электр қуаты жүйесі қосылған кезде, бұл ақаулық сигнал шамы өзін-өзі диагностикалау кезінде жанады. Егер ол кез келген басқа уақытта жанса, бұл автокөліктің белгілі бір басқару жүйесінде ақаулық болуы мүмкін екенін көрсетеді. Жұмыстағы ауытқу байқалмаса да, мұндай жағдайда пайдалануды жалғастыру автокөліктің айтарлықтай зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Егер бұл сигнал шамы автокөлік өзін-өзі диагностикалау режимінде болмаған кезде жанса, автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, борттық электр қуаты жүйесін өшіріп, қайта қосыңыз. Іштен жану қозғалтқышын іске қосқан кезде осы сигнал шамын тексеріңіз. Егер сигнал шамы әлі де жанып тұрса, тексеру үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласқаныңыз дұрыс. BYD уәкілетті дилері немесе сервистік орталығы ақаулықты анықтағанға дейін, автокөлікті жүргізу кезінде сақ болыңыз, жоғары жылдамдықпен жүруден және газ педалін толық басудан аулақ болыңыз.
- Егер ақаулық сигнал шамы жиі жанса, жоғарыда аталған әрекеттерді орындағаннан кейін шам сөнсе де, тексеру үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Пайдаланылған газдарды бейтараптандыру ақаулығының сигнал шамы жанғаннан кейін қозғалысты жалғастыру пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесі мен қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.



Отынның төмен деңгейінің сигнал шамы

- Бұл индикатор отын қорының аздығын көрсетеді. Ол бактағы отын деңгейі төмен болған кезде жанады және жүргізушіге отынның толық таусылуын болдырмау үшін мүмкіндігінше тезірек жанармай құю қажеттілігін еске салады. Отын бағы еңісте немесе бұрылыста қозғалған кезде еңкейгенде, отын деңгейінің төмендігін көрсететін сигнал шамы мерзімінен бұрын жануы мүмкін.



Смарт-кілт сигнал шамы

- Іске қосу түймесін басқан кезде кілт автокөлікте болмаса, сигнал шамы бірнеше секунд жанады, сигнал естіледі және «Кілт табылмады» хабарламасы көрсетіледі.
- Егер электронды смарт-кілт сізде болса және сіз іске қосу түймесін бассаңыз, бұл сигнал шамы жанбайды және борттық электр қуаты жүйесі қосылуы мүмкін.
- Егер шамды қосқаннан кейін бірнеше секунд ішінде кілт автокөлікке енгізілсе, бұл сигнал шамы сөнеді.
- Егер іске қосу түймесін басқан кезде сигнал шамы жыпылықтаса, бұл кілттегі қуат элементінің заряды төмен екенін көрсетеді.



ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы

- Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады. Егер тежегішті блоктау жүйесі (ABS) дұрыс жұмыс істеп тұрса, бұл шам бірнеше секундтан кейін өшеді. Егер жүйеде ақаулық бар болса, бұл шам қайтадан жанады және ақаулық түзетілмейінше қосулы күйінде қалады.

- Егер ABS жүйесінің ақаулық сигнал шамы жанса (тұрақ тежегіші ақаулығының сигнал шамы өшірулі болғанда), тұрақ тежегіші жұмысын жалғастырады, бірақ ABS жүйесі іске қосылмайды.
- ABS ақаулығының сигнла шамы жанғанда (тұрақ тежегішінің ақаулығының сигнал шамы өшірілген кезде), блоктауға қарсы жүйе жұмыс істемейтінжіктен, шұғыл тежеу немесе тайға жолдау тежеу жағдайында дөңгелектер бұғатталады.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде бұл бақылау шамдарының жүйесі қадағалайтын компоненттердің ақаулығын көрсетеді. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
  - Бұл бақылау шамы жанбайды немесе оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда тұрақты түрде жанады.
  - Бұл бақылау шамы қозғалыс кезінде жанады.

ЕСКЕРТУ!

- Егер ABS ақаулығының сигнал шамы жанып тұрса және тежеу жүйесінің сигнал шамы жанып тұрса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласқан жөн. Мұндай жағдайда тежегіш педалін басқан кезде ABS жүйесі жұмыс істемейді және автокөлік өте тұрақсыз болады.

- ABS жүйесінің өзін-өзі диагностикалау функциясы бар. Кез келген ақаулық туындаған кезде ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы жанады. Бұл ABS жүйесінің істен шыққанын білдіреді. Бірақ тежегіштер ABS жүйесімен жабдықталмаған кәдімгі автокөліктегідей жұмыс істей алады. Алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Егер электрмеханикалық тұрақ тежегішін өшіргеннен кейін ABS жүйесінің және тұрақ тежегішінің екі сигнал шамы да жанса, бұл алдыңғы және артқы дөңгелектердің тежеу күшін үлестіру жүйесі де істен шыққанын көрсетеді.
- Егер тежегіш педалінің сезуіңіз әдеттегіден өзгеше болса, дереу шара қолданыңыз. Тежеу жүйесі екі контурлы, сондықтан ішінара істен шығу басқа екі дөңгелектің тежелуіне кедергі келтіре алмайды. Мұндай жағдайда автокөлікті баяулату үшін тежегіш педалін қаттырақ басу қажет, ал тежеу жолы ұзағырақ болады. Автокөлікті баяулатып, қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Ұзартылған тежеу жолы жүргізу кезінде елеулі қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан автокөлікті дереу жөндеу үшін эвакуациялау қажет.
- Егер сізге мұндай жағдайларда аз қашықтықты жүріп өту қажет болса, төмен жылдамдықпен ерекше сақтықпен жүріңіз.



Шиналардағы төмен қысымның бақылау шамы

- Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады. Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса, ол бірнеше секундтан кейін өшеді. Егер жүйеде ақаулы болса, бұл бақылау шамы қайтадан жанады.
- Егер бақылау шамы жанса немесе жыпылықтап тұрса, аспаптар тақтасында «TPMS жүйесін тексеріңіз» хабарламасы пайда болады, ал шиналардағы қысым мәні «—» болып көрсетіледі. Бұл шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулы екенін білдіреді.
- Егер шиналардағы қысым мәні «Сигнал жоқ» деп көрсетіп тұрса, бұл шиналардағы қысым сигналына сыртқы кедергілер әсер еткен болуы мүмкін екенін немесе шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің блогы зақымдалғанын білдіреді.
- Егер шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ақаулығының бақылау шамы тұрақты жанып тұрса, ал аспаптар тақтасының экранындағы шиналардағы бір немесе бірнеше қысым мәні сары түске боялса, бұл сәйкес шинада қысымның жеткіліксіз екенін білдіреді. Егер бір немесе бірнеше шинадағы температура мәні сары түске боялса, бұл шиналардың

температурасының тым жоғары екенін білдіреді.

- Жоғарыда сипатталған жағдайлардың кез келгені туындағанда тексеру жүргізу үшіне алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласқан жөн.



ESC жүйесі ақаулығының бақылау шамы

- Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады. Егер бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ESC) дұрыс жұмыс істеп тұрса, бұл бақылау шамы бірнеше секундтан кейін өшеді.
- Егер жүйеде ақаулық бар болса, бұл бақылау шамы қайтадан жанады және жүйе ақаулығы түзетілмейінше қосулы күйінде қалады.
- Егер ESC бақылау шамы автокөлікті қозғалысы кезінде уақытша жыпылықтаса, бұл ESC жүйесінің іске қосылғанын көрсетеді.
- Егер ESC жүйесінің сигнал шамы жанса (ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы және тұрақ тежегішінің ақаулығының сигнал шамы өшірілген кезде), бұл ESC жүйесінің ақаулы екенін білдіреді, бірақ ABS жүйесі мен тежеу жүйесінің жұмысы әдеттегідей жалғасады.
- Егер ESC жүйесінің сигналы жанса (ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамы және тұрақ тежегішінің ақаулығының сигнал шамы өшірілген кезде), онда ESC жүйесі жұмыс істемейді. Бұл автокөліктің шұғыл бұрылыстарда немесе жүргізуші кедергілерден айналып өту маневрін орындаған кезде өте тұрақсыз болатынын білдіреді.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде бұл бақылау шамдарының жүйесі қадағалайтын компоненттердің ақаулығын көрсетеді. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
  - Оталдыру қосылған кезде бұл сигнал шамы жанбайды (өзін-өзі диагностикалау 5 секунд ішінде орындалмаған) немесе оталдыру қосылғаннан кейін үнемі жанып тұрады.
  - Бұл бақылау шамы қозғалыс кезінде тұрақты жанып тұрады.

ЕСКЕРТУ!

- Егер ESC бақылау шамы жанып тұра берсе және ABS пен тұрақ жүйесінің бақылау шамдары жанып тұрған кезде қосулы болса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз. Мұның қажет болуының себебі – мұндай күйде автокөлік тежелу кезінде өте тұрақсыз болуы мүмкін, ал тежегішті блоктау жүйесі мүлдем іске қосылмайды.



Электронды бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі өшірілгенінің сигнал шамы

- Оталдыру қосылған кезде бұл сигнал шамы бірнеше секунд жанады, содан кейін сөнеді.
- ESC жүйесі өшірілген кезде, шам үнемі жанып тұруы керек, ал ESC жүйесі жұмыс істемейді. Егер ESC жүйесі қосылса, бұл сигнал шамы сөнуі керек, ал ESC жүйесі қалыпты жағдайға оралады.

ЕСКЕРТУ!

- ESC жүйесі өшірілуінің сигнал шамы жанып тұрған кезде, жүргізуші айрықша мұқият болуы және кенеттен пайда болған кедергіні айналып өткенде және шұғыл бұрылғанда жылдамдықты азайтуы керек, өйткені мұндай жағдайда тежеу ESC жүйесі өшірілгендіктен автокөлік бағытының тұрақсыздығына әкелуі мүмкін.



Жетек қуатын шектеу сигналының шамы

- Бұл сигнал шамы электрқозғалтқышының қуаты шектелген кезде жанады. BYD

уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына дереу хабарласқаныңыз жөн.



Бас ақаулық индикаторы

- Егер бұл индикатор жанса, аспаптар тақтасындағы ақаулық туралы хабарламаны тексеріңіз.



Бейімделетін круиз-контроль ақаулығының сигнал шамы

- Егер бұл сигнал шамы үнемі жанып тұрса, автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына жеткізгеніңіз жөн.



BSD ақаулығының сигнал шамы

- Егер бұл индикатор жанса, автокөлікті тексерту үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына жеткізгеніңіз дұрыс.



Қауіпсіздік белбеуі туралы еске салу индикаторы

- Бұл сигнал шамы жүргізуші мен жолаушыға қауіпсіздік белбеуін тағу қажеттілігін еске салады. Егер жүргізуші немесе жолаушы қауіпсіздік белбеуін тақпаса, оталдыру қосылған кезде қауіпсіздік белбеуінің тиісті индикаторы жанады. Индикатор тиісті қауіпсіздік белбеуі тағылмайынша қосылып тұрады.



Қауіпсіздік жастықтарының ақаулығының сигнал шамы

- Оталдыру қосылған кезде бұл сигнал шамы жанады, содан кейін қауіпсіздік жастықтары жүйесі ақаусыз болса, бірнеше секундтан кейін сөнеді. Бұл бақылау шамы қауіпсіздік жастықтарының, соққы датчиктерінің, газ генераторларының, бақылау шамдарының, ағытпалардың және электрмен қоректендірудің ЭББ жұмысын бақылау үшін қолданылады.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде бұл бақылау шамдарының жүйесі қадағалайтын компоненттердің ақаулығын көрсетеді. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
  - Бұл бақылау шамы жанбайды немесе оталдыру жүйесін қосқаннан кейін тұрақты түрде жанады.
  - Бұл сигнал шамы қозғалыс кезінде жанады немесе жыпылықтайды.



Тұрақ тежегіші жүйесінің ақаулығының бақылау шамы

- Бұл бақылау шамы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен және тежеу жүйесінде ақаулық болған жағдайда жанады. Төмендегі жағдайлардың кез келгені туындағанда автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласқан жөн.
  - Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесі қосылған кезде және тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болғанда жанады.
  - Автокөлікті оталдырғаннан кейін тежегіш сұйықтығының деңгейі мен EPB жүйесінің жұмысы қалыпты болса да, бұл бақылау шамы тұрақты жанып тұр (EPB қалыпты қосылады және өшеді, және «Тұрақ тежегішін тексеріңіз» хабарламасы көрсетілмейді). Қысқа жыпылықтау қалыпты деп саналады.
  - Тежеу жүйесінің сигнал шамы ABS жүйесінің ақаулығының сигнал шамымен бірге үнемі жанып тұрады. Мұндай жағдайда тежеу жүйесі немесе электрмеханикалық тұрақ тежегіші дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін, бұл тежеу жолын ұзартады. Бұл ретте ABS жүйесі тежеу кезінде іске қосылмайды, және автокөліктің бағыт тұрақтылығы төмендейді. Автокөлікті сақтықпен басқарыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болғанда қозғалысты жалғастырмаңыз.



Рульмен басқару жүйесі ақаулығының бақылау шамы

- Бұл бақылау шамы рульмен басқару жүйесінің ақаулығы болған жағдайда тұрақты жанып тұрады. Автокөлікті тексерту үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласқан жөн.

ЕСКЕ САЛУ

- Рульмен басқару жүйесі руль дөңгелегін бұрауға қажетті күшті азайту үшін электрқозғалтқышпен жабдықталған.
- Руль дөңгелегін бұраған кезде жұмыс істеп тұрған электрқозғалтқыштың шуылы естілуі мүмкін. Бұл электрқозғалтқыштың ақаулы екенін білдірмейді.
- Руль дөңгелегін шекті күйінде бес секундтан ұзақ ұстап тұрмаңыз, себебі бұл электрқозғалтқыштың қызып кетуден қорғанышының іске қосылуына алып келуі мүмкін, бұл руль дөңгелегінің ауыр айналуына немесе рульмен басқару жүйесінің зақымдалуына алып келеді.

- Егер қозғалыссыз тұрған автокөлікте руль дөңгелегін ұзақ бұрасаңыз, тіпті бұл бақылау шамы жанбаса да, руль дөңгелегін бұрау ауырлауы мүмкін. Бұл ақау емес.
  - Егер қозғалыссыз тұрған автокөлікте ұзақ уақыт бұрау орындалса, рульмен басқару жүйесінің қызып кетуінен сақтану үшін күшейткіш әрекеті төмендетіледі. Нәтижесінде руль дөңгелегін айналдыру ауырлайды. Мұндай жағдайда рульді жиі бұрудан аулақ болыңыз немесе іштен жану қозғалтқышын және борттық электр қуаты жүйесін өшіріңіз. Жүйенің жұмысы 10 минут ішіне қалпына келеді.

ЕСКЕРТУ!

- Егер рульді басқару жүйесі ақаулығының бақылау шамы жанса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.

Салқындату сұйықтығының қызып кетуінің сигнал шамы

- Борттық электр қуаты жүйесі қосылған кезде және бұл шам жанып тұрса, бұл салқындату сұйықтығының температурасының жоғары екенін көрсетеді. Автокөлікті салқындату үшін тоқтату ұсынылады. Ауыр жағдайларда, мысалы, ыстық ауа райында, ұзақ уақыт тауға көтерілгенде және жоғары жылдамдықпен қозғалғанда, іштен жану қозғалтқышы қызып кетуі мүмкін.

Майдың төмен қысымының сигнал шамы

- Бұл шам май қысымының төмен екені туралы сигнал береді. Бұл сигнал шамы қозғалыс барысында жыпылықтаса немесе жанып тұрса, автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, іштен жану қозғалтқышын дереу өшіріңіз. Көмекке жүгіну үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласқаныңыз жөн.
- Іштен жану қозғалтқышы бос жүріспен жұмыс істегенде, бұл сигнал шамы шұғыл тежегеннен соң кейде жыпылықтауы не қысқа уақытқа жануы мүмкін. Қозғалтқыштың айналу жиілігі біртіндеп артқан сайын бұл шам өшсе, онда май қысымы қалыпты.
- Бұл сигнал шамы май деңгейі өте төмен болғанда жанады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Бұл сигнал шамы жанған кезде, тіпті қысқа қашықтыққа болса да автокөлікпен жүруге тыйым салынады. Әйтпесе, қозғалтқыш зақымданады.

Төмен вольтті қоректендіру жүйесінің ақаулығының бақылау шамы

- Егер бұл сигнал шамы қозғалыс кезінде жанса, бұл зарядтау жүйесінде, тұрақты токпен қуаттау жүйесінде немесе төмен вольтты қуат жүйесінде ақаулық бар екенін көрсетеді. Іштен жану қозғалтқышы аккумулятор батареясының заряды таусылғанша жұмыс істей алады. Кондиционерді, желдеткіштерді, мультимедиа жүйесін және т.б. өшіріп, техникалық қызмет көрсету үшін жақын маңдағы уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына жүгініңіз.



Күштік агрегаттың ақаулығының бақылау шамы

- Бұл бақылау шамы трансмиссия істен шыққан жағдайда жанады.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде бұл бақылау шамдарының жүйесі қадағалайтын компоненттердің ақаулығын көрсетеді. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
  - Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда тұрақты түрде жанады.
  - Бұл бақылау шамы қозғалыс кезінде жанады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Бұл бақылау шамы жанып тұрғанда автокөлікпен жол жүруге кеңес берілмейді. Алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.



Жоғары вольтті батареяның қызып кету бақылау шамы

- Егер бұл бақылау шамы жанып тұрса, бұл жоғары вольтті батареяның температурасының тым жоғары екенін және оны суыту үшін автокөлікті тоқтату қажет екенін білдіреді. Егер бұл бақылау шамы жыпылықтап тұрса, онда дереу автокөлікті тоқтатуға және мүмкіндігінше тезірек одан шығуға кеңес беріледі.
- Жоғары вольтті батарея келесідей пайдалану жағдайларында қызып кетуі мүмкін:
  - Ыстық ауа райында ұзақ уақыт бойы беткейде жол жүру
  - Жиі аялдай отырып ұзақ уақыт бойы қозғалу, жылдамдықты жиі үдету, жиі шұғыл тежелу немесе автокөліктің ұзақ уақыт бойы үзіліссіз жұмыс істеуі.



Жоғары вольтті батареяның ақаулығының бақылау шамы

- Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесін қосқан кезде жанады. Егер жоғары вольтті батарея жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса, бұл бақылау шамы бірнеше секундтан кейін сөнеді. Осыдан кейін ол қайта жанса, бұл жүйе ақауы бар екенін білдіреді. Алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгенінде бұл бақылау шамдарының жүйесі қадағалайтын компоненттердің ақаулығын көрсетеді. Мұндай жағдайда алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
  - Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда тұрақты түрде жанады.
  - Бұл бақылау шамы тұрақты жанып тұрады немесе қозғалыс кезінде мезгіл-мезгілімен қосылады.



AEB жүйесінің бақылау шамы*

- Бұл бақылау шамы жанып немесе жыпылықтап тұрған кезде алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі арақашықтықты қадағалап отырыңыз және ықтимал соқтығысудан сақтану үшін оған тым қатты жақындамаңыз.



120 Жол белгілерін тану жүйесінің индикаторы*

- Егер автокөлік жүйесі берілген жол телімінде қолданыстағы жылдамдық шектеуін анықтаса, бұл бақылау шамы жанады


GPF* регенерациясының индикаторы

- Бензинді қозғалтқыштың күйе сүзгісінде жиналған күйенің (пайдаланылған газдардағы қатты бөлшектер) мөлшері белгілі бір деңгейге жеткенде, сүзгінің белсенді регенерациясы іске қосылады, ал GPF регенерация индикаторы үздіксіз жасыл түспен жанады. Бұл кезде, егер жағдайлар мүмкіндік берсе, автомагистраль бойынша қозғалған дұрыс. Сүзгі қатты бөлшектерден тазартылғаннан кейін GPF индикаторы автоматты түрде сөнеді.


GPF* регенерациясының ақаулық индикаторы

- Бензинді қозғалтқыштың күйе сүзгісінде жиналған күйенің (пайдаланылған газдардағы қатты бөлшектер) мөлшері максималды деңгейге жеткенде, отын шығыны артады, қуат төмендейді, ал GPF индикаторы сары түспен жанады. Мұндай жағдайда, тексерту үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы EV режимінде қозғалса, күйе сүзгісін регенерациялау функциясы іштен жану қозғалтқышын іске қосады және аспаптар тақтасында "Қозғалтқыш қызмет көрсету үшін іске қосылды" деген хабарлама көрсетіледі.

Аспаптар тақтасындағы ақаулықтар туралы басқа хабарламалар

Аспаптар тақтасында ақаулықтары туралы келесідей хабарламалар көрсетіле алады. Кеңестерге сәйкес әрекет етіңіз:

Символ	Ақаулық туралы хабарлама	Жауап
	OBC жүйесін тексеріңіз	Борттық зарядтау жүйесі ақаулы. Зарядтау құрылғысына қосылғанын тексеріп, зарядтау жабдығын қайта қосыңыз. Ақау жойылмаса, BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына дереу хабарласу керек.
	Қауіпсіздік мақсатында қозғалысты қашықтан басқару функциясын пайдалануды тоқтатыңыз.	Бұл функцияда ақау болса, автокөлікті қашықтан басқаруды тоқтатыңыз.
	Автокөліктің деректерді беру желісіне қосылғанын тексеріңіз	Автокөлік деректерді беру желісінен ажыратылуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті дереу тоқтатып, BYD уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.
	Қозғалтқыштың аспалы жабдықтарының жұмысын шектеу	Іштен жану қозғалтқышының аспалы жабдықтары ақаулы. Бұл жағдайда BYD өкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.
	Жад жүйесін тексеріңіз*	Жад жүйесі ақаулы. Бұл жағдайда BYD өкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.

Символ	Ақаулық туралы хабарлама	Жауап
	Фараларды тексеріңіз	Фара ақаулы. Бұл жағдайда BYD өкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.
	Беріліс қорабының режимін тексеріңіз	Берілістерді ауыстыру тұтқасы ақаулы. Алғашқы мүмкіндік туған бойда, автокөлікті тұраққа қойып, BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығынаа хабарласыңыз.
	HDC жүйесін тексеріңіз	HDC жүйесі ақаулы. Бұл жағдайда BYD өкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.

03 АВТОКӨЛІК ЖАБДЫҒЫН БАСҚАРУ

Есіктер мен кілттер 52
Орындықтар 65
Руль 75
Әйнектазартқыштар 78
Ауыстырып қосқыштар 80
Сыртқы айналар 86

Есіктер мен кілттер

Кілттер

Автокөліктің жеткізілім жинақтамасына электрондық смарт-кілт, механикалық кілт (электрондық смарт-кілтке орнатылады), Bluetooth цифрлық кілті* және NFC кілт-картасы* кіреді.

Электрондық смарт-кілт

Барлық есіктердің құлпын ашу немесе құлыптау үшін смарт-кілтті алып жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігіне жақындаңыз, сыртқы тұтқадағы түймені басыңыз. Смарт-кілтте есіктердің құлпын ашу/құлыптау, жүксалғыштың қақпағын ашу және қозғалтқышты қашықтан оталдыру түймелері бар.

① Индикатор

② Құлыптау түймесі

③ Құлыпты ашу түймесі

④ Жүксалғыш қақпағын ашу түймесі

⑤ Оталдыру түймесі

⑥ Механикалық кілт



ЕСКЕРТУ!

- Смарт-кілттегі дискілі қоректену элементі қауіпті. Жаңа және пайдаланылған батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Диск түріндегі литий қоректену элементін жұту екі сағат немесе одан аз уақыт ішінде ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Егер бала қоректену элементін жұтып қойды деп күдіктенсеңіз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Электронды смарт-кілт электронды компонент болып табылады. Электронды смарт-кілттің зақымдап алмау үшін келесі нұсқауларды орындау қажет.
  - Смарт-кілтті алдыңғы панель сияқты жоғары температураға ұшырайтын жерлерде сақтамаңыз.
  - Смарт-кілттің конструкциясына өзгерістер енгізуге тыйым салынады.
  - Смарт-кілттің құлап кетуіне және смарт-кілтпен басқа заттарды соғуға жол бермеңіз.
  - Смарт-кілтті суға батырмаңыз немесе оны ультрадыбыстық ваннада тазаламаңыз.
  - Смарт-кілтті ұялы телефон сияқты электрмагниттік толқындар шығаратын құрылғылардың жанына қоймаңыз.
  - Карта пайдаланылған кезде электрмагниттік сигналдарды экрандайтын ешқандай заттарды (мысалы, металданған жапсырмалар мен телефондарға арналған металл тысқаптарды) бекітпеңіз және сүйемеңіз.
  - Осы автокөлік үшін қосалқы кілтті тіркеуге болады. Ол үшін уәкілетті BYD дилерлік немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер смарт-кілт қалыпты диапазонда жұмыс істемесе немесе кілт шамы күңгірт болса немесе жанбаса:
  - Жақын жерде электрондық смарт-кілттердің қалыпты жұмысына кедергі келтіретін радиостанциялар немесе әуежай радио таратқыштары жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
  - Электрондық смарт-кілттің батареясының заряды таусылуы мүмкін. Электрондық смарт-кілттегі қоректену элементін тексеріңіз. Алғашқы мүмкіндік туған бойда автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Смарт-кілт жоғалған жағдайда, автокөлікті айдап әкету немесе жазатайым оқиға қаупін азайту үшін мүмкіндігінше тезірек BYD уәкілетті дилерлік немесе сервис орталығына хабарласқан жөн.
- Тарату жиілігін өз бетінше өзгертуге, сигналдың қуатын арттыруға (соның ішінде күшейткіштердің көмегімен), сыртқы антенналарды қосуға немесе басқа таратушы антенналарды пайдалануға тыйым салынады.
- Смарт-кілтті пайдаланған кезде заңды жұмыс істейтін радиобайланыс қызметтеріне зиянды кедергілер жасауға тыйым салынады. Кедергілер туындаған жағдайда, пайдалануды дереу тоқтатып, олардың себебін жойыңыз.
- Қуаты аз радиобайланыс жабдығын пайдаланған кезде кез келген радиобайланыс қызметтерінен кедергілер, сондай-ақ өнеркәсіптік, ғылыми және медициналық мақсаттағы жабдықтардан сәулелену болмауы керек.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Оны ұшақтар мен әуежайлардың жанында пайдаланбаңыз.
- Имплантталған кардиостимуляторлары немесе дефибрилляторлары бар адамдар кілтсіз кіру және қозғалтқышты оталдыру жүйелерінің антенналарынан қашықтықты сақтауы керек, өйткені электрмагниттік толқындар бұл құрылғылардың қалыпты жұмысына әсер етуі мүмкін.
- Басқа электрондық медициналық құрылғыларды пайдаланатын адамдар да осы құрылғыларды электрмагниттік толқындардың әсерімен пайдалану туралы кеңес алу үшін өндірушіге хабарласуы керек. Электрмагниттік толқындар мұндай медициналық құрылғыларды пайдалану кезінде белгісіз салдарға әкелуі мүмкін.
- Автокөліктен шыққан кезде әрқашан кілтті өзіңізбен бірге алып, есіктерді құлыптаңыз. Ешқашан адамдарды (әсіресе балаларды) көлікте жалғыз қалдырмаңыз.

Механикалық кілт

Жүргізуші есігін механикалық кілтпен де құлыптап, ашуға болады. Механикалық кілт пайдаланылмаса, міндетті түрде оны смарт-кілт корпусына қайта салып қойыңыз.

- **Механикалық кілтті шығару**

Электронды смарт-кілтке орнатылған механикалық кілтті пайдаланған кезде, бекіткішті  смарт-кілтті  бағытында басыңыз, смарт-кілтті 180° бұрып, смарт-кілтті ақырын шайқаңыз. Механикалық кілт кілт корпусынан шығады.



- **Механикалық кілтті орнына орнату**

Механикалық кілтті пайдаланғаннан кейін оны ③қарсы бағытта салыңыз және смарт-кілттің артқы қақпағын жабыңыз. Механикалық кілтті тек бір бағытта салуға болады.

Bluetooth цифрлық кілті*

BYD цифрлық кілтін автокөлікті басқару үшін, соның ішінде есіктерді құлыптау және құлпын ашу үшін, Bluetooth байланыс функциясы бар ұялы телефон арқылы қысқа қашықтықта пайдаланыңыз.

- Қолданбалар дүкенінен BYD қолданбасының соңғы нұсқасын жүктеп алып, орнатыңыз. Bluetooth цифрлық кілтіне қолданба арқылы қол жеткізуге болады.
- Bluetooth цифрлық кілтін BYD қолданбасында қосу керек.
- Телефондағы Bluetooth-ті қосыңыз, автокөлікке жақындаңыз және Bluetooth цифрлық кілтін автоматты түрде қосу үшін BYD қолданбасын ашыңыз. Оны қолмен де қосуға болады. Кілтті Bluetooth қосылымы орнатылғаннан кейін пайдалануға болады.
- Кілтпен істейтін нақты функциялар автокөліктің конфигурациясына байланысты. Кілті желіге қосылмай пайдалануға болады. Кілтті қосқаннан кейін қажетті операцияларды таңдауға болады және қолданда автокөлікті басқаруға арналған пәрмендерді дереу жіберетін болады.
- Автокөлікті оталдырған кезде, оның оңтайлы жұмыс істеуі үшін кілтті жүргізуші орындығына жақын ұстаңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Кілтпен істейтін нақты функциялар автокөліктің конфигурациясына байланысты.
- Bluetooth кілтін іске қоспас бұрын, автокөлік желісінің сигналы тұрақты екеніне көз жеткізіңіз. Егер іске қосу сәтсіз болса, автокөлікті желі сигналы жақсы жерге жылжытып көріңіз және кілтті қолданбада қайта қосыңыз.
- Автокөлікті Bluetooth цифрлық кілтімен ашқаннан кейін, қысқа уақыт ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, есіктер автоматты түрде құлыпталуы мүмкін.
- Егер Bluetooth кілтінің қосылымы немесе жұмысы бірнеше рет сәтсіз аяқталса, Bluetooth-ті өшіріп, қайта қосуға немесе қолданбаны қайта іске қосуға болады.
- Айналада басқа автокөліктер көп болғанда кілттің тиімді қашықтығы қоршаған орта жағдайларына және мобильді телефон сипаттамаларына байланысты шектеулі болады.
- Кілтті қолданар алдында телефонда Bluetooth функциясын қосыңыз, мәселелер туындаған жағдайда уәкілетті дилерге немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

NFC кілт-картасы*

Жақын қашықтан контактісіз байланыс технологиясына негізделген NFC кілт-картасы автокөліктің құлпын ашу/құлыптау және автокөлікті оталдыру кезінде авторизация үшін пайдаланылуы мүмкін.

- Автокөліктің құлпын ашу/құлыптау үшін NFC картаңызды жүргізуші жағындағы сыртқы артқы көрініс айнасындағы NFC белгішесіне жақындатыңыз.
- Автокөлікті оталдырған кезде авторизацияны қамтамасыз ету үшін автокөлікке отырып, картаны NFC белгішесіне жақындатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- NFC кілт-картасы — бұл электрондық құрылғы. Картаның дұрыс жұмыс істемеуі немесе бүлінуіне жол бермеу үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз:
  - NFC картасын автокөліктегі телефонды сымсыз зарядтау аймағына қоймаңыз.
  - NFC картасын пайдаланған кезде оған электрмагниттік толқындарды бөгейтін заттарды (мысалы, кілттер немесе қаптар) бекітпеңіз.
  - NFC картасын алдыңғы панель сияқты жоғары температураға ұшырайтын жерлерде сақтамаңыз.
  - Картаны майыстырмаңыз.
  - Картаны басқа қатты заттарға қоймаңыз.
- NFC кілт-карталары қысқа қашықтықтағы байланыс технологиясын қолданады (2 см-ден аз). NFC картасын бүйірлік артқы көрініс айнасына 1-2 секундқа жақындатыңыз.
- Мобильді телефонды немесе смарт-кілтті жоғалту немесе онда ақау пайда болу салдарынан автокөлікті пайдалана алмайтын жағдайдан сақтану үшін NFC картасы әрдайым өзіңізбен бірге болуы керек.
- Автокөлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында NFC кілт-картасын абайлап қолданыңыз. Карта жоғалған жағдайда жоғалған картаны бұғаттау және жаңа карта конфигурациясын баптау үшін дереу BYD уәкілетті дилерлік немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

NFC цифрлық кілті*

NFC цифрлық кілті — пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін BYD ұсынатын мүмкіндік. Есіктердің құлпын ашу/құлыптау және қозғалтқышты оталдыру үшін ұялы телефондарды немесе киюге болатын құрылғыларды автокөлік кілті ретінде тіркеуге болады.

- NFC цифрлық кілтін іске қоспас бұрын келесі шарттардың орындалғанына көз жеткізіңіз:
  - Автокөлік BYD Cloud Service бұлтты сервисімен жабдықталған.
  - Автокөлік NFC цифрлық кілтін қолдайды.
  - Ұялы телефон немесе киюге болатын құрылғы BYD NFC цифрлық кілттерін қолдайды.

Смартфондағы NFC цифрлық кілтін іске қосу

Іске қоспас бұрын қолданыстағы смарт-кілтті пайдаланып, автокөліктің қозғалтқышын қосып, селектор тұтқасын «P» күйіне қойыңыз.

- BYD қолданбасы арқылы:
  - BYD қолданбасын App Store дүкенінен жүктеп алыңыз, содан кейін тіркеліп, қолданбаға кіріңіз. **«Цифрлық кілт»** опциясына өтіп, кілтті белсендіру нұсқауларын орындаңыз.

Тасымалы құрылғылардағы NFC цифрлық кілтін іске қосу

Apple Watch-қа қолдау көрсетіледі (басқа киюге болатын құрылғыларды қолдау туралы ақпаратты BYD уәкілетті дилерлік немесе сервис орталығынан нақтылаңыз). Екі жолмен белсендіруге болады:

- iPhone-да сәтті іске қосылғаннан кейін деректерді Apple Watch-пен синхрондаңыз:
  - iPhone құрылғысында кілт сәтті іске қосылған соң құрылғы NFC цифрлық кілтін жақын маңдағы және құлпы ашық Apple Watch байланысқан сағатына қосуды ұсынады. Іске қосуды аяқтау үшін нұсқаулықты орындаңыз.
- Watch қолданбасы арқылы:
  - Егер iPhone-да NFC-кілт белсенді болса, бірақ Apple Watch-пен синхрондалмаған болса, iPhone-да

Watch қолданбасын ашып, **Wallet** таңдаңыз, кілтті тауып, **Қосу** түймесін басыңыз, содан кейін кілтті белсендіру нұсқауларын орындаңыз.

NFC цифрлық кілтін пайдалану

NFC цифрлық кілтін пайдаланбас бұрын, смартфоныңызда немесе тасымалданатын құрылғыңызда NFC функциясын қосыңыз. Пайдалану:

- Автокөлік есіктерінің құлпын ашу/құлыптау үшін смартфонның немесе тасымалы құрылғының NFC антеннасын жүргізуші жақтағы айнадағы NFC белгісінің қасына апарыңыз. Құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жері туралы ақпаратты өндірушіден алуға болады.
- Автокөлікті NFC цифрлық кілтінің көмегімен құлпын ашқаннан кейін, автокөлік белгілі бір уақыт ішінде кілтсіз оталдыруға рұқсат алады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- NFC цифрлық кілтінің көмегімен авторизациядан өткеннен кейін автокөлікті дереу оталдырыңыз, әйтпесе қайта авторизациялау үшін құрылғыны автокөліктегі NFC модуліне қайта жақындату қажет болады.

NFC цифрлық кілтін жою

NFC цифрлық кілтін қалай жоюға болады:

- BYD қолданбасы арқылы:
  - BYD қолданбасын ашып, цифрлық кілттерді басқару мәзіріне өтіңіз, жойғыңыз келетін кілтті таңдаңыз және оны жою үшін құпия сөзді енгізіңіз.
- Wallet қолданбасы арқылы:
  - Телефондағы Wallet қолданбасын ашып, цифрлық кілтті таңдап, оны нұсқауларға сәйкес жойыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кейбір смартфондар мен киюге болатын құрылғылар NFC цифрлық кілттерімен істемейді.

Есіктерді құлыптау/құлпын ашу

Механикалық кілттің көмегімен құлыптау/құлыпты ашу

1. Сол жақтағы жасырын есік тұтқасын басып, оң жаққа қарай ол шанақ бетінен саусақ сыятын қашықтыққа шығатындай етіп бұраңыз да, тұтқаны қолмен ұстаңыз.



2. Оң жағы шыққаннан кейін тұтқаның ортаңғы бөлігінен сыртқа тартып, оны шығарып алыңыз.



3. Кілтті құлып тесігіне салып, бұраңыз.

- Жүргізуші есігін құлыптау үшін: кілтті сағат тілімен бұраңыз.
- Жүргізуші есігінің құлпын ашу үшін: кілтті сағат тіліне қарсы бұраңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жүргізушінің есігін ашу үшін механикалық кілтті алып тастағаннан кейін сыртқы тұтқаны тартыңыз.

Ішкі тұтқаны пайдаланып есікті ашу

- Егер автокөлік құлыпталмаған болса, тұтқаны бір рет тартып, есікті ашыңыз.
- Егер автокөлік құлыпталмаған болса, тұтқаны екі рет тартып, есікті ашыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Қозғалыс кезінде есік ашылып кетпеуі үшін балаларға есік тұтқасымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Автокөлікте балалар отырса, бала бекітпесі функциясын қосып қойыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Бұл автокөлік бала бекітпесімен жабдықталғандықтан, артқы есіктерді бала бекітпесі ажыратулы тұрғанда тек ішкі тұтқадан ашуға болады.

Смарт-кілттің көмегімен құлыптау/құлыпты ашу

- Смарт-кілт барлық есіктерді жақын қашықтықта ашу немесе құлыптау және қосымша функцияларды орындау үшін қолданылады.
- Тіркелген смарт-кілтпен белсенді аймаққа кірген кезде кілттегі құлыпты ашу немесе құлыптау түймесін баяу және мықтап басыңыз.

Құлпын жабу:

- Барлық есіктер, жүксалғыш қақпағы және капот жабық кезде құлыптау түймесін басыңыз. Егер автокөліктің борттық электр қуаты жүйесі өшірілсе, сыртқы артқы көрініс айналары жиылады (сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде жию функциясы қосылған кезде), ал бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды. Оталдыру жүйесі өшірілмесе, сыртқы айналар жиылмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және бір рет дыбыс сигналы беріледі. Барлық есіктердің құлыпталғанына көз жеткізіңіз.



- Егер қандай да бір есік жабылмаса, сыртқы артқы көрініс айналары жиылмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды, есік тұтқалары тартылмайды, бір рет ескерту сигналы естіледі.

- Егер кез келген есік, капот немесе жүксалғыш жабылмаса, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және апаттық сигнал беру жүйесі бір рет қосылады.

Құлпын ашу:

- Барлық есіктердің құлпын бір уақытта ашу үшін құлыпты ашу түймесін басыңыз, бұл ретте есіктердің жасырын тұтқалары автоматты түрде шығады. Бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.
- Барлық есіктердің құлпын смарт-кілтпен ашқан кезде, ешбір есік ашылмаса да, салон жарығы 15 секундқа қосылады (егер ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында салон жарығының автоматты режимі қосулы болса).
- Айдап әкетуден сақтау жүйесі қосулы болғанда, құлыпты смарт-кілт арқылы ашқан соң 30 секундтан ішінде кез келген есікті ашыңыз, әйтпесе, барлық есік автоматты түрде құлыптанып қалады, ал төрт есік тұтқасы жиналып қалады.
- Автокөлік құлпы автоматты түрде ашылады, ал есіктер жабылып, құлыпталғаннан кейін кілт салонда болса, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Смарт-кілт арқылы автокөлікті іздеу

- Айдап әкетуден сақтау жүйесінің қорғаныс режимі қосулы болса, құлыптау түймесін басқанда дыбыс сигналы ұзақ беріліп, бұрылыс көрсеткіштері 15 рет жыпылықтайды. Егер сіз оны тұрақта таба алмасаңыз, автокөліктің орналасқан жерін анықтау үшін осы функцияны пайдаланыңыз.
- Автокөлік іздеу режимінде болғанда, құлыптау түймесін қайта басыңыз. Автокөлік қайтадан іздеу режиміне өтеді.

Смарт-кілтпен терезелерді ашу/жабу

- Оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда:
  - Барлық терезені жабу үшін смарт-кілттегі құлыптау түймесін басып тұрыңыз.
  - Барлық терезені ашу үшін смарт-кілттегі құлыпты ашу түймесін басып тұрыңыз.
- Есіктерді құлыптаған кезде әйнектерді көтеру және кілттің көмегімен есіктердің құлпын ашқан кезде әйнектерді түсіру функцияларын қосу немесе өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → **Құлыптар** → **Терезелер** (баптаулар автокөліктің нақты жинақтамасына байланысты).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қысып қалу салдарынан жарақат алмау үшін терезелерді қашықтан жаппас бұрын көліктегі жолаушылардың қауіпсіздігіне көз жеткізіңіз.

Микроажыратқыш көмегімен есіктерді құлыптау/құлпын ашу

Құлыптау

- Жабық, бірақ құлыпталмаған есіктерде смарт-кілтті өзіңізбен бірге алып, алдыңғы есіктің тұтқасындағы микро ауыстырып қосқышты басыңыз. Барлық есіктер, капот және жүксалғыш қақпағы жабылған кезде, есіктердің жасырын тұтқалары автоматты түрде тартылады. Егер автокөліктің борттық электр қуаты жүйесі өшірілсе, сыртқы артқы көрініс айналары жиылады (сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде жию функциясы қосылған кезде), ал бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды. Оталдыру жүйесі өшірілмесе, сыртқы айналар жиылмайды, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды және бір рет дыбыс сигналы беріледі.



- Егер қандай да бір есік жабылмаса, микро ауыстырып қосқышты басқан кезде барлық жабық есіктер құлыпталады, бірақ сыртқы артқы көрініс айналары жиылмайды, дыбыстық сигнал бір рет қана естіледі, бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды, ал есік тұтқалары тартылмайды.
- Егер капот немесе жүксалғыш қақпағы жабылмаса, микро ауыстырып қосқышты басқан кезде барлық жабық есіктер құлыпталады, бірақ дыбыстық сигнал бір рет қана естіледі, ал бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамайды.

Құлыпты ашу

- Есіктер құлыпталған кезде, алдыңғы есіктің тұтқасындағы микро ауыстырып қосқышты басыңыз. Бұл ретте смарт-кілт оның әрекет ету аймағында болуы керек. Барлық есіктердің құлпы ашылады, есіктердің жасырын тұтқалары автоматты түрде шығады, ал бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.
- Айдап әкетуден сақтау жүйесі қосулы болғанда, құлып ашылғаннан кейін есікті 30 секунд ішінде есікті ашыңыз. Әйтпесе, барлық есіктер автоматты түрде құлыпталып, төрт есік тұтқасы ішке қарай жиналады.
- Келесі жағдайларда есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені басу қалаған әсерге әкелмейді:
  - Бұл есікті ашу немесе жабу кезінде орын алады.
  - Смарт-кілт автокөлікте қалды.

ЕСКЕ САЛУ

- Егер смарт-кілт сыртқы тұтқаға немесе терезеге тым жақын болса.

Есіктің сыртқы тұтқасындағы түймені пайдаланып терезелерді ашу/жабу

- Оталдыру жүйесі өшірілген кезде, барлық есік әйнектерін көтеру немесе түсіру үшін смарт-кілтті өзіңізбен бірге алып, микро ауыстырып қосқышты басып тұрыңыз.
- Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің → ⚙ → **Құлыптар** → **Терезелер** сенсорлық экранына өтіңіз

NFC кілтін пайдаланып есіктерді құлыптау/құлпын ашу*

Есіктерді құлыптау

- Есіктер жабық, бірақ құлыпталмаған кезде, белсенді NFC кілтін жүргізуші жағындағы сыртқы айнадағы белгіленген аймаққа жақындатыңыз. Осыдан кейін барлық есіктер бір уақытта құлыпталады. Бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.



Есіктердің құлпын ашу

- Есіктер құлыпталған кезде, NFC кілтін жүргізуші жақтағы сыртқы айнадағы белгіленген аймаққа жақындатыңыз. Осыдан кейін барлық есіктердің құлпы бір уақытта ашылады. Бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.
- Жүргізуші жағындағы сыртқы артқы көрініс айнасындағы белгіленген аймаққа әрекет етуші NFC-кілтін жақындату келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
  - Есік ашылғанда немесе жабылғанда NFC-кілті жүргізуші жағындағы сыртқы артқы көрініс айнасындағы белгіленген аймаққа жақын тұр.
- Телефондағы NFC* цифрлық кілтін пайдалану үшін телефондағы NFC функциясын қосып, телефонның жоғарғы артқы жағын жүргізуші жақтағы сыртқы айнадағы белгіленген аймаққа жақындатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- NFC цифрлық кілті кейбір телефондарда олар өшірілген кезде жұмыс істемеуі мүмкін.
- Телефондағы NFC цифрлық кілтін ұзақ уақыт бойы немесе аккумуляторының қуаты таусылған немесе өшірілген кезде жиі пайдаланбаңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Айдап әкетуге қарсы жүйенің қорғаныс режимі қосулы болса, NFC кілтімен ашқаннан кейін кез келген есікті 30 секунд ішінде ашыңыз. Әйтпесе барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады.
- NFC-кілтінің көмегімен құлыпты ашқаннан кейін белгіленген кезең ішінде автокөлікті кілтсіз оталдыруға болады, бұл функция құлыптау орындалғаннан кейін өшіріледі.
- NFC-кілтін (смартфонда) баптау бойынша толық нұсқауларды ***55-беттен*** қараңыз.

Жүксалғыш қақпағын құлыптау/құлпын ашу

Смарт-кілттің көмегімен жүксалғышты ашу/жабу

- Смарт-кілттегі жүксалғышты ашу түймесін екі рет басыңыз, сонда бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды. Ашуды тоқтату үшін бұл түймені тағы бір рет басыңыз. Содан кейін қақпақты жабу үшін оны екі рет басыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Егер жүксалғышты ашу түймесі қақпақ қозғалып тұрғанда қайта басылса, ол ағымдағы қалыпта тоқтайды.

Автокөліктен жүксалғыш қақпағын ашу/жабу

- Жүксалғыш қақпағы жабылған кезде, ауыстырып қосқышты бір рет тартыңыз, сонда қақпақ автоматты түрде құлпы ашылып, белгіленген биіктікке (әдепкі бойынша максималды биіктікке) ашылады.
- Ашу кезінде жүксалғыш қақпағын тоқтату үшін осы ауыстырып қосқышты тағы бір рет тартыңыз.
- Борттық электр қуаты жүйесі қосулы және жүксалғыш ашық болғанда, жүксалғышты автоматты түрде жабу үшін осы ауыстырып қосқышты бір секундтан артық ұстап тұрыңыз. Жабу кезінде қозғалысты тоқтату үшін ауыстырып қосқышты босатыңыз.



Сыртқы ажыратқыштың көмегімен жүксалғышты ашу

- Құлпы ашылған автокөлікте жүксалғышты ашу үшін жүксалғыштың сыртқы ажыратқышын басыңыз.
- Құлыпталған автокөлікте автокөлікті смарт-кілтпен ашыңыз және жүксалғышты ашу үшін сыртқы ажыратқышты басыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Егер ажыратқыш қақпақ қозғалып тұрғанда қайта басылса, ол ағымдағы қалыпта тоқтайды.

① Жүксалғыш қақпағын жабу түймесі*

- Жүксалыш қақпағы ашық әрі қозғалыссыз тұрғанда оны жабу үшін осы түймені басыңыз.
- Қақпақты қазіргі күйде тоқтату үшін сы түймені тағы бір рет басыңыз. Жүксалғыш қақпағы қарсы бағытқа жылжу үшін осы түймені тағы бір рет басыңыз.



② Көлікті құлыптау түймесі*

- Оталдыру жүйесі өшіп, ал жүксалғыш ашық тұрса, жарамды смарт-кілт бар кезде құлыптау түймесін бассаңыз жүксалғыш қақпағы жабылып, автокөліктің барлық есіктері құлыптанып, айдап әкетуден сақтау жүйесі іске қосылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жүксалғышты электронды түрде жаппас бұрын, есіктердің, терезелердің және шатырдағы люктің тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.

Жүксалғыш қақпағының ашылу биіктігін орнату*

- Қолмен немесе электржетек көмегімен жүксалғыш қақпағын қажетті күйге ауыстырыңыз, содан кейін үш секунд ішінде қақпақтың ішкі әрлемесіндегі түймені басып тұрыңыз. Бір секунд ішінде дыбыс сигналы беріліп, жүксалғыш қақпағының ашылу биіктігі қазіргі жағдайға сай сәтті орнатылғанын көрсетеді.
- Жүксалғыш қақпағын ашу биіктігін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің → ⚙ → **Құлыптар** → **Есіктер** сенсорлық экранына өтіп орнатыңыз.

Қысып қалудан қорғау функциясы

- Жүксалғыш қақпағы жабу немесе ашу кезінде қандай да бір кедергіге тиіп кетсе, ашылады немесе қозғалысын тоқтатады.

Әрекет автоматты түрде орындалмаған жағдайда

- Қақпақты қолмен толық жабыңыз.

Төменвольтті батареяны қайта қосу

- Электржетектің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін жүксалғыш қақпағын қолмен жабыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Ауыр жарақаттарды болдырмау үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:
  - Ешқашан қысып қалудан қорғау функциясын әдейі белсендіруге тырыспаңыз.
  - Жақын маңдағы адамдарға қақпақтың қозғалысы туралы ескертуді ұмытпаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Қақпақ жабылған кезде саусақтарыңыз немесе басқа заттар оның астына түспейтініне көз жеткізіңіз.
- Қоршаған орта жүксалғыш қақпағын қауіпсіз ашуға немесе жабуға мүмкіндік беретініне көз жеткізіңіз.
- Автокөлік қозғалысын бастамас бұрын жүксалғыштың дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Жүксалғыш қақпағын ашпас бұрын, оның үстіндегі мұзды және қарды кетіріңіз, әйтпесе ол кездейсоқ жабылып кетуі мүмкін.
- Қақпақ ашылып немесе жабылып жатқанда оның қозғалысына қолмен кедергі жасамаңыз.
- Жүксалғыш қақпағын ашу, жабу кезінде желдің бағыты мен күшін ескеріңіз.
- Жүксалғыш қақпағы дәл толық жабылу алдында оның жолында бөтен зат тұрса, қысып қалудан қорғау функциясы істемеуі мүмкін.
- Жүксалғыш қақпағы толық ашылмай жабыла бастауы мүмкін. Өрде тұрғанда жүксалғыш қақпағын ашу және жабу тегіс бетте ашқанға қарағанда қиынырақ болады. Есіңізде болсын, мұндай жағдайларда қақпақ өздігінен қозғалуы мүмкін. Жүкті тиеу немесе түсіру алдында қақпақтың толық ашық екеніне және газ толтырылған тіректермен мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Қысып қалудан қорғау функциясы нысан пішініне байланысты іске қосылмай қалуы мүмкін. Қолдар мен саусақтарды қысып алмау үшін өте сақ болыңыз.
- Балаға электржетекті жүксалғыш қақпағын басқаруға рұқсат бермеңіз.

Жүксалғыш қақпағының апаттық құлпын ашу

- Апаттық жағдайда құлыпты ашу механизмі құлыптың дәл үстінде орналасқан. Төтенше жағдайда жүксалғыш қақпағын ашу үшін қақпақты ашып, сымарқанды немесе апаттық жағдайда құлыпты ашу тұтқасын тартыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Автокөліктің қуаты өшіп тұрғандажүксалғыш қақпағының құлпын төтенше жағдайда ішінен ашуға болады.

Орталық құлыппен есіктерді құлыптау/құлпын ашу

Орталық құлыптың көмегімен автокөлік есіктерін құлыптау немесе құлпын ашу

83-беттті қараңыз.

Есіктерді автоматты түрде құлыптау және ашу

- Автокөліктің жылдамдығы 8 км/сағ-тан асқан кезде барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады.
- Оталдыру жүйесін өшіру үшін іске қосу түймесін басыңыз. Барлық есіктердің құлпы автоматты түрде ашылады.

Барлық есіктерді бір уақытта құлыптау/құлпын ашу

- Күзет сигнал беру жүйесі өшірілген кезде, автокөлік құлыпталған болса, орталық құлып түймесінің жарығы қосылады, ал автокөліктің құлпы ашылса, өшеді.

- Орталық құлып түймесін басқанда барлық есіктер құлыпталады. Осыдан кейін кез келген есікті сыртынан ашу мүмкін болмайды. Есікті ашу үшін ішкі тұтқаны тартыңыз және оны ашу үшін екінші рет тартыңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Жол-көлік апаты болған жағдайда, қатты соққы болған кезде барлық есіктер автоматты түрде ашылады.

Есіктерді механикалық кілтпен апаттық жағдайда құлыптау

Егер орталық құлып немесе смарт-кілт істен шықса, есіктерді апаттық құлыптау немесе құлпын ашу үшін механикалық кілтті пайдаланыңыз.

Құлыптау

1. Смарт-кілттен механикалық кілтті шығарыңыз.
2. Жүргізуші есігінен басқа үш есікті ашыңыз. Механикалық кілт шапқысының көмегімен басты сағат тіліне қарсы бағытта құлыптау күйінесуретте көрсетілгендей бұраңыз. Есіктерді құлыптау үшін жабыңыз.



3. Басқа есіктерді құлыптағаннан кейін жүргізуші есігін ашыңыз. Жүргізуші есігінің тұтқасын жоғары тартып, ұстап тұрыңыз, содан кейін максималды бұрышқа қарай бұрыңыз.
4. Механикалық кілтті құлып тесігіне салыңыз, оны сағат тіліне қарсы бағытта тоқтағанша бұраңыз, бастапқы күйге қайтарыңыз және шығарыңыз (***63-бетті қараңыз).***
5. Тұтқаны босатып, жүргізуші есігін жабыңыз.
6. Барлық есіктердің құлыпталғанына көз жеткізіңіз.

Құлыпты ашу

1. Смарт-кілттен механикалық кілтті шығарыңыз.
2. Есік тұтқасын жоғары тартып, ұстап тұрыңыз, содан кейін максималды бұрышқа қарай бұрыңыз.
3. Механикалық кілтті құлып цилиндріне салыңыз, оны сағат тіліне қарсы тірелгенше бұраңыз, бастапқы күйіне келтіріңіз және шығарып алыңыз.
4. Есік тұтқасын босатып, жүргізуші есігін ашу үшін оны қайтадан тартыңыз.
5. Қалған есіктердің құлпын ашу үшін ішкі тұтқаларды екі рет тартыңыз.

Кілтсіз кіру және қозғалтқышты оталдыру жүйесі

Автокөлік есіктерінің құлпын ашу немесе құлыптау және қозғалтқышты оталдыру үшін смарт-кілтті пайдаланыңыз.

Кіру рұқсаты

Автокөлік есіктерінің құлпын ашу немесе құлыптау үшін жарамды смарт-кілтті пайдаланыңыз. (Толығырақ ***57-бетті және 58-бетті*** қараңыз.)

Қозғалтқышты оталдыру

Смарт-кілтпен салонда тұрып, тежегіш педалін және оталдыру түймесін басып, автокөлікті оталдырыңыз (***118-бетті*** қараңыз).

Антенналардың орналасуы

① Ішкі антенна

② Сыртқы антенна



Әрекет ету аймағы

Кілтсіз кіру және оталдыру функциялары тіркелген смарт-кілт әрекет ету аймағында болғанда ғана жұмыс істейді.

① Кіру функциясының әрекет ету аймағы: алдыңғы есік тұтқасынан және жүксалғыш қақпағының сыртқы ажыратқышынан шамамен бір метр.

② Оталдыру функциясының әрекет ету аймағы: салон ішінде.



Егер басқа смарт-кілт осы автокөліктің смарт-кілтінің жанында болса, құлыпты ашу процесі әдеттегіден ұзағырақ уақыт алуы мүмкін, бұл ақаулықтың белгісі емес.

ЕСКЕ САЛУ

Кілтсіз кіру және қозғалтқышты оталдыру жүйесі келесі жағдайларда қалыпты түрде жұмыс істемеуі мүмкін:

- Жақын жерде теледидар мұнаралары, электр станциялары және радиомен хабар беретін станциялар сияқты күшті электрмагниттік өріс бар.

ЕСКЕ САЛУ

- Смарт-кілт рацияның, ұялы телефонның немесе басқа байланыс құрылғыларының жанында.
- Смарт-кілт металл затқа тиіп тұр немесе онымен жабылған.
- Есіктің сыртқы тұтқасымен тым жылдам әрекеттеседі.
- Смарт-кілт тұтқаға тым жақын.
- Жақын жерде басқа смарт-кілт қолданылады.
- Смарт-кілт элементінің қуаты таусылған.
- Смарт-кілт жоғары вольтты жабдықтың немесе кедергі көзінің жанында орналасқан.
- Смарт-кілт басқа смарт-кілттің немесе радио толқындарын шығаратын құрылғының жанында орналасқан.
- Әрекет ету аймағында болса да, смарт-кілт белгілі бір позицияларда, мысалы, алдыңғы панельде, алдыңғы жолаушы жағындағы қолғап жәшігінде немесе еденде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

- Егер кілтсіз кіру жүйесі дұрыс жұмыс істемесе және автокөлікке кіру мүмкін болмаса, жүргізуші есігін құлыптау/құлпын ашу немесе барлық есіктерді сымсыз қашықтан басқару функциясы арқылы құлыптау/құлпын ашу үшін смарт-кілтке салынған механикалық кілтті пайдаланыңыз.
- Оталдыру түймесін басу келесі жағдайларда іске қосуды қамтамасыз етпеуі мүмкін:
  - Смарт-кілттің жұмыс істемеуі. Егер аспаптар тақтасында смарт-кілттің ескерту шамы жанып, «Смарт-кілттің заряды аз. Элементті мүмкіндігінше тезірек ауыстырыңыз» деген хабарлама көрсетілсе, қуат элементінің заряды таусылған болуы мүмкін.

- Автокөлікті қысқа уақыттан кейін қайта оталдыру. 10 секунд күтіп, автокөлікті қайта оталдырыңыз.

- Егер кілтсіз кіру және оталдыру жүйе ақауларына байланысты дұрыс жұмыс істемесе, барлық смарт-кілттерді жөндеу үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына жеткізіңіз.

Қоректену элементінің қуатын үнемдеу

- Смарт-кілт борттық электр қуаты жүйесі өшірілген кезде де автокөлікпен әрекеттеседі. Сондықтан смарт-кілтті автокөлікте немесе одан екі метр радиуста қалдырмаңыз.

- Күшті электрмагниттік толқындардың ұзақ әсерінің салдарынан смарт-кілттің қоректену элементінің қуаты тез таусылады. Смарт-кілтті магнит өрісін тудыратын электр жабдықтарынан кем дегенде бір метр қашықтықта сақтау керек, мысалы, келесі құрылғылардан:

  - Теледидар
  - Дербес компьютер
  - Телефонға арналған зарядтау құрылғысы
  - Электрлік жарықтандыру құрылғылары
  - Люминесцентті үстел шамы

Балалардан қорғау

Бала бекітпесі артқы орындықтардағы балалардың артқы есіктерді кездейсоқ ашуына жол бермейді. Бекітпе механизмі есіктердің қапталында орнатылған.

① Артқы сол жақ есіктің бала бекітпесі

② Артқы оң жақ есіктің бала бекітпесі

Әйнеккөтергіштің ажыратқышын және сол/оң есіктің ішкі тұтқасын өшіру үшін балалардан қорғау механизмінің сол/оң түймесін басыңыз. Есікті ашу үшін сыртқы тұтқаны пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Қозғала бастамас бұрын, әсіресе автокөлікте бала болса, есіктердің жабық екеніне және бала бекітпесі функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.

- Қауіпсіздік белбеулері мен бала бекітпесін дұрыс пайдалану апат болған жағдайда жүргізуші мен жолаушылардың автокөліктен лақтырылып кетпеуіне, сондай-ақ артқы есіктердің кездейсоқ ашылып кетпеуіне көмектеседі.

Орындықтар

- Жүргізушінің орындығын педальдар, руль және алдыңғы панельдегі басқару құралдары жүргізушінің қолы жететіндей етіп реттеңіз.

- Қозғалыс кезінде соқтығысу жағдайында ең тиімді қорғаныста қамтамасыз ету үшін орындықтың арқалығы жағы тік күйде болуы керек, сіздің арқаңыз орындықтың арқалығына тығыз жанасуы керек, ал қауіпсіздік белбеуі биіктік бойынша тиісті түрде реттелген болуы керек.

- Автокөлік қозғалысқа дайын болғанда немесе қозғалыс кезінде артқы орындықтарды жинау мүмкін емес.
- Жүктің қозғалыс кезінде сырғып кетуін немесе ығысуын болдырмау үшін оны мықтап бекітіңіз. Автокөліктегі жүк орындықтардың арқалығынан жоғары болмауы керек.
- Бассүйегіш дұрыс күйде болған жағдайда ғана күрт майысудан болатын жарақаттардан қорғай алады. Ол реттелген немесе шешілген болса, оны дұрыс күйге орнатуды ұмытпаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Жиылған орындықтың арқалығына, жүксалғышқа немесе жүкке отыруға болмайды. Орындықтың қате күйі немесе дұрыс бекітілмеген қауіпсіздік белбеулері шұғыл тежеу немесе соқтығысу кезінде ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Орындықтардың астына ешқандай заттарды қоймаңыз. Орындықтардың астында қалдырылған заттар орындықтың бекітілуін бұзуы немесе оның орналасуын реттеу тұтқасына кездейсоқ тиіп кетуі мүмкін. Бұл орындықтың кенеттен ығысуына және автокөлікті басқаруды жоғалтуға әкелуі мүмкін.
- Орындықты реттеу кезінде қысылып қалмас үшін қолыңызды орындықтың астына немесе оның жұмыс бөліктерінің жанына қоймаңыз.
- Орындық арқалығын реттегеннен кейін, орындық арқалығының бекітілгеніне көз жеткізу үшін артқа шалқайыңыз. Орындықтардың толық бекітілмеген арқалықтары апат немесе шұғыл тежеу кезінде жарақат алудың себебіне айналуы мүмкін.
- Қозғалыс кезінде немесе автокөлікті жүргізген кезде орындықтың арқалығын түсірмеңіз. Осыған байланысты қауіпсіздік белбеуінің иық белдігі денеге тиісінше жанасып тұрмайды. ЖКО жағдайында бұл белбеуге соғылуға және мойынның немесе дененің басқа бөліктерінің ауыр жарақаттарына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ!

Сондай-ақ, белбеудің бел бөлігінің астына сырғып кету қаупі бар, бұл басқа да ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.

- Автокөлікті жүргізу кезінде жүргізушінің орындығын реттемеңіз, бұл автокөлікті басқара алмауға әкелуі мүмкін.
- Жолаушылар өз орындарында дұрыс орналасқанша автокөлікті жүргізе бастамаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Орындықтарды жиған кезде қауіпсіздік белбеуіне зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.
- Қауіпсіздік белбеулерін тақпас бұрын орындықтың күйін реттеңіз.
- Орындықтың күйін реттегенде, жолаушыға немесе жүкке тиіп кетпеу үшін абай болыңыз.

Алдыңғы орындықтар

Электржетекті алдыңғы орындықты реттеу

Алдыңғы орындықты реттеуге орналасуды реттеу, арқалықтың еңкею бұрышын реттеу, бел тірегін реттеу*, массаж функциясын реттеу* және тізе асты тірегін реттеу* кіреді. Алдыңғы жолаушы орындығы жастықтың еңкею бұрышын реттеуге арналған электржетекпен жабдықталмаған. Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына сәйкес келе әдістерді таңдаңыз.



① Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы

- Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу үшін ауыстырып қосқышты артқа немесе алға қарай бұрыңыз.

② Орындық қалпын реттеу

- Орындықтың орналасуын реттеуге бойлық реттеу, жастықтың еңкею бұрышын реттеу* және биіктікті реттеу* кіреді.
  - Орындықтың бойлық күйін реттеу үшін ауыстырып қосқышты алға және артқа жылжытыңыз.
  - Орындық көпшігінің бұрышын реттеу үшін ауыстырып қосқыштың алдыңғы жағын жоғары және төмен жылжытыңыз.
  - Орындық көпшігін реттеу, түсіру немесе көтеру үшін ауыстырып қосқыштың артқы жағын жоғары және төмен жылжытыңыз.

③ Бел тіреуішін реттеу*

- Бел тіреуішін реттеу үшін ауыстырып қосқыштың алдыңғы, артқы, жоғарғы немесе төменгі бөлігін басыңыз.

④ Массаж функциясының ажыратқышы*

- Массаж функциясының түймесі бел тіреуішін реттеу түймесінің ортасында орналасқан. Массажды қосу немесе өшіру үшін оны басыңыз. Сондай-ақ, массаж функциясын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында қосуға немесе өшіруге болады.
- Бел тіреуішін реттеу кезінде массаж функциясын пайдалануға болмайды. Массаж функциясы қосулы болғанда, бағыт түймелері массажды реттейді; кері жағдайда олар бел тірегін реттейді. Кез келген бағыт түймесін екі секундтан артық басып тұру массажды өшіреді.
- Массаж режимінде жоғары және төмен бағыт түймелерін массаж режимдерін ауыстыру үшін, ал солға және оңға бағыт түймелерін массаж қарқындылығын реттеу үшін пайдалануға болады. Массаж режимдерін ауыстыру массаж қарқындылығын өзгертпейді.
- Соңғы таңдалған режимдер мен массаж қарқындылығы жадыда сақталады.
- Массаж режимдерін ауыстыру реті: «Толқын (әдепкі баптау) → Пульсация → Созылу → Босаңсу → Тыныштандыратын массаж → Толқын». Массаж режимдерін көрсетілген ретпен ауыстыру үшін жоғарғы түймені, ал кері ретпен ауыстыру үшін төменгі түймені басыңыз. Массаж режимдерін ауыстыру циклді түрде жүреді.
- Массаж қарқындылығының үш деңгейі қарастырылған: төмен, орташа (әдепкі) және жоғары. Жоғары немесе төмен деңгейге ауысу үшін сол немесе оң түймені басыңыз. Деңгейлерді ауыстыру циклді емес.
- Егер соңғы реттеуден кейін ешқандай әрекет орындалмаса, массаж режимі 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Жалғастыру үшін массаж функциясының түймесін басыңыз немесе ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында массаж функциясын қосыңыз.

⑤ Тізеасты тірегін реттеу*

- Орындықтың бойлық күйін реттеу үшін ауыстырып қосқышты алға және артқа жылжытыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Реттеу ауыстырып қосқышты жібергеннен кейін бірден тоқтайды. Орындықтың астына ештеңе қоймаңыз, себебі бұл оны реттеуге кедергі келтіруі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Төбенің қаптамасымен немесе күңқағармен жанаспау үшін алдыңғы орындықтарды тым алға жылжытпаңыз.

Екінші қатардағы жолаушылардың алдыңғы жолаушы орындығын реттеуі

① Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу ауыстырып қосқышы

- Алдыңғы жолаушы орындығының арқалығының еңкею бұрышын өзгерту үшін ауыстырып қосқышты артқа немесе алға қарай бұрыңыз.

② Орындық қалпын реттеу

- Орындықтың бойлық орналасуын өзгерту үшін қосқышты алға немесе артқа жылжытыңыз.



Алдыңғы орындықты жаю режимі*

- Бұл автокөлікте алдыңғы орындықты жаю режимі қарастырылған. Бұл функцияны қолданар алдында алдыңғы орындықтардың бассүйегіштері алынғанына көз жеткізіңіз.
- Жаю реті келесідей:
  1. Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштерін алыңыз.
  2. Алдыңғы орындықтарды ең алдыңғы қалыпқа жылжытыңыз, содан кейін екінші қатардағы орындықтарды ең артқы қалыпқа жылжытыңыз.
  3. Алдыңғы орындықтарды ең жоғары қалыпқа көтеріңіз, содан кейін арқалықтарды екінші қатардағы орындықтармен бір деңгейде жататындай етіп жазыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Алдыңғы орындықтарды жаю режимін қолданар алдында алдыңғы орындықтардың, екінші қатардағы орындықтардың және үшінші қатардағы орындықтардың бос екеніне көз жеткізіңіз.
- Жолаушылардың қауіпсіздігі үшін автокөлік қозғалыста болғанда жазу режимін пайдаланбаңыз және орындық арқалықтарын шамадан тыс жазбаңыз. Әйтпесе, қауіпсіздік белбеулері тағылған болса да, олар тиімді қорғанысты қамтамасыз етпеуі мүмкін.

Орындықтардың қалпын жадқа сақтау функциясы*

Жад ажыратқышының орналасқан жері

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экраны арқылы → **Орындықтар** бөлімінде орындықтардың екі орналасу күйін жадыда сақтауға болады.

Баптауларды жадқа жазу шарттары

- Оталдыру жүйесі қосулы, автокөлік жылдамдығы нөлге тең.
- Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтары, сондай-ақ сыртқы артқы көрініс айналары қажетті күйге реттелген.
- Алдыңғы орындықтармен және сыртқы артқы көрініс айналарымен ешқандай әрекеттер орындалмайды.

Баптауларды жадқа жазу реті

- Орындықтар жадысын баптау экранында жады функциясының кез келген ажыратқышын басып тұрыңыз. Жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындықтарының, сондай-ақ сыртқы артқы көрініс айналарының орналасуы жадыға жазылады және баптау аяқталады.

ЕСКЕ САЛУ

- Жад ауыстырып қосқышындағы қандай да бір қалыптың түймесі басталып қойған болса, белгіленген қалып қайта жазылады.

Жадтан баптауларды шақыру

Жадтан баптауларды шақыру функциясы оталдыру жүйесі қосулы кезде істейді.

- Автокөлік тұрақ режимінде болғанда, баптаулар жадысының түймесін басқан кезде сыртқы артқы көрініс айналары мен жүргізуші және алдыңғы жолаушы орындықтары келесі шарттар сақталған жағдайда жадыда сақталған қалыпқа оралады:
  - Айдап әкетуден сақтау жүйесінің күзет режимі өшірулі.
  - Автокөлік жылдамдығы нөлге тең.
  - Жад ауыстырып қосқышының сигналдары істеп тұр.
  - Алдыңғы орындықтармен және сыртқы артқы көрініс айналарымен ешқандай әрекеттер орындалмайды.
- Жадтан баптауларды шақыру операциясын мына тәсілдермен тоқтатуға болады:
  - Алдыңғы орындықтарды реттеудің кез келген қосқышын басыңыз немесе бұрыңыз.
  - Ақпараттық және ойын-сауық жүйесіндегі орындық жадының баптаулар интерфейсіндегі кез келген қалып түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Орындықтың жадқа жазылған қалпын шақыру функциясын қосар алдында орындық айналасында кедергілердің жоқ екенін тексеріп алыңыз.
- Баптауларды жадтан шақыру кезінде орындықтардың қозғалу аймағында денеңіздің ешбір бөлігі болмайтынына көз жеткізіп алыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Орындықтардың жылжуы кезінде жарақаттардан сақтану үшін жад ауыстырып қосқыштарын балалардың қолдануына мүмкіндік бермеңіз.

Жүргізуші орындығына отыруды жеңілдету функциясы

- Орындықты автоматты түрде артқа жылжыту:
  - Бұл функция жүргізуші автокөлік құлпын смарт-кілт көмегімен ашып, жүргізуші есігін ашқанда орындықты (егер ол алдыңғы ең түпкі қозғалу нүктесінде тұрса) автоматты түрде белгілі бір қашықтыққа дейін артқа жылжытады. Бұл көлікке жайғасуды жеңілдетеді.
  - Сонымен бірге бұл функция автокөлік қуаты START қалпынан STOP қалпына ауыстырылып, жүргізуші есігі ашылғанда, ыңғайлы шығуға мүмкіндік береді.
- Орындықтарды автоматты түрде алға жылжыту
  - Көліктің электр қуаты «STOP» күйінен «START» күйіне ауысқанда және жүргізуші есігі жабылғанда, егер соңғы электр қуаты өшірілген кезде автоматты түрде артқа жылжыту іске қосылғаннан кейін көлденең қалыпты реттеу орындалмаса, орындық электр қуаты соңғы рет өшірілгенге дейінгі қалпына автоматты түрде алға жылжиды.
  - Орындықты автоматты түрде бастапқы қалыпқа қайтару функциясы іске қосылған соңшығуды жеңілдету үшін қалып ілгері-кейін реттелмесе, орындық жүргізушінің есігі жабылған соң автоматты түрде алға жылжиды.
- Баптаулар
  - Жүргізуші орындығын автоматты түрде жылжыту функциясын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында қосуға немесе өшіруге болады → ⚙ → **Жүргізу** → **Ыңғайлы жүргізу** → **Бейімделетін қарсы алу жарығы**.
  - Жүргізушінің орындығын автоматты түрде реттеу функциясын орындық

артқа жылжып бара жатқанда жүргізуші есігін жауып қалып немесе орындық алға жылжып бара жатқанда жүргізуші есігін ашып қалып тоқтатуға болады.

Екінші қатардағы орындықтар

- Екінші қатардағы орындықтарды реттеу арқалықтың еңкею бұрышын реттеуді, бойлық күйді реттеуді және массаж функциясын реттеуді* қамтиды. Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына сәйкес келе әдістерді таңдаңыз.

Орындықтың бойлық күйін реттеу

- Орындықты алға немесе артқа жылжыту үшін реттеу тұтқасын ұстап, жоғары тартыңыз, орындықты қажетті күйге жылжытыңыз, содан кейін тұтқаны босатыңыз.
- Орындықты реттегеннен кейін оның мцқтап бекітілгенін (шертумен бірге) тексеріңіз. Ол үшін орындықты алға және артқа жылжытуға тырысыңыз.



Орындық арқалығының еңкею бұрышын реттеу

- Орындық арқалығын реттеу тұтқасын көтеріңіз. Орындық арқалығына сүйеніп, оны қажетті қалыпқа алға немесе артқа еңкейтіңіз, содан кейін тұтқаны босатыңыз.



Үшінші қатардағы орындықтарға кіру*

- Егер үшінші қатардағы жолаушыларға көлікке отыру немесе одан шығу қажет болса, отыруды жеңілдету функциясын қосыңыз. Әрекеттер реті:

1. Оң жақ орындықтың арқалығындағы отыруды жеңілдету функциясының тұтқасын жоғары тартыңыз, сонда орындықтың арқалығы белгілі бір бұрышқа алға еңкейеді. Тұтқаны босатпай, орындық толығымен көтерілгенше орындық арқалығын еңкейтуді жалғастырыңыз.
2. Тұтқаны босатып, орындық отыруды жеңілдету қалпында екенін көрсететін шерту естілгенше орындықты алға жылжытыңыз. Бұл кезде үшінші қатардағы жолаушы көлікке оңай кіре алады немесе одан шыға алады.



Екінші қатардағы орындықтарды отыруды жеңілдету күйінен шығару

- Үшінші қатардағы жолаушы көлікке кіргеннен немесе одан шыққаннан кейін, екінші қатардағы орындықты отыруды жеңілдету күйіне қайтару қажет. Әрекеттер реті:

- Орындықты отыруды жеңілдету күйіне қайтару үшін құлыпты ашу тұтқасын қолмен тартудың қажеті жоқ.
- Орындықтың арқалығы мен жастығының құлыпталғанын растайтын шертумен бекітілгенше орындықты артқа жылжытыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Үшінші қатардағы орындықтарға кіргеннен кейін жолаушылар екінші қатардағы орындықтардың артындағы ескерту белгісіне назар аударуы керек. Жарақат алмау үшін орындықты отыруды жеңілдету күйінен бастапқы күйіне қайтарған кезде белгіленген аймаққа кіруге болмайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Алдыңғы жолаушы орындығының қалпы отыруды жеңілдету функциясын орындау үшін жеткіліксіз орын қалатындай етіп реттелуі мүмкін. Отыруды жеңілдету функциясын пайдалану үшін алдыңғы жолаушы орындығын ортаңғы немесе ең алдыңғы қалыпқа жылжытыңыз.
- Отыруды жеңілдету функциясын пайдаланған кезде екінші қатардағы орындықтың арқалығын шайқамаңыз және артқа қарай итермеңіз.
- Егер екінші қатардағы орындықты отыруды жеңілдету күйінен артқа жылжыту мүмкін болмаса, орындықты құлыпталғанды білдіретін шерт еткен дыбыс естілгенше, отыруды жеңілдету күйіне қайтадан алға жылжытыңыз, содан кейін бастапқы қалыпқа жылжытыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Отыруды жеңілдету функциясын пайдаланған кезде орындықтың және құлыпты ашу механизмінің зақымдалуын болдырмау үшін орындықты күшпен жылжытуға немесе орындыққа соғуға жол бермеңіз.

Екінші қатардағы орындықтың массаж функциясын реттеу ауыстырып қосқышы*

- Екінші қатардағы орындықтың массаж функциясының ажыратқышы екінші қатардағы орындықтың бел тірегін реттеу түймесінің ортасында орналасқан. Массажды қосу немесе өшіру үшін оны басыңыз. Сондай-ақ, массаж функциясын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында қосуға немесе өшіруге болады.



- Массаж функциясы қосулы кезде, бағыт түймелерін басу арқылы массаж функциясын реттеуге болады. Массаж функциясын пайдаланған кезде кез келген бағыт түймесін 2 секундтан артық басу массаж функциясын өшіреді.
- Массаж режимінде жоғары және төмен бағыт түймелерімен массаж режимдерін ауыстыруға болады, ал солға және оңға бағыт түймелерімен массаж қарқындылығын реттеуге болады. Массаж режимдерін ауыстыру массаж қарқындылығын өзгертпейді.
- Соңғы таңдалған режимдер мен массаж қарқындылығы жадыда сақталады.
- Массаж режимдерін ауыстыру реті: «Толқын (әдепкі баптау) → Пульсация → Созылу → Босаңсу → Тыныштандыратын массаж → Толқын». Массаж режимдерін

көрсетілген ретпен ауыстыру үшін жоғарғы түймені, ал кері ретпен ауыстыру үшін төменгі түймені басыңыз. Массаж режимдерін ауыстыру циклді түрде жүреді.

- Массаж қарқындылығының үш деңгейі қарастырылған: төмен, орташа (әдепкі) және жоғары. Жоғары немесе төмен деңгейге ауысу үшін сол немесе оң түймені басыңыз. Деңгейлерді ауыстыру циклді емес.
- Егер соңғы реттеуден кейін ешқандай әрекет орындалмаса, массаж режимі 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Жалғастыру үшін массаж функциясының түймесін басыңыз немесе ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында массаж функциясын қосыңыз.

Орындықтарды жылыту және желдету жүйесі*

- Бұл көлік алдыңғы орындықтарды* да, екінші қатардағы орындықтарды* да желдету және жылыту функцияларымен жабдықталған.
- Орындықтарды желдетуді және жылытуды жылдам баптаулар мәзірінде, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы жоғарғы күй жолағын төмен жылжыту арқылы немесе ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өту арқылы қосуға немесе өшіруге болады → .
- Екінші қатардағы орындықтарды желдетуді және жылытуды климаттық қондырғының артқы басқару панелі арқылы да қосуға немесе өшіруге болады.

Жылуды реттеу*

- Орындықтарды жылыту: жылыту қарқындылығының үш деңгейі қарастырылған. Реттеу жұмысы ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы орындықтарды жылыту түймесімен немесе климаттық қондырғының басқару панелі арқылы жүзеге асырылады.
  - Жылыту индикаторы борттық электр қуаты жүйесінің әрбір қосылуынан кейін әдепкі бойынша өшіріледі.
  - Жылыту түймесін бір рет басыңыз. Орындықтарды жоғары қарқынды жылыту қосылады, бір уақытта үш жылыту индикаторы жанады.
  - Түйме бастапқы қалпына оралғаннан кейін оны екінші рет басыңыз. Орындықтарды жылыту орташа қарқындылық режиміне ауысады, бір уақытта екі индикатор жанады, ал бір индикатор сөнеді.
  - Түйме бастапқы қалпына оралғаннан кейін оны үшінші рет басыңыз. Орындықтарды жылыту төмен қарқындылық режиміне ауысады, бір индикатор жанады, ал екі индикатор жанбайды.
  - Түйме бастапқы қалпына оралғаннан кейін оны төртінші рет басыңыз. Жылыту өшеді, барлық үш индикатор жанбайды.

Желдету функциясын реттеу*

- Орындықтарды желдету: желдеткіштің үш жылдамдығы қарастырылған. Реттеу ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы тиісті түймемен немесе климаттық қондырғының басқару панелі арқылы жүзеге асырылады.
  - Желдету индикаторы борттық электр қуаты жүйесінің әрбір қосылуынан кейін әдепкі бойынша өшіріледі.
  - Жылыту түймесін бір рет басыңыз. Желдеткіштің жоғары жылдамдығы қосылады, бір уақытта үш желдету индикаторы жанады.
  - Түйме бастапқы қалпына оралғаннан кейін оны екінші рет басыңыз. Орындықтарды желдету орташа қарқындылық режиміне ауысады, бір уақытта екі индикатор жанады, ал бір индикатор сөнеді.
  - Түйме бастапқы қалпына оралғаннан кейін оны үшінші рет басыңыз. Орындықтарды желдету төмен қарқындылық режиміне ауысады, бір индикатор жанады, ал екі индикатор жанбайды.
  - Түйме бастапқы қалпына оралғаннан кейін оны төртінші рет басыңыз. Желдету өшеді, барлық үш индикатор жанбайды.

Желдету және жылыту функцияларын бір уақытта қосу мүмкін емес.

- Жылыту функциясын қосу үшін жылыту белгішесін түртіңіз; егер осыдан кейін желдету функциясы қосылса, жылыту функциясы жұмысын тоқтатады және желдеткіш істей бастайды.
- Желдеткішті іске қосу үшін желдету белгішесін түртіңіз; егер осыдан кейін жылыту функциясы қосылса, желдеткіш жұмысын тоқтатады және жылыту функциясы істей бастайды.

Үшінші қатардағы орындықтар

- Орындықтың арқалығын шалқайту және түсіру
  - Орындықтың арқалығын түзету үшін сымды тартыңыз.
  - Орындық арқалығының қалпын өзгерту үшін орындық арқалығының артындағы белбеуді тартыңыз. Белбеуді босатқан бойда орындық арқалығы автоматты түрде жиналады. Орындық арқалығын орындық жастығына тигенше алға қарай жинауға немесе бекітілген күйге (шертумен) артқа қарай еңкейтуге болады.



ЕСКЕРТУ!

- Артқы орындықтарды реттемес бұрын, жүксалғыштың екі жағындағы жүк бекітуге арналған құлақшалардың зақымдалуын болдырмау үшін жиналғанына көз жеткізіңіз.
- Орындықтарды жинаған кезде келесіні ескеріңіз:

ЕСКЕРТУ!

- Көлік қозғалысқа дайын болғанда немесе қозғалыс кезінде орындық арқалығын түсірмеңіз.
- Көлік қозғалысқа дайын болғанда немесе қозғалыс кезінде орындықтарды жинамаңыз.
- Жолаушылар үшінші қатардағы орындықтарға кірген кезде сақ болуы керек.
- Қозғалысты бастамас бұрын екінші қатардағы орындықтардың толығымен бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

- Орындық арқалығын реттеу тұтқасы мен арқалықты жинауға арналған белбеуді бір уақытта пайдалану мүмкін емес. Механизм дұрыс іске қосылмаған жағдайда, арқалықты тік күйге қайтарыңыз және белбеуді босатып, оның бастапқы күйге оралуына мүмкіндік беріңіз.

Бассүйегіштер

Бұл көліктегі алдыңғы орындықтар мен екінші қатардағы орындықтар биіктігі реттелетін бассүйегіштермен жабдықталған.

Бассүйегіштерді реттеу*

- Бассүйегішті көтеру
  - Бассүйегішті бағыттағыштары бойымен қажетті қалыпқа көтеріңіз, содан кейін шертумен бекітілгенше босатыңыз.
- Бассүйегішті түсіру
  - Бассүйегішті реттеу түймесін басып тұрыңыз, бассүйегішті қажетті қалыпқа түсіріңіз, бассүйегішті аздап реттеңіз және түймені босатыңыз. Бекіткіш тиісті түрде сырт еткен дыбыс шығаруы керек.



Бассүйегіштерді шешіп алу*

- Бассүйегішті шешіп алу
  - Бассүйегіштің реттеу түймесін басып, ұстап тұрыңыз, бассүйегішті шешіп алып, түймені жіберіңіз.
- Бассүйегішті орнату
  - Бассүйегіштің бағыттағыштарын ойықтары алға қаратып төлкелерге салыңыз. Бассүйегішті реттеу түймесін басыңыз, бассүйегішті қажетті қалыпқа түсіріңіз, содан кейін түймені босатыңыз.

Үшінші қатардағы орындықтардың бассүйегіштері жиналмалы, олар үшінші қатардағы орындықтар жиналған кезде автоматты түрде жиналады.

ЕСКЕ САЛУ

- Бассүйегіштер автокөлік жолаушыларын бас пен мойын жарақаттарынан қорғайды. Ең жоғарғы қорғанысты қамтамасыз ету үшін бассүйегішті оның ортасы бастың артқы жағына сәйкес келетіндей етіп реттеңіз. Бассүйегішті бойыңызға қарай дұрыс күйге орнатыңыз.
- Бассүйегіштің биіктігін реттегенде, жолаушы құлағының ұшын бассүйегіштің ортаңғы сызығымен туралаңыз.
- Бассүйегішті реттегеннен кейін оның қажетті қалыпта бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Жолаушыларды бассүйегіштер шешілген жерлерде тасымалдауға болмайды. Бассүйегішті дұрыс орнатпау немесе оның болмауы шұғыл тежеу немесе апат кезінде жолаушылардың ауыр жарақат алуына әкелуі мүмкін.
- Бассүйегіштің бағыттағыштарына ешқандай заттарды бекітпеңіз.

Руль

Рульдегі басқару құралдары



1	AVM	8	Пайдаланушы баптаулары
2	Пайдаланушы баптаулары	9	Дауысты тану
3	Қашықтық +	10	Оңға
4	Круиз-контроль	11	Аспаптар тақтасы/артқа
5	RES +/SET – ауыстырып қосқышы	12	Айналдыру түймесі
6	Көлік жүргізу туралы ақпарат	13	Қоңырау
7	Қашықтық -	14	Солға

Рульдің сол жағындағы басқару құралдары

Тұтқа

- RES +: бұрын орнатылған параметрлерді пайдалана отырып, бейімделетін круиз-контрольді (ACC) белсендіру.
- SET –: круиз-контроль үшін ағымдағы жылдамдықты орнату.

Қашықтық +

- ACC функциясы қосулы тұрғанда қашықтықты бір деңгейге ұзарту. Барлығы төрт деңгей қолжетімді.

Қашықтық -

- ACC функциясы қосулы тұрғанда алдағы автокөлікке дейінгі қашықтықты бір деңгейге қысқарту. Барлығы төрт деңгей қолжетімді.

Круиз-контроль

- Егер көлік навигациялық автопилот (NOA)*/интеллектуалды круиз-контроль (ICC)*/бейімделетін круиз-контроль (ACC)* режимінде болса, бұл түймені басу круиз-контроль үшін белгіленген жылдамдықты жолдағы ағымдағы максималды жылдамдық шектеуіне сәйкес автоматты түрде орнатады.

ЕСКЕ САЛУ

- Круиз-контрольді пайдалану нұсқаулығын ***75-беттен*** қараңыз.

Пайдаланушы баптауларының сол/оң түймелері*

- Түйменің функциясын таңдау үшін баптау интерфейсіне кіру үшін басып тұрыңыз; қысқа басу арқылы функция орындалады.

AVM

- ***Айнала шолу жүйесін*** қосу немесе өшіру үшін осы түймені басыңыз.

Көлік жүргізу туралы ақпарат

- Сапарлар туралы ақпарат интерфейстері арасында циклдік ауысу үшін қысқа басыңыз, тиісті сапар туралы ақпаратты жою үшін басып тұрыңыз.

Рульдің оң жағындағы басқару құралдары

Айналдыру түймесі

- Дыбыс деңгейін жоғарылату үшін түймені жоғары айналдырыңыз. Дыбыс деңгейі ең жоғарғы деңгейге жеткенде түйме жұмыс істемейді.
- Дыбыс деңгейін төмендету үшін түймені төмен айналдырыңыз. Дыбыс деңгейі ең төменгі деңгейге жеткенде түйме жұмыс істемейді.
- Дыбысты өшіру үшін түймені басыңыз.

Көрсеткілері бар түймелер (солға/оңға)

- Ақпараттық ойын-сауық жүйесі радио режимінде болған кезде:
  - Алдыңғы радиостанцияны ойнату үшін ◁ түймесін басыңыз.
  - Келесі радиостанцияны ойнату үшін ▷ түймесін басыңыз.
- Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі USB / Bluetooth музыка режимдерінде / басқа музыкалық қолданбада / басқа режимдерде тұрғанда:
  - Алдыңғы музыкалық композицияны ойнату үшін ◁ түймесін басыңыз (композиция нөмірі -1).
  - Bluetooth қоңыраулары экранында немесе телефон кітапшасында келесі жазбаны таңдау үшін ◁ түймесін басыңыз.
  - Келесі музыкалық композицияны ойнату үшін ▷ түймесін басыңыз (композиция нөмірі +1).
  - Bluetooth қоңыраулар экранында немесе телефон кітапшасында алдыңғы жазбаны таңдау үшін ▷ түймесін басыңыз.

Қоңырау

- Қоңырау шалу немесе қабылдау үшін осы түймені басыңыз (сол сәтте аудижүйенің дыбысы ажыратылады).
- Егер қазіргі уақытта Bluetooth-пен байланыспаған экран пайда болса, Bluetooth арқылы жұптастыру орындалмаса телефонды таңдау экранына немесе Bluetooth арқылы жұптастыру орындалса, нөмірді теру экранына ауысу үшін осы түймені басыңыз.
- Нөмірді теру экранына телефон нөмірін енгізгеннен кейін немесе қоңыраулар немесе контактілер журналы экранында жазбаны таңдағаннан кейін нөмірді теру үшін осы түймені басыңыз.
- Егер Bluetooth байланысы орнатылған болса және негізгі теру экранында сандар енгізілмесе, осы түймені басу қоңыраулар журналындағы «Шығыс қоңыраулар»

қойындысын ашады. Түймені қайта басу шығыс қоңыраулар тізіміндегі бірінші контактіге қоңырау шалуды автоматты түрде бастайды.

Дауысты тану

- Ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экранында сөзді тану функциясын іске қосу үшін осы түймені басыңыз, оның көмегімен дауыс пәрмендерін жазуға болады.
- Сөйлеуді тануды өшіру үшін қайта басыңыз.

Аспаптар тақтасы/артқа

- Егер дисплейде Bluetooth қоңырау экраны көрсетілмесе, «Аспаптар тақтасы/артқа» түймесін қысқа басу аспаптар комбинациясының мәзір элементтерін циклдік түрде ауыстыруға мүмкіндік береді. Растау интерфейсіне өту үшін осы түймені басып тұрыңыз.
- Bluetooth қоңыраулар экранында қоңырауды аяқтау үшін осы түймені басыңыз.

Клаксон

- Дыбыс сигналын беру үшін рульдің ортасын басыңыз және сигнал беруді тоқтату үшін жіберіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Дыбыс сигналын тым ұзақ бермеңіз, себебі ол зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕ САЛУ

- Жол ережелерін сақтаңыз және клаксонды дұрыс қолданыңыз.

Рульді реттеу

Қолмен реттеу

Рульдің орналасуын реттеу үшін оны бір қолыңызбен ұстап, келесідей әрекет етіңіз:

- Рульді реттеу тұтқасын басыңыз, рульді қажетті бұрышқа жылжытыңыз немесе оны биіктік бойынша қажетті күйге орнатыңыз және тұтқаны құлыпталған күйге қайтарыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Қозғалыс кезінде рульдің орналасуын реттеуге тыйым салынады, себебі бұл автокөлікті басқара алмауға әкеліп соғып, нәтижесінде апат орын алуы мүмкін.
- Рульдің орналасуын реттеп болғаннан кейін сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны жоғары және төмен жылжытыңыз.

Руль күшейткішінің режимдерін баптау

- Руль күшейткішінің деңгейін жеке қалауларға сәйкес баптауға болады.
- Руль күшейткішінің режимін орнату үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → **Жүргізу** → **Қозғалысты басқару** → **Руль күшейткішінің режимі** және ыңғайлы немесе спорттық режимді таңдаңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Егер автокөлік жоғары жылдамдықпен қозғалса және руль оңай айналатын сияқты болса, спорттық режимді орнату ұсынылады. Рульді басқару режимін LKA жүйесі өшіп тұрып, автокөлік жылдамдығы 80 км/сағ-тан

ЕСКЕ САЛУ

төмен болғанда стандартты қозғалыс режимінде ғана өзгертуге болады.

Руль жылытқышы

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы руль дөңгелегін жылыту белгісі арқылы руль дөңгелегін жылытуды* қосыңыз немесе өшіріңіз → → Желдету/Жылыту.
- Салонда жайлы жағдай жасау үшін BYD қолданбасында руль дөңгелегін қашықтан жылытуды қосуға болады.

Әйнектазартқыштар

Әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы

Алдыңғы әйнекті тазартқыш және жуғыш

Алдыңғы әйнекті тазартқыш

- Тұтқа алдыңғы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың бес режимін ауыстыруға мүмкіндік береді:
  - 0: ӨШІРУ.
  - : Автоматты режим/ әйнектазартқыштың үзік-үзік жұмыс режимі, 1-деңгей
  - : Автоматты режим/ әйнектазартқыштың үзік-үзік жұмыс режимі, 2-деңгей
  - : Баяу
  - : Жылдам
- Режимді таңдау үшін реттегішті жоғары немесе төмен жылжытыңыз.
- Баяу және жылдам режимдерде әйнектазартқыш үздіксіз жұмыс істейді.



- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында әйнектазартқыштың автоматты режимін қосу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына басыңыз → → **Жүргізу** → **Ыңғайлы жүргізу**. Қосқаннан кейін әйнектазартқыш щеткалары бір тазалау циклін орындайды, содан кейін әйнектазартқыш жаңбырдың қарқындылығына байланысты жұмыс жылдамдығын өзгерте отырып, автоматты режимге өтеді.
- Автоматты режимде әйнектазартқыш реттегішімен автоматты режим деңгейін өзгертуге болады.

ЕСКЕРТУ!

- Егер оталдыру қосулы болса және әйнектазартқыштың автоматты режимі орнатылған болса, датчик аймағындағы әйнекке тию немесе сүрту әйнектазартқыштың қосылуына және жарақатқа әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Әйнектазартқыштың кездейсоқ іске қосылуын болдырмау үшін автокөлікті жуғанда, құрғақ ауа райында, жауын-шашын күтілмеген кезде әйнектазартқыштың автоматты режимін өшіріңіз.
- Егер қар немесе басқа кедергілер жұмыс кезінде әйнектазартқыштың тоқтауына әкелсе, әйнектазартқышты өшіріңіз және автокөлікті қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. Содан кейін әйнектазартқыш дұрыс жұмыс істеуі үшін қарды немесе қоқысты алып тастаңыз.
- Датчик кейде қар ұшқындарын дұрыс танымауы мүмкін, себебі олардың пішіні әртүрлі, бұл әйнектазартқыштың жұмысының

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

бұзылуына әкелуі мүмкін. Қар ерігеннен кейін әйнектазартқыштың автоматты түрде қосылуы мүмкін.

- Әйнектазартқыштың бір рет іске қосылуы үшін басқару тұтқасының соңындағы түймені бірінші күйге басыңыз. Әйнектазартқыш түйме босатылғанша төмен жылдамдықпен жұмыс істейді.



Алдыңғы әйнекті жуғыш

- Алдыңғы әйнекке әйнекжуғыш сұйықтығын беру үшін басқару тұтқасының соңындағы түймені екінші күйге басыңыз. Сұйықтық үздіксіз беріледі, содан кейін әйнектазартқыш жұмыс істей бастайды.
- Жуу сұйықтығы иінтіректі жібергеннен кейін немесе 10 секундтан кейін берілуін тоқтатады. Әйнектазартқыштың жұмысы да 1-2 циклден кейін тоқтайды.

Артқы әйнекті тазартқыш

- Артқы әйнек тазартқышының үзік-үзік жұмыс режимін қосу үшін әйнектазартқыштар қосқышының ортаңғы айналмалы реттегішін « » күйіне жылжытыңыз.
- Артқы әйнек тазартқышы әйнектазартқыштар ауыстырып қосқышының ортаңғы айналмалы реттегіші күйіне орнатылғанда немесе жүксалғыш қақпағы ашылғанда жұмысын тоқтатады.
- Әйнектазартқыштар ауыстырып қосқышының ортаңғы айналмалы реттегішін күйіне орнатыңыз және артқы әйнек тазартқышы мен жуғышын бір уақытта қосу үшін оны ұстап тұрыңыз.



- Әйнектазартқыштар ауыстырып қосқышының ортаңғы реттегішін күйге бұраңыз және басатыңыз. Әйнектазартқыш 2-3 рет іске қосылады және әйнекжуғыш сұйықтығы берілгеннен кейін тоқтайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Әйнектазартқыштардың щеткаларын үнемі тексеріп, тазалаңыз.
- Жаңбыр жауған кезде әйнектазартқыштарды өшірмеңіз, өйткені құм мен шаңмен араласқан жаңбыр суы көрініс бірден нашарлатып, бұл көлік жүргізу қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.
- Арнайы әйнекжуғыш сұйықтығын пайдаланыңыз. Суды пайдалану немесе
- басқа типтегі жуғыш зат әйнекжуғыш сорғысын зақымдауы мүмкін.
- Жуғышты 10 секундтан артық уақытқа, сондай-ақ жуу сұйықтығының бағы бос болғанда қоспаңыз, себебі бұл электр қозғалтқышының қызып кетуіне немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

Әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

- Әйнектазартқыш щеткаларында алты айда бір реттен сиретпей жарықтарының немесе қатып қалу белгілерінің бар-жоғын қарап тексеріңіз. Әйнектазартқыштың жарамсыз щеткаларын алмастырыңыз. Әйтпесе, әйнектазартқыштар іске қосылғаннан кейін алдыңғы әйнек кір немесе айғыз күйінде қалады.

- Әйнектазартқыш щеткаларын қызмет көрсету күйіне ауыстыру оталдыру қосулы кезде ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында → ⚙ → **Жүргізу** → **Қызмет көрсету** арқылы жүзеге асырылады. Егер әйнектазартқыштарға қызмет көрсетудің тиісті функциясы қосулы болса, олар автоматты түрде ашылады, бұл оларға қызмет көрсетуді және ауыстыруды жеңілдетеді.

Алдыңғы әйнекті тазартқыштың щеткаларын ауыстыру

1. Жүргізуші жақтағы әйнектазартқыштың иінтірегін жоғары тартыңыз, содан кейін жолаушы жақтағы әйнектазартқыш иінтірегін жоғары тартыңыз.
2. Бекіткіш т үймесін басыңыз①
3. Щетканы ұстап, оны көрсетілген бағытта тарты ңыз②
4. Әйнектазартқыш жетегінде орналасқан әйнекжуғыш түтігінің бір ұшын ұстап тұрып, оны әйнектазартқыш щеткасынан ажыратыңыз.
5. Жаңа әйнектазартқыш щетканы орнатқан кезде процедураны кері тәртіпте орындаңыз.



Артқы әйнектің әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

1. Әйнектазартқыштың иінтірегін жоғары қарай тартыңыз.
2. Иінтіректі ① күйіндеұстап тұрып щетканы көрсетілген бағытта тартыңыз.
3. Жаңа әйнектазартқыш щетканы орнатқан кезде процедураны кері тәртіпте орындаңыз.



⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Әйнектазартқыш иінтіректері көтерілген кезде капотты ашпаңыз, бұл капот пен иінтіректерге зақым келтіруі мүмкін.
- Алдыңғы әйнекті тікелей соққыға ұшыратпай, щеткаларды баяу түсіріңіз.
- Әйнектазартқыш жұмыс істеп тұрған кезде әйнектазартқыш щетканы майыстырмаңыз немесе оның қозғалысына кедергі жасамаңыз.
- Жауын-шашынды қысқы күндері алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын қызмет көрсету күйіне ауыстыру ұсынылады. Алдыңғы әйнек тазартқышының жетектерін қолмен көтеріңіз, олардың қатып қалуын болдырмау үшін.

Әйнектазартқыш щеткаларын қызмет көрсету күйіне ауыстыру туралы ***229-бетті*** қараңыз.

Ауыстырып қосқыш

Жарық аспаптарының қосқыштары

- Жарықтандырудың автоматты режимін, габарит жарықтарын, таяу жарықты, артқы тұман шамдарын және күндізгі жүріс жарықтарын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында қосуға және өшіруге болады.
- Жарықтандырудың автоматты режимін, габарит жарықтарын, таяу жарықты, артқы тұман шамдарын немесе күндізгі жүріс жарықтарын қосу немесе өшіру үшін немесе барлық жарықтандыру

құрылғыларын өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → **Жарық** → **Сыртқы жарықтандыру**.

Бұрылыс көрсеткіштері

- Оң бұрылыс көрсеткішін қосу үшін қосқыш тұтқасын жоғары, ал сол бұрылыс көрсеткішін қосу үшін төмен басыңыз.



Шалғай жарық және шалғай жарық фараларының жыпылықтауы

- Шалғай жарықты қосу үшін алға, ал шалғай жарық фараларының жыпылықтауын орындау үшін артқа басыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Жарық датчигі алдыңғы әйнектің жоғарғы бөлігінде орналасқан. Датчикті бөгде заттармен жаппаңыз және оған ештеңе шашыратпаңыз.

Сыртқы жарықтандыруды автоматты түрде өшіру функциясы

- Белсендіру шарттары: бұл функцияны іске қосу үшін жарықтандыру қосқышын габарит жарықтары немесе таяу жарық фаралары күйіне қойыңыз және автокөліктің электр қуатын өшіріңіз.
- Бұл функция қосулы болса, онда фаралар, габарит жарықтары, артқы тұман шамдары және шалғай жарық жүргізуші есігі жабылған соң 10 секунд өткеннен кейін сөнеді.
- Бұл функция қосулы болса, онда фаралар мен габарит жарықтары жүргізуші есігі ашық қалғанда 10 минуттан соң сөнеді.
- Автоматты түрде өшірілгеннен кейін, жарық күйі өзгерген кезде бұл шамдар жаңа күйде қосылады. Егер жарықтың автоматты түрде өшуі функциясын іске қосу шарттары әлі де орындалса, функция қайтадан іске қосылады.
- Жарықтың автоматты түрде өшуі функциясын өшіру: оталдыру жүйесі қосулы кезде жарықтың автоматты түрде өшу функциясы ажыратылып, жарық қосқышы қалыпты режимде жұмыс істей алады.
- Егер сыртқы жарықтандыру автоматты түрде өшірілсе және күзет сигнал беру жүйесі режимі қосулы болса, онда күзет сигнал беру жүйесі өшірілген кезде, сыртқы жарықтандыруды автоматты түрде өшіру функциясы қосулы болып қалса, жарықтандыру құрылғылары қайтадан қосылады. Егер жүргізуші есігі электр қуаты өшірілген кезде ашық болса, жарықтандыру құрылғылары 10 минуттан кейін өшеді. Егер есік ашылып, содан кейін жабылса, жарықтандыру құрылғылары 10 секундтан кейін өшеді.

Жарықтың өшуін кідірту

- Шыққаннан кейін жарықтандыру:
  - Жарықтандыру қосқышы автоматты жарықтандыру режимінде, габарит жарықтарында немесе таяу жарықта болғанда, сіз борттық электр қуаты жүйесін өшіргенде, төрт есікті құлыптап, автокөліктен алыстағанда, тиісті жарықтандыру құрылғылары 10 секунд бойы (немесе ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында орнатылған уақыт кезеңі → ⚙ → **Жарық** → **Қарсы алу жарықтандыруы**) қосулы қалады.
- Отыру алдында жарықтандыру:
  - Жарықтандыру қосқышы автоматты жарықтандыру, габарит шамдары немесе таяу жарық режимінде болғанда, сіз көлікке жақындап, оның құлпын ашқан кезде, тиісті

жарықтандыру құрылғылары 10 секундқа (немесе ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында орнатылған уақыт кезеңіне → ⚙ → **Жарық** → **Қарсы алу жарығы**) қосылады.

Фаралар түзеткіші

- Фаралардың түзеткішін реттеу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → **Жарық** → **Сыртқы жарықтандыру**.
- Әдепкі бойынша фаралардың жарық шоғының максималды биіктігі — 0 мәні орнатылған.

Жүргізуші есігіндегі түймелер

Әйнеккөтергіштердің түймелері

- Оталдыру қосулы кезде, барлық әйнеккөтергіштердің қосқыштары арқылы есік әйнектерін көтеруге немесе түсіруге болады.
  - Әйнекті түсіру үшін әйнеккөтергіштердің түймесін басыңыз.
  - Әйнекті көтеру үшін әйнеккөтергіштің қосқышын жоғары тартыңыз.
- Әйнектің қозғалысын тоқтату үшін әйнеккөтергіштің қосқышын босатыңыз.



Қолмен басқару

- Тиісті әйнекті түсіру немесе көтеру үшін әйнеккөтергіштердің түймесін басыңыз немесе ① қ й н
  Терезені дұрыс жерде тоқтату үшін түймені жіберіңіз.

Әйнекті автоматты түрде көтеру/түсіру функциясы

- Тиісті әйнекті автоматты түрде түсіру немесе көтеру үшін әйнеккөтергіштердің т үймесін басың
  жіберіңіз. Әйнекті көтеру/түсіру кезінде терезені жарты жолда тоқтату үшін түймені кез келген бағытта басыңыз.

Қысып қалудан қорғау функциясы

- Егер әйнекті көтеру кезінде оның астына адам немесе зат түссе, әйнек автоматты түрде тоқтап, белгілі бір қашықтыққа түседі.

Автоматты көтерілу немесе қысып қалудан қорғау функциясын қалпына келтіру

- Автоматты көтеру немесе қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемесе, функцияны қалпына келтіру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
  - Әйнекті жоғарғы күйге көтеру үшін әйнеккөтергіштердің түймесін жоғары қарай тартыңыз және оны осы күйде шамамен екі секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін әйнекті төменгі күйге түсіру үшін басып, оны осы күйде шамамен екі секунд ұстап тұрыңыз. Автоматты көтерілу және қысып қалудан қорғау функцияларын қалпына келтіру керек.

Кідіру функциясы

- Автокөліктің қуатын өшіргеннен кейін, егер алдыңғы есіктер ашық болмаса, төрт есіктің әйнеккөтергіштерінің контроллері 10 минутқа кідіреді. Осы кезеңде терезелерді әлі де көтеруге және түсіруге болады. Егер осы кезеңде алдыңғы есіктердің кез келгені ашылса, кідіріс функциясы қосылмайды және терезелерді басқару үшін түймелерді пайдалану мүмкін болмайды.

ЕСКЕРТУ!

- Ешқашан қысып қалудан қорғау функциясын әдейі белсендіруге тырыспаңыз.
- Ауыр жарақаттанбау немесе өлім қаупін болдырмау үшін терезені жапқан кезде төмендегі сақтық шараларын қолданыңыз:

ЕСКЕРТУ!

- Электр әйнеккөтергіштерді қолданар алдында барлық жолаушылардың әйнекке қысылып қалуы мүмкін дене бөліктері шықпай тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Балаңызға электр әйнеккөтергіштерді басқаруға рұқсат бермеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер терезе толығымен жабылған кезде кез келген зат түсіп кетсе, қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Автоматты көтерілу немесе әйнектердің қысып қалуын болдырмау функциясы істен шыққан жағдайда, техникалық қызмет көрсету үшін уәкілетті BYD дилерлік орталыққа немесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Орталық құлып

Жүргізуші есігі электрлі есік құлыптарының ажыратқыштарымен жабдықталған. Барлық есіктерді құлыптау немесе құлпын ашу үшін екі ажыратқыш қолданылады.

① Құлыпты ашу

Орталық құлып ашу түймесін басыңыз. Барлық есіктер құлыптары ашық және құлыптың қызыл индикаторы жанбайды.

② Құлыптау

Орталық құлып түймесін басыңыз. Барлық есіктер құлыптаулы және қызыл құлыптау индикаторы жанып тұр.



Жолаушылар есіктеріндегі әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары

Оталдыру қосулы кезде, жолаушылар есіктерінің әйнектерін тиісті есіктердің әйнеккөтергіштер қосқыштары арқылы көтеруге немесе түсіруге болады.



Әйнектерді автоматты түрде көтеру*

- Бұл функцияны қосу немесе өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → Құлыптар → Әйнектер.

Автокөлікті құлыптаған кезде әйнектерді автоматты түрде көтеру

- Әйнектерді автоматты түрде көтеру функциясы қосулы болғанда, егер оталдыру өшірілген, жүргізуші есігі ашық, ал капот, жүксалғыш және барлық есіктер жабық болса, төрт есіктің әйнектерін көтеру үшін смарт-кілттегі құлыптау түймесін басыңыз.

Жаңбыр кезінде әйнектерді автоматты түрде көтеру

- Функция қосулы және оталдыру қосулы кезде, егер жауын датчигі белгілі бір қарқындылықтағы жауын-шашынды таныса, көліктегі барлық есіктердің әйнектері автоматты түрде көтеріледі.

  Қосылған функция тек бір рет іске қосылады, содан кейін борттық электрмен жабдықтау жүйесін өшіріп, қайта қосқаннан кейін қайта іске қосылады.

Жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде әйнектерді автоматты түрде көтеру

- Функция қосулы кезде, қозғалыс жылдамдығы белгілі бір мәннен асып кетсе, барлық есіктердің әйнектері автоматты түрде көтеріледі және шатырдағы люк жабылады.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы

 түймесін басқан кезде барлық бұрылыс көрсеткіштері мен аспаптар тақтасындағы бұрылыс шамдары жыпылықтай бастайды.  түймесін қайта басқан кезде олардың барлығы жыпылықтауын қояды.



Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышы

- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын қосу немесе өшіру үшін алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышын (бар болса) «ON» немесе «OFF» күйіне бұраңыз.
- Ажыратқыш жолаушы жағындағы алдыңғы панельде орналасқан және жолаушы есігі ашық болса, қолжетімді болады.



- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының индикаторы төбе панелінде орналасқан.
- Қозғалысты бастамас бұрын, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышының күйі орында жолаушы отыратынына немесе онда артқа қаратылған бала бекіту құрылғысы орнатылғанына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы жолаушының орындығы қалай пайдаланылатынына сәйкес алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын қосыңыз немесе өшіріңіз:
  - Ажыратқыш «ON» күйінде болғанда, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы қосулы болады. Егер ажыратқыш «ON» күйінде болса, «PASSENGER AIRBAG» жазуы және  «ON» индикаторы үздіксіз жанады, ал  «OFF» индикаторы жанбайды. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы қауіпсіздік жастығының ашылуына қажетті шарттар орындалған жағдайда, орташа немесе үлкен күшті соққы кезінде іске қосылады.
  - Ажыратқыш «OFF» күйінде болғанда, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы өшірілген. Егер ажыратқыш «OFF» күйінде болса, «PASSENGER AIRBAG» жазуы және  «OFF» индикаторы үздіксіз жанады, ал  «ON» индикаторы жанбайды. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы қауіпсіздік жастығының ашылуына қажетті шарттарға сәйкес келетін орташа немесе үлкен күшті соққы кезінде іске қосылмайды.

ЕСКЕРТУ!

- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы қосулы кезде, алдыңғы жолаушының орындығында артқа қаратылған бала бекіту құрылғысын ешбір жағдайда қолданбаңыз. Әйтпесе, ауыр жарақаттар немесе өлім болуы мүмкін.
- Алдыңғы жолаушының орындығын ересек адам алған кезде, алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ашылу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін ажыратқыш «ON» күйінде болуы керек.

ЕСКЕРТУ!

- Егер ажыратқыш «OFF» күйінде болса, бірақ алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы әлі де қосулы болса, техникалық қызмет көрсету үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қауіпсіздік жастықтары жүйесінің зақымдалуын болдырмау үшін алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышын тек оталдыру өшірілген кезде ауыстырыңыз.
- Жүргізуші алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышының алдыңғы жолаушы орындығының бос еместігіне сәйкес келетін күйде болуына жауапты.

Панорамалық шатыр*

Күнқағар қалқаны ашу

- Күнқағар қалқасын ашу үшін① ашу түймесін басып тұрыңыз. Күнқағар қалқасының қозғалысын тоқтату үшін түймені босатыңыз.
- Күнқағар қалқасы автоматты түрде ашылуы үшін① дереу босатыңыз. Күнқағар қалқасының қозғалысын то қ татуүшін(түймесін басыңыз.



Күнқағар қалқаны жабу

- К үнқағарқалқасын жабуүшін② түймесін басып тұрыңыз. Қалқа тоқтауы үшін түймені босатыңыз.
- Егер күнқағар қалқасы инициализациялан ған болса, онда түймесін басқаннан кейін дереу босатқан кезде күнқағар қалқасы автоматты түрде жабылады. Күнқағар қалқасының қозғалысын тоқтатуүшін① немесе ② түймесін басыңыз

Қысып қалудан қорғау функциясы

- Күнқағар экранның жабылуына әлдене кедергі келтірсе, ол тоқтап, сәл артқа жылжиды.

Қайта баптау

- Оталдыру қосулы кезде, егер тиісті сигнал белсенді болып қалса, ал күнқағар қалқасының электржетегі инициализацияланбаған болса, инициализациялау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
  - Инициализациялау үшін жабу түймесін басып, күнқағар қалқасының толығымен жабық күйінде кемінде 0,5 секунд ұстап тұрыңыз.
  - Егер күнқағар қалқасы толығымен жабылмаса, электржетектерді қолмен калибрлеңіз. Күнқағар қалқасын жабу түймесін басып тұрыңыз және күнқағар қалқасы қозғалысын тоқтатқан кезде оны босатыңыз. Түймені қайтадан кемінде 5 секунд басып тұрыңыз, содан кейін шерту естілген кезде оны күнқағар қалқасының толығымен жабық күйінде босатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Күнқағар қалқасын ашқанда немесе жапқанда, зақымдануды болдырмау үшін қалқа матасына күшпен әсер етуге жол бермеңіз.

Салон жарығы плафондарын ажыратқыш

Алдыңғы салон жарығы плафондары

①② Сол жақ алдыңғы салонды жарықтандыру плафонының ажыратқышы

③④ Оң жақ алдыңғы салонды жарықтандыру плафонының ажыратқышы

⑤ Салонды жарықтандырудың автоматты режимінің ажыратқышы

⑥ Салонды жарықтандырудың бас ажыратқышы



- Сол немесе оң жақ салонды жарықтандыру плафонын қосу үшін тиісті ажыратқышты басыңыз. Плафонды өшіру үшін қайта басыңыз.
- Салонды автоматты жарықтандыру режимін қосу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранының жоғарғы жиегінен төмен қарай саусағыңызды сырғытыңыз немесе салонды жарықтандырудың автоматты режимінің түймесін басыңыз.
- «Салонды жарықтандыру» опциясы таңдалған кезде, егер оталдыру қосулы болғанда кез келген есік ашық болса, ажыратқышты түрту салонды жарықтандырудың жарықтығын өзгертеді, бірақ оны өшірмейді; егер оталдыру өшірілген кезде кез келген есік ашық болса, салонды жарықтандыру біраз уақыттан кейін сөнеді.
- Оталдыру өшірілген және салонды жарықтандыру қосулы кезде, есік белгілі бір уақыт кезеңі бойы ашық қалғаннан кейін салонды жарықтандыру сөнеді. Осы кезең ішіндегі кез келген басқа операциялар таймерді қайта іске қосады.

Бүйірлік салон жарығы плафондары

Жарықты қосу үшін салонды жарықтандырудың бүйірлік плафондарын түртіңіз.



Салонды артқы жарықтандыру плафондары

Жарықты қосу үшін салонды артқы жарықтандыру плафондарын түртіңіз.



Эстетикалық жарықтандыру*

Эстетикалық жарықтандыруды қосу немесе өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → **Автокөлік** → **Жарық** → **Эстетикалық жарықтандыру**. Эстетикалық жарықтандырудың жарықтығын, түсін және аймақтарын реттеңіз.

Сыртқы артқы көрініс айналары

Ішкі артқы көрініс айнасы

Автоматты түрде күңгірттенетін ішкі артқы көрініс айнасы*

Ішкі артқы көрініс айнасы электронды қараңғылау функциясымен жабдықталған, ол арттағы көліктердің фараларынан түскен жарықтан жүргізушінің көзін қарығуын азайту үшін жарықтандыруға сәйкес айна элементінің түсін автоматты түрде өзгертеді.

Ішкі артқы көрініс айнасын жоғары немесе төмен, солға немесе оңға тиісті күйге жылжытыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Ауыр заттарды ішкі артқы көрініс айнасына іліп қоймаңыз, оны шайқамаңыз немесе күшпен сүйремеңіз.
- Айнаны құлатып алмау үшін, күйді реттеу қиын болғанда шамадан тыс күш қолданбаңыз.
- Қозғалысты бастамас бұрын ішкі артқы көрініс айнасын реттеп алыңыз. Қозғалыс кезінде артқы көрініс айнасын реттемеңіз. Мұның салдары назарыңызды аударып, жазатайым оқиғаның орын алуына себеп болуы мүмкін.

Электржетекпен жабдықталған сыртқы артқы көрініс айналары

Тиісті ауыстырып қосқыштарды пайдаланып, көліктің бүйір жақтарын көру үшін сыртқы айналарды реттеңіз.

- Айнаны таңдау түймелері: реттеу үшін сыртқы айнаны таңдау.
  - : Сол жақ сыртқы артқы көрініс айнасын таңдау түймесі
  - : Оң жақ сыртқы артқы көрініс айнасын таңдау түймесі
- Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу түймесі : сыртқы артқы көрініс айнасының күйін реттеу үшін осы түймені басыңыз.



Сыртқы артқы көрініс айналарын жинау

- Жию ажыратқышы : электржетек көмегімен сыртқы артқы көрініс айналарын жию үшін оны басыңыз. Айналарды жазу үшін қайтадан басыңыз.
  - Айдап әкетуге қарсы жүйенің қорғаныс режимі қосылған кезде екі сыртқы айна да автоматты түрде жиналады және ол өшірілген кезде автоматты түрде жазылады.
  - Сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде жиюды қосу немесе өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → → Жүргізу → Ыңғайлы жүргізу.

ЕСКЕРТУ!

- Қозғалысты бастамас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарының күйін реттеңіз. Қозғалыс кезінде сыртқы артқы көрініс айналарын реттемеңіз. Бұл сіздің назарыңызды аударып, апатқа әкелуі мүмкін.

ЕСКЕ САЛУ

- Сыртқы айнаның бетінде мұз тұрса, оны реттемеңіз. Айнаның бетіндегі мұзды кетіру үшін өткір заттарды пайдаланбаңыз. Мұз қатырмайтын спрейді қолданыңыз.
- Сыртқы артқы көрініс айналары артқа жүрген кезде еңкейту функциясына ие*: сыртқы артқы көрініс айналары автокөлік артқа жүрген кезде электржетек арқылы автоматты түрде төмен қарай еңкееді.

04 ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

Зарядтау/сыртқы тұтыну көздерінеқуат беру жөніндегі нұсқаулық 90
Аккумулятор батареясы 105
Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары 108
Оталдыру және жүргізу..... 118
Жүргізушінің көмекші жүйелері 129
Басқа негізгі функциялар..... 182

Сыртқы тұтынушыларды қуаттандыру/зарядтау бойынша нұсқаулар

Зарядтау жөніндегі нұсқаулық

Зарядтау кезіндегі сақтық шаралары

- Зарядтау жабдығы жоғары кернеулі токты пайдаланады. Кәмелетке толмағандарға көлікті зарядтауға немесе зарядтау жабдығына қол тигізуге тыйым салынады. Зарядтау кезінде оларға көлікке жақындауға рұқсат бермеңіз.
- Зарядтау медициналық немесе имплантталған электронды құрылғылардың жұмысына әсер етуі мүмкін. Зарядтау алдында құрылғы өндірушісімен кеңесіңіз.
- Автокөлікті қауіпсіз жерде зарядтаңыз, ылғалдылығы жоғары, ашық от немесе жылу көздері бар жерлерде зарядтаудан аулақ болыңыз.
  - Жаңбырлы күндері зарядтау жабдығын судың түсуінен қорғаңыз.
- Зарядтау алдында:
  - Қуат жабдығында, зарядтау штепселінде, зарядтау ағытпасында және зарядтау жабдығына қосылу құрылғысында кабельдің тозуы, ағытпалардың тоттануы, корпустағы жарықтар немесе ағытпадағы бөгде заттар сияқты ақаулар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
  - Егер зарядтау штепселінің немесе ағытпаның штепселі, ағытпасы немесе металл клеммалары бос болса немесе тоттанса, автокөлікті зарядтамаңыз.
  - Зарядтау ашасында, зарядтау розеткасында, қуат кабелінің ашасында немесе желілік розеткада кір немесе ылғал байқалса, электр қосылымдарының құрғақ және таза болуын қамтамасыз ету үшін оларды құрғақ таза шүберекпен сүртіңіз.
- Жергілікті стандарттарға сәйкес келетін зарядтау жабдығын пайдаланыңыз.
  - Зарядтау құрылғысы істен шықпауы немесе жанбауы үшін зарядтау құрылғысын және онымен байланысты ағытпаларды бөлшектемеңіз немесе жөндемеңіз және олардың құрылымына өзгерістер енгізбеңіз.
  - Қауіпсіздік стандарттарына сай келмейтін немесе қауіпсіздікке ықтимал қатер төндіретін зарядтау жабдығын қолданушы болсмаңыз. Балаларға зарядтау жабдығын пайдалануға рұқсат бермеңіз және зарядтау кезінде жануарларды автокөліктен алыс ұстаңыз.
- Зарядтамас бұрын қолыңыздың құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер зарядтау кезінде автокөлікте немесе зарядтау жабдығында қандай да бір сәйкессіздік байқалса, зарядтауды дереу тоқтатып, уәкілетті BYD дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.
- Автокөлікке зақым келтірмеу үшін әрқашан зарядтау кезінде келесі сақтық шараларын қолданыңыз:
  - Зарядтау ағытпасын сілкімеңіз немесе шайқамаңыз, себебі автокөліктің зарядтау порты зақымдалуы мүмкін.
  - Найзағай соғу қаупін болдырмау үшін найзағай кезінде автокөлікті зарядтамаңыз.
- Зарядтау кезінде қызмет көрсету үшін капотты ашпаңыз.
- Зарядтап болғаннан кейін зарядтау жабдығын дымқыл қолмен немесе дымқыл жерде тұрып ажыратпаңыз.
  - Қозғалысты бастамас бұрын зарядтау жабдығы зарядтау портынан ажыратылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Зарядтау кезіндегі сақтық шаралары

- Айнымалы және тұрақты токпен зарядтау* борттық электр қуаты жүйесінің кез келген режимінде жүзеге асырылуы мүмкін болса да, қауіпсіздік мақсатында зарядтау алдында борттық электр қуаты жүйесін

өшіру ұсынылады. Зарядтау кезінде автокөліктің электр қуатын қосу мүмкін емес.

- Егер сыртқы электр желісі қысқа уақытқа ажыратылғаннан кейін электрмен жабдықтау қайта басталса, BYD зарядтау жабдығы зарядтауды автоматты түрде жалғастырады, зарядтау жабдығын қайта қосу қажет емес.
- Аккумулятор батареясы толығымен заряталмай тұрып зарядтау процесін тоқтату қажет болса, алдымен зарядтау құрылғысын тікелей ажыратудың орнына оны мерзімінен бұрын тоқтату функциясын пайдаланып көріңіз.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт пайдаланылмаса, оны айына кемінде бір рет зарядтау ұсынылады.

Зарядтау жабдығын пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

- Зарядтау жабдығы мен автокөліктің зақымдалуын болдырмау үшін келесілерді сақтаңыз:
  - Автокөлікті оталдырмас бұрын зарядтау жабдығының ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Егер зарядтау ашасы тығыз салынбаса, автокөлікті қосып, қозғалысты бастауға болады. Бұл зарядтау жабдығы мен автокөліктің зақымдалуына әкеледі.
  - Зарядтау розеткасының қақпағы ашық болғанда зарядтау розеткаларының люк қақпағын жаппаңыз.
  - Зарядтау розеткаларының люк қақпағының істен шығуын болдырмау үшін оны бірнеше рет ашып-жабудан аулақ болыңыз. Зарядтау розеткаларының люк қақпағын ашу мен жабу арасында кемінде бір секунд үзіліс жасау ұсынылады.
  - Егер аязда немесе басқа себептермен зарядтау розеткаларының люк қақпағы мен зарядтау ашасы қатып қалса, зарядтау розеткаларының люк қақпағын ашпаңыз және зарядтау ашасын күшпен шығармаңыз.
  - Автокөлік мен зарядтау розеткасының зақымдалуын болдырмау үшін зарядтау кезінде зарядтау ашасын шайқамаңыз.
  - Зарядтау ағытпасын құлыптау функциясы іске қосылған кезде зарядтау ашасын күшпен салмаңыз.
- Жабдықты пайдалану кезінде абай болыңыз.
  - Зарядтау кабелінің ұзындығы шектеулі. Зарядтау кабелін күшпен тартпаңыз және бұрамаңыз.
  - Зарядтау/разрядтау жабдығына механикалық әсерлерге жол бермеңіз, мысалы, құлағанда немесе соққыларда. Жабдықты жылжыту кезінде абай болыңыз.
  - Зарядтау жабдығын 50 °C-тан жоғары температурада сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
  - Зарядтау жабдығын жылытқыштардың немесе басқа жылу көздерінің жанына қоймаңыз.
- Қосымша жетектер немесе кабельдер немесе ауыстырғыштар/ағытпаларды қолдануға кеңес берілмейді.

Зарядтау алдындағы сақтық шаралары

- Егер ол құлыпталған болса, зарядтау розеткаларының люк қақпағын күшпен ашпаңыз.
- Зарядтау ашасында және зарядтау розеткасында бөгде заттардың жоқтығына, сондай-ақ зарядтау розеткасының қорғаныс қақпағының бекіткіші босамағанына және оның деформацияларының жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Құлыпты ашқаннан кейін зарядтау розеткаларының люк қақпағын ашыңыз, зарядтау ашасын алып, оны зарядтау розеткасымен туралап, дұрыс қосылғанына көз жеткізіп салыңыз.

Зарядтау кезіндегі сақтық шаралары:

- Зарядтау кезінде жолаушыларға автокөлікте болмаған жөн.
- Кондиционерді автокөлікті зарядтау кезінде әдеттегідей пайдалануға болады. Алайда, зарядтау қуаты төмендеуі мүмкін.
- Зарядтау кезінде автокөлікті желдетілетін жерде қалдыру ұсынылады. Автокөліктің алдыңғы бөлігін одан жарты метрден аз қашықтықта жаппаңыз.

- Аспаптар тақтасында көрсетілген зарядтау қуаты аккумулятор батареясының қызуы және жұмысы кезінде ауытқуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
- Қажет болған жағдайда аккумулятор батареясын салқындату іске қосылуы мүмкін, бұл ретте кондиционер компрессоры мен желдеткіш жұмыс істейтін болады. Мотор бөлімінде аздаған шудың шығуы қалыпты жағдай.
- Зарядтау процесі аяқталмас бұрын батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін батарея зарядын теңестіру функциясы іске қосылады, сондықтан зарядтау уақыты ұзаруы мүмкін.
- Тұрақты токпен зарядтау* кезінде аккумулятор батареясын 80 %—90 % дейін зарядтау ұсынылады, уақыт болса, толық зарядтауға рұқсат етіледі.
- Зарядтау кезінде зарядтау кабелін орамға салуға болмайды, себебі бұл жылудың таралуын нашарлатады.
- Аккумулятор батареясының тым төмен немесе тым жоғары температурасы автокөліктің зарядталу тиімділігін төмендетеді.
  - Төмен температура жағдайында зарядтағанда, аккумулятор батареясының термореттеу жүйесі оның зарядтау сыйымдылығын арттыруға мүмкіндік береді, алайда бұл ретте зарядтау уақыты ұзарады және қыздыруға энергия шығыны артады. Бұл қалыпты құбылыс.
  - Төмен температура жағдайында автокөлікті жылытылатын бөлмеде зарядтау жөн.
  - Жоғары температура жағдайында салқын және жақсы желдетілетін жерде зарядтау ұсынылады.
- Толық зарядтауға дейінгі есептелген уақыт аспаптар тақтасында көрсетіледі. Ол температураға, аккумулятор батареясының заряд деңгейіне және зарядтағыштарға байланысты аздап ерекшеленуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Зарядтаудан кейінгі сақтық шаралары

- Алдымен зарядтауды өшіріңіз және зарядтау розеткасының құлпы ашылғанына көз жеткізіңіз.
- Зарядтау айырын бір қолмен ұстап, түймені басып тұрып (бар болса) айырды шығарыңыз.
- Зарядтағаннан кейін алдымен құлыпты ашып, содан кейін зарядтау айырын шығарыңыз.
- Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелін (ICCPD) пайдалану бойынша ұсыныстар: зарядтау аяқталғанда зарядтау айырын, содан кейін қуат кабелінің айырын ажыратыңыз.
- Зарядтау айырын ажыратқаннан кейін зарядтау розеткасының қақпағын және зарядтау розеткаларының люк қақпағын міндетті түрде жабыңыз, әйтпесе су немесе бөгде заттар розеткаға түсіп, оның дұрыс жұмысын бұзуы мүмкін.

Пайдалану бойынша ұсыныстар:

- Аспаптар тақтасындағы заряд деңгейінің индикаторы (SOC) қызыл жанса, бұл жоғары вольтты аккумулятор батареясының іс жүзінде зарядсызданғанын білдіреді. Мүмкіндігінше тезірек зарядтау қажет.
- Автокөлікті сапар аяқталғаннан кейін бірден зарядтау тиімдірек.

Жалпы зарядтау ақаулықтарын іздеу және жою

Ақау	Мүмкін себеп	Шешім
Зарядтау құрылғысы жалғанған, зарядтау басталады, бірақ батарея зарядталмайды.	Зарядтау картасының мерзімі өтіп кеткен немесе зарядтау станциясы ақаулы.	Картаның балансын тексеріңіз немесе зарядтау станциясының жұмысына жауапты персоналмен байланысыңыз.

Ақау	Мүмкін себеп	Шешім
	Айнымалы токпен зарядтауға арналған аша дұрыс қосылмаған.	Зарядтау станциясының автоматты сақтандырғышының қосулы күйде екеніне көз жеткізіңіз. Зарядтау кабелін және қосылымның дұрыстығын тексеріңіз.
	Төмен вольтты аккумулятор батареясының терең разряды.	Борттық төмен вольтты аккумулятор батареясын зарядтау үшін борттық электр қуаты жүйесін қосқаннан кейін автокөлікті басқа 12 вольтты аккумулятор батареясына қосыңыз.
	Жерге қосылған желілік розеткада кернеу жоқ.	Электр желісіндегі шамадан тыс жүктемеден қорғаныс іске қосылғанын тексеріңіз немесе басқа розетканы пайдаланыңыз.
	Автокөлік немесе айнымалы токпен зарядтауға арналған розетка ақаулы.	Егер аспаптар тақтасында борттық электр қуаты жүйесінің ақаулығы туралы сигнал шамы жанса немесе зарядтау жүйесінің ақаулығы туралы хабарлама көрсетілсе, зарядтауды тоқтатып, BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталыққа хабарласыңыз.
	Жоғары вольтты батареяның температурасы тым төмен немесе тым жоғары.	Жоғары вольтты аккумулятор батареясын жылытуды немесе салқындатуды қамтамасыз етіңіз. Автокөлікті температурасы тиісті бөлмеге жылжытыңыз және автокөліктің температурасы қалыпты болған кезде зарядтаңыз.
	Жоғары вольтты аккумулятор батареясы толық зарядталған.	Жоғары вольтты батарея толығымен зарядталған кезде зарядтау процесі автоматты түрде тоқтайды.
Зарядтау аяқталғанға дейін тоқтайды.	Зарядтау кабелі дұрыс қосылмаған.	Зарядтау құрылғысының қосқыш кабелінің мықтап жалғанғанын тексеріңіз.
	Зарядтау розеткасының құлыптау түймесі басылған.	Егер зарядтау розеткасының құлыптау түймесі басылса, зарядтау тоқтатылады. Зарядтауды жалғастыру үшін зарядтау ашасын ажыратып, қайта қосу қажет.

Ақау	Мүмкін себеп	Шешім
	Электрмен жабдықтау ажыратылған.	Электрмен жабдықтауды қалпына келтіргеннен кейін зарядтауды жалғастыру үшін зарядтау айырын ажыратып, қайта қосыңыз.
	Жоғары вольтты аккумулятор батареясының температурасы тым жоғары.	Егер зарядтау автоматты түрде тоқтатылса, аккумулятор батареясы салқындағаннан кейін зарядтауды орындаңыз.
	Автокөлік немесе зарядтау станциясы ақаулы.	Егер зарядтау станциясында немесе автокөлікте қандай да бір ақаулар болса, уәкілетті BYD дилеріне немесе сервис орталығына хабарласу ұсынылады.

Зарядталу

- Зарядтау алдында тексеріңіз:
  - Қуат жабдығында, зарядтау штепселінде, зарядтау ағытпасында және зарядтау жабдығына қосылу құрылғысында кабельдің тозуы, ағытпалардың тоттануы, корпустағы жарықтар немесе ағытпадағы бөгде заттар сияқты ақаулар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
  - Қосылымның сенімділігіне, зарядтау ашасы немесе зарядтау розеткасының металл контактілерінде коррозия, күйік немесе балқу іздерінің жоқтығына көз жеткізіңіз.
  - Егер зарядтау штепселінде, ағытпада, қуат ашасында немесе розеткада дақтар немесе ылғал көрінсе, қосылыстың құрғақ және таза екеніне көз жеткізу үшін оларды құрғақ және таза шүберекпен сүртіңіз.
- Осы сәйкессіздіктердің кез келгені болған кезде зарядтамаңыз. Әйтпесе, қысқа тұйықталу немесе электр тогының соғуы салдарынан жарақат алуыңыз мүмкін.
- Жаңбырлы күндері зарядтау жабдығын судың түсуінен қорғаңыз.

Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелін (ICCPD) пайдалану*

Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелінің (ICCPD) көмегімен зарядтау алдында

- Ауыр жарақаттарды болдырмау үшін «Зарядтау нұсқаулары» бөліміндегі ***90-беттегі*** нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.
- Зарядтау жабдығы мен автокөліктің зақымдалуын болдырмау үшін «Зарядтау нұсқаулары» бөліміндегі ***90-беттегі*** нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.

Жабдық

- Зарядтау кабелі қуат ашасымен (пайдалану елінің стандартына сәйкес), зарядтау ашасымен және басқару блогымен жабдықталған. Ашаны стандартты тұрмыстық электр желісінің розеткасына, ал зарядтау айырын автокөліктің зарядтау розеткасына қосыңыз.
- Автокөлікті пайдалану елінің стандартына сәйкес келетін тұрмыстық розеткаларды пайдаланыңыз. Бұл электр сымдарының зақымдалуын немесе зарядтаудың жоғары қуатына байланысты автоматты сақтандырғыштардың іске қосылуын болдырмайды, бұл басқа электр тұтынушыларының дұрыс жұмысын бұзуы мүмкін.

- Автокөлікті зарядтау үшін автокөлікті жергілікті стандарттарға сәйкес келетін розеткаға қосыңыз.
- Зарядтау уақыты: аспаптар тақтасындағы зарядтау уақыты туралы хабарламаны қараңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Зарядтау жабдығының талаптарына сәйкес дұрыс қуат көзін таңдау үшін уәкілетті BYD дилеріне, сервис орталығына немесе жергілікті электрикке хабарласқан жөн.
- Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелін (ICCPD) пайдаланған кезде зарядтау ағытпасын құлыптау функциясын іске қосыңыз.

Зарядталу

1. Зарядтау розеткаларының люк қақпағын ашу:
   - Егер автокөлік есіктері құлыпталмаған болса, люкті ашу үшін зарядтау розеткаларының люк қақпағын басыңыз.



2. Айнымалы токпен зарядтауға арналған розетка қақпағын ашу:
   - Розетка қақпағын ашыңыз және зарядтау айыры мен зарядтау розеткасы арасында кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.



3. Қуат ашасын қосу:
   - Кіріктірілген басқару блогы (ICCPD) бар зарядтау кабелін электр желісінің розеткасына қосыңыз.
4. Автокөлік розеткасына қосу:
   - Зарядтау ашасын зарядтау розеткасына дұрыс салыңыз.
   - Зарядтау штепселін орнатқаннан кейін аспаптар тақтасында немесе ақпараттық ойын-сауық жүйесінің экранында зарядтау ағытпасының қосылу индикаторы жанады.

ЕСКЕ САЛУ

- Зарядтау кезінде тиісті зарядтау параметрлері мен зарядтау символы аспаптар тақтасында көрсетіледі.
- Зарядтауды ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экраны арқылы жоспарлауға болады. Толық ақпарат алу үшін ***99-бетті*** қараңыз.
- Аккумулятор батареясы қатты таусылған болса, кесте бойынша зарядтауды пайдалану мүмкін емес.

Зарядтауды тоқтату

1. Зарядтауды аяқтау:
   - Автокөлік толық зарядталған кезде зарядтау автоматты түрде аяқталады.
   - Зарядтауды мерзімінен бұрын аяқтау үшін келесі тармаққа өтіңіз.
2. Зарядтау ашасын ажырату:

- Егер зарядтау қосқышын құлыптау функциясы өшірілген болса, зарядтау ашасындағы механикалық түймені басып, оны зарядтау розеткасынан шығарыңыз.
- Егер зарядтау ағытпасын құлыптау функциясы белсенді болса, кілттегі құлыпты ашу түймесін басыңыз немесе есік тұтқасындағы микро ауыстырып қосқышты басыңыз (кілт жақын жерде болғанда), содан кейін зарядтау ашасын шығарыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Автокөліктің құлпын ашу үшін кілттегі құлыпты ашу түймесін басыңыз (автокөлік оталдыру жүйесі өшірілген кезде зарядталса) немесе есік тұтқасындағы микро қосқышты басыңыз (бұл кезде кілт автокөліктің жанында болуы керек).
- Зарядтау ағытпасын құлыптау функциясы белсенді болған кезде, зарядтау ашасын ажыратпас бұрын оның құлпын ашу үшін автокөліктің құлпын ашыңыз. Ашаны екі минут ішінде шығару керек, әйтпесе розетка ашаны қайтадан құлыптайды.
- Зарядтау ағытпасын құлыптау функциясын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында іске қосуға немесе өшіруге болады, функцияны қосу және өшіру туралы ***103-беттті*** қараңыз.
- Егер құлыпты ашқаннан кейін зарядтау штепселін шығарып алу мүмкін болмаса, құлыпты тағы бірнеше рет ашып көріңіз. Егер бұл көмектеспесе, құлыпты апаттық ашуды орындауға тырысыңыз. Әрекеттер ретін «Зарядтау ағытпасын блоктау жүйесі» бөліміндегі ***105-беттен*** қараңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Зарядтау портының құлпы ағытылып тұрғанда зарядтау ағытпасын суыру бірінші реттен мүмкін болмаса, автокөлік есіктерінің құлпын ашып, әрекетті қайталап көріңіз.

3. Қуат ашасын ажыратыңыз.
4. Қақпақты және зарядтау портының люгін жабыңыз.
5. Зарядтау жабдығын дұрыс сақтаңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Зарядтау ашасының қақпағы ашық болғанда, зарядтау розеткаларының люк қақпағын жаппаңыз.

Айнымалы ток зарядтау станцияларын пайдалану

Айнымалы ток зарядтау станциясын қолданар алдында:

- Ауыр жарақаттарды болдырмау үшін зарядтау кезіндегі сақтық шараларына қатысты ***90-беттегі*** нұсқауларды мұқият оқып, орындаңыз.
- Зарядтау жабдығы мен автокөліктің зақымдалуын болдырмау үшін осы бөлімдегі ***90-беттегі*** зарядтау нұсқауларын мұқият оқып, орындаңыз.

Жабдық

- Айнымалы токпен зарядтау станциясы*
  - Зарядтау станциясы зарядтау ашасымен және жалғау кабелімен жабдықталған. Автоматты сақтандырғыш және апаттық ажыратқыш туралы ақпаратты зарядтау станциясының пайдалану жөніндегі нұсқаулығынан қараңыз.
  - Зарядтау станциясының көмегімен зарядтау. Жабдықты пайдалануға қатысты оның пайдалану жөніндегі нұсқаулығын қараңыз және ондағы нұсқауларды орындаңыз.

- Айнымалы ток зарядтау тірегі
  - Автокөлікті бір фазалы айнымалы токпен зарядтауға арналған жалпы пайдаланудағы зарядтау тірегінің көмегімен зарядтаңыз. Айнымалы токпен зарядтауға арналған жалпы пайдаланудағы зарядтау тіректері әдетте ірі супермаркеттерде, сауда орталықтарында және тұрақтарда орнатылады. Кейбір зарядтау станциялары зарядтау штепсельдерімен жабдықталмағандықтан, айнымалы токпен зарядтау штепсельдерін дайындау қажет.
  - Зарядтау уақыты: аспаптар тақтасындағы зарядтау уақыты туралы хабарламаны қараңыз.

Зарядталу

1. Автокөліктің құлпын ашыңыз, содан кейін зарядтау розеткаларының люк қақпағын және зарядтау розеткасының қақпағын ашыңыз:
   - Зарядтау розеткаларының люк қақпағының құлпын ашып, ашыңыз, содан кейін «Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелін (ICCPD) пайдалану» бөліміндегі нұсқауларға сәйкес зарядтау розеткасының қақпағын ашыңыз.
2. Қуат ашасын қосу:
   - Егер зарядтау үшін айнымалы ток зарядтау станциясы пайдаланылса, бұл кезеңді өткізіп жіберіңіз.
   - Зарядтау ашаларымен жабдықталған айнымалы токпен зарядтауға арналған жалпы пайдаланудағы зарядтау тіректері үшін бұл кезеңді өткізіп жіберіңіз.
   - Автокөлігіңізді зарядтау ашасы жоқ жалпы пайдаланудағы зарядтау тірегіне қосу үшін айнымалы токпен зарядтауға арналған ашасы бар жеке кабеліңізді пайдаланыңыз.
3. Автокөлік розеткасына қосу:
   - Зарядтау штепселін ағытпаға салыңыз және оның мықтап салынғанына көз жеткізіңіз.
4. Зарядтау баптаулары:
   - Егер айнымалы ток зарядтау станциясы немесе айнымалы токпен зарядтауға арналған жалпы пайдаланудағы зарядтау тірегі пайдаланылса, ешқандай параметрлерді орындамай, кезеңді өткізіп жіберіңіз.
   - Бір фазалы айнымалы токпен зарядтауға арналған жалпы пайдаланудағы зарядтау тірегін/баптауды қажет ететін зарядтау станциясын пайдаланған кезде, картаны өткізіңіз немесе QR-кодты сканерлеңіз. Толық ақпарат алу үшін зарядтау станциясын/блогын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.
5. Аспаптар тақтасында зарядтау ағытпасының қосылу  индикаторы жанады.

ЕСКЕ САЛУ

- Зарядтау кезінде тиісті зарядтау параметрлері мен зарядтау символы аспаптар тақтасында көрсетіледі.
  - Зарядтауды ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экраны арқылы жоспарлауға болады. Функцияларды баптауға қатысты ***99-бетті*** қараңыз.

Зарядтауды тоқтату

1. Зарядтауды аяқтау:
   - Белгіленген зарядтауды тоқтату уақыты келген кезде немесе зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау автоматты түрде тоқтатылады.
2. Зарядтау кабелін ажыратыңыз:
   - Кабельді «Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелін (ICCPD) пайдалану» бөліміндегі нұсқауларға сәйкес ажыратыңыз.
3. Қуат ашасын ажыратыңыз.
   - Бұл тармақты зарядтау штепселімен жабдықталған айнымалы токтың зарядтау станциялары үшін өткізіп жіберіңіз.
   - Егер зарядтау үшін айнымалы ток зарядтау станциясы пайдаланылса, бұл кезеңді өткізіп жіберіңіз.
   - Егер кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелі (ICCPD) пайдаланылса, алдымен зарядтау ашасын автокөліктен, содан кейін ашаны зарядтау станциясынан ажырату ұсынылады.
4. Айнымалы токпен зарядтауға арналған розетка қақпағын және зарядтау розеткаларының люк қақпағын жабыңыз.
5. Жабдықты дұрыс сақтаңыз.
   - Зарядтау ашасын зарядтау тірегіндегі/станциясындағы арнайы орынға қойыңыз.

Тұрақты токпен зарядтау тірегі*

Тұрақты ток зарядтау станцияларын қолданар алдында:

- Ауыр жарақаттарды болдырмау үшін осы бөлімдегі ***90-беттегі*** зарядтау нұсқауларын мұқият оқып, орындаңыз.
- Зарядтау жабдығы мен автокөліктің зақымдалуын болдырмау үшін осы бөлімдегі ***90-беттегі*** зарядтау нұсқауларын мұқият оқып, орындаңыз.

Жабдық

- Автокөлікті тұрақты токпен зарядтауға арналған жалпы пайдаланудағы зарядтау тірегінің көмегімен зарядтаңыз.
- Жабдықтың техникалық сипаттамалары: зарядтау тіректеріндегі нұсқауларды қараңыз.
- Зарядтау уақыты: аспаптар тақтасындағы зарядтау уақыты туралы хабарламаны қараңыз.

Зарядталу

1. Зарядтау розеткаларының люк қақпағын ашу:
   - Автокөліктің құлпы ашылғанына және борттық электр қуаты жүйесі өшірілгеніне көз жеткізіңіз, содан кейін оны ашу үшін автокөліктің оң жағындағы зарядтау розеткаларының люк қақпағын басыңыз.
2. Тұрақты токпен зарядтауға арналған қосқыш қақпағын ашу:
   - Розетка қақпағын ашыңыз және зарядтау айыры мен зарядтау розеткасы арасында кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз.



3. Автокөлік розеткасына қосу:
   - Тұрақты ток зарядтау тірегінің зарядтау ашасын тұрақты токпен зарядтауға арналған розеткаға салыңыз және оны бекітіңіз.
4. Зарядтауды бастау:
   - Зарядтауды бастауға арналған нұсқауларға сәйкес зарядтау жабдығымен әрекеттерді орындаңыз.
5. Аспаптар тақтасында зарядтау ағытпасының қосылу индикаторы жанады.

ЕСКЕ САЛУ

- Зарядтау кезінде тиісті зарядтау параметрлері мен зарядтау символы аспаптар тақтасында көрсетіледі.

Зарядтауды тоқтату

1. Зарядтауды аяқтау:
   - Белгіленген зарядтауды тоқтату уақыты келген кезде немесе зарядтау аяқталғаннан кейін зарядтау автоматты түрде тоқтатылады.
2. Зарядтау штепселін ажыратыңыз:
   - Штепсельді шығару үшін тұрақты токтың зарядтау штепселінің механикалық құлыптау түймесін басыңыз.
3. Қақпақты және зарядтау портының люгін жабыңыз.
4. Зарядтау жабдығын жинау:
   - Зарядтау тірегінің көмегімен тұрақты токпен зарядтау аяқталғаннан кейін, зарядтау кабелін мұқият жинаңыз және зарядтау ашасын арнайы орынға дұрыс бекітіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер зарядтаудан кейін ашаны шығару мүмкін болмаса, зарядтау тірегі тиесілі компанияның тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне дереу хабарласыңыз.
- Жоғары температура жағдайында тұрақты токпен зарядтау кезінде автокөлік салонындағы кондиционердің жұмысы аккумулятор батареясының термореттеу тиімділігін төмендетуі мүмкін. Бұл зарядтау тиімділігінің төмендеуіне және соның салдарынан оның уақытының ұзаруына әкелуі мүмкін. Зарядтау тиімділігін қамтамасыз ету үшін

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

зарядтау кезінде кондиционерді қоспаған жөн.

Интеллектуалды зарядтағыш

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында ⚙ → **Энергия** → **Зарядтау/Разрядтау** түймесін басып, интеллектуалды зарядтау мәзіріне өтіңіз.

Интеллектуалды зарядтау параметрлері

① Кесте бойынша зарядтау ажыратқышы

② Зарядталудың басталу және аяқталу уақыты

③ Қайталау



- Әдепкі баптаулар – автокөлікті дереу зарядтау. Яғни, кесте бойынша зарядтау өшірілген.
- Кесте бойынша зарядтауды баптау ажырат басталу және аяқталу уақытын орнатыңыз ж кейін параметрлерді сақтаңыз.
- Кестені баптағаннан кейін, егер сіз зарядтау ашасын қоссаңыз немесе оталдыру түймесімен борттық электр қуаты жүйесін өшірсеңіз, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында зарядтаудың басталу уақыты туралы ескесалғыш пайда болады. Қажет болса, жедел зарядтау режиміне ауысуға болады. Суық жағдайларда аккумулятор батареясын алдын ала жылыту функциясы автоматты түрде іске қосылады.

ЕСКЕ САЛУ

- Интеллектуалды зарядтау функциясы тек BYD компаниясы ұсынатын айнымалы ток зарядтау станцияларына арналған. Егер бұл функцияны жалпы пайдаланудағы зарядтау станциясында пайдалану қажет болса, станцияның автокөлік тарапынан зарядтауды кейінге қалдырылған іске қосу функциясын қолдайтынына көз жеткізіңіз.
- Аккумулятор батареясының терең разрядталуы жағдайында автокөлік алдымен ең аз рұқсат етілген деңгейге дейін зарядталады, содан кейін кесте бойынша зарядтау режимі іске қосылады. Осы процесс кезінде ақпараттық-ойын-сауық жүйесі борттық электр қуаты жүйесін өшіру және зарядтау ашасын қосу қажеттілігі туралы еске салғышты көрсетуді жалғастырады, тиісті хабарлама аспаптар тақтасында көрсетіледі.
- Орталық дисплейде (PAD) жедел зарядтау режимін қосу, егер кесте бойынша зарядтау бапталған және қосылған болса, тек бір рет әрекет етеді. Сақталған кестені болдырмау үшін параметрлер мәзіріндегі кесте бойынша зарядтау функциясын өшіріңіз.
- Кесте баптаулары тұрақты токпен зарядтау үшін жұмыс істемейді. Мұндай зарядтау тұрақты токтың зарядтау штепселін қосқаннан кейін бірден басталады*.

Сыртқы тұтыну көздеріне қуат беру жөніндегі нұсқаулық*

Бұл автокөлікте сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру функциясы қарастырылған*. Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру дегеніміз – автокөлік аккумулятор батареясынан сыртқы жүктемеге электр энергиясын беру (V2L).

ЕСКЕРТУ!

- Сыртқы тұтыну көздерін қуат беру кезінде заряд беруші ұяның немесе автокөліктің зарядтау портының металл түйіспелерін қолмен ұстамаңыз.
- Ерекше иіс немесе түтін сияқты ауытқулар пайда болған кезде сыртқы жабдықтың қуатын дереу өшіріңіз.
- Разрядтау кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне қатысты ***90-бетті*** қараңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Жабдықты пайдаланбаған кезде салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.
- Разрядтау кезінде жабдықтың құлап кетуін, зақымдануын немесе оған соғылуын болдырмау үшін оны жүксалғыш бөліміне, автокөліктің алдыңғы бөлігінің астына немесе дөңгелектердің жанына қоймаңыз.
- Егер ұзартқыштың кабелі жұмсақ болса, сыртқы қуаттандыру штепселінің кабелі тозса, оқшаулау жарылып кетсе немесе басқа зақым келсе, зарядтау жабдығын пайдалануға тыйым салынады.
- Егер сыртқы қуаттандыру штепселі немесе ұзартқыш ажыратылған немесе сынған болса, сондай-ақ бетінде зақымдану белгілері болса, жабдықты пайдалануға тыйым салынады.
- Егер автокөлік аккумулятор батареясы зарядтың төмен деңгейіне дейін разрядталса, ішкі жану қозғалтқышы іске қосылады. Жабық кеңістікте немесе жанғыш немесе жарылғыш материалдардың жанында разрядтауды жүргізбеңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыруға арналған жабдықты пайдалану кезіндегі сақтық шаралары ***90-бетте*** келтірілген зарядтау жабдығын пайдалану кезіндегі сақтық шараларына ұқсас.
- V2l функциясын қолданар алдында сыртқы тұтынушының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕ САЛУ

- Сыртқы жабдықты қоспас бұрын автокөліктің заряд деңгейін тексеріп, қалған жүріс қорын бағалаңыз. Бұл функцияны автокөлік аккумулятор батареясының заряд деңгейі жоғары болған кезде пайдалану ұсынылады.
- Егер борттық электр жүйесі өшірілген кезде сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыруға арналған жабдық ұзақ уақыт бойы қосулы болса,

ЕСКЕ САЛУ

- онда қуаттандырусыз да тыныштық режимінде электр энергиясын тұтыну артады. Сондықтан құрылғы пайдаланылмаған кезде сыртқы жабдықты қуаттандыруға арналған ашаны ажырату ұсынылады.
- Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру үшін BYD компаниясының түпнұсқа жабдығын пайдалану міндетті. Үшінші тарап өндірушілерінің өнімдерін пайдаланған кезде автокөліктен электр энергиясын беру функциясы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру V2L

1. **Жабдық**

- Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыруға арналған жабдық (V2L) разрядтау ашасын, қуат розеткалары блогын, кабелін және разрядтау ашасының қорғаныш қақпағын қамтиды.

2. **Сыртқы тұтыну көздерін қуаттау**

- Сыртқы тұтыну көзін қоспас бұрын айдап әкетуден сақтайтын сигнал беру жүйесін ажыратып қойыңыз.
- Зарядтау порты люгінің құлпын ағытып, люкті ашыңыз да, қақпақты шешіңіз.
  - Зарядтау розеткалары люгінің қақпағын құлпын ашыңыз, содан кейін люкті және автокөліктің оң жағындағы зарядтау розеткасының қақпағын ашыңыз («Кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелін пайдалану (ICCPD)» қараңыз).
- Сыртқы тұтыну көздерін қуаттау режимін қоспас бұрын мыналарды тексеріңіз:
  - Автокөлік аккумулятор батареясының заряд деңгейі кемінде 15% екеніне көз жеткізіңіз.
  - V2L қосқыш құрылғысының корпусында жарықтар жоқ екеніне және оның ұясында тот немесе бөгде материалдар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
  - Зарядтау портының ішінде су немесе бөгде материалдар жоқ екеніне және металл клеммалардың зақымдалмағанына немесе тоттанбағанына көз жеткізіңіз.

- Осы жағдайлардың кез келгенінде сыртқы электр тұтынушыларының қуатын қоспаңыз. Әйтпесе, қысқа тұйықталу немесе электр тогының соғуы салдарынан жарақат алуыңыз мүмкін.

- Сыртқы тұтыну көздерін қуаттауға арналған адаптерді жалғаңыз:
  - V2L разрядтау ашасын зарядтау розеткасына мықтап қосыңыз.
- Сыртқы тұтыну көздерін қуаттау функциясын қосу:
  - Қуат розеткалары блогындағы ажыратқыш түймесін басқаннан кейін индикатор үздіксіз қызыл түспен жана бастайды. Бұл қуат розеткалары блогының пайдалануға дайын екенін білдіреді.
  - Жабдықты қосқаннан кейін разрядтау басталады және аспаптар тақтасында разрядтау туралы ақпарат көрсетіледі.

3. **Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру ұзақтығын баптау**

- Разрядтау ашасын қосқаннан кейін V2L сыртқы электр тұтынушыларының қуаты автоматты түрде қосылады, ал аспаптар тақтасында және ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында кері санақ басталады. Әдепкі бойынша ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында функцияның үздіксіз жұмыс істеу уақыты бес сағатқа тең болып орнатылған.
- «Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру» мәзіріне кіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → **Энергия** → **Зарядтау және разрядтау**.
  - Разрядтау ашасын автокөлікке қосқаннан кейін «Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру» функциясын қосыңыз немесе өшіріңіз.
  - Оталдыру өшірілген кезде автокөлік аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмендесе, сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыруды жалғастыру үшін қозғалтқышты іске қосу қажет болса, «Заряд деңгейі тым төмен болған кезде электр энергиясын өндіру үшін қозғалтқышты іске қосу» ажыратқышын басыңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Оталдыру қосулы кезде автокөлік аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмендесе, іштен жану қозғалтқышы электр энергиясын өндіру үшін автоматты түрде іске қосылады, ешқандай әрекет қажет емес.

- Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандырудың қажетті уақыт ұзақтығын орнату үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы бір реттік разрядтауды баптау түймесін басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ашаны қоспай разрядтауды қосу мүмкін емес. Бұл жағдайда «Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыру» түймесін басқан кезде біраз уақыттан кейін белсенді емес болып қалады, бұл қалыпты жағдай.
- Сыртқы электр тұтынушыларының қуаты автокөлік аккумулятор батареясы тым разрядталса, аккумулятор батареясы разрядталған және қозғалтқышты оталдыру және электр энергиясын өндіру үшін отын жоқ болса немесе орнатылған разрядтау уақыты тым үлкен болса, ертерек тоқтауы мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі емес.

4. **Сыртқы тұтыну көздерін қуаттау функциясын өшіру**

- Сыртқы тұтыну көздерін қуаттауды аяқтау:
  - Қуат розеткалары блогындағы ажыратқышты басыңыз.
  - Төтенше жағдайда келесі кезеңге бірден өтіңіз (ұсынылмайды).
- Сыртқы электр тұтынушыларын қуаттандыруға арналған жабдықты ажырату:
  - Разрядтау ашасындағы механикалық түймені* басып, оны қолмен зарядтау розеткасынан шығарыңыз.
- Зарядтау розеткасының қақпағын және зарядтау розеткалары люгінің қақпағын жабыңыз.

- Жабдықты орналастыру:
  - Сыртқы электр тұтынушыларының қуатын аяқтағаннан кейін жабдықты жүксалғыш бөліміне немесе торлы қапқа салыңыз.

Аккумулятор батареясының мақсатты заряд деңгейін баптау

- Автокөлік гибридті режимде жұмыс істеген кезде, энергияны үнемдеуге арналған аккумулятор батареясының мақсатты заряд деңгейін баптау функциясы қолжетімді, мысалы, қарқынды үдеуді қамтамасыз ету үшін. Автокөлік тұрақты жылдамдықпен қозғалған кезде, аккумулятор батареясының заряд деңгейі мақсатты деңгейге қатысты ауытқиды.
- Автокөліктің басқару блогы мақсатты заряд деңгейінің соңғы орнатылған мәнін жадында сақтайды.

ЕСКЕ САЛУ

- Іштен жану қозғалтқышы іске қосылған және автокөлік тұрақты жылдамдықпен қозғалған кезде, қозғалтқыш үдететін айналу моменті ішінара генераторды жетектеу және жоғары вольты аккумулятор батареясын зарядтау мақсатында электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылады.
- Ағымдағы заряд деңгейі мен аккумулятор батареясы ұяшықтарының теңдестірілген заряд деңгейі арасындағы айырмашылық үлкен болса, теңдестіру процесі ұзақ уақыт алуы мүмкін.

Аккумулятор батареясының мақсатты заряд деңгейін баптау

- Мақсатты заряд деңгейі деп автокөлік қозғалыс кезінде ұстап тұруы тиіс аккумулятор батареясының заряд деңгейі түсініледі. Заряд деңгейін сақтау режимін қосу немесе өшіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → **Энергия** → **Энергияны басқару**.
  - Заряд деңгейін сақтау режимі қосулы: басымдық аккумулятор батареясының зарядын сақтау болып табылады; жүйе заряд деңгейін белгіленген мақсатты деңгейден төмен емес мәнде барынша қолдайды. Егер баратын жерде автокөлікті ынғайлы зарядтау мүмкіндігі болса, мақсатты заряд деңгейін төмендету электр тартысын барынша тиімді пайдалануға және отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Әйтпесе, автокөліктің жүріс қасиеттерін жақсарту үшін заряд деңгейінің жоғары мақсатты мәнін орнату ұсынылады.
  - Заряд деңгейін сақтау режимі өшірілген: басымдық отын үнемділігі болып табылады, дегенмен аккумулятор батареясының заряд деңгейін ұстап тұру да ескеріледі.
- Оңтайлы жүріс қасиеттері мен жайлылық үшін автокөлік теңіз деңгейінен биіктікті және сыртқы температураны ескере отырып, аккумулятор батареясының мақсатты заряд деңгейінің төменгі шегін автоматты түрде бейімдейді.

Тұрақта электр энергиясын өндіру

- Егер тұрақ кезінде аккумулятор батареясының заряд деңгейі белгілі бір мәннен төмендесе, іштен жану қозғалтқышы жоғары вольты аккумулятор батареясын зарядтау үшін генераторды айналдырады. Осыған байланысты қозғалтқыштың бос жүріс айналу жиілігінен өзгеше айналу жиілігімен жұмыс істеуі қалыпты жағдай. Электр энергиясын өндіру аккумулятор батареясының заряд деңгейі белгілі бір деңгейге жеткенде тоқтайды.

Жүру режимдерінің жады

- Аккумулятор батареясының заряд деңгейі жоғары болған кезде автокөлік электр қуатын қосқанда автоматты түрде EV режиміне өтеді. EV режимі басым болып табылады.
- Аккумулятор батареясының орташа заряд деңгейінде автокөлік электр қуатын қосқанда әдепкі бойынша алдыңғы өшіру алдында таңдалған жүру режимінде қалады. Электр қуатын қосқаннан кейін режимдер ауыстырып қосқышы арқылы жүру режимін қолмен таңдауға болады.

Газ педалін басу арқылы электр энергиясын өндіру

- Егер автокөлік тұрақта және HEV режимінде болса, онда аккумулятор батареясының заряд деңгейі белгілі бір мәннен төмендеген кезде газ педалін басу электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Газ педалін басу дәрежесін

өзгерте отырып, электр энергиясын генерациялау қуатын реттеуге болады.

ЕСКЕ САЛУ

- Электр энергиясын өндіру үшін газ педалін ұзақ уақыт басу ұсынылмайды.
- Пайдаланудың ерекше жағдайларында, мысалы, төмен немесе жоғары температурада, газ педалін басқан кезде электр энергиясын генерациялау қуаты рұқсат етілген зарядтау қуатымен немесе генератордың мүмкіндіктерімен шектеледі, бұл ретте аспаптар тақтасындағы қуат мәні өзгереді.

Рекуперациялық тежеуді баптау

- Қозғалыс кезінде энергияны қалпына келтіру автокөлік баяулаған кезде рекуперациялық тежеу арқылы жүзеге асырылады. Тиімділікті арттыру үшін автокөлік жылдамдығын қажетсіз үдетпеңіз немесе баяулатпаңыз.
- Функцияны ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында баптауға болады → ⚙ → **Энергия** → **Энергияны басқару** → **Рекуперативті тежеу**. Автокөлік таңдалған режимге және ағымдағы қозғалыс жағдайларына негізделген рекуперативті тежеудің оңтайлы тиімділігін қамтамасыз ету үшін жүргізу стиліңізге сәйкес энергияны рекуперациялау режимін таңдаңыз.
  - Қалыпты режим: жоғары қарқындылық режиміне қарағанда баяулаудың көп уақытын және еркін қозғалыстың үлкен қашықтығын талап етеді
  - Жоғары қарқындылық режимі: тежеу энергиясын барынша пайдалануды қамтамасыз етеді, бұл автокөліктің қарқынды баяулауымен қатар жүреді.
- Акселератор педалін жіберген кездегі баяулау сезіміне байланысты қалпына келтіру қарқындылығын таңдауға болады. Баяулау кезіндегі әртүрлі сезімдер әртүрлі жүргізу тәжірибесіне ықпал етеді.
- Орнатылған рекуперативті тежеу қарқындылығы жадыда сақталады. Автокөліктің қуатын өшірген және қосқан кезде соңғы таңдалған рекуперациялық тежеу режимі сақталады.

ЕСКЕРТУ!

- Тежеу энергиясын пайдалану тежегіштерді алмастыра алмайды. Қарқынды баяулау қажет болғанда немесе төмен қарай қозғалған кезде, жүргізуші нақты жағдайды ескере отырып, қажет болған жағдайда тежегіш педалін басуы керек.
- Жоғары жылдамдықпен қозғалған кезде рекуперация қарқындылығын баптамаңыз, себебі бұл назарды аударып, апатқа әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жоғары вольтты батареяның температурасы тым төмен немесе тым жоғары.

- HEV режимінде іштен жану қозғалтқышы аккумулятор батареясын зарядтау немесе жетек үшін қосымша қуат беру қажет болған жағдайда автоматты түрде іске қосылады және өшеді. Кейбір жағдайларда қозғалтқыш оталған болса, ол қайта оталуы немесе өшуі мүмкін.
- Аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен болған кезде автокөліктің қуаты аккумулятор батареясының заряд деңгейі жоғары болған кездегіден төмен болады.

Ұрлықтан қорғау үшін зарядтау ағытпасын құлыптау

- Зарядтау штепселін ұрлап кетпеуі үшін автокөліктің зарядтау ағытпасында зарядтау және разрядтау кезінде құлыптау функциясы бар. Бұл функция әдепкі бойынша өшірілген. Зарядтау ағытпасын құлыптау жүйесін қосу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына өтіңіз → ⚙ → **Энергия** → **Зарядтау/Разрядтау** .



- Функция қосулы немесе интеллектуалды режимде болған кезде, автокөліктің құлпын ашып, зарядтау кезінде зарядтау ашасын келесі тәсілдермен ажыратуға болады:

- Оталдыру өшірілген кезде, құлыпты ашу үшін смарт-кілттегі құлыпты ашу түймесін басыңыз.
- Құлыпты ашу үшін жүргізуші есігінің сыртқы тұтқасындағы микро ауыстырып қосқышты басыңыз.
- Құлыпты ашу үшін жүргізуші есігіндегі орталық құлып түймесін басыңыз.
- Автокөлік толық зарядталған кезде зарядтау ашасы автоматты түрде құлпын ашады (тек интеллектуалды режимде).

№	Зарядтау ағытпасын құлыптау жүйесінің күйі	Есік құлыптарының күйі	Автокөлік толық зарядталған ба немесе жоқ па	Зарядтау ашасын шығаруға бола ма немесе жоқ па
1	Белсендірілген	Құлыпталған	/	Жоқ
2	Белсендірілген	Қозғалысқа дайындық	/	Иә
3	Өшірілген	Құлыпталған	/	Иә
4	Өшірілген	Қозғалысқа дайындық	/	Иә
5	Интеллектуалды режим	Құлыпталған	Автокөлік толығымен зарядталды	Иә
			Автокөлік толығымен зарядталмады	Жоқ
6	Интеллектуалды режим	Қозғалысқа дайындық	/	Иә

- Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, егер автокөлік 2, 3, 4 немесе 6 күйінде болса, жоғарыда аталған құлыпты ашу тәсілдерінен басқа, зарядтау ашасын оның түймесін басу арқылы құлпын ашып, шығаруға болады. Алайда, бұл зарядтау розеткасының немесе зарядтау ашасының қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін. Бұл әрекет төтенше шара болып табылады және оны жиі қолдану ұсынылмайды.

ЕСКЕ САЛУ

- Құлыпталған автокөлік толық зарядталғаннан кейін, егер зарядтау ағытпасын құлыптау жүйесі өшірілген болса, зарядтау ашасы автоматты түрде құлпын ашады. Бұл жүйе белсендірілген немесе интеллектуалды режимде болған кезде, зарядтау ашасын жоғарыда көрсетілген тәртіппен қолмен құлпын ашу қажет.

ЕСКЕ САЛУ

- Зарядтаудан кейін дұрыс қозғалу үшін зарядтау ашасын шығарғаннан кейін зарядтау розеткалары люгінің қақпағын жабыңыз.

Зарядтау ағытпасының құлпын апаттық жағдайда ашу

Егер зарядтау ашасын құлыптау жүйесінің істен шығуына байланысты ажырату мүмкін болмаса, зарядтау ағытпасын қолмен құлпын ашыңыз.

- Жүксалғыш бөлімінің қақпағын ашыңыз.
- Апаттық құлыпты ашу механизмі жүксалғыш бөлімінің оң жағында орналасқан. Зарядтау ашасының құлпын ашу үшін апаттық құлыпты ашу тросын ақырын тартыңыз.
- Ашаны шығарғаннан кейін қақпақты орнына қойыңыз.



ЕСКЕ САЛУ

- Жоғарыда аталған функциялардың жұмысы бұзылған немесе істен шыққан жағдайда, уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласыңыз.

Аккумулятор батареясы

Жоғары вольтты аккумулятор батареясы

- Автокөліктің негізгі энергия көздерінің бірі – автокөлік еденінің астында орналасқан және бірнеше рет зарядтауға болатын жоғары вольтты аккумулятор батареясы. Жоғары вольтты аккумулятор батареясын сыртқы қуат көзінен зарядтаудың негізгі тәсілдері: кіріктірілген басқару блогы бар зарядтау кабелінің (ICCPD) көмегімен, айнымалы ток зарядтау станциясының көмегімен, тұрақты ток зарядтау станциясының* көмегімен, сондай-ақ автокөліктің баяулауы, еркін қозғалыс немесе жұмыс істеп тұрған іштен жану қозғалтқышының көмегімен электр қозғалтқышының көмегімен.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жоғары вольтты аккумулятор батареясы автокөліктің төменгі бөлігінде орнатылғандықтан, тегіс емес жолдармен жүргенде сақ болу ұсынылады.

ЕСКЕ САЛУ

- Оталдыруды қосқан кезде жоғары вольтты тізбектер қосылады.
- Жоғары вольтты аккумулятор батареясының жарамды күйіндегі жаңа автокөліктер үшін тек электр тартысындағы жүріс қоры жүргізу стиліне, жол жағдайларына, сыртқы температураға, сондай-ақ борттық электр жабдықтарының қосулы немесе өшірулі болуына байланысты өзгеруі мүмкін.
- Аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімін ұзарту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заряд деңгейі жоғары болған кезде автокөлік компенсациялық зарядтау режиміне өтеді, осыған байланысты зарядтау уақыты ұлғаюы мүмкін.
- Аккумулятор батареясының химиялық қасиеттеріне байланысты оның сыйымдылығы белгілі бір уақыт

ЕСКЕ САЛУ

пайдаланғаннан кейін табиғи түрде төмендейді және электр тарту күшімен жүріс қоры азаяды. Егер сіз автокөлігіңіздің электр тарту күшімен жүріс қоры азайғанын байқасаңыз, тексеру үшін ресми BYD дилеріне немесе сервистік орталыққа хабарласу ұсынылады. Сервистік орталық жағдайында тексеру тек электр тарту күшімен жүріс қорының төмендеуі нормаға сәйкес келетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғары вольтты аккумулятор батареясына қызмет көрсету

- Аккумулятор батареясы оңтайлы жұмыс істеуі үшін аккумулятор батареясын толық зарядтау үшін зарядтау штепселін үнемі қолданыңыз, ұсынылған жиілік — аптасына кемінде бір рет.
- Егер автокөлік жеті күннен артық тұрақта тұрса, автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін аккумулятор батареясының заряд деңгейін 40%-дан 60%-ға дейін ұстап тұру ұсынылады. Егер автокөлік үш айдан артық тұрақта тұратын болса, аккумулятор батареясының сипаттамаларының нашарлауын немесе тіпті зақымдануын болдырмау үшін оны толық зарядтап, заряд деңгейін 40%—60% дейін түсіріңіз.

Төмен температура жағдайында жоғары вольтты аккумулятор батареясын жылыту

- Сыртқы температура төмен болған кезде, төмен температура жағдайында зарядтау жылдамдығын оңтайландыру және жетек қуаты мен жүріс қорын қамтамасыз ету үшін жоғары вольтты аккумулятор батареясын жылыту жүйесі іске қосылады.

ЕСКЕРТУ!

- Кәсіби еместерге жоғары вольтты аккумулятор батареясының корпусын ашуға тыйым салынады. Аккумулятор батареясын рұқсатсыз бөлшектеумен немесе алумен айналысатын кез келген ұйым немесе жеке тұлға осыдан туындаған қоршаған ортаның ластануына немесе жазатайым оқиғаларға жауапты болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жоғары вольтты аккумулятор батареясы істен шыққан кезде, уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

ЕСКЕ САЛУ

- Жоғары вольтты аккумулятор батареясы –35 °C-тан 60 °C-қа дейінгі температурада дұрыс жұмыс істейді.
- Жоғары вольтты аккумулятор батареясын пайдалану кезіндегі жоғары немесе төмен температуралар зарядтау уақытын ұзартуы мүмкін.

Жоғары вольтты аккумулятор батареясын кәдеге жарату

NEV автокөліктерін кәдеге жарату:

1. Автокөлікті жоғары вольтты батареяның қалдық құнын бағалайтын BYD компаниясының кәдеге жарату бойынша қызметтерді жеткізушісіне табыстаңыз.
2. Жоғары вольтты батареяны бөлшектеу үшін бағаланған автокөлікті кәдеге жарату ұйымына табыстаңыз.
3. Батареяны оны сатып алатын кәдеге жарату табыстаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Электрмобильдердің иелері пайдаланылған жоғары вольтты батареяларды кәдеге жарату орнына тапсыруға міндетті. Пайдаланылған жоғары вольтты аккумуляторды басқа ұйымға немесе жеке тұлғаға беретін

ЕСКЕРТУ!

немесе жоғары вольтты батареяны рұқсатсыз алып тастайтын/бөлшектейтін кез келген адам қоршаған ортаның ластануына немесе осындай әрекеттерден туындаған жазатайым оқиғаларға жауап береді.

Төмен вольтты аккумулятор батареясы

- Төмен вольтты аккумулятор батареясы үшін интеллектуалды зарядтау функциясы қарастырылған. Жоғары вольтты аккумулятор батареясы толық зарядталған кезде, автокөлік оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін жоғары вольтты батареядан төмен вольтты батареяны зарядтауды автоматты түрде іске қоса алады.

ЕСКЕ САЛУ

- Оталдыру жүйесі өшірілген кезде естілетін интеллектуалды зарядтау дыбысы қалыпты жағдайға сәйкес келеді.
- Автокөліктен шыққан кезде, барлық электр тұтынушыларының өшірілгеніне және есіктердің жабық екеніне көз жеткізіңіз.

Аккумулятор батареясының заряды төмен болған кезде автокөлікті іске қосу

- **Жүргізуші есігіндегі микро қосқыш арқылы іске қосу**
- Төмен вольтты аккумулятор батареясы күту режиміне өту және іске қосу функциясын қолдайды. Төмен вольтты аккумулятор батареясы ұзақ тұрақ кезінде күту режиміне өтуі мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікті смарт-кілтпен табу немесе ашу мүмкін емес. Төмен вольтты аккумулятор батареясын іске қосу үшін жүргізуші есігінің тұтқасындағы микроқосқышты басыңыз (толығырақ ***58-беттті*** қараңыз). Автокөліктің құлпы ашылғаннан кейін, оны әдеттегідей пайдалануға болады.
- Сыртқы қуат көзінен іске қосу
  - Егер автокөлікті жүргізуші есігінің микро ауыстырып қосқышы арқылы іске қосу және құлпын ашу мүмкін болмаса, есікті ашу үшін механикалық кілтті пайдаланыңыз. Содан кейін автокөлікті іске қосу үшін екі арнайы іске қосу кабелі арқылы 12 В сыртқы қуат көзін қосыңыз. Бұл жағдайда төмен вольтты аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен болады. Аспаптар тақтасында «Төмен вольтты аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен, автокөліктің электр қуаты өшіріледі» деген хабарлама көрсетілуі мүмкін және автокөлік қайтадан күту режиміне өтеді. Төмен вольтты аккумулятор батареясын толық зарядтау үшін автокөлікті дереу іске қосыңыз және 15 минуттан артық уақыт өшірмей тұра тұрыңыз.
  - Сыртқы қуат көзінен іске қосу тек капот астындағы қуат тарату блогының (PDB) арнайы шығыстарына қосылған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Сыртқы қуат көзін қосуға арналған капот астындағы PDB шығыстары суретте көрсетілген.



- Егер автокөлікті жоғарыда аталған тәсілдермен іске қосу мүмкін болмаса, дереу уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

ЕСКЕРТУ!

- Егер сіздің автокөлігіңізде электр қуаты қосылмаған болса, басқа автокөлікті сыртқы қуат көзінен іске қосу тәсілімен іске қоспаңыз. Әйтпесе,

ЕСКЕРТУ!

төмен вольты аккумулятор батареясы зақымдалуы мүмкін.

- Егер төмен вольты батареяның заряды тым төмен болса немесе батарея істен шықса, сыртқы қуат көзінен оталдыру қажет болуы мүмкін. Осы нұсқаулықтағы сыртқы қуат көзінен оталдыру нұсқауларын мұқият оқып шығыңыз және қатаң орындаңыз.
- Төмен вольты батареяда ақылды басқару блогы бар. Аккумулятор батареясының зақымдануын болдырмау үшін, төтенше жағдайларды қоспағанда, оны рұқсатсыз бөлшектеуге тыйым салынады.
- Бөлшектерді ауыстырып, автокөлікті жөндемес бұрын, сымды төмен вольты аккумулятор батареясының теріс терминалынан ажыратыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Оталдыруды кәсіби мамандардың басшылығымен орындауға кеңес береміз, өйткені мотор бөліміндегі PDB блогымен жұмыс істеуге арналған кеңістік шектеулі және электр тізбегіне зақым келтіру қаупі бар.
- Сұйықтықтың ішке түсуін болдырмау үшін төмен вольты аккумулятор батареясын сұйықтықпен тазалауға тыйым салынады.

Интеллектуалды зарядтағыш

- Төмен вольты аккумулятор батареясы зарядсызданған кезде, оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін интеллектуалды зарядтау функциясы іске қосылады.
- Жоғары вольты аккумулятор батареясы зарядсызданған кезде, автокөлік электр энергиясын өндіру және интеллектуалды зарядтау функциясын қамтамасыз ету үшін ішкі жану қозғалтқышын іске қоса алады.
- Бұл модельде интеллектуалды зарядтау функциясы қарастырылған. Егер автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұратын болса, төмен вольты аккумулятор батареясының теріс шығысынан клемманы ажырату міндетті емес.

ЕСКЕ САЛУ

- Төмен вольты аккумулятор батареясының заряды төмен болған кезде, интеллектуалды зарядтау іске қосылады, бұл аспаптар тақтасында көрсетілетін жоғары вольты аккумулятор батареясының заряд деңгейінің немесе электр тарту күшімен жүріс қорының төмендеуіне әкеледі, бұл қалыпты жағдайға сәйкес келеді.
- Автокөлік құлыпталғаннан кейін, егер жоғары вольты аккумулятор батареясының заряд деңгейі іштен жану қозғалтқышы арқылы электр энергиясын өндіруді қажет ететін мәнге дейін төмендесе, пайдаланылған газдар шығарыла отырып, аз мөлшерде отын тұтынылады.

Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

Сынап тексеру кезеңі

- Егер күштік агрегат әрең іске қосылса немесе жиі тоқтаса, автокөлікті дереу тексеріңіз.
- Күштік агрегат жұмыс істеп тұрған кезде қандай да бір қалыптан тыс дыбыстар естілсе, автокөлікті тексеру үшін тоқтатыңыз.
- Егер күштік агрегаттан салқындатқыш сұйықтық пен майдың айтарлықтай ағып кетуі байқалса, тексеру үшін автокөлікті тоқтатыңыз.
- Күштік агрегатты сынап жүргізу қажет. Ол үшін алғашқы 2000 км ішінде гибридті автокөліктің үнемді режимінде жүру ұсынылады. Жоғары жылдамдықпен жүрмей, біркелкі қозғалған жөн. Келесі ұсыныстарды орындау автокөліктің қызмет ету мерзімін тиімді ұзартуға мүмкіндік береді:

- Орыннан қозғалған кезде және автокөлік жүріп келе жатқанда акселератордың педалін тірелгенше баспаңыз.
- Жоғары жылдамдықпен жүруден аулақ болыңыз.
- Алғашқы 300 км-де төтенше тежемеңіз.
- Жоғары немесе төмен жылдамдықпен ұзақ жүрмеңіз.
- Алғашқы 2000 км жол жүргенде басқа көлік құралдарын сүйреу үшін өз автокөлігіңізді пайдаланушы болмаңыз.
- Сынап жүргізу кезеңінде HEV режимінде (іштен жану қозғалтқышы қосылған) жүру үлесі 50%-дан кем болмауы тиіс.

Тіркеме сүйреу

- Бұл автокөлік жолаушылар тасымалдауға арналған. Оны шамадан тыс жүктемеңіз немесе басқа автокөліктерді сүйрету үшін пайдаланбаңыз.
- Басқа көліктерді сүйреу маневрлікке, өнімділікке, тежеу тиімділігіне, беріктікке, үнемділікке, қуат тұтынуға және автокөлік жұмысының басқа аспектілеріне теріс әсер етеді.
- Көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік пен жайлылық толығымен жабдықты пайдалануға және дұрыс жүргізу мәнеріне байланысты.
- BYD компаниясы тіркеме сүйреуден туындаған зақым немесе ақауларға тегін кепілдік бермейді.

Жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

Мас күйде автокөлік жүргізу

Тіпті аз мөлшердегі алкоголь жүргізушінің жол жағдайындағы өзгерістерге жауап беру қабілетін төмендетуі мүмкін. Алкоголь деңгейі неғұрлым жоғары болса, жүргізуші соғұрлым мұқият болмайды. Сондықтан мас күйінде көлік жүргізуге қатаң тыйым салынады.

Жылдамдықты бақылау

Жылдамдықты шектен асыру— өлімге әкелетін жол-көлік оқиғасының негізгі себептерінің бірі. Жоғары жылдамдықпен жүру әдетте үлкен тәуекелге әкеледі. Сондықтан жол жағдайлары үшін қауіпсіз жылдамдықты таңдаңыз.

Жүргізу кезінде автокөліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Шинаның жыртылуы және механикалық ақаулар өте қауіпті. Мұндай ақаулардың пайда болу ықтималдығын азайту үшін автокөліктің күйін үнемі тексеріп, қарастырылған тексерулерді орындаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Автокөлікті тек жүргізуші куәлігі бар адамдар ғана басқара алады.
- Шаршаған кезде көлік жүргізбеңіз.
- Көлік жүргізу кезінде әрқашан жол ережелерін сақтаңыз.
- Қозғалыс кезінде көлік жүргізуге назар аударыңыз және көлік жүргізуден басқа әрекеттерді орындаудан аулақ болыңыз (мысалы, телефон қоңыраулары немесе реттеу түймелерін пайдалану).

Автокөлікті пайдалану бойынша ұсыныстар

Жоғары вольтты аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімін ұзарту бойынша ұсыныстар:

- Автокөлікті ұзақ тұраққа қоймас бұрын, аккумулятор батареясын толық зарядтап, оны 40%—60% заряд деңгейіне дейін зарядсыздандыру, сондай-ақ әйнектерді көтеріп, есіктерді жабу ұсынылады.
- Автокөлік ұзақ тұрақта тұрған кезде, үш айда бір рет аккумулятор батареясын толық зарядтап, зарядсыздандыру, содан кейін оны 40%—60% заряд деңгейіне дейін зарядтау ұсынылады.

- Автокөлікті пайдалану кезінде, егер аспаптар тақтасындағы заряд деңгейі индикаторының шкаласы қызыл түсті болса, бұл аккумулятор батареясының заряд деңгейінің төмен екенін білдіреді. Мұндай жағдайда автокөлікті уақытылы зарядтаңыз және аккумулятор батареясының заряд деңгейі төмен болған кезде ұзақ уақыт жүруден аулақ болыңыз.
- Автокөлікті пайдалану кезінде, автокөлікті бір-екі аптада бір рет толық зарядтау үшін борттық зарядтау жабдығын пайдалану ұсынылады.
- Сыртқы температура жоғары болған кезде, автокөлікті толық зарядталған аккумулятор батареясымен ұзақ уақыт тұраққа қоюдан аулақ болыңыз. Толық зарядталған аккумулятор батареясын 95%-дан төмен заряд деңгейіне дейін зарядсыздандыру ұсынылады.
- Сыртқы температура өте төмен немесе өте жоғары болған кезде, автокөлікті ашық тұрақта ұзақ уақыт қалдыру ұсынылмайды.
- Автокөлікті пайдалану кезінде мүмкіндігінше жылдамдықты бірнеше рет күрт жеделдетуден немесе тежеуден аулақ болыңыз.
- Автокөлікті пайдалану процесінде ұзақ уақыт бойы үздіксіз қозғалыстан аулақ болыңыз, әйтпесе аккумулятор батареясының шамадан тыс жоғары температурасы автокөліктің пайдалану сипаттамаларына теріс әсер етеді.
- Егер қозғалыс кезінде аспаптар тақтасында ақаулық сигналы көрсетілсе, тексеру үшін мүмкіндігінше тезірек уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.
- Егер жоғары вольтты батареяның температурасы жоғары болса, автокөліктің өнімділігі белгілі бір дәрежеде шектеледі. Бұл жағдайда көлікті тоқтатып, жүрісті жалғастырмас бұрын температураның төмендеуін күтіңіз.

ЕСКЕРТУ!

- Төмен немесе жоғары сыртқы температура жағдайында электр тарту күшімен жүріс қоры қалыпты температурада пайдаланумен салыстырғанда біршама төмендейді, сондай-ақ динамикалық сипаттамалар да төмендейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер аспаптар тақтасында электр тарту күшімен жүріс қорының мәні 0-ге дейін төмендесе, аккумулятор батареясын зарядтау қажет. Егер аккумулятор батареясы жеті күн ішінде зарядталмаса, ол қайтымсыз зақымданады. Мұндай зақымдарға BYD кепілдік шарттары қолданылмайды.
- Жүріс қоры көптеген факторларға байланысты, мысалы, автокөліктің қол жетімді қуаты, автокөліктің жасы (аккумулятор батареясының ағымдағы қызмет ету мерзімі), ауа-райы, температура, жол жағдайлары және көлік жүргізу мәнері.

Отын

Отынды таңдау

- Тиісті отынды пайдалану қозғалтқыштың максималды пайдалану сипаттамаларына қол жеткізудің негізі, сондай-ақ пайдаланылған газдардың улылығын төмендетудің және тиісті компоненттерді қорғаудың негізгі факторы болып табылады.
- Пайдалану елінің стандартына сәйкес келетін этилденбеген бензинді пайдалану керек. Отын түрі құю мойнының қақпағының ішкі жағындағы жапсырмада көрсетілген.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Этилденген бензинді пайдалануға тыйым салынады. Этилденген бензинді пайдалану үш компонентті каталитикалық бейтараптандырғыштың істен шығуына және пайдаланылған газдарды бейтараптандыру жүйесінің жұмысының бұзылуына, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету шығындарының ұлғаюына әкеледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кепілдік қозғалтқыштың зақымдануына немесе сәйкес келмейтін отынды пайдаланудан туындаған пайдаланылған газдардың шамадан тыс улылығына қолданылмайды.
- Төмен сортты немесе сапасыз бензинді пайдалану қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін қысқартады.

Отын құю

- Құю мойнының қақпағы автокөліктің сол жағында орналасқан, сондықтан отын құю үшін автокөлікті сол жағымен отын тарату колонкасына қарай орналастырыңыз.
- Автокөліктің электр қуатын өшіріңіз.

1. Құю аузының қақпағын ашыңыз.
   - Автокөліктің электр қуатын өшіргеннен кейін, жүргізуші есігіндегі қысымды төмендету түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында қысымды төмендету аяқталғаны туралы хабарлама пайда болған кезде, құю аузының қақпағын қолмен басыңыз.



2. Құю аузының тығынын теріс бағытқа бұрау арқылы ашып, шешіп алыңыз.
   - Құю аузының тығыны жоғалтпау үшін отын бағы аузының қақпағына баумен жалғанған. Жанармай құю кезінде отын бағы құю аузының тығынын отын бағы құю аузының қақпағының ұстағышына қойыңыз.



3. Жанармай құйғаннан кейін отын бағының құю аузының тығынын оң бағытқа бұрау арқылы жабыңыз, содан кейін отын бағының құю аузының қақпағын жабыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Отын тез тұтанатын және жанғыш зат болғандықтан, жанармай құю кезінде келесі сақтық шараларын сақтаңыз:
  - Жанармайды ашық ауада құю ұсынылады.
  - Жанармай құю кезінде ұшқын немесе ашық жалын пайда болуына жол бермеу үшін темекі шегуге тыйым салынады, бұл өртке әкелуі мүмкін.
  - Отынды құю және аккумулятор батареясын зарядтауды бір уақытта жүргізуге жол берілмейді. Зарядтау ашасы қосылған кезде отын құюға тыйым салынады. Зарядтау ашасы жанғыш материалдардан қауіпсіз қашықтықта болуы керек. Зарядтау ашасын қосу немесе ажырату ережелерін бұзу (мысалы, төгілген отын болған кезде) жабдықтың зақымдалуына, жарақат алуға немесе отынның тұтануына әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Отын бағындағы қысымның ауытқуына байланысты қысымды төмендету және отын бағы аузының қақпағының құлпын ашу үшін қажетті уақыт өзгеруі мүмкін. Отын бағының құю аузының қақпағының құлпын ашу уақытындағы айырмашылық қалыпты жағдайға сәйкес келеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жанармай құю пистолеті автоматты түрде өшкеннен кейін жанармай құюды тоқтатыңыз. Температураның өзгеруіне байланысты отынның кеңеюіне орын қалуы үшін отын бағын толтырмаңыз.
- Жанармай құйғаннан кейін отын бағының құю аузының тығынының қатайтылғанына және отын бағының құю аузының қақпағының жабылғанына көз жеткізіңіз.
- Егер отын бағының құю аузының тығыны қатайтылмаса, аспаптар тақтасында жанады.
- Егер отын бағының құю аузының қақпағын ашқаннан кейін 15 минут ішінде жанармай құю аяқталмаса, люкті жабыңыз және жанармай құюды жалғастыру үшін қысымды төмендету түймесін қайта басыңыз. Әйтпесе, жанармай құю кезінде отынның кері шығарылуы мүмкін.

Отын үнемдеу және автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту

- Отынды үнемдеу қарапайым және оңай, сонымен қатар автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға көмектеседі. Отынды үнемдеу және техникалық қызмет көрсету мен жөндеу шығындарын азайту бойынша ұсыныстар:
  - Тұрақты жылдамдықпен жүру отынды үнемдеуге мүмкіндік береді. Кенеттен үдеу, шұғыл бұрылыстар және шұғыл тежеу отын шығынын арттырады.
  - Жол жағдайына байланысты қозғалыс жылдамдығын тұрақты түрде сақтауға тырысыңыз. Автокөліктің әрбір баяулауы немесе үдеуі отын шығынының артуына әкеледі.
  - Отынды үнемдеу үшін қолайлы жол жағдайында круиз-контроль жүйесін пайдалану ұсынылады.
- Кондиционер жүйесінің жұмысы қозғалтқышқа қосымша жүктеме түсіреді, бұл отын шығынының артуына әкеледі. Отын шығынын азайту үшін кондиционерді өшіріңіз. Қалыпты сыртқы температурада сору желдету режимін пайдаланыңыз.
- Шиналардың қысымын тексеріңіз. Шиналардағы жеткіліксіз қысым шиналардың тозуына әкеледі және отын шығынын арттырады.
- Автокөлікті қажетсіз жүктеуден аулақ болыңыз. Артық салмақ қозғалтқышқа қосымша жүктеме түсіреді, бұл отын шығынының артуына әкеледі.
- Тұрақта қозғалтқышты қыздырмаңыз. Оталдырғаннан кейін бірден төмен жылдамдықпен қозғалысты бастаңыз — бұл қозғалтқышқа жұмыс температурасына барынша тез жетуге мүмкіндік береді және пайдаланылған газдардың улылығын азайтады. Сыртқы ауа температурасы аса төмен ерекше жағдайларда, селектор HEV-SPORT режимінде бейтарап күйде тұрғанда, акселератор педалін сәл басу арқылы бос жүрістің жоғары айналу жиілігін ұстап тұруға болады, содан кейін қыздыру аяқталған соң қозғалысты бірқалыпты бастаңыз.
- Қыздырылмаған қозғалтқыш кезінде оның жоғары айналым жиілігімен жұмыс істеуіне жол бермеңіз және оталдырғаннан кейін бірден газ педалін толық баспаңыз. Оталдырғаннан кейін баяу қозғалу ұсынылады.
- Қозғалтқыштың бос жүрісте ұзақ жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Егер сіз жол ағыны тоқтаған жерде болсаңыз және ұзақ күтуге мәжбүр болсаңыз, қозғалтқышты өшіріп, қозғалысты бастамас бұрын оны кейінірек оталдыру ұсынылады.
- Жүктеме кезінде қозғалтқыштың тым төмен немесе тым жоғары айналым жиілігімен жұмыс істеуіне жол бермеңіз. Жол жағдайына сәйкес қолайлы берілісті таңдаңыз.
- Жиі үдеулер мен баяулаулардан аулақ болыңыз. Жиі тоқтаулар мен қозғалысты бастаулар отынның артық шығынына әкеледі.

- Негізсіз тоқтаулар мен тежеулерден аулақ болыңыз. Тоқтаулар санын азайту үшін тұрақты қозғалыс жылдамдығын сақтаңыз және бағдаршам сигналдарын қадағалаңыз. Бағдаршам реттеуі жоқ жолдарда қозғалған кезде, шұғыл тежеуді болдырмау үшін алда келе жатқан көлік құралына дейінгі қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз, бұл сонымен қатар тежегіштердің тозуын азайтуға мүмкіндік береді.

- Мүмкіндігінше, қозғалысы қарқынды немесе кептелісі бар жолдарда жүруден аулақ болыңыз.

- Аяғыңызды тежегіш педалінде қажетсіз ұстамаңыз, себебі бұл мерзімінен бұрын тозуға, тежегіштердің қызып кетуіне және отын шығынының артуына әкелуі мүмкін.

- Автомагистральдарда қалыпты қозғалыс жылдамдығын сақтаңыз. Қозғалыс жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, отын шығыны соғұрлым көп болады. Отынды үнемдеу үшін қозғалыс жылдамдығын үнемді диапазон шегінде сақтаңыз.

- Алдыңғы дөңгелектерді орнату бұрыштарының дұрыс реттелуін қадағалаңыз. Жиектастарға соғылудан аулақ болыңыз және тегіс емес жолдарда төмен жылдамдықпен жүріңіз. Алдыңғы дөңгелектерді орнату бұрыштарының бұзылуы шиналардың тозуын арттырады, сонымен қатар қозғалтқышқа жүктемені және отын шығынын арттырады.

- Шассиді таза ұстаңыз және кірдің жиналуына жол бермеңіз. Бұл автокөліктің салмағын азайтады және коррозияның дамуын болдырмайды.

- Автокөлікті оңтайлы жұмыс жағдайында ұстау үшін оны уақытылы реттеңіз. Ауа сүзгісінің ластануы, оталдыру білтелеріндегі көміртек шөгінділері, мотор майының, трансмиссиялық майдың ластануы, ескіруі немесе жоғары тұтқырлығы, сондай-ақ реттелмеген тежегіштер сияқты факторлар қозғалтқыштың жұмыс сипаттамаларын нашарлатады және отынның артық шығынына әкеледі. Барлық компоненттердің ұзақ қызмет ету мерзімін қамтамасыз ету және пайдалану шығындарын азайту үшін техникалық қызмет көрсетуді үнемі жүргізу қажет. Егер автокөлік ауыр жағдайларда жиі пайдаланылса, қызмет көрсету аралықтарын қысқарту керек.

ЕСКЕ САЛУ

- Бейтарап берілісте еркін жүріспен жүрмеңіз.

Көмірқышқыл газымен (CO) улану қаупі

- Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарында иіс газы бар. Автокөлікке тиісті техникалық қызмет көрсетілген кезде, қалыпты қозғалыс кезінде көмірқышқыл газының салонға енуіне жол берілмейді.

- Пайдаланылған газдарды шығару жүйесін келесі жағдайларда ағып кетуге тексеріңіз:

  - Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің жұмысының ерекше дыбысы.

  - Автокөлік жол-көлік оқиғасына ұшырады, бұл оның төменгі бөлігінде зақымдануға әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ!

- Көмірқышқыл газы улы. Көмірқышқыл газын жұту есінен тануға және тіпті өмірге қауіп төндіруі мүмкін. Кез келген жабық кеңістікте болудан, сондай-ақ көмірқышқыл газымен улануға әкелуі мүмкін әрекеттерден аулақ болу керек. Кез келген жабық кеңістікте болудан, сондай-ақ көмірқышқыл газымен улануға әкелуі мүмкін әрекеттерден аулақ болу керек.

- Көмірқышқыл газы гараждар сияқты жабық үй-жайларда тез жиналады. Гараж қақпасы жабық кезде қозғалтқышты оталдырмаңыз. Гараж қақпасы ашық болса да, қозғалтқыштың жұмыс уақыты автокөлікті гараждан шығару үшін қажетті уақытпен шектелуі керек.

- Жүксалғыш қақпағы ашық болған кезде, пайдаланылған газдар ауа

ЕСКЕРТУ!

ағынымен салонға түсіп, қауіпті орта жасайды. Егер қозғалтқышты жүксалғыш қақпағы ашық күйде оталдыру қажет болса, барлық әйнектерді толығымен түсіріп, климаттық қондырғыны келесі нұсқауларға сәйкес реттеу керек:

- Сору желдету режимін таңдаңыз.
- Ауаны бетке/аяқ кеңістігіне таратуды таңдаңыз.
- Желдеткіштің максималды жылдамдығын орнатыңыз.

Жүк тасымалдау

- Бұл автокөлікте заттарды сақтауға арналған бірнеше орын қарастырылған.
- Ұсақ-түйек тартпасы, ішкі әрлеу панельдеріндегі сақтау бөлімдері және орындықтардың арқалықтарындағы қалталар шағын және жеңіл заттарға, ал жүксалғыш үлкен және ауыр заттарға арналған.
- Жүктің шамадан тыс жүктелуі немесе дұрыс орналастырылмауы автокөліктің маневрлігіне, тұрақтылығына және қалыпты жұмысына әсер етуі және оның қауіпсіздігін төмендетуі мүмкін.
- Автокөліктің жалпы жүктемесі (автокөлік + жолаушылар + жүк) көрсетілген максималды салмақтан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Жүк тасымалдамас бұрын келесі ақпаратты мұқият оқып шығыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Жүктің артық жүктелуі және дұрыс орналастырылмауы автокөліктің маневрлігі мен тұрақтылығын нашарлатады, бұл жол-көлік оқиғасына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ!

- Автокөлікті жүктеу шектеулерін және осы Нұсқаулықта келтірілген жүкті орналастыру бойынша басқа нұсқауларды сақтаңыз.
- Автокөлік жүйелерінің қалыпты жұмысына кедергі келтірмеу үшін күшті магниттік қасиеттері бар заттарды тасымалдауға тыйым салынады.

Салонда жүк тасымалдау

- Салонның ішіне лақтырылып, сол себепті соқтығысу жағдайында жолаушыларды жарақаттауы мүмкін барлық заттар дұрыс орналастырылып, бекітілуі керек.
- Алдыңғы орындықтың артындағы еденге қойылған заттар орындықтың астына домалап кетпейтініне және жүргізушінің педальдерді пайдалануына немесе орындықты қалыпты реттеуіне кедергі келтіретініне көз жеткізіңіз. Жүк заттарын алдыңғы орындықтардың арқалықтарынан жоғары қоймаңыз.
- Қозғалыс кезінде алдыңғы жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасының әрқашан жабық болуын қадағалаңыз. Егер алдыңғы жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасы ашық болса, соқтығысқан немесе апаттық тоқтаған жағдайда алдыңғы жолаушының тізесі зақымдалуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ!

- Ойыншықтардың автокөлік салонында шашылып жатуына жол бермеңіз, себебі бұл қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етуі және балаларға қауіп төндіруі мүмкін, әсіресе шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында.

Жүксалғышта жүк тасымалдау

- Жүксалғыш бөлімінің бүйір қабырғаларында жүкті бекітудің 4 нүктесі қарастырылған.
- Жүктерді жүксалғышқа біркелкі орналастырыңыз. Ауыр заттарды төмен және мүмкіндігінше алыс қойыңыз.

- Қозғалыс кезінде қозғалмас үшін заттарды сымарқанмен немесе белбеулермен бекітіңіз. Заттарды олардың биіктігі орындықтардың арқалықтарынан жоғары болатындай етіп жинамаңыз.



Төбедегі рейлингтер

- Жүкті рейлингілерде тасымалдау жалпы энергия шығынын арттырады. Сондай-ақ бұл ретте автокөлікті жүргізу және басқару мәнерін өзгерту керек.
- Рейлингтерде жүк болған кезде шатырдағы люкті ашуға тыйым салынады. Әйтпесе, люктің және басқа компоненттердің жүк көлденеңдерінің элементтерімен немесе жүктің өзімен зақымдалу қаупі бар.
- Төбеге рейлингіні орнатқан кезде өндірушінің нұсқауларын оқып, орындаңыз.
- Шатырдағы рейлингтерді біркелкі жүктеуге және ауырлық орталығының мүмкіндігінше төмен орналасуын қамтамасыз етуге тырысыңыз. Рейлингілерге орналастырылған жүк жалпы ауырлық ортасының биіктігінің жоғарылауына әкелуі мүмкін, салдарынан көлік жүргізу кезінде сіздің сезімдеріңіз өзгереді.
- Қатты жүктелген автокөлікті басқарған кезде қосымша сақтық шараларын орындаңыз, төмен жылдамдықпен жүріңіз және алда келе жатқан көлік құралдарына дейін қашықтықты арттырыңыз.
- Жүк көлденеңдері бойынша біркелкі бөлінген максималды рұқсат етілген жүктеме: 50 кг.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жүкті тікелей төбедегі металл панельге қоюға тыйым салынады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Төбенің металл панелі жүктемеге арналмаған.

- Төбедегі рейлингілерді дұрыс қолданыңыз және оларға багажды бекітіңіз.
- Көлікті жүргізбес бұрын және аялдамалар кезінде жүктің рейлингілерге мықтап бекітілгенін тексеріңіз.

Су кедергілерін кесіп өту

- Су басқан учаскелерден өтпес бұрын судың тереңдігін тексеріңіз және оның деңгейі шанақтың төменгі жиегіне жетпейтініне көз жеткізіңіз.
- Егер су басқан жерді кесіп өту қажет болса, кондиционерді өшіріп, тұрақты жылдамдықты сақтай отырып, оны баяу кесіп өтіңіз. Газ педалін босату пайдаланылған газдарды шығару жүйесіндегі қысымның төмендеуіне байланысты судың қозғалтқышқа сорылуына әкелуі мүмкін, бұл оның елеулі зақымдалуына себеп болады. Су басқан учаскеден тұрақты төмен жылдамдықпен, газ педалін біртіндеп басып тұрып өтіңіз.



- Су басқан жерлерде ешқашан тоқтамаңыз, артқа жүрмеңіз және қозғалтқышты өшірмеңіз.
- Судан шыққан кезде тежегіш дискілерін кептіру және тежелу тиімділігін қалпына келтіру үшін бірнеше тежегіш педалін басыңыз.
- Терең суда жүргенде абай болыңыз, себебі тежегіштер суланып қалуы мүмкін.

- Қажетсіз терең суға кіру ұсынылмайды.

ЕСКЕРТУ!

- Тежегіш дискілердің бетінде су немесе кір болған кезде апатты болдырмау үшін аса сақтықпен жүріңіз, себебі бұл тежегіштердің іске қосылу уақытын арттыруы және, нәтижесінде, тоқтауға дейінгі жолды ұзартуы мүмкін.
- Тежегіш дискілеріндегі мұзды немесе суды кетіру үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз.
- Жолдың су басқан жерінен өткеннен кейін мүмкіндігінше төтенше тежеуді орындамаңыз.
- Автокөлік су басқан жолмен қозғалған кезде қозғалтқышқа судың түсуіне ешқашан жол бермеңіз. Қозғалтқышқа судың түсуіне жол бермеңіз, әйтпесе қозғалтқыш қатты зақымдалады. Мұндай зақымдар автокөлікке кепілдікпен өтелмейді
- Терең сумен жүргенде, егер автокөлік EV режимінде болса, HEV режиміне қолмен ауыспаңыз және Аккумулятор батареясының төмен заряд деңгейіне байланысты автокөліктің HEV режиміне автоматты түрде ауысуына жол бермеңіз. Бұл автокөлік суда болған кезде ішкі жану қозғалтқышының іске қосылуына әкелуі мүмкін, бұл қозғалтқыштың зақымдалуына әкеледі.
- Суда жүрген кезде, егер су қозғалтқыштың кіріс құбырына түсіп, қозғалтқыш тоқтап қалса, оны қайта іске қосуға тыйым салынады, әйтпесе ол зақымдалуы мүмкін.
- Су кедергісін кесіп өткеннен кейін, жетек жүйесі, беріліс қорабы және электр жүйесі сияқты автокөлік компоненттеріне елеулі зақым келуі мүмкін. Кепілдік су кедергісін еңсеруден туындаған ақауларға немесе зақымдарға қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ!

- Жаңбырлы күндері автокөлікті шатырдың астында зарядтаңыз. Егер автокөлік суға батып кетсе немесе су деңгейі табалдырықтардың биіктіктігінен асып кетсе, су жоғары вольтты компоненттерге түсуі мүмкін, ақауларды тексеру және жөндеу үшін дереу уәкілетті BYD дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.
- Су жиналған жолмен жүруге тыйым салынады, егер оның тереңдігі дөңгелектер биіктігінің жартысынан асса.

Судың жоғары вольтты компоненттерге түсуінің салдары:

- Электрондық құрылғылар болып табылатын жоғары вольтты электронды компоненттерге енген суды ешқандай құралдармен толығымен кептіру мүмкін емес.
- Судың түсуі жоғары вольтты компоненттерге ауыр зақым келтіреді, ал судағы өткізгіш заттар жоғары вольтты компоненттердің қысқа тұйықталуына немесе бүкіл жоғары вольтты жүйеде тұйықталу қаупіне әкелуі мүмкін. Бұл автокөліктің қауіпсіздігі мен пайдалану сипаттамалары айтарлықтай әсер етеді.
- Жоғары вольтты компоненттердің ішіне судың түсуі олардың шаң мен ылғалдан қорғау дәрежесі мен диэлектрлік беріктігі төмендегенін білдіреді. Бұл қауіпсіздікке жоғары қауіп төндіреді.

Тұтанудың алдын алу

Автокөліктің өртенуінің уақтылы және тиімді алдын алу үшін оны пайдалану барысында келесілерге назар аударыңыз:

- Газ педалін үнемі басып тұруға тыйым салынады. Әйтпесе, қозғалтқыш үнемі жоғары айналу жиілігімен жұмыс істейді.
- Автокөлікте оңай жанғыш немесе жарылыс қаупі бар заттарды сақтамаңыз.
  - Жазда тікелей күн сәулесінің астында тұрған автокөлікте температура 70 °C-тан асуы мүмкін. Сондықтан автокөлікте сақталған тұтанғыш және жарылғыш заттар, мысалы, оттықтар, тазартқыш құралдар және парфюмерия оңай тұтанып немесе тіпті жарылып кетуі мүмкін.
- Темекіні жақсылап өшіріңіз.
  - Темекі шегу денсаулығыңызға зиянды ғана емес, сонымен қатар өрттің себебі болуы мүмкін. Сөндірілмеген темекі өртке әкелуі мүмкін.
- Автокөлікті үнемі тексеріп отыру үшін ресми BYD дилеріне немесе сервис орталығына хабарласу ұсынылады.
  - Қозғалтқыштың май ағып кетуін үнемі тексеріп, оны май ластануы мен дақтарынан уақытылы тазалаңыз.
  - Автокөліктегі электр сымдарының қосылыстарын, сымдар байламдарын, олардың оқшаулауын және бекітілуін үнемі тексеріңіз. Анықталған проблемаларды уақтылы шешіңіз.
- Автокөлік сымдарының құрылымына өзгертулер енгізбеңіз және мақұлданбаған электр құрылғыларын орнатпаңыз.
  - Қуатты аудио жүйелер мен жарық құрылғылары сияқты қосымша электр құрылғыларын орнату сымдар бумасының шамадан тыс жүктелуіне және қызып кетуіне әкелуі мүмкін, бұл өрт қаупін арттырады. Электр құрылғыларын немесе сымдарды дұрыс орнатпау түйіспелердің кедергісі мен жоғары қызуына байланысты өртке әкелуі мүмкін.
  - Электр сипаттамалары тиісті номиналды мәндерден асатын сақтандырғыштарды немесе басқа қосалқы сымдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Тұрақ үшін жарамды орынды таңдаңыз.
  - Автокөлікті тікелей күн сәулесі түсетін жерлерге қоюдан аулақ болыңыз.
  - Автокөлікті тұраққа қойғаннан кейін, әсіресе жаз мезгілінде, түбінде құрғақ шөп, бұтақ, жапырақ немесе сабан сияқты оңай тұтанатын материалдардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Олардың болуы өртке әкелуі мүмкін, өйткені ұзақ сапардан кейін үш компонентті каталитикалық бейтараптандырғыштың температурасы айтарлықтай жоғарылайды.
  - Автокөлік қозғалысы кезінде құрғақ жапырақтар, сабан және шөп сияқты оңай тұтанатын материалдар көп жиналған жол учаскелерімен жүруден аулақ болыңыз. Мұндай учаскелерден өткен жағдайда, дереу автокөлікті тоқтатып, жанғыш материалдардың түбіне жабысып қалмағанын тексеріңіз. Автокөлікті күн сәулесі түспейтін жерге тұраққа қойыңыз.
- Автокөлікке техникалық қызмет көрсеткенде немесе жөндеуде болған кезде кабельді төмен вольтты батареяның теріс терминалынан ажыратыңыз.
- Жеңіл өрт сөндіргішті автокөлікте сақтаңыз және оны қалай пайдалану керектігін біліңіз.
  - Автокөліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оның ішінде өрт сөндіргіш болуы керек, оны үнемі тексеріп, ауыстырып отыру керек. Сонымен қатар, өрт сөндіргішті пайдалану ережелерімен танысып, кез келген төтенше жағдайға дайын болуыңыз керек.
Айнала шолу жүйесі, сондай-ақ 360° панорамалық шолу жүйесі ретінде белгілі, алдыңғы, артқы, сол және оң жақтарға орнатылған төрт кең бұрышты камералардан (жоғарыдан көрініс) бейне ағындарын біріктіру арқылы нақты уақыт режимінде кескінді қалыптастырады. Бұл жүргізушіге автокөліктің айналасындағы көзден таса аймақтарды бақылауға және жол деңгейінде көріну шектеулі жағдайларда сенімді маневр жасауға көмектеседі.

- AVM іске қосу әдісі:
  - Айнала шолуды ашу үшін рульдегі түймені басыңыз.
  - AVM экраны артқы жүрісті қосқан кезде автоматты түрде көрсетіледі.
  - AVM жүйесін баптаулар мәзірінде іске қосуға болады, мысалы, оны тұрақ радарларының сигналы бойынша автоматты түрде қосуды баптау арқылы.



  - Селектор алға қозғалыс режимінде болғанда, ал қозғалыс жылдамдығы 15 км/сағ-тан аз болғанда, AVM жүйесі бұрылыс көрсеткіші қосылған кезде іске қосылады (егер баптауларда төмен жылдамдықта бұрылыс көрсеткіштері қосылған кезде іске қосу функциясы қосылған болса).
- AVM жүйесінің интерфейсінде сол жақта бүйірлік басқару панелі орналасқан, ортасында жоғарыдан панорамалық көрініс, ал оң жақта бір немесе қос ракурс режиміндегі терезе көрсетіледі.
- Екі өлшемді (2D) панорамалық көрініс: егер сол жақтағы бүйірлік басқару панеліндегі «3D»* түймесі таңдалмаса, экранда екі өлшемді панорамалық көрініс көрсетіледі.
  - Панорамалық көріністің орталық терезесіндегі автокөліктің 3D-моделінің айналасындағы көрсеткі түймелерін (алдынан, артынан, сол жағынан және оң жағынан) басып, автокөліктің сәйкес төрт жағынан ракурстар арасында ауысыңыз.
- Үшөлшемді (3D) панорамалық көрініс*: егер сол жақтағы бүйірлік басқару панеліндегі «3D»* түймесі таңдалса, экранда үш өлшемді панорамалық көрініс көрсетіледі.
  - Панорамалық көріністің орталық терезесіндегі автокөлік моделінің төрт бұрышындағы бекітілген түймелерді басу 4 түрлі ракурс арасында ауысуға мүмкіндік береді; сонымен қатар, сіз оң жақтағы автокөліктің 3D-моделі аймағында автокөлік моделін еркін айналдыра аласыз.



  - Тұрақ радарларының көрсетілуін қосу үшін AVM экранындағы радар белгішесін түртіңіз, ал оны өшіру үшін қайта түртіңіз. Егер радар көрінісі қосулы болса, онда автокөлік кедергіге жақындаған кезде ескерту көрсетіледі.
- Қос ракурс режимі: экранды автокөліктің қос ракурсын көрсету режиміне ауыстыру үшін сол жақтағы бүйірлік басқару панеліндегі түймені басыңыз.
- Мөлдір шанақ режимі: шанақтың мөлдір және мөлдір емес көрсетілуі арасында ауысу үшін жоғарыдан панорамалық көріністің ортасындағы автокөлік моделін басыңыз.

Айнала шолу белгішелері	Таңба атауы
	AVM баптаулары
	Тұрақ радарларының ажыратқышы
	3D түймесі
	Қос ракурс түймесі
	Қалқымалы терезе түймесі

ЕСКЕРТУ!

- AVM тек жүргізушінің көмекші жүйесі болып табылады, сондықтан қозғалыс қауіпсіздігі үшін барлық жауапкершілік жүргізушіге жүктеледі.
- Автокөлікті басқарған кезде айнала шолу жүйесіне ғана сенбеңіз, себебі ол қоршаған кеңістіктегі нысандардың немесе жаяу жүргіншілердің бар-жоғын абсолютті дәлдікпен анықтай алмайды. Жол жағдайын кешенді бағалау үшін барлық артқы көрініс айналарын бір уақытта пайдалану қажет.
- Бұл жүйеде «балық көзі» объективі бар кең бұрышты камералар қолданылады, сондықтан экрандағы объект нақты объектімен салыстырғанда біршама бұрмаланған болып көрінуі мүмкін.
- Жүйе тек тұраққа қою және маневр жасау кезінде көмек ретінде пайдалануға арналған. Автокөлікті тұраққа қою немесе жүргізу кезінде тек осы жүйеге сену қауіпсіз емес, өйткені автокөліктің алдында және артында көзден таса аймақтар бар. Тұраққа қою/жүргізу кезінде жазатайым оқиғалар орын алмауы үшін қоршаған ортаны бақылаудың басқа әдістерін де қолдану керек.

ЕСКЕРТУ!

- Сыртқы артқы көрініс айналары жайылмаған болса, AVM жүйесін пайдалануға тыйым салынады. Тұраққа қою немесе маневр жасау кезінде жүйені пайдаланғанда, автокөліктің барлық есіктері жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- AVM экранында көрсетілген нысанға дейінгі қашықтық субъективті қабылданатын қашықтықтан өзгеше болуы мүмкін, әсіресе нысан автокөлікке жақын болса. Қашықтықты әртүрлі тәсілдермен бағалаңыз.
- Камералар алдыңғы бамперге, сыртқы артқы көрініс айналарының төменгі бөлігіне, сондай-ақ қосалқы дөңгелектің үстіне немесе артқы нөмір белгісінің үстіне орнатылған. Барлық камералардың жабылмағанына көз жеткізіңіз.
- Камераларға зақым келтірмеу үшін автокөліктің шанағын жуған кезде жоғары қысымды су ағынын тікелей камераларға бағыттамаңыз. Камерадан су мен шаңды уақтылы сүртіңіз.
- Камераларды соққылардан сақтаңыз, себебі бұл олардың зақымдалуына немесе дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.
- Егер автокөлік қуатын қосқаннан кейін айна шолуды іске қосу түймесін бассаңыз немесе ойын-сауық жүйесі толық іске қосылмаған кезде артқа жүрсеңіз, ақпарат айнала шолу

ЕСКЕРТУ!

экранына кешігіп шығады немесе экран жыпылықтайды. Бұл камераны қосудың қалыпты процесі.

- Автокөлік төмен жылдамдықпен қозғалған кезде AVM «мөлдір шанақ» функциясының жұмысына жылдамдық ауытқулары немесе жиі тоқтаулар әсер етуі мүмкін, бұл автокөліктің астындағы және айналасындағы кескіндер шекараларының сәйкес келмеуіне әкеледі.

Тұраққа қойған кездегі көмекші жүйесі*

- Тұраққа қойған кездегі көмекші жүйе PDC функциясын қамтиды және тұраққа қою кезінде жүргізушіні ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы кескін және дыбыстық сигналдар арқылы кедергілерге жақындау туралы ескертеді.
- Тұраққа қойған кездегі көмекші жүйе автокөлікті тұраққа қоюға көмектеседі, бірақ жүргізуші артқа жүру кезінде автокөліктің артындағы және айналасындағы жағдайға әрқашан мұқият болуы керек.
- Тұраққа қойған кездегі көмекші жүйе жұмыс істейтін жылдамдық диапазоны: 0—10 км/сағ.
- Артқа жүру режимі қосылған кезде, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында автокөліктің артындағы кеңістіктің көрінісі автоматты түрде көрсетіледі.
- Автокөлік тұраққа қойылғанда және селектор «P» (тұрақ) режиміне ауыстырылғанда, тұраққа қою көмекші жүйесі өшеді.
- Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тек артқы көрініс камерасының кескініне ғана сүйенбеу керек. Автокөліктің айналасындағы жағдайды әрқашан бақылаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Датчиктердің әрекет ету аймағына кез келген заттарды орналастыруға тыйым салынады.
- Датчиктердің істен шығуын болдырмау үшін оларды сумен немесе бумен жуманыз.

Тұрақ датчиктерінің ажыратқышы

- Тұрақ радарлары жүйесі ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында қосылады немесе өшіріледі → ⚙ → ADAS → Тұраққа қою көмекші жүйесі.
- Оталдыру қосылғанда, электрмеханикалық тұрақ тежегіші өшірілгенде және селектор артқа жүру режимінде болғанда, тұраққа қойған кездегі көмекші жүйе автоматты түрде қосылады.
- Егер жүйе қосулы болса, ол автокөліктің айналасындағы кедергілер анықталған кезде сигнал береді; егер жүйе өшірулі болса, сигналдар берілмейді.

Қашықтық индикаторы және динамик

Датчик кедергіні анықтаған кезде ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экранында кедергінің орналасқан жері және одан автокөлікке дейінгі шамамен алғандағы қашықтық көрсетіледі, ал динамик дыбыс сигналын береді.

Ортаңғы датчиктердің жұмысының мысалы

Шамамен алғандағы қашықтық, мм	Сенсорлы экрандағы көрсеткіштің мысалы	Дыбыс сигналын беру жиілігі
700-ден 1200-ге дейін		Сирек үзік сигнал
400-ден 600-ге дейін		Жиі үзік сигнал
200-ден 400-ге дейін		Үздіксіз сигнал

Бұрыштық датчиктердің жұмысының мысалы

Шамамен алғандағы қашықтық, мм	Сенсорлы экрандағы көрсеткіштің мысалы	Дыбыс сигналын беру жиілігі
400-ден 600-ге дейін		Жиі үзік сигнал
200-ден 400-ге дейін		Үздіксіз

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жүйенің 0-ден 200 мм-ге дейінгі қашықтықта көзден таса аймағы бар, оның шегінде анықтау дәлдігі төмендейді, ал ескерту сигналдары дәлсіз болады. Кедергіге дейінгі қашықтық 0—200 мм болғандағы ескерту сигналдары тек бағдарлық сипатта болады.

Датчик типі

- Датчик кедергіні анықтаған кезде ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экранына кедергінің орналасқан жері және одан автокөлікке дейінгі қашықтық көрсетілген кескін шығарылады.
- Жүргізуші параллель тұраққа қоюды немесе артқа жүріп тұраққа қоюды орындаған кезде датчик автокөлік пен кедергінің арасындағы қашықтықты өлшейді және бұл ақпаратты ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экранына және динамикке береді. Бұл жүйені қолданған кезде айналадағы мәнжайды мұқият қадағалаңыз.

① Оң жақ алдыңғы бұрыштық датчик

② ③ Алдыңғы орталық датчиктер

④ Сол жақ алдыңғы бұрыштық датчик

⑤ Оң жақ артқы бұрыштық датчик

⑥ ⑦ Артқы орталық датчиктер

⑧ Сол жақ артқы бұрыштық датчик



Жұмыс істейтін датчиктер және анықтау ауқымы

- Тұрақ режимінен артқа жүру режиміне, сондай-ақ артқа жүру режимінен алға қозғалыс режиміне ауысқан кезде барлық датчиктер белсенді болады.
- Тұрақ режимінен алға қозғалыс режиміне ауысқан кезде алдыңғы датчиктер белсенді, ал артқы датчиктер жұмыс істемейді.
- Суретте датчиктердің жұмыс істеу аймағы көрсетілген. Датчиктердің жұмыс істеу аймағы шектеулі, сондықтан жүргізушілер баяу артқа жүре бастамас бұрын қоршаған ортаны тексеруі керек.



- Тек алдыңғы датчиктер белсенді болғанда, ал артқы датчиктер жұмыс істемегенде, алдыңғы датчиктер үшін ескерту сигналының максималды әрекет ету қашықтығы 40 см құрайды.

ЕСКЕРТУ!

- Тұраққа қойған кездегі көмекші жүйе тек жүргізушінің көмекші жүйесі болып табылады және жүргізушінің жағдайды өзі бағалауын алмастырмайды.

ЕСКЕРТУ!

- Егер олардың жұмыс істеу аймағында аксессуарлар немесе өзге заттар орналасса, датчиктер тиісінше жұмыс істемейді.
- Кейбір жағдайларда жүйе дұрыс жұмыс істей алмайды және автокөлік оларға жақындаған кезде кейбір заттарды анықтамайды. Сондықтан әрқашан автокөліктің айналасын қадағалаңыз. Тек жүйеге сенбеңіз.

- Автокөлікті пайдаланудың белгілі бір шарттары мен қоршаған орта датчиктердің кедергілерді анықтау дәлдігіне әсер етуі мүмкін. Анықтау дәлдігі келесі жағдайларда төмендеуі мүмкін:
  - Датчикте ластанулар, су, конденсат, қар немесе қырау бар.
  - Датчик қандай да бір жолмен жабылған, мысалы, автокөлік пленкасымен жапсырылған.
  - Автокөлік бір жағына қарай қатты қисайып тұр немесе шектен тыс жүк тиелген.
  - Автокөлік қатты кедір-бұдыр жолмен, еңіспен, қиыршық таспен немесе шөппен жүреді.
  - Датчикке лак-бояу жабыны жағылды.
  - Автокөліктің айналасында автокөліктің, мотоцикл қозғалтқыштарының, ірі көліктердің пневматикалық тежегіштерінің қатты дыбыс сигналдары және ультрадыбыстық толқындарды тудыратын басқа да шу түріндегі кедергілер бар.
  - Жақын жерде тұраққа қойған кездегі көмекші жүйе бар тағы бір автокөлік бар.
  - Автокөлік фаркоппен жабдықталған.
  - Бампер немесе датчик қатты зақымдалған.
  - Қисық, деформацияланған нөмір белгісі.
  - Автокөлік биік немесе біркелкі емес жиектасқа жақындайды.

- Автокөлік ыстықта немесе суықта қолданылады.
- Аспаның бастапқы конструкциясы өзгертілген.
- Автокөлік тым жоғары жылдамдықпен қозғалады.
- Автокөліктің алдында қозғалатын кедергілер бар (әсіресе траекторияны көлденең бағытта кесіп өтетін).

- Жоғарыда сипатталғандай, датчиктер объектінің пішініне байланысты нақты қашықтықты дұрыс анықтамауы мүмкін. Кедергілердің пішіні мен материалы оларды датчиктермен анықтауға кедергі келтіруі мүмкін. Мұндай нысандарға келесілер жатады:
  - Электр сымдары, қоршаулар және сымарқандар
  - Мақта, борпылдақ қар және ультрадыбыстық толқындарды сіңіретін басқа материалдар.
  - Өткір жиектері бар нысандар, цилиндрлік пішінді нысандар немесе қабырға бұрыштары.
  - Айнадай тегіс беті бар нысандар.
  - Аласа кедергілер.
  - Ілініп тұрған кедергілер.
  - Бампердің астындағы кез келген заттар
  - Автокөлікке өте жақын орналасқан кез келген заттар
  - Автокөлікке жақын тұрған адамдар (киім үлгісіне байланысты)
- Егер ақпараттық ойын-сауық жүйесінің* сенсорлы экранында кескін пайда болса немесе дыбыс сигналы берілсе, бұл датчик кедергіні анықтағанын білдіруі мүмкін. Егер автокөлікке жақын жерде кедергілер болмаса, бірақ ескерту сигналы үздіксіз дыбыстай берсе, автокөлікті тексеру үшін BYD уәкілетті сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Датчиктердің істен шығуын болдырмау үшін датчикті орнату аймағын су ағынымен немесе бумен жууға тыйым салынады.

Проекциялық дисплей (HUD)*

Проекциялық дисплей (HUD) маңызды ақпаратты аспаптар тақтасынан (қозғалыс жылдамдығын, навигациялық деректерді, жүргізушінің көмекші жүйелерінің кеңестерін және т.б. қоса) тікелей жүргізушінің көру аймағында, алдыңғы әйнекте көрсетуге арналған. Бұл жүргізушіні аспаптар тақтасына жиі қарау қажеттілігінен босатып, қозғалыс қауіпсіздігін арттырады.

Қалай пайдалану керек

- Проекциялық дисплей функциясы ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында қосылады немесе өшіріледі → ⚙ → **Аудио және дисплей** → **Проекциялық дисплей**.
- Әдепкі бойынша проекциялық дисплей зауыттан жеткізілген кезде қосулы болады және деректер көрсетіледі. Ол өшірілген кезде, деректер проекциялық дисплеймен көрсетілмейді. Автокөлікті іске қосқан кезде алдыңғы сапардың баптаулары қолданылады.



- Биіктікті реттеу: HUD виртуалды кескінінің биіктік бойынша орналасуын – 10-нан 10-ға дейінгі диапазонда баптау. Барлығы 21 мән қолжетімді, әдепкі бойынша «0» мәні орнатылған.
- Жарықтықты реттеу: HUD виртуалды кескінінің жарықтығын 0-ден 10-ға дейінгі диапазонда баптау. Барлығы 11 мән қолжетімді, әдепкі бойынша «5» мәні орнатылған.
- Еңкею бұрышын реттеу: HUD виртуалды кескінінің еңкею бұрышын баптау. Барлығы 11 мән қолжетімді, әдепкі бойынша «0°» мәні орнатылған.

- Режимді таңдау: қоршаған орта жағдайларына байланысты көрсету стилін таңдау — «Классикалық» (әдепкі бойынша орнатылған) немесе «Қар» (қар басқан жол үшін).
- Көрсетілетін деректерді таңдау: жүргізушінің көмекші жүйелерінің кеңестері немесе навигациялық деректер. Олар әдепкі бойынша қосылған. Проекциялық дисплеймен көрсету үшін баптауды таңдау үшін түймені басыңыз. Таңдауды болдырмау және мәзір тармағын жабу үшін түймені қайта басыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Проекция жолының бөгде заттармен жабылмағанына көз жеткізіңіз.
- Проекциялық дисплейдің қорғаныш әйнегіндегі шаңды жұмсақ мақта матамен немесе қағаз майлықпен сүртіңіз.
- Проекциялық дисплейдің тесігіне судың немесе басқа сұйықтықтардың түсуіне жол бермеңіз.

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі*

Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесі (DMS), шаршауды және зейіннің ауытқуын бақылау функцияларын қамтиды, камераның көмегімен жүргізушінің әрекеттері мен физикалық жағдайын бақылауға және бағалауға арналған. Алынған бағалау негізінде жүйе жүргізушіге уақтылы ескертеді. Мониторинг деректері құрылғы жадында сақталмайды және қашықтағы серверге жіберілмейді; олар бағалау циклі аяқталғаннан кейін бірден автоматты түрде жойылады.

Қалай пайдалану керек

- Жүргізушінің ахуалын бақылау жүйесінің камерасы жүргізуші жағындағы шанақтың алдыңғы тірегіне орнатылған. Қолданар алдында объективтің жылжымалы қалқасы* ашық екеніне және камераның көрінісіне ештеңе кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, DMS жұмысы бұзылуы мүмкін.



- Оталдыру қосулы кезде, жүргізушінің жағдайын бақылау жүйесі ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында қосылады немесе өшіріледі → ⚙ → **Жүргізу** → **Салонға шолу**.
- Функция өшірілген кезде, камера әдеттегі режимде мониторингті жалғастырады, бірақ жүргізушіге ешқандай ескерту бермейді.

Жүргізушінің шаршағаны туралы ескерту

- Егер автокөлік жылдамдығы жүйені іске қосу шарттарына сәйкес келсе, ал жүргізушінің шаршауы туралы ескерту түймесі қосулы күйде болса, жүйе шаршау белгілерін (мысалы, көзді жұму немесе автокөлікті ұзақ монотонды басқару) анықтайды және аспаптар тақтасындағы хабарламалар мен дыбыстық сигналдар арқылы жүргізушіге демалуды ұсынады.

Жүргізуші назарының бөлінуі туралы ескерту

- Егер автокөлік жылдамдығы жүйені іске қосу шарттарына сәйкес келсе, ал жүргізушінің зейінінің ауытқуы туралы ескерту түймесі қосулы күйде болса және камера объективі жабылмаған болса, онда зейіннің ауытқу белгілері анықталған кезде (мысалы, егер жүргізушінің көзі ұзақ уақыт жолдан басқа жаққа қараса, руль дөңгелегіне әсер етпесе немесе бұрылыс көрсеткіштері қосылмаса) жүйе аспаптар тақтасындағы хабарлама, интеллектуалды дауыстық кеңес немесе дыбыстық сигнал арқылы жүргізушіге уақтылы ескертеді.
- **Іске қосу шарттары**

- Қозғалыс жылдамдығы белгіленген мәнге жетеді.
- DMS қосулы.
- Тиісті функцияның ажыратқышы қосулы күйде.
- Камераның жабылмағанына көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- DMS камерасының объективін таза және жұмсақ шүберекпен сүртіңіз және бетін зақымдамау үшін абай болыңыз.

Сақтық шаралары

- Жүргізушінің жағдайын бақылау жүйесі тек көмекші жүйе болып табылады және барлық жағдайларда жағдайды қатесіз тани алмайды және ескерту сигналдарын бере алмайды. Ол жүргізушінің өз жағдайын бақылауын және бағалауын толығымен алмастыра алмайды. Жүргізуші автокөлікті үнемі бақылауы, барлық жол қозғалысы ережелерін сақтауы және автокөлікті басқаруға толық жауапты болады.
- Жүргізушінің жағдайын бақылау жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі мен дәлдігі әртүрлі жағдайларда, соның ішінде келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:
  - Салон ішіндегі камераға кіруге рұқсат етілмеген.
  - DMS өшірілген.
  - Камера объективі бөгде заттармен жабылған немесе жылжымалы қалқа толық ашылмаған.
  - Камера объективіне тікелей қарсы жарық түседі.
  - Жүргізушінің бетінің бір бөлігі қатты жарықтандырылған аймақта орналасқан немесе бетінің негізгі ерекшеліктерін тану қиын.
  - Жүргізуші инфрақызыл сәулелендіруді бөгейтін линзалары бар көзілдірік немесе қалың линзалары бар көзілдірік қолданады.
  - Жүргізуші медициналық маскада немесе беті ауызды жабатын басқа затпен жабылған.
  - Жүргізуші дұрыс емес қалыпта отыр немесе оның беті камераның көзден таса аймағында орналасқан.

ЕСКЕРТУ!

- Жүргізуші шаршағанын сезсе, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатуы керек.

Шинаның қысымын бақылау

- Шиналардағы қысымды тікелей бақылау жүйесі (TPMS) — қауіпсіздік пен жайлылықты жоғарылату және шиналардағы төмен қысымнан туындайтын шиналардың тозуын және энергияның тұтынылуын болдырмау мақсатында нақты уақыт режимінде шиналардағы қысымды қадағалап отыратын көмекші жүйе.
- Руль дөңгелегіндегі түйменің көмегімен шина қысымын көрсету экранын таңдауға болады.

Шина қысымын бақылау жүйесінің ескертуі

- Егер кез келген шинаның қысымы стандартты қысымның 85%-нан төмен болса және жүйе жұмыс істеп тұрса, бақылау шамы жанып, шиналардағы қысымның көрсетілген мәні сарыға айналады. Бұл жағдайда автокөлікті тоқтатып, дөңгелекті ауа ағып кетуіне тексеру және шинаны белгіленген қысым мәніне дейін үрлеу ұсынылады.
- Егер кез келген шинадағы температура үш минут бойы үздіксіз 85 °C-тан асса, жүйе жоғары температура туралы ескерту сигналын береді, ал тиісті шинаның температура мәні сары түске боялады; бұл жағдайда автокөлікті тоқтатып, қозғалысты жалғастырмас бұрын шинаның суығанын күту ұсынылады.
- Шина қысымын бақылау жүйесі жұмыс істеп тұрса, ақаулық орын алса жүйенің бақылау шамы жыпылықтағаннан кейін үнемі жана бастайды және аспаптар тақтасында «Сигнал жоқ» немесе «TPMS жүйесін тексеріңіз» хабары көрсетіледі. Мұндай жағдайда шина қысымын бақылау

жүйесінің датчиктерін, сондай-ақ жақын жерде электрмагниттік кедергі көздерінің бар-жоғын тексеріңіз. Егер ескерту ұзақ уақыт бойы сақталса, уәкілетті BYD дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Шиналардағы қысым дұрыс болмаған жағдайда жүйе автокөліктің қозғалысын тоқтатпайды. Сондықтан, әр сапар алдында шиналардағы қысымның өндіруші белгілеген мәндерге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер қысым нормаға сәйкес келмесе, автокөлікті пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл автокөліктің зақымдалуына немесе жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Егер қозғалыс кезінде қысымның дұрыс емес екендігі анықталса, дереу шиналардағы қысымды тексеріңіз. Егер төмен қысымды білдіретін бақылау шамы жанса, күрт бұрылыстардан немесе төтенше тежеуден сақтаныңыз, автокөліктің жылдамдығын төмендетіңіз, жол жиегіне тұрып, мүмкіндік туа салысымен тоқтаңыз. Шинадағы қысым төмен болғанда жүру шиналарға жөндеуге жатпайтын зақым келтіруі және олардың істен шығу мүмкіндігін арттыруы мүмкін. Шиналардың ауыр зақымдануы жол-көлік оқиғаларына әкелуі мүмкін, нәтижесінде адамдар ауыр жарақаттанып, тіпті өліп кетуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Шина қысымын бақылау жүйесінің датчигінің қызмет ету мерзімі автокөліктің орташа тәуліктік жүрісіне және бірқатар басқа факторларға байланысты.
- Шина қысымын бақылау жүйесінің датчигі шина қысымының деректерін және басқа ақпаратты дисплейге белгілі бір мерзімділікпен жібереді. Осы себепті, қысым кенеттен төмендеген немесе шина тесілген жағдайда, датчик жаңартылған деректерді дисплейге келесі беру циклінде ғана жібереді. Бұл жағдайда автокөлікті басқара алмауыңыз мүмкін. Егер шинаның қысымы төмендеп, басқару функциясы бұл туралы хабардар етпесе немесе шиналарда ақаулар бар деп ойласаңыз, дисплейдің дабыл қағуын күтпей, дереу тоқтаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Шина қысымын бақылау жүйесінің датчигін дұрыс орнатпау шинаның герметикалығының бұзылуына әкелуі мүмкін. Шина қысымын бақылау жүйесінің датчигін орнату және ауыстыру жұмыстарын BYD уәкілетті дилерінің немесе сервистік орталығының білікті мамандарына орнату нұсқаулығының талаптарына қатаң сәйкестікте тапсыру ұсынылады.
- Шиналардағы қысым аймақтағы температураға байланысты өзгеретіндіктен, аспаптар тақтасында көрсетілген мәндерге және стандартты шина қысымының мәндеріне сәйкес шина қысымын жоғарылатыңыз немесе азайтыңыз.
- Егер автокөлікке BYD компаниясы мақұлдамаған қосымша электр жабдықтары орнатылса, бұл шина қысымын бақылау жүйесінің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін; мұндай жағдайда бұл кедергілерді жүйенің ақаулығы деп қабылдамау керек.
- Дөңгелек дискілерін ауыстырғанда, қосалқы дөңгелекті* орнатқанда, сондай-ақ дөңгелектерді ауыстырып салғанда шина қысымын бақылау жүйесін қайта бейімдеу қажет. Шиналардағы қысымды бақылау жүйесін қайта баптау үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөліктің жақындауы туралы дыбыстық ескерту жүйесі (AVAS)

Жүйе функциясы

Автокөліктің жақындауы туралы дыбыстық ескерту жүйесі (AVAS) төмен жылдамдықпен жүргенде автокөліктің жанындағы жаяу жүргіншілерге дыбыстық сигнал береді.

- Алға жүру кезінде:
  - 0 < V ≤ 20 км/сағ жылдамдық диапазонында дыбыстық сигналдың дыбыс деңгейі қозғалыс жылдамдығының артуына пропорционалды түрде жоғарылайды.
  - 20 < V ≤ 30 км/сағ жылдамдық диапазонында дыбыстық сигналдың дыбыс деңгейі жылдамдықтың одан әрі артуына қарай төмендейді.



  - 30 км/сағ жоғары жылдамдықта дыбыс автоматты түрде өшеді.
- Артқа қарай қозғалғанда автокөлік үздіксіз және біркелкі дыбыстық сигнал береді.
- Автокөліктің алға немесе артқа қозғалу бағытына қарамастан, ішкі жану қозғалтқышы іске қосылса, ескерту дыбыстық сигналының берілуі автоматты түрде тоқтайды.

Жүйені өшіру/қосу

- Қозғалтқыш дыбысының имитаторын қосу немесе өшіру үшін (функция кейбір аймақтарда қолдау көрсетілмейді) жылдам қол жеткізу тақтасын ашу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранының жоғарғы жиегінен саусағыңызды жоғарыдан төмен қарай сырғытыңыз. Жүйе зауыттан жеткізілген кезде әдепкі бойынша қосылған. Қозғалтқыш дыбысының имитаторын баптау қосқышы автокөліктің электр қуаты өшірілгеннен кейін өз күйін сақтамайды және борттық электр желісінің әрбір қайта іске қосылуы кезінде автоматты түрде қосулы күйге өтеді.

ЕСКЕРТУ!

- AVAS уақытша өшіру қосқышын автокөліктің жанында басқа жол қозғалысына қатысушылар болмаса немесе қоршаған ортаны ескере отырып (мысалы, кептелісте немесе автокөлікмөбиль жолында) дыбыстық ескерту қажет болмаса ғана пайдалануға болады. Авокөліктің жанында жаяу жүргіншілер болуы мүмкін болғанда, AVAS жүйесі қосулы болуы керек.
- Егер автокөлік AVAS жүйесі өшірілген кезде төмен жылдамдықпен жүрсе, жүйе жаяу жүргіншілерге автокөліктің жақындап келе жатқандығы туралы ескерту жасай алмайды, бұл қауіпсіздікті төмендетеді.
- Егер төмен жылдамдықпен жүргенде AVAS дыбыстық ескертуі естілмесе, автокөлікті салыстырмалы түрде қауіпсіз және тыныш жерде тоқтатыңыз, терезені ашыңыз, алдыңғы жүріс режимінде тұрақты 20 км/сағ жылдамдықпен жүріңіз және автокөліктің алдыңғы жағында дыбыстық ескерту естілгенін тексеріңіз. Егер дыбыс жоқ екені анықталса, BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

Қауіпсіз жүргізу жүйелері

Жүргізу қауіпсіздігін жақсарту үшін келесі жүйелер қозғалыс жағдайларына байланысты автоматты түрде іске қосылады. Алайда, бұл жүйелер тек жүргізушіге көмекші құрал болып табылады және оларға шамадан тыс сенім арту ұсынылмайды.

Электржетекті интеллектуалды тежеу жүйесі

- Электржетекті интеллектуалды тежеу жүйесі вакуумды күшейткіш, электрлік вакуумды сорғы, тежегішті блоктау жүйесі (ABS), электрондық тұрақтандыру жүйесі

(ESC) және басқа да мүмкіндіктерді біріктіретін озық электргидравликалық тежеу жүйесі болып табылады.

- Жүйе жүргізушінің басқару әрекеттеріне сәйкес автокөліктің тиімді тежелуін қамтамасыз етеді. Ол тежегішті блоктау жүйесі (ABS), тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе (EBD), бос айналудан сақтау жүйесі (TCS), автокөлікті динамикалық тұрақтандыру жүйесі (VDC), бейімделетін круиз-контроль (ACC), автоматты шұғыл тежеу жүйесі (AEB), жайлы тоқтау жүйесі (CST) және рекуперативті тежеудің кооперативті жүйесі (CRBS) сияқты озық басқару функцияларын қамтиды, бұл бағдар тұрақтылығын және қозғалыс жайлылығын, сондай-ақ тежеу энергиясын рекуперациялау тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Автокөлікті динамикалық тұрақтандыру жүйесі (VDC)

Қозғалыс кезінде автокөлік кенеттен немесе шұғыл бұрылған кезде VDC жүйесі руль дөңгелегінің бұрылу бұрышы және қозғалыс жылдамдығы сияқты деректер негізінде жүргізушінің ниетін анықтайды және оларды нақты қозғалыс параметрлерімен үздіксіз салыстырады. Егер автокөлік берілген траекториядан ауытқыса, VDC жүйесі тиісті дөңгелектерді тежеу арқылы бағытты реттейді, бұл жүргізушіге сырғанауды/сырғуды жеңуге және көліктің курстық тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

Бос айналудан қорғау жүйесі (TCS)

TCS жүйесі қозғалтқыштың айналу моментін азайту арқылы үдеу кезінде жетекші дөңгелектердің бос айналуын болдырмайды, сондай-ақ қажет болған жағдайда олардың бос айналуын болдырмау үшін тежеу күштерін жасайды. Бұл күрделі жол жағдайларында орнынан қозғалуды, үдеуді және жоғарыға қарай қозғалуды жеңілдетеді.

ЕСКЕРТУ!

- TCS жүйесі келесі жағдайларда тиімсіз жұмыс істеуі мүмкін:
  - Тайғақ жолда, тіпті TCS жүйесі дұрыс жұмыс істеп тұрса да, ол автокөлікті дұрыс траекторияда ұстай алмауы немесе тиісті қуат бере алмауы мүмкін.
  - Автокөлік тұрақтылығын және қуатын жоғалтып алуы мүмкін жағдайларда жолға шықпаңыз.

Өрге қарай орыннан қозғалу кезінде көмектесу жүйесі (HHC)

Тежегіш педалін жібергеннен кейін HHC жүйесі артқа домалауды болдырмау үшін тежеу жүйесіндегі қысымды бір секундқа сақтайды.

Тежеген кездегі гидравликалық көмек жүйесі (HBA)

Тежегіш педалін жылдам басқан кезде HBA жағдайды шұғыл тежеу ретінде таниды. Ол тежеу жүйесіндегі қысымды лезде максималды деңгейге дейін арттырады, бұл Тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) жылдамырақ іске қосылуын қамтамасыз етеді және тежеу жолын тиімді қысқартады.

Тұрақ тежегішімен динамикалық тежеу функциясы (CDP)

Жүргізуші EPB-ді қосқанда, CDP функциясы автокөлік тоқтағанға дейін тұрақты баяулаумен көліктің тежелуін қамтамасыз етеді (егер EPB қосулы болса 0,4 g, бірақ тежегіш педалі басылмаған, ал егер EPB қосулы болса және тежегіш педалі басылса 0,8 g). EPB өшірілген кезде функция жұмысын тоқтатады.

Өрден түсу көмекшісі (HDC)

- Жұмыс істеу принципі: HDC — қозғалыс ыңғайлылығын арттыруға арналған ESC жүйесінің қосымша функциясы. HDC функциясы ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы баптаулар мәзірінде қосылады және өшіріледі → ⚙ → **Жүргізу** → **Интеллектуалды көмекшілер**. HDC негізгі функциясы – автоматты тежеу арқылы еңісте қозғалыстың төмен жылдамдығын сақтау. HDC жұмыс істеп тұрған кезде, егер дөңгелектердің сырғуы ABS іске қосу шегінен асып кетсе, ABS жүйесі қосылады, бұл көлбеумен қауіпсіз және тегіс түсуге немесе тіпті артқа жүруге мүмкіндік береді.
- HDC іске қосу

- Егер жылдамдық 38 км/сағ-тан аспаса, HDC қосқышын басып, HDC жүйесін қосуға болады. Функция қосылған кезде оның аспаптар тақтасындағы күй индикаторы үздіксіз жанып тұрады.

- HDC функциясының жылдамдығын реттеу:
  - HDC жүйесі 11 км/сағ-тан 38 км/сағ-қа дейін жылдамдықта жұмыс істейді. Осы диапазонда жылдамдықты акселератор немесе тежегіш педалін басу/жіберу арқылы реттеуге болады. Автокөліктің жылдамдығы акселератор немесе тежегіш педалін жіберген кезде беріледі. HDC күйінің индикаторы жыпылықтайды, бұл HDC жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.
- HDC өшіру
  - Функцияны өшіру үшін HDC ажыратқышын қайта басыңыз, индикатор сөнеді.
  - Жылдамдығы шамамен 65 км/сағ асқанда HDC автоматты түрде өшеді.
- HDC жүйесінің ақаулығы:
  - Белгілі бір жағдайларда, мысалы, ұзақ еңіспен түскен кезде, тежегіштердің жоғары температурасына байланысты HDC функциясының жұмысы уақытша өшірілуі мүмкін.
  - Қауіпсіздік мақсатында «HDC жүйесін тексеріңіз» хабарламасы көрсетіледі. Функцияның жұмыс қабілетін қалпына келтіру үшін көлікті тоқтатып, тежегіштердің салқындауын күту қажет.

Қайталама соқтығысудың алдын алуға арналған шұғыл тежеу жүйесі (MCB)

- Егер жол-көлік оқиғасы салдарынан қауіпсіздік жастықтары іске қосылса, автокөлік автоматты тежеу функциясын қолданады.
- Жылдамдықты төмендету және көмекші жүйелердің (ESC және ABS) іске қосылуы автокөлікке бағыт тұрақтылығын және қозғалыс жолағындағы күйін сақтауға көмектеседі.
- Сондай-ақ, басқа көлік құралдарының жүргізушілерін ескерту және одан әрі соқтығысудың алдын алу үшін апаттық сигнал беру жүйесінің шамдары мен стоп-сигналдар қосылады.
- Апаттық-құтқару қызметтерінің жұмысын және автокөлікті эвакуациялауды жеңілдету үшін жол-көлік оқиғасынан кейін тежегіштер өшіп, стоп-сигналдар сөнеді.
- Жүргізуші кез келген уақытта соқтығысу кезінде акселератор немесе тежегіш педалін басу арқылы шұғыл тежеу жүйесінің жұмысын тоқтата алады.

Күшейткіші бар интеллектуалды тежеу жүйесінің түпнұсқа ESC жүйесімен салыстырғанда келесі жаңа функциялары бар:

- Тежеуге көмектесу режимі
  - Тежеуге көмектесу режимі тежегіш педалінің сезілуін реттеу үшін қолданылады. Тежегіш педалін басу дәрежесі мен автокөліктің баяулауы арасындағы байланыс қисығы әртүрлі режимдерде өзгереді, бұл жүргізушіге педальді басқандағы ең қолайлы сезімді таңдауға мүмкіндік береді.
  - Педаль реакциясын ыңғайлы немесе спорттық режимде ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында → ⚙ → **Жүргізу** → **Қозғалысты басқару** → **Руль күшейткішінің режимдері** арқылы баптай аласыз.
- Ыңғайлы тұрақ*
  - Ыңғайлы тұрақ: автокөлік қалыпты жағдайда тоқтағанға дейін баяулаған кезде, күшейткіші бар интеллектуалды тежеу жүйесі төрт тежеу механизміндегі қысымды реттеу арқылы тоқтаған кезде аспа қисаюы мен соққыларын азайтады, бұл автокөліктің тегіс тоқтауын қамтамасыз етеді.
  - Бұл функция ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында → ⚙ → **Жүргізу** → **Қозғалысты басқару** → **Ыңғайлы тұрақ** арқылы қосылады немесе өшіріледі.
  - Бұл функция іске қосылған кезде тежеу жолы 2-5 см-ге ұлғаюы мүмкін. Тоқтамас бұрын көлік құралына дейінгі қашықтықты немесе алда тұрған кедергілерді сәйкесінше арттырыңыз.
- Жүріс бірқалыптылығын реттеу*

- Жылдамдату және баяулату кезінде көлік шанағы салмақтың қайта бөлінуінен туындаған бойлық тербелістерді (бас изеулерді) жасайды. Функция аспаның демпферлеуін және тежеу жүйесіндегі қалдық қысымды келісілген басқару есебінен көлік шанағының бойлық тербелістерін азайтады, бұл жүрістің біркелкілігін және қозғалыс кезіндегі жайлылықты арттырады.
- Жүргізуші ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында → ⚙ → **Жүргізу** → **Қозғалысты басқару** арқылы жүріс біркелкілігін реттеудің үш режимінің бірін таңдай алады: «Әлсіз», «Орташа» немесе «Қарқынды».

- Тежегіш дискілерін тазалау
  - Тежегіш дискілерін тазалау функциясы: әйнектазартқыш қосулы кезде немесе жауын датчигі жауын-шашынды тіркеген кезде, біріктірілген тежеуді басқару жүйесі барлық төрт дөңгелектің гидравликалық контурында аздаған қысым жасайды. Нәтижесінде, тежегіш қыспақтары бетінен су қабықшасын кетіру үшін дискілерге қысқа уақытқа қысылады. Бұл тежегіштердің жұмыс істеу уақыты мен тежеу жолын қысқартады.
  - Жүйе жаңбырды немесе әйнектазалағыштың қосылуын білдіретін сигналды танығанда, қауіпсіздікті арттыру үшін тежегіш дискілері белгілі бір уақыт аралығында бірнеше рет тазаланады.

ESC жүйесін пайдалану бойынша нұсқаулық

- ESC жүйесінің жұмысы
  - Егер көлбеу жерде қозғала бастағанда сырғанау немесе артқа домалау қаупі болса немесе жетекші дөңгелектердің бірі сырғып кетсе, ESC индикаторы жыпылықтап, ESC жүйесінің іске қосылғанын білдіреді.
- ESC жүйесінің өшуі
  - Егер көлік қарға немесе балшыққа батып қалса, ESC жүйесі қуат агрегатынан дөңгелектерге айналу моментін беруді шектеуі мүмкін. Мұндай жағдайда қозғалысты қайта бастау (көлікті тербету) үшін жүйені өшіру қажет болуы мүмкін.
- ESC өшіру
  - ESC жүйесін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында → ⚙ → **Жүргізу** → **Қозғалысты басқару** → **ESC өшіру** арқылы өшіруге болады. ESC жүйесі сонымен қатар нақты уақыт режимінде жұмыс күйін тексереді. Егер жүйе іске қосылған сәтте оны өшіру үшін ESC өшіру түймесін бассаңыз, жүйе алдымен белсенді реттеу циклін аяқтайды және тек содан кейін өшіру командасын орындайды. ESC жүйесі араласып болғаннан кейін ғана өшеді.
  - ESC OFF түймесі қайта басылған болса немесе автокөліктің жылдамдығы шекті мәннен (80 км/сағ) асып кетсе, кейбір ESC функциялары қайта қосылуы мүмкін. Қауіпсіздік мақсатында ESC-ті қайта іске қосу жүйе көлікті басқаруға белсенді араласу күйінде болмаған кезде ғана мүмкін болады.
- ESC жүйесін қайта іске қосу
  - Егер ESC жүйесі өшірілген болса, көлікті қайта іске қосқан кезде ESC жүйесі автоматты түрде қосылады.
- ESC жүйесін іске қосу және жылдамдықпен байланыс
  - ESC жүйесі өшірулі болса да, егер жылдамдық 80 км/сағ шегінен жоғары көтерілгенде автокөлік өте тұрақсыз болып қалса, ол автоматты түрде қосылуы мүмкін.
- ESC жүйесі белсенді болғанда
  - Егер ESC ақаулығын білдіретін индикатор жыпылықтаса , сақтық танытып қозғалыңыз.
- ESC жүйесі өшіп тұрғанда
  - Егер ESC жүйесі өшірілген болса, абай болыңыз және жол жағдайына сәйкес жылдамдықпен жүріңіз. ESC жүйесі автокөліктің тұрақтылығын және жетек қуатының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл жүйені ешқашан қажетсіз өшірмеңіз.
- Шиналарды ауыстыру
  - Барлық шиналардың өлшемі, маркасы, протектор суреті және жүк көтергіштігі бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Шиналарды ұсынылған қысымға дейін үрлеуді ұмытпаңыз.

- Егер автокөлік әртүрлі шиналар орнатылған болса, ABS және ESC жүйелері дұрыс жұмыс істемейді.
- Шиналарды немесе дискілерді ауыстыру туралы толық ақпарат алу үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервис орталығына хабарласқан жөн.

- Шиналармен және аспамен жұмыс
  - Ақаулы шиналарды немесе модификацияланған аспаны пайдалану қозғалыс қауіпсіздігі жүйелерінің жұмысына әсер етеді және олардың істен шығуына әкелуі мүмкін.

Тежегішті блоктау жүйесі

- ABS гидравликалық жүйесі диагональды схема бойынша орналасқан екі тәуелсіз контурға ие (сол жақ алдыңғы дөңгелектің тежегіш механизмі оң жақ артқы дөңгелектің тежегіш механизмімен байланысты). Егер бір контур істен шықса, екі дөңгелек әлі де баяулауы мүмкін.
- ABS жүйесі шұғыл тежеу кезінде немесе тайғақ жол төсемінде дөңгелектердің блокталуын болдырмайды, бұл жүргізушіге көліктің қозғалыс бағытын бақылауды сақтауға мүмкіндік береді.



- ABS жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде ESC индикаторы жыпылықтайды және тежегіш педалі дірілдейді, сонымен қатар шу естілуі мүмкін. Бұл тежеу магистральдарындағы қысымның жылдам циклдік өзгеруіне байланысты қалыпты құбылыс. Мұндай жағдайда тежегіш педалін басып, жібермей, оның орнына басып, ұстап тұру керек. Бұл ABS жүйесіне ойдағыдай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Кедергіні айналып өткенде, ABS жүйесі жұмысын жалғастыру үшін тежегіш педалін тірелгенше басып, ұстап тұру керек.

ЕСКЕРТУ!

- ABS жүйесі келесі жағдайларда тиімсіз жұмыс істеуі мүмкін:
  - Жолмен ілінісуі нашар шиналар қолданылуда (мысалы, қар басқан жолдарда шектен тыс тозған шиналар).
  - Автокөлік жоғары жылдамдықпен сырғанақ жолда қозғалған кезде бүйірге сырғиды.
- ABS жүйесі автокөліктің тежеу жолын қысқартуға арналмаған. Әрқашан алда келе жатқан автокөлікке дейін қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз:
  - сырғанақ, батпақ, құм немесе қар басқан жолдармен жүргенде.
  - ойықтары көп жолдармен немесе тегіс емес жолдармен жүргенде.
  - кедір-бұдыр жолдар.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер ABS ақаулығының сигнал шамы жанып тұрса және тежеу жүйесінің сигнал шамы жанып тұрса, автокөлікті дереу қауіпсіз жерде тоқтатыңыз. BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласқан жөн.
- Мұндай жағдайда тежегіш педалін басқан кезде ABS жүйесі жұмыс істемейді және автокөлік өте тұрақсыз болады.
- ABS жүйесі тежеу немесе тежеу жолының уақытын қысқартуға арналмаған. Бұл жүйе тежеу кезінде басқаруды сақтауға көмектеседі. Басқа көлік құралдарына дейін қауіпсіз қашықтықты сақтап отырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ABS жүйесі көліктің бағыт тұрақтылығын жоғалтуды алдын алмайды. Шұғыл тежеу кезінде рульді бірқалыпты қозғалту керек. Қозғалыс кезінде рульді қатты немесе кілт бұру автокөліктің қарсы қозғалыс жолағына немесе жолдан шығып кетуіне алып келуі мүмкін.
- ABS қозғалыс бағытын күрт өзгертуден, мысалы, кілт бұрылғанда немесе жолақты күрт ауыстырғанда туындаған сырғулардың алдын алмайды. Жол және ауа-райы жағдайларына қарамастан қауіпсіз жылдамдықты таңдай отырып, әрқашан автокөлікті жүргізген кезде абай болыңыз.
- Ылғал, борпылдақ немесе тегіс емес жолдармен (мысалы, су басқан бетон жолдар, битуммен жабылған жолдар, құмды жолдар, қарлы жолдар) жүргенде, ABS жүйесі бар автокөлік тоқтау үшін ABS жүйесі жоқ автокөлікке қарағанда көбірек тежеу жолын қажет етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жылдамдықты төмендетіп, басқа автокөліктерден үлкен қашықтықты сақтау керек.

Басқа негізгі функциялар

Бейнежазғыш

- Камера алдыңғы әйнектің жоғарғы орталық бөлігінде орналасқан.



- Бейнежазғыштың SD-картасына арналған арнайы слот орталық консольдің астындағы қуыста орналасқан.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Функциялардың толық сипаттамасы және жауапкершілікті шектеу туралы мәлімдеме «Бейнежазғыш» (Dashcam) қолданбасында қолжетімді.
- Көліктердің жинақтамасындағы айырмашылықтарға байланысты бейнежазғыштың іс жүзіндегі функциялар жиынтығы әртүрлі болуы мүмкін.
- Сіз өзіңіздің еліңізде немесе аймағыңызда камераларды пайдалануға қатысты барлық заңдар мен ережелерді, атап айтқанда құпиялылықты қорғауға қатысты заңдар мен ережелерді сақтауға жауаптысыз.
- Қозғалыс кезінде бейнежазғыш көліктің айналасындағы кеңістікті түсіреді. Құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында бейнежазба көліктің ішкі жадында сақталады. BYD компаниясы сіздің бейнедеректеріңізді жинамайды және өңдемейді.
- Картаны дұрыс салыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Үйлесімсіз TF-карталарды пайдалану бейнежазғыштың* файлдарды жазу және сақтау кезіндегі жұмысында ақауларға әкелуі мүмкін.
- TF-картаны шығарып алмас бұрын жазуды тоқтатыңыз немесе ақпараттық-ойын-сауық жүйесін өшіріңіз, әйтпесе бейнефайлдар зақымдануы мүмкін.

05 САЛОН ЖАБДЫҒЫ

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі 186
Климаттық қондырғы 192
BYD қолданбасы 200
Ұсақ-түйек бөлімі 201
Басқа құрылғылар 203

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі

Ақпараттық ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экраны

Оталдыру жүйесін қосқан кезде бірнеше секундқа бастапқы экран көрсетіледі, осыдан кейін ақпараттық-ойын-сауық жүйесі қосылады. Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің қолданбалар және Интернет арқылы қоңырау шалу секілді функцияларымен жұмыс істеуді жеңілдету үшін жүйені желіге қосылғаннан кейін қолданған жөн.

① Ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсор экраны

② Айналдыру түймесі



- Дыбыс деңгейін арттыру үшін жоғары қарай, я дыбыс деңгейін азайту үшін төмен қарай айналдырыңыз.
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесі қосулы кезде, жүйенің дыбысын өшіру және басты бет кескіні экранына өту немесе дисплейді өшіру үшін айналдыру түймесін басыңыз (ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейінде басты бет кескінін баптаңыз → ⚙ → Аудиожүйе дисплейі → Экран). Айналдыру түймесін тағы бір рет басып, дыбыс пен экранды қосыңыз.
- Ақпараттық және ойын-сауық жүйесін өшіріп, қайта қосу үшін айналдыру түймесін үш секунд басып тұрыңыз.

Зауыттық баптауларға дейін қалпына келтіру

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін ⚙ → Жүйе → Нұсқа → Зауыттық баптауларға қайта орнату түймесін басу арқылы зауыттық баптауларға қайта орнатуға болады.
- Бұл функция ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің зауыттық баптауларын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.
  - Бұл процесс кезінде ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің түймелеріне тимеңіз және қоректендіруді өшірмеңіз, әйтпесе қателер пайда болуы мүмкін.
  - Процесс 2-5 минутты алады.

⚠ ЕСКЕРТУ!

- Автокөлікте қуаты жоғары инверторды пайдаланушы болмаңыз, себебі бұл ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің ақаулығына алып келуі мүмкін.
- Құрылғыны форматтамаңыз және оның жасырын баптауларына қолжетімділікті ашпаңыз, себебі бұл ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің немесе автокөліктің ақаулығына алып келуі мүмкін.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сенсор экранын зақымдамау үшін:
  - Экранды байыппен түртіңіз. Егер реакция болмаса, саусақтарыңызды экраннан алыңыз, содан кейін оны қайтадан түртіңіз.
  - Экранды жұмсақ матамен тазалаңыз. Ешқандай тазартқыш құралдар пайдаланбаңыз.
- Сенсорлы экранды пайдалану:
  - Төмен температурада экрандағы кескін әдеттегімен салыстырғанда күңгірттеу болуы немесе жүйе баяуырақ жұмыс істеуі мүмкін.
  - Егер күннен қорғайтын көзілдірік таққан болсаңыз, экран күңгірт болып көрінуі немесе нашар ажыратылуы мүмкін. Мұндай жағдайда қарау бұрышын өзгертіңіз немесе күннен қорғайтын көзілдірікті шешіңіз.
  - Сенсорлы экранның сұр түске боялған түймелерін қазіргі сәтте пайдалану мүмкін емес.
- Сенсорлы экран интерфейсі мұнда тек анықтама үшін көрсетілген.

Ақпараттық және ойын-сауық жүйесі

- Ақпараттық және ойын-сауық жүйесін бірінші рет іске қосқан кезде ескерту көрсетіледі. Жүйеге кіру үшін «Келісемін» пернесін басыңыз.
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесі іске қосылғанда, күй жолағын, навигация панелін және жұмыс үстелінің виджеттерін қамтитын экран автоматты түрде көрсетіледі.
- Күй жолағы

  Жоғарғы күй жолағында функциялар күйінің белгішелері көрсетіледі.

  Күй жолағындағы белгішелер екі түрге бөлінеді: интерактивті* және тек ақпарат үшін.
- Жылдам қол жеткізу мәзірі

  Жылдам қол жеткізі мәзірін ашу үшін сенсорлы дисплейдің жоғарғы жағынан төмен қарай сырғытыңыз. Ол жылдам басқару функцияларын, жарықтық пен дыбыс деңгейі баптауларын, сондай-ақ тақырыптық режимдерді таңдау модульдерін* қамтиды.
- Навигация панелі

  Басқару мәзірін және қолданбаларды* шақыру үшін навигация панелін басып тұрыңыз. Навигация панелін қажеттіліктеріңізге сәйкес баптай аласыз.

  - : алдыңғы бетке қайту немесе бағдарламадан шығу.
  - : басты бетке қайту.

  Қалауыңызға байланысты түсқағаздар мен картасы бар жұмыс үстелдері арасында ауысу үшін осы түймені басып тұрыңыз.

  - : автокөлік баптауларының экранына өту.
  - : қолданбалар тізімінің экранына өту*.
  - : экранды бөлу үшін түймені басыңыз, және шығу үшін екінші рет басыңыз.
- Тапсырмаларды басқару орталығы*

  Сенсорлы дисплейдің төменгі жағынан жоғары қарай сырғыту тапсырмаларды басқару орталығын ашады.
- Жұмыс үстелінің виджеті

  Жұмыс үстелі компоненттерінің құрамы зауытта әдепкі бойынша бапталған. Пайдаланушылар өз қалауларына сәйкес виджеттерді қоса, жоя немесе орнын өзгерте алады.

ЕСКЕ САЛУ

- Бірінші басты экрандағы виджет тұрақты компонент болып табылады және ауыстырылмайды.

ЕСКЕ САЛУ

- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің жұмысында ақаулар туындаған кезде, «Пайдалы құралдар» мәзірі арқылы ақаулық туралы есеп жіберіңіз.
- Жүктелген қолданбалардың құрамы автокөліктің іс жүзіндегі жинақтамасына байланысты.

Тақырыптық режимдер

Пайдаланушылар жылдам қол жеткізу мәзірін ашу үшін мультимедиа жүйесінің сенсорлы дисплейі бойынша қарай сырғыта алады немесе тақырыптық режимдерді қосу және өшіру үшін дауыспен басқаруды пайдалана алады. Бұл салон кеңістігін отбасылық сапарлар, ойын-сауық, демалыс және басқа да өмірлік жағдайлардың қажеттіліктеріне бейімдей отырып, автокөліктің әртүрлі жүйелерін басқаруды біріктіруге және бір уақытта көптеген баптауларды қолдануға мүмкіндік береді.

Демалыс режимі

- Режимді іске қосу: егер сізге аздап демалу қажет болса, демалыс режимін қосыңыз және оның ұзақтығын ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейіндегі ашылмалы мәзірде орнатыңыз. Режимді іске қосу үшін «ОК» түймесін немесе одан шығу үшін «Қазір аяқтау» түймесін басыңыз.

- Оятқыш баптаулары: демалыс уақыты аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал естіледі. Оны аяқтау үшін «Болдырмау» түймесін басыңыз. Егер пайдаланушы ешқандай әрекет жасамаса, сигнал әдепкі бойынша біраз уақытқа кейінге қалдырылады және осы уақыт аралығы аяқталғаннан кейін қайтадан естіледі.
- Режимді қосу әсері: демалыс режимі іске қосылғанда, жүргізуші орындығы автоматты түрде әдепкі қалыпқа түседі, климаттық қондырғы қосылады, автокөлік құлыпталады, әйнектер көтеріледі, ал панорамалық люк автоматты түрде жабылады. Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейінде демалыс режимінің интерфейсі көрсетіледі, ал алдыңғы жолаушы экраны, аспаптар тақтасының дисплейі және қалған дисплейлер сөнеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Демалыс режимін іске қоспас бұрын, OK индикаторы үздіксіз жанып тұрғанына және селектор тұрақ режимінде екеніне көз жеткізіңіз.
- Демалыс режимін қоспас бұрын, барлық есіктерді және жүксалғыш қақпағын жабыңыз.
- Демалыс режиміне өтпес бұрын, қолайсыздықтарды болдырмау мақсатында автокөліктің жүріс қорына назар аударыңыз.
- Автокөлікті қауіпсіз тоқтатқаннан кейін, пайдаланылған газдарды шығару жүйесінен тез тұтанатын материалдардың (мысалы, шөп, құрғақ жапырақтар, сабан және т.б.) тұтануын болдырмау үшін түбінің астындағы кеңістікті тексеріңіз.
- Жеткілікті мөлшерде желдетілмейтін жерлерде демалыс режимін қоспаңыз.
- Автокөлікті зарядтау немесе разрядтау кезінде демалыс режимін пайдаланбаңыз.
- Артқы жолаушылардың аяқтарын қысып қалуды немесе заттардың зақымдануын болдырмау үшін, демалыс режимін қоспас бұрын, артқы орындықтарда адамдар мен заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Кейбір жағдайларда автокөлік демалыс режимінен автоматты түрде шығады (мысалы, егер селектор тұрақ режимінде болмаса немесе автокөліктің электр қуаты өшірілсе), бұл қалыпты жағдай.

Кемпинг режимі

- Режимді белсендіру: табиғат аясында демалған кезде, кемпинг режимін дауыстық пәрмен арқылы немесе орталық басқару экранындағы жылдам қол жеткізу тақтасынан сәйкес профильді таңдау арқылы қосуға болады.
- Оятқыш баптаулары: кемпинг режимінде пайдаланушылар оятқышты баптай алады. Белгіленген уақыт келгенде ескесалғыш естіледі. Сигнал дыбысын аяқтау үшін «Оятқышты өшіру» түймесін басыңыз. Егер пайдаланушы ешқандай әрекет жасамаса, кемпинг режимінің жұмыс уақыты әдепкі бойынша ұзартылады, ал оятқыш осы уақыт аралығы аяқталғаннан кейін қайтадан іске қосылады.
- Режимді қосу әсері: кемпинг режиміне өткеннен кейін әйнектер көтеріледі, люк пен күнқағар қалқа автоматты түрде жабылады, ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейінде пайдаланушы таңдаған кемпинг анимациясы ойнатылады, ал салондағы қалған дисплейлер сөнеді. Сонымен қатар, автокөлік шанақтың көкжиекке қатысты орналасуын автоматты түрде теңестіреді. Пайдаланушы автокөлікті құлыптағаннан кейін, жарықтандыру құралдары автоматты түрде өшеді.

АБАЙЛАҢЫЗ

- Кемпинг режимін іске қоспас бұрын, OK индикаторы үздіксіз жанып тұрғанына және селектор тұрақ режимінде екеніне көз жеткізіңіз.
- Кемпинг режиміне өтпес бұрын, қолайсыздықтарды болдырмау үшін автокөліктің жүріс қорына назар аударыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөлікті қауіпсіз тоқтатқаннан кейін, пайдаланылған газдарды шығару жүйесінен тез тұтанатын материалдардың (мысалы, шөп, құрғақ жапырақтар, сабан және т.б.) тұтануын болдырмау үшін түбінің астындағы кеңістікті тексеріңіз.
- Жеткілікті мөлшерде желдетілмейтін жерлерде кемпинг режимін қоспаңыз.
- Автокөлікті зарядтау немесе разрядтау кезінде кемпинг режимін пайдаланбаңыз.
- Белгілі бір жағдайларда автокөлік кемпинг режимінен автоматты түрде шығуы мүмкін (мысалы, климаттық қондырғының ақаулығы, аккумулятор батареясының зарядының төмен деңгейі немесе электр қуатының өшірілуі кезінде). Бұл қалыпты жағдай.

Балалар режимі*

- Режимді белсендіру: сапар кезінде балалар режимін дауыстық пәрмен немесе тақырыптық режимдерді таңдауға өту үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейіндегі жылдам қол жеткізу тақтасын ашу арқылы қосуға немесе өшіруге болады болады.
- Режимді қосу әсері: балалар режимі іске қосылғанда келесі әрекеттер орындалады: Мультимедиа жүйесінің дыбыс деңгейі төмендейді. Артқы есіктердің әйнектері көтеріледі. Балалардан қорғау механизмі қосылады. Күнқағар қалқалар жабылады. Климаттық қондырғы артқы басқару тақтасының құлпы қосылады. Климаттық қондырғы артқы басқару экранында құлыптау күйі көрсетіледі. Артқы орындықтар қатары үшін климаттық қондырғының және орындықтарды реттеудің барлық функциялары қолжетімсіз болады. Мультимедиа жүйесі балалар музыкалық трекterін кездейсоқ тәртіпте ойнатады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Балалар режимін қоспас бұрын, барлық есіктерді және жүксалғыш қақпағын жабыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Балалар режимі қосулы кезде балаларды автокөлікте жалғыз қалдыруға тыйым салынады.
- Егер автокөлікте Интернет қосылымы болмаса немесе Kuwo Music* қолданбасы жойылса, балалар музыкасын ойнату мүмкін болмайды.

Жуу режимі*

- Режимді белсендіру: автокөлікті жуу алдында, жуу режимін дауыстық пәрмен арқылы немесе тақырыптық режимдерді таңдауға өту үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейіндегі жылдам қол жеткізу тақтасын ашу арқылы қосуға болады.
- Режимді қосу әсері: жуу режимі іске қосылғаннан кейін әйнектер автоматты түрде көтеріледі және басқа жүйелер жабылады, балалардан қорғау механизмі автоматты түрде қосылады, ал сәйкес жүйелердің күйі ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейінде көрсетіледі.
- Конвейерлік типтегі жуу кешенінде автокөлікті жуған кезде пайдаланушы «Автоматты автокөлік жуу» түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындай отырып, жуу туннеліне кіре алады. Автоматты жуу функциясы іске қосылғаннан кейін сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жиылады, ал жүйе пайдаланушыға селекторды бейтарап қалыпқа ауыстыруға көмектеседі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жуу режимін қоспас бұрын, автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ аспайтынына көз жеткізіңіз. Егер автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ асса, жуу режимі автоматты түрде өшеді.
- Автоматты жуу түймесін басқаннан кейін тежегіш педалін басыңыз және автоматты жуу режиміне өту үшін D режимін қосыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қауіпсіздік мақсатында, конвейерлік типтегі жуу кешенінде автоматты жууды орындау кезінде автокөліктен шықпаңыз.
- Автокөлікті жуу аяқталғаннан кейін, жуу режимінен шығу үшін селекторды ауыстыру жеткілікті.

Ишаралар және жүйенің реакциялары

Ишаралар және жүйенің олармен байланысты реакциялары:

- Басу (түрту): қолданбаны ашу, функцияны таңдау, экрандық түймені басу немесе экрандық пернетақта арқылы белгі енгізу үшін, экранға саусағыңызызды тигізіңіз.
- Сүйреп апару: белгішені, миниатюраны немесе алдын ала қарау терезесін жаңа орынға жылжыту үшін элементті ұстап тұрыңыз, оны қажетті орынға сүйреп апарыңыз және босатыңыз.
- Парақтау: экран бойынша саусақпен бірқалыпты жүргізуді басты бетте немесе қолданбалар интерфейсінде пайдалануға болады.
- Қос басу (қос түрту): кескінді үлкейту немесе толық экран режиміне ауыстыру үшін қолданылады. Қайту үшін екі рет қайта басыңыз.
- Саусақтарды бір-бірінен алшақтату/бір-біріне жақындату: екі саусақпен кескінді үлкейту немесе кішірейту.
- Үш саусақпен солға/оңға сермеу: кондиционер желдеткішінің айналу жылдамдығын реттеу.
- Үш саусақпен жоғары/төмен сермеу: кондиционер температурасын реттеу.
- Сенсорлы экранның үстіңгі бөлігімен төмен қарай сермеу: жылдам өту мәзірін ашу.
- Сенсор экранының төменгі бөлігін жоғары сермеу: тапсырмаларды басқару орталығын ашу.
- Сенсорлы экран бетін саусақпен солға/оңға жүргізу: соңғы экранға оралу

Bluetooth арқылы шақыру

Қосылу

1. Қосылымды орнату үшін Bluetooth экранында **«Bluetooth-ды қосыңыз»** пернесін түртіңіз.
2. Қолжетімді құрылғыларды табу үшін **«Құрылғыларды сканерлеу»** түймесін басыңыз.
3. Қолжетімді құрылғымен жұптастыру әрекетін орындаңыз және телефонда көрсетіліп тұрған жұптастыру кодының сенсорлы экрандағы кодқа сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Қосылу аяқталғаннан кейін Bluetooth-ды қосыңыз.

Bluetooth арқылы шақыру

Bluetooth қосылымы бар болған жағдайда нөмірді теру экранына өтіңіз.

- Қоңырау шалу үшін **Контактілер**, **Қоңыраулар журналы** және **Өткізіп алған қоңыраулар** түймелерін басыңыз немесе теру пернетақтасын пайдаланыңыз.
- Нөмір теру экранын қайру үшін қоңырау картасын жоғары ысырыңыз немесе кез келген бос аймақты түртіңіз.
- AVM экранында қоңыраулар туралы шағын қалқымалы терезе хабарлайды.

OTA жаңарту*

- Автокөлік жаңартуларды ауамен алу тәсілін (OTA) қолдайды. Бағдарламалық құралды соңғы нұсқаға жаңарту үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейін → ⚙ → **Жүйе** → **Нұсқа** → **Нұсқаны жаңарту** түймесін басу арқылы жаңартуға болады.
- Егер жаңартулар қолжетімді болса, олар ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экранында көрсетіледі. Дереу жаңарта аласыз немесе автокөлікті пайдалануды ескере отырып, жаңартуды жоспарлай аласыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жаңарту кезінде автокөлікті қозғамаңыз.
- Жаңартуды орындамас бұрын автокөліктің қозғалыссыз тұрғанына, тұрақ режимінің таңдалғанына, ал желілік қосылымның сәтті орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Жаңартуды бастамас бұрын автокөлік батареясының заряд деңгейінің жоғары екенінен көз жеткізіңіз.
- Жаңарту алдында немесе оның барысында бөгде құрылғыларды автокөліктің диагностикалық жалғағышына қоспаңыз.
- Жаңартпай тұрып, автокөлік аккумуляторының заряды жеткілікті екенін тексеріп алыңыз, себебі жаңарту процесі жүріп жатқанда оны зарядтауға немесе зарядын тауысуға болмайды.
- Жаңарту кезінде автокөлік функциялары қолжетімді болмайды, келесі жағдайларды қоспағанда: автокөлікті смарт-кілт немесе микроажыратқыш көмегімен автокөлікті құлыптау/құлпын ашу, ішкі жарықты, апаттық сигналын беру жүйесін қосу/өшіру және әйнеккөтергіштерді басқару.
- Жаңарту мүмкін болмаса, әрекетті қайталаңыз. Егер ақау қайталанса, BYD авторландырылған дилеріне немесе сервис орталығына хабарласыңыз.

Интеллектуалды дауыстық көмекші

- BYD ассистенті — бұл навигация жүйесімен маршрут құру, музыка/радио/DAB* ойнату, телефон қоңырауларын шалу және автокөліктің борттық жабдығын басқару сияқты дауыстық пәрмендерге жауап беретін интеллектуалды дауыстық көмекшісі.
- Егер BYD ассистенті әдепкі бойынша дауыстық көмекші ретінде орнатылған болса, автокөлік иесі оны үш жолмен іске қоса алады: «Сәлем, BYD» іске қосу командасын айту арқылы; рульдегі дауыспен басқару түймесін қысқа басып қалу арқылы; ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы дисплейіндегі белгішесін басу арқылы.
- Жүйе іске қосылғаннан кейін дауыстық пәрмендеріңізді бірден тани бастайды. Осыдан кейін сіз келесі командаларды айта аласыз: «Үйге» (алдын ала мекенжайды баптау қажет), «Музыканы қос», «DAB+ қос», «Қоңырау шал (контактілер тізіміне рұқсатпен қамтамасыз ету және телефонды Bluetooth арқылы қосу қажет)», «Температураны 23 градусқа орнат», «Жүргізуші орындығының желдеткішін қос» және т.б. Интеллектуалды дауыстық көмекшісі танылған команданы орындайды.
- Егер қазіргі уақытта BYD ассистенті әдепкі бойынша дауыстық көмекші ретінде таңдалмаған болса, оны іске қосу командасы және рульдегі түйме арқылы іске қосу мүмкін болмайды. Автокөлік иесі қажетті дауыстық көмекшіні әдепкі бойынша дауыспен басқару белгішесін басып тұру арқылы немесе Баптаулар → Көмекші және дауыс → Цифрлық көмекші қолданбасы → Әдепкі цифрлық көмекші қолданбасы беті арқылы таңдай алады.

Караоке*

- Микрофонның қуат түймесін «Караоке» индикаторы жанғанша басып тұрыңыз, содан кейін сіз караоке функциясын пайдалана аласыз.
- Функцияны іске қосу үшін «Караоке» қолданбасын ашыңыз. Караоке жүйесінің интерфейсінде сіз микрофонның дыбыс деңгейін, реверберация деңгейін баптай аласыз және дыбысты жеке баптау үшін дыбыс эффектілерін таңдай аласыз.
  - «Караоке» қолданбасын іске қосқаннан кейін, BYD караоке жүйесінің қалқымалы терезесінде дыбыс деңгейін және реверберация деңгейін реттеу үшін қалқымалы микрофон белгішесін немесе микрофон түймесін (функционалдық түйме) басыңыз. Караоке* режимі аса жақсы дыбысталуы үшін автокөлік аудиожүйесінің жалпы

дыбыс деңгейін 25 немесе одан жоғары деңгейге орнату ұсынылады.

- BYD караоке жүйесінің қалқымалы терезесінде қолжетімді нұсқалардан қажетті дыбыс эффектісін таңдаңыз: «Студия», «KTV» (Караоке-бокс), «Концерт залы» немесе «Түпнұсқа дыбыс». Сәйкес дыбыс эффектісінің түймесін басыңыз, сонда микрофон автоматты түрде таңдалған баптауға ауысады.

Менің автокөлігім*

«Менің автокөлігім» бөлімі автокөлік жүйелерін басқару функцияларын қамтиды. Автокөлікті басқару жылдам қол жеткізу тақтасынан және автокөліктің интерактивті 3D-моделінен* тұрады.

- Жылдам қол жеткізу тақтасы: жылдам басқару сол жақ бүйірлік жылдам қол жеткізу тақтасы және экранның төменгі жағындағы функционалдық карталар арқылы жүзеге асырылады.
- Автокөліктің 3D-моделі арқылы басқару: пайдаланушылар автокөлік құрылғыларын басқару үшін модельдің белсенді аймақтарын баса алады. Оларға люкті, күңқағар қалқаны, әйнектерді және жүксалғыш қақпағын* басқару кіреді. Басқару функцияларының қолжетімділігі автокөліктің іс жүзіндегі жинақтамасына байланысты.
- Экрандағы шанақ түсін өзгерту: сіз сәйкес белгішені басу арқылы экрандағы автокөлік шанағының түсін өзгерте аласыз.
- Жылдам қол жеткізу тақтасын баптау: пайдаланушылар барлық жылдам қол жеткізу функцияларын көру үшін «Тағы» түймесін басып, функциялар белгішелерін ұстап тұру және сүйреп апару арқылы оларды пайдалану жиілігіне байланысты өздері үшін баптай алады. Басқару функцияларының қолжетімділігі автокөліктің іс жүзіндегі жинақтамасына байланысты.

ЕСКЕ САЛУ

- Жүктелген қолданбалардың құрамы автокөліктің іс жүзіндегі жинақтамасына байланысты.

Климаттық қондырғы

Климаттық қондырғыны басқару тақтасы

Климаттық қондырғыны алдыңғы басқару тақтасы

- Алдыңғы әйнекті жылыту



Климаттық қондырғыны артқы басқару тақтасы*



1 Екінші қатардағы сол жақ орындықты желдету түймесі*

2 Екінші қатардағы сол жақ орындықты желдету режимінің/жылыту қарқындылығының индикаторы*

3 Екінші қатардағы сол жақ орындықты жылыту түймесі*

4 Климаттық қондырғының артқы температурасы +

5 Климаттық қондырғының артқы температура индикаторы

10 Климаттық қондырғының артқы ауа тарату түймесі

11 Климаттық қондырғының артқы басқару тақтасының автоматты құлпы*

12 Климаттық қондырғының артқы автоматты режимі

13 Климаттық қондырғының артқы желдеткіш жылдамдығы +

14 Климаттық қондырғының артқы желдеткіш жылдамдығының индикаторы

15 Климаттық қондырғының артқы желдеткіш жылдамдығы –

6	Климаттық қондырғының артқы температурасы –	16	Екінші қатардағы оң жақ орындықты желдету түймесі*
7	Климаттық қондырғыны артқы жағынан қосу/өшіру	17	Екінші қатардағы оң жақ орындықты желдету режимінің/жылыту қарқындылығының индикаторы*
8	Климаттық қондырғыны артқы жағынан басқару белгішесі		
9	Климаттық қондырғының артқы ауа тарату экраны	18	Екінші қатардағы оң жақ орындықты жылыту түймесі*

Климаттық қондырғыны басқару интерфейсі

Климаттық қондырғыны алдыңғы жағынан басқару интерфейсі



1	Климаттық қондырғыны алдыңғы жағынан басқару элементтері		
2	Климаттық қондырғыны артқы жағынан басқару элементтері*	10	Максималды салқындату
3	Климаттық қондырғыны алдыңғы жағынан қосу/өшіру	11	Климаттық қондырғының баптаулары
4	Климаттық қондырғының автоматты режимі	12	Жүргізуші жағы үшін температураны реттеу
5	Салқындату	13	Климаттық қондырғының алдыңғы ауа тарату режимін реттеу түймесі
6	Желдету	14	Алдыңғы жақ үшін температураны реттеу
7	Циркуляция режимі		жолаушы
8	Алдыңғы әйнекті жылыту	15	Синхрондау
9	Артқы әйнекті және сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту	16	Алдыңғы желдеткіш жылдамдығын реттеу

Климаттық қондырғының артқы интерфейсі*



1 Климаттық қондырғыны артқы жағынан басқару интерфейсі

2 Климаттық қондырғыны артқы жағынан қосу/өшіру

3 Климаттық қондырғының артқы автоматты режимі

4 Климаттық қондырғыны артқы жағынан басқару құлпы

5 Климаттық қондырғының артқы температурасын реттеу

6 Климаттық қондырғының артқы ауа тарату режимін реттеу түймесі

7 Артқы желдеткіш жылдамдығын басқару

Функциялардың сипаттамасы

Автоматты режим

- Осы түймені басқаннан кейін компрессордың жұмысы, желдеткіш жылдамдығы және ауа тарату автоматты түрде реттелуі мүмкін.
- Егер жүргізуші желдеткіштің жылдамдығын немесе ауаның үлестірілуі реттейтін болса, автокөлік автоматты режимнен шығады, бұл ретте іске қосылғандарынан өзге қалған функциялар автоматты басқару режимінде қалады.

Кондиционер жүйесін қосу/өшіру

- Қосулы тұрған болса, кондиционер жүйесін өшіру үшін осы түймені басыңыз.
- Өшірулі тұрған болса, кондиционер жүйесін қосу үшін осы түймені басыңыз.

Максималды салқындату

- Кондиционер жүйесін максималды салқындату режиміне ауыстыру үшін осы түймені басыңыз. Температура Lo (төмен) мәніне, ал желдеткіш жылдамдығы максималды мәнге қойылғанда да, рециркуляция режимі қосылады және ауа ағыны бет аймағына бағытталады.
- Бұл режимнен шығу үшін осы түймені тағы бір рет басыңыз.

Салқындату

- Салқындату үшін осы түймені басыңыз.
- Баптауды өшіру үшін осы түймені екінші рет басыңыз.

Циркуляция режимі

- Осы түймені басыңыз. белгішесі пайда болады және ауа рециркуляциясы режимі қосылады.

- Осы түймені екінші рет басыңыз. белгішесі пайда болады және ағындық желдету режимі қосылады.

ЕСКЕ САЛУ

- Егер «Тұрақта ауаны автоматты рециркуляциялау» функциясы қосулы болса, салондағы ауа сапасын қамтамасыз ету және оған пайдаланылған газдарды түсірмеу үшін жүйе селекторды «P» режиміне ауыстырғаннан кейін автоматты түрде ауа рециркуляциясы режиміне ауысады.

Желдету

- Желдеткішті басқаруды белсендіру қосу үшін осы түймені басыңыз. Салонға сыртқы ауа кіреді.
- Бұл режимнен шығу үшін осы түймені тағы бір рет басыңыз.

Температураны басқару

- Температураны арттыру үшін төмен қарай сырғытыңыз. Температураны азайту үшін жоғары қарай сырғытыңыз.
- Температура минимумға орнатылғанда, «Lo» көрсетіледі. Ол максимумға орнатылғанда, «Hi» көрсетіледі.

Алдыңғы әйнекті жылыту

- Алдыңғы әйнекті жылыту режимін қосу үшін осы түймені басыңыз. Ауа алдыңғы әйнекке беріледі. Климаттық қондырғының алдыңғы басқару тақтасында сәйкес индикатор жанады.
- Алдыңғы әйнекті жылыту режимін өшіру үшін осы түймені және бір рет басыңыз. Кондиционер жүйесінің алдыңғы басқару панеліндегі сәйкес индикатор өшеді.

Артқы әйнек пен сыртқы айналарды жылыту*

- Жылытуды қосу және артқы әйнек пен сыртқы артқы көрініс айналарының ерітілуін қамтамасыз ету үшін осы түймені басыңыз. Сәйкес түйме басылмаған болса, бұл функция 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.
- Функцияны өшіру үшін осы түймені және бір рет басыңыз.
- Бұл функцияны жауын-шашын тамшыларын кептіру немесе қарды еріту үшін пайдалануға болмайды.

ЕСКЕРТУ!

- Артқы әйнек жылытқышы қосулы кезде сыртқы артқы көрініс айналарына немесе артқы әйнекке тимеңіз, себебі әйнек пен айналардың беттері ыстық болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Бұл функцияны ұзақ уақыт пайдалану айналардың жедел тозуына әкелуі мүмкін. Қажет болмаса, жылыту функциясын өшіріңіз.

Желдеткіштің айналу жиілігін басқару

- Таңдалған жердегі шкаланы басыңыз. Шкаланың сегменттері неғұрлым көп жарықтандырылса, желдеткіш жылдамдығы соғұрлым жоғары болады.

Синхрондау

- Осы түймені басыңыз, түйме белгішесі жанады, жүргізуші жағынан және алдыңғы жолаушы жағынан температураны бір уақытта реттеу іске қосылады.
- Жеке реттеу режиміне өту үшін осы түймені қайта басыңыз.
  - Жеке режим: синхрондау түймесі өшірілген кезде, жүргізуші жағындағы температураны және алдыңғы жолаушы жағындағы температураны бөлек реттеуге болады.
  - Синхрондау режимі: синхрондау түймесі қосулы кезде, жүргізуші жағындағы температура мен алдыңғы жолаушы жағындағы температура бір уақытта реттеледі.
- Алдыңғы жолаушы үшін температураны реттеу синхрондалған режимде жүзеге асады, климаттық қондырғы автоматты түрде жеке режимге ауысады.

Климаттық қондырғының артқы басқару тақтасының автоматты құлпы*

- Әдепкі бойынша, егер климаттық қондырғының артқы басқару тақтасында 8 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, климаттық қондырғының артқы басқару тақтасы автоматты түрде құлыпталады және экранда осы белгі көрсетіледі. Бұл ретте артқы басқару тақтасының түймелері белсенді емес болады.
- Климаттық қондырғының артқы тақтасын автоматты құлыптауға дейінгі уақытты ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында → ⚙ → **Аудиожүйе дисплейі** → **Экран** → **Климаттық қондырғының артқы басқару тақтасын автоматты құлыптауды баптау** арқылы реттеуге болады.
- Басқару тақтасының құлпын ашу үшін климаттық қондырғының артқы басқару тақтасының құлпын ашу белгішесін басыңыз. Белгіше жасырылады. Бұл ретте климаттық қондырғының артқы басқару тақтасының түймелері жұмыс істейтін болады.

Артқы климаттық қондырғының автоматты режимі*

- Артқы климаттық қондырғының желдеткіш жылдамдығын және ауа таралуын автоматты түрде реттеу үшін осы түймені басыңыз, бұл ретте индикатор түсі ақтан көкке өзгереді. (Салқындату үшін алдыңғы кондиционер қосулы болуы керек.)
- Егер жүргізуші желдеткіштің жылдамдығын немесе ауаның үлестірілуі реттейтін болса, автокөлік автоматты режимнен шығады, бұл ретте іске қосылғандарынан өзге қалған функциялар автоматты басқару режимінде қалады.

Климаттық қондырғыны артқы жағынан басқару элементтері*

- Артқы климаттық қондырғының басқару құлпы қосылған кезде экранда құлыптау күйі көрсетіледі. Бұл режимде климаттық қондырғының функцияларын басқару мүмкін емес, алайда желдету және орындықтарды жылыту функцияларын реттеуге болады.
- Артқы климаттық қондырғының басқару құлпы өшірілген кезде экранда құлпы ашылған күй көрсетіледі. Климаттық қондырғы функцияларын басқаруға болады.
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында балалар режимі іске қосылғаннан кейін кондиционердің артқы климаттық қондырғының басқару интерфейсі құлыпталады. Климаттық қондырғының барлық функциялары, сондай-ақ орындықтарды жылыту және желдету өшіріледі.

Екінші қатардағы сол/оң орындықты желдету түймесі*

- Екінші қатардағы сол және оң орындықтарды желдету басқару элементтерін басу арқылы желдетудің үш деңгейінің бірі таңдалады.

Екінші қатардағы сол/оң орындықты жылыту түймесі*

- Екінші қатардағы сол және оң орындықтарды жылыту басқару элементтерін басу арқылы орындық жастығын жылыту қарқындылығының үш деңгейінің бірі таңдалады.

Ауа таралуы

- Тиісті ауа тарату режимін таңдау үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранындағы белгішені басыңыз.
- Бір мезгілде ауаны үлестіру режимдерін (үшке дейін) қосуға болады.
- Реттеулерді ауаның берілу кескініне сәйкес орындауға болады.

➡: ауаны бет аймағына беру.

⬇: ауа аяққа арналған кеңістікке түседі.

: ауаны алдыңғы және бүйірлік әйнектерге беру.

Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары

- Күннің көзінде ұзақ уақыт тұрақта тұрғаннан кейін салонды тез салқындату үшін ыстық ауаны сыртқа шығару және кондиционер жүйесінің салқындатуын тездету үшін жүрісті бастағаннан кейін бірнеше минутқа терезелерді ашып қойыңыз.

- Салқындатуды тездету үшін температураны «Lo» мәніне қойыңыз және бірнеше минутқа рециркуляция режимін қосыңыз.
- Егер салонды тез салқындату немесе жылыту қажет болса, максималды салқындату/жылыту режимін қосуға болады. Бұл ретте климаттық қондырғы салонда барынша тез жайлы жағдай жасау үшін автоматты түрде оңтайлы жұмыс режиміне ауысады.
- Егер климаттық жүйенің жұмыс тиімділігі сіздің күткеніңізге сәйкес келмесе, климаттық қондырғының автоматты режимін қосу ұсынылады. Бұл режимде жүйе жолаушылардың максималды жайлылығын қамтамасыз ету үшін температураны және ауа таралуын, сондай-ақ желдеткіш жылдамдығын автоматты түрде реттейді.
- Алдыңғы әйнек алдындағы ауа қармауыш торының, мысалы, жапырақтармен немесе қармен жабылып қалмағанын тексеріп алыңыз.
- Ылғалды ауа райында алдыңғы әйнекке суық ауа беруден аулақ болыңыз, себебі ішкі және сыртқы температура айырмашылығы әйнектің булануына әкелуі мүмкін.
- Ауа циркуляциясын жақсарту үшін алдыңғы орындықтардың астында заттар сақтамаңыз.
- Суық ауа райында ауа қармауыштан қарды немесе ылғалды кетіру және булануды азайту үшін желдеткішті жоғары жылдамдықпен бір минутқа қосып қойыңыз.
- Суық ауа райында тез жылыту үшін бірнеше минутқа рециркуляция режимін қосыңыз және салонды жылытып алғаннан кейін әйнектердің булануының алдын алу үшін сырттан ауа беру режиміне ауыстырыңыз.
- Шаң-тозаңы көп немесе күшті жел жағдайларында жүргенде барлық терезелерді жабыңыз, рециркуляция режимін және кондиционер жүйесін қосыңыз.
- Жылыту режимінде компрессорды қосу үшін компрессорды басқару түймесін басыңыз (түйменің индикаторы жанады). Бұл ауа ағынының ылғалдылығын төмендете алады.
- Желдету режимінде жүйе сыртқы ауаны береді, бұл көктем мен күз мезгілдерінде пайдалануға сәйкес келеді.

ЕСКЕ САЛУ

- Кондиционер жүйесінен шығатын иіс:
  - Кондиционерді қосқаннан кейін бірден сыздың және көгерген иістің пайда болуы әбден қалыпты. Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде буландырғышта жиі конденсат қалады. Ылғалды буландырғышта сүзгімен ұсталмаған түтін бөлшектері, булар және т.б. оңай шөгеді. Ұзақ уақыт қышқылдану нәтижесінде бұл буландырғыштың ылғалды бетінде зеңнің пайда болуына және жағымсыз иістің шығуына әкеледі.
- Кондиционер жүйесінде иістердің пайда болуының қалай алдын алуға болады:
  - Тұраққа қояр алдында автокөлік ішіндегі ауа салыстырмалы түрде құрғақ болуы үшін кондиционер жүйесін өшіріңіз және автокөлікті табиғи жолмен желдетіп алыңыз.
  - Салон сүзгісін үнемі тексеріп, тазалап немесе ауыстырып отыру қажет.
  - Салонды таза ұстаңыз.
- Егер жоғарыда аталған әрекеттерден кейін иіс азаймаса, уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласу ұсынылады.
- Егер кондиционер қосулы болса, онда электр қуатын өшіргеннен және автокөлікті құлыптағаннан кейін климаттық қондырғының желдеткіші кондиционерден шыққан иістерді азайту үшін біраз уақыт жұмыс істеуін жалғастыруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Бұл уайымдайтын себеп болып табылмайды. Бұл буландырғыш бетінен конденсатты кетіру және зеңнің пайда болуының алдын алу үшін қажет.

Кондиционер жүйесінің баптаулары

Климаттық қондырғыны баптау интерфейсіне кіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранына → өтіңіз.

- Климаттық қондырғының автоматты режимі*
  - Екі түрлі нұсқа қолжетімді: «Үнемді» және «Жайлы».
- Климаттық қондырғыны қашықтан іске қосу кестесі
  - Климаттық қондырғыны автоматты қашықтан іске қосу уақытын баптау үшін осы түймені басыңыз.
- Автоматты тазалау
  - Автоматты тазалау функциясын қосу үшін осы түймені басыңыз.
  - Баптауды өшіру үшін осы түймені екінші рет басыңыз.
- Тұрақ кезінде рециркуляция режимінің автоматты түрде қосылуы
  - Бұл баптауды қосу үшін осы түймені басыңыз.
  - Баптауды өшіру үшін осы түймені екінші рет басыңыз.
- Тоннельде рециркуляция режимінің автоматты түрде қосылуы*
  - Бұл баптауды қосу үшін осы түймені басыңыз.
  - Оны өшіру үшін осы түймені қайта басыңыз.
- Телефонмен сөйлесу кезінде желдеткіш жылдамдығын төмендету
  - Бұл баптауды қосу үшін осы түймені басыңыз.
  - Баптауды өшіру үшін осы түймені екінші рет басыңыз.

Желдету саңылаулары

Алдыңғы ортаңғы желдету саңылауы

- Дефлектор тұтқасының көмегімен ауа шығу бағытын реттеңіз.
- Дефлекторды жабу үшін дефлектор тұтқасын солға жылжытыңыз.



Алдыңғы бүйірлік желдету саңылаулары

- Ауа ағынын ұлғайту/азайту немесе дефлекторды ашу/жабу үшін реттегішті бұраңыз.
- Дефлектор тұтқасының көмегімен ауа шығу бағытын реттеңіз.

Төбе дефлекторлары*

- Дефлектор тұтқасының көмегімен ауаның шығу бағытын реттеңіз немесе дефлекторды жабыңыз.



BYD қолданбасы

BYD қолданбасы туралы

- BYD қолданбасы — бұл BYD компаниясының өзі әзірлеген көлік құралдарының Интернетіне арналған (IoV) мобильді қолданба. Ол IoV бұлтты сервисін қамтамасыз етіп, қашықтан автокөлікті басқаруға және оның күйін тексеруге мүмкіндік береді.
- BYD қолданбасын жүктеу және орнату үшін оны Google Play және App Store секілді қолданбалардың дүкендерінен «BYD» сөзі бойынша табуға болады.

Есептік жазбаны тіркеу

Қолданбаны орнатқаннан кейін тіркелу және жүйеге кіру үшін экрандағы нұсқауларды немесе төменде келтірілген тармақтарды орындаңыз.

1. Қолданбаны ашыңыз, содан кейін тіркелу экранына өту үшін «Тіркелу» пернесін басыңыз.
2. BYD ресми дилерінде тіркелген электронды пошта мекенжайын енгізіңіз, тексеру кодын алу үшін «Хатты жіберу» пернесін басыңыз, содан кейін кодты қолданбаға енгізіңіз.
3. Тіркелуді аяқтау үшін құпия сөзді баптау экранында құпия сөзді беріңіз, осыдан кейін басты бет ашылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- BYD ресми дилерінде тіркелген электронды пошта мекенжайын ғана енгізіңіз, әйтпесе тіркелу орындалмайды.
- Қолданбада экранның оң жақ үстіңгі бұрышынан елді немесе аймақты таңдаңыз. Әдепкі қалып бойынша таңдалған нұсқа телефон баптауларына байланысты. Егер басқа аймақтан сатып алып жатсаңыз, сәйкес нұсқаны таңдаңыз, әйтпесе деректеріңіз қолжетімсіз болады.

Автокөліктің күйі және басқару

BYD қолданбасының басты бетінде автокөлікті басқару туралы ақпарат пен элементтер бар.

1. Басты бетте қалған жүріс қоры, заряд деңгейі, автокөліктегі қателер туралы ақпарат, сондай-ақ қозғалыстың, зарядтың, кондиционер жүйесінің, орындықтар жылытқышының, орындықтар желдеткішінің және шиналардағы қысымның күйі көрсетіледі.
2. Сәйкес функцияны іске қосу үшін құлыптау, құлыпты ашу түймесі, апаттық сигнал беру жүйесінің және дыбыс сигналының түймесін басыңыз.
3. Қолданбаның басты бетінде климаттық қондырғыны қосыңыз немесе өшіріңіз немесе басқа баптауларға (мысалы, температураны реттеуге) қол жеткізу үшін климаттық қондырғы картасын басыңыз. Толық ақпаратты ***194 беттен*** қараңыз.
4. Сәйкес экранға өту және күйлерін тексеру үшін басты беттің астыңғы бөлігінде орындықтардың, есіктердің, терезелердің немесе шиналардың белгішесін басыңыз.
5. Егер сіздің есептік жазбаңызға бірнеше автокөлік байланыстырылған болса, автокөліктерді ауыстырып қосу үшін экранның сол жақ үстіңгі бұрышындағы автокөлік атауын басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қолданбадағы басқару функциясы негізінен қашықтан пайдалануға арналған. Бұл функцияны пайдалану үшін телефоныңыздың және автокөліктің Интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.

Дербес орталық және автокөлікті басқару

Дербес орталыққа өту үшін экранда **Менің есептік жазбам** пернесін басыңыз.

- Автокөліктің атауын және нөмірін өзгерту үшін автокөлік картасының оң жақ үстіңгі бұрышындағы белгішені басыңыз.
- **Есептік жазба және қауіпсіздік**: құпия сөзді қалпына келтіру немесе өзгерту.
- **Баптаулар**: хабарламаларды қабылдауды, жүйеге автоматты түрде кіруді және басқа параметрлерді баптау.
- **Біздің компания туралы**: құпиялылық саясатын және біздің компаниямызға қалай хабарласуға және пікір қалдыруға болатыны туралы ақпаратты қамтиды.

Сақтау

Есіктердегі қалталар

Әр есікте сусын құйылған бөтелкелерді немесе ұсақ заттарды сақтауға арналған қалта бар.



Алдыңғы жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасы

- Ұсақ-түйек тартпасын ашу үшін тартыңыз.
- Ұсақ-түйек тартпасын жабу үшін қақпақты көтеріңіз.



Орталық консольдегі бөлім

- Орталық консольдегі ұсақ-түйек бөлімі ұсақ заттарды сақтау үшін пайдалануға болады.



Орталық консольдегі бөлім

- Орталық шынтақтаяныштың ұсақ-түйек бөлімін ашу үшін орталық шынтақтаяныштың қақпағын тіке жоғары көтеріңіз.



ЕСКЕ САЛУ

- ЖКО немесе шұғыл тежеу жағдайында жарақат алу қаупін төмендету үшін, орталық консольдегі бөлім қозғалыс кезінде жабық тұруы тиіс.

Стақан қойғыштар

Алдыңғы стақан қойғыштар

- Жүргізуші мен алдыңғы жолаушыға арналған стақанқойғыштар орталық консольде орналасқан.



Екінші қатардағы орындықтардың жолаушыларына арналған стақанқойғыштар

- Екінші қатардағы орындықтардың жолаушыларына арналған стақанқойғыштар екінші қатардағы орындықтың шынтақтаянышында орналасқан.

1. Екінші қатардағы орындықтардың шынтақтаянышын артқа қарай бүктеңіз.



2. Стақанқойғыш қақпағын басып қалыңыз, осы кезде ол автоматты түрде ашылады.



Үшінші қатардағы орындықтардың жолаушыларына арналған стақанқойғыштар*

- Үшінші қатардағы орындықтардың жолаушыларына арналған стақанқойғыштар үшінші қатардағы орындықтардың екі жағында орналасқан.



ЕСКЕРТУ!

- Стақанқойғыштарда стақандар тұрса күрт қозғалмаңыз және тоқтамаңыз, себебі сұйықтықтар төгіліп, күйік шалуы мүмкін.
- Қозғалыс кезінде немесе есіктерді ашу және жабу кезінде сұйықтықтың төгілуін болдырмау үшін стақанқойғышқа ашық стақанды немесе жабық емес сусын бөтелкесін қоймаңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында жүргізушіге қозғалыс кезінде стақан қойғыштан саптыааяқты алуға немесе оны салуға тыйым салынады.

Көзілдірік бөлімі

Оны ашу үшін бөлімнің қақпағын басыңыз.



Орындық арқалықтарындағы қалталар

Алдыңғы орындықтардың арқалықтарында журналдар мен газеттерге арналған қалталар бар. (Автокөліктің іс жүзіндегі жинақтамасындағы орындық арқалықтарындағы қалталар әртүрлі болуы мүмкін.)



Басқа да жабдықтар

Күнқағар

① Күнқағар

- Алдыңғы жақтан түскен күн сәулесін жабу үшін күнқағарды түсіріңіз.
- Қапталдан түскен күн сәулесін жабу үшін топсалы төлкені қозғалмайтын тіреуден ажыратыңыз да, күнқағарды есік әйнегіне қарай бұрыңыз.



② Косметикалық айна

- Күнқағарды түсіріңіз және айнаның қақпағын ысырыңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Күнқағарды дұрыс пайдалану көлік жүргізу кезіндегі қауіпсіздік пен жайлылықты арттырады.

Ұстағыштар

- Қолдану үшін ұстағышты төмен қарай тартыңыз. Жіберген кезде ұстағыш бастапқы күйіне қайтып оралады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ұстағыштарға ауыр заттар ілмеңіз.

Екінші қатардағы орындықтардың жолаушыларына арналған киімілгіштер

- Киімілгіштер B тіректерінің жоғарғы бөліктерінде екі жағында орналасқан.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жарақат алуды немесе ілгіштердің зақымдалуын болдырмау үшін киімілгіштерге ауыр заттарды ілмеңіз.
- Киімді тікелей ілгішке іліңіз. Ілгішке басқа заттарды (мысалы, ілгіштерді немесе өткір заттарды) ілмеңіз. Бұл заттар жоғарғы қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жолаушыларды жарақаттауы немесе мұндай қауіпсіздік жастықтарының толық ашылуына кедергі келтіруі мүмкін.

USB-ағытпалар

Салонның алдыңғы бөлігіндегі USB-ағытпалар

- Жүргізуші мен алдыңғы жолаушыға арналған USB-ағытпалар орталық консольдің астындағы қуыста орналасқан.

① Зарядтауға арналған Type-C ағытпасы

② Деректерді беруге арналған Type-C ағытпасы



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- FAT32, ExFAT немесе NTFS форматындағы 8—128 ГБ USB-жинақтағышты пайдалану ұсынылады.
- Ақпараттық-ойын-сауық жүйесін немесе USB құрылғысындағы деректерді зақымдап алмау үшін арнайы USB-жинақтағыштарды қолданбаңыз.

Салонның артқы бөлігіндегі USB-ағытпалар

- Артқы USB-ағытпалар орталық шынтақтаяныштың ұсақ-түйек бөлімінің артында орналасқан.

① Зарядтау ағытпалары, A типті

② Тез зарядтау ағытпасы, C типті



- Зарядтау ағытпасын оталдыру жүйесі қосулы кезде ғана пайдалануға болады.

Электр розеткалар

- Электр розеткалар кернеуі 12 В, ток күші 10 А-дан аспайтын тұрақты токпен керек-жарақтарды электрмен қуаттауға арналған.

- 12 В электрмен қоректендіру розеткасына кернеу оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда ғана беріледі. Розетканы пайдалану үшін қақпағын көтеріңіз.

Алдыңғы 12 В розетка

Алдыңғы розетка орталық консольдің астындағы қуыста орналасқан.



Артқы 12 В розетка

Артқы розетка жүксалғыш бөлімінде орналасқан. Сіздің автокөлігіңіздегі электр розеткаларының орналасу орындары әртүрлі болуы мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сақтандырғыштың күйіп кетуін болдырмау үшін 12 В электр тұтынушыларының жалпы тұтынылатын қуаты 180 Вт-тан аспауы керек.
- Төмен вольтты батареяның зарядының таусылуын болдырмау үшін 12 В электр розеткаларын оталдыру өшірілген кезде ұзақ уақыт пайдаланбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер 12 В көмекші қуат көзі пайдаланылмаса, розетка қақпағын жауып қойыңыз. 12 В сақтық қуат розеткасына сай келетін ашалардан басқа ешбір затты сұғушы олмаңыз және розеткаға сұйықтық кіріп кетпеуі керек, себебі электр сымы зақымдалуы мүмкін.

Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі

- Телефондарды сымсыз зарядтау аймағы орталық консольдегі қуыстың алдыңғы бөлігінде орналасқан. Автокөлікті іске қосқаннан кейін телефонды сымсыз зарядтау алаңына экраны жоғары қаратып қойыңыз. Телефонды зарядтау автоматты түрде басталады, ал ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің экранында зарядтау белгішесі пайда болады.
- «Сымсыз зарядтағыш» опциясын таңдау немесе таңдаудан бас тарту мақсатында жылдам қол жеткізу экранына кіру үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранының жоғарғы жиегінен төмен қарай сырғытыңыз.



- Телефонды сымсыз зарядтау функциясы Qi стандарты бойынша сертификатталған телефондармен ғана жұмыс істейді.
- Сымсыз зарядтағыштың жұмыс істеу принципі электрмагниттік индукция арқылы телефон аккумуляторына электр энергиясын беретін индукциялық шарғыны пайдалануға негізделген. Осының арқасында телефонды зарядтау кабельді қоспай жүзеге асырылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Сымсыз зарядтау жүйесі жұмыс істеп тұрғанда, смарт-кілттің сымсыз зарядтау панелінен 25 см-ден аса қашықтықта тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Сымсыз зарядтау құрылғысының жұмысындағы бұзылулардан немесе тіпті жазатайым жағдайлардан сақтану үшін сымсыз зарядтау панеліне телефонмен бірге тиындар, металл кілттер, сақиналар немесе басқа металл заттар қоймаңыз.
- Зарядтау панелін зақымдап алмау үшін оған ауыр заттар қоймаңыз.
- Егер сымсыз зарядтау жүйесінде ақау болса және ол дұрыс істемесе, BYD өкілетті дилерлік немесе сервистік орталыққа хабарласқан жөн.
- BYD компаниясы дұрыс пайдаланбау салдарынан туындаған кез келген проблемалар үшін жауапкершілік көтермейді. Бұйымды бөлшектемеңіз және оның конструкциясына өзгертулер енгізбеңіз, себебі бұл тегін кепілдіктің күшін жояды.
- Қауіпсіздік мақсатында автокөлік ішінде зарядталып жатқан телефонды қараусыз қалдырмаңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында қозғалыс кезінде телефон зарядының күйін тексермеңіз.
- Егер зарядтау кезінде телефон мен зарядтау құрылғысының арасында металл зат тұрып қалса, дереу мобильді телефонды алып тастаңыз және күйіп қалмау үшін металл заттың суығанын күтіңіз.
- Телефон шарғысының ортасы сымсыз зарядтау панелінің ортасымен (зарядтау панелінде жазумен белгіленген) сәйкестендірілген болуы тиіс, осы кезде зарядтау барынша тиімді жүреді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Зарядтау панелінің бетіне сұйықтық төгілмеуі керек, әйтпесе, зарядтау құрылғысы істен шығуы мүмкін.
- Жоғары температураларда зарядтау тоқтатылуы мүмкін, алайда температура төмендегеннен кейін қайта жалғастырылады.
- Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі Qi стандарты бойынша сертификатталған телефондарды зарядтайды. Qi стандарты бойынша сертификатталмаған телефондардың дұрыс заряд алуына кепілдік жоқ.
- BYD компаниясы сымсыз зарядтауға арналған сыртқы құрылғылардан туындаған проблемалар үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Оларды сақтықпен пайдаланыңыз.
- Цифрлық кілттің NFC банк карталары секілді чиптері бар карталардың тұтануынан сақтану үшін зарядтау кезінде оларды сымсыз зарядтау панелі мен телефонның арасына қоймаңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Бір уақытта тек бір телефонды зарядтауға болады.
- Телефонның тым қалың қабы зарядтауға кедергі келтіруі мүмкін.
- Зарядтауды ақпараттық және ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экраны арқылы қосуға немесе өшіруге болады.
- Тегіс емес жолдарда сымсыз зарядтау мезгіл-мезгілімен үзілуі, содан кейін қайта жалғастырылуы мүмкін.
- Мобильді телефон жатқан бетті зарядтау модуліне параллель етіп қоюға тырысыңыз. Егер телефон сымсыз зарядтау панелінде орнынан жылжып кетсе және зарядталмай қалса, оны қайтадан орнына жылжытыңыз.

ЕСКЕ САЛУ

- Егер телефонды дұрыс зарядтау мүмкін болмаса, сымсыз зарядтау құрылғысының жұмыс істеу аймағында басқа заттардың жоқ екенін тексеріп алыңыз, немесе қайта байқап көрмес бұрын сымсыз зарядтау құрылғысының жұмыс істеу аймағының суығанын күтіңіз. Егер телефонды зарядтау сол күйінше мүмкін болмаса, BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласу керек.
- Егер қуат өшкеннен кейін телефон зарядтау панелінде қалатын болса және жүргізуші есігі ашық болса, онда аспаптар тақтасында бес секунд бойы «Мобильді телефонды алыңыз» хабарламасы көрсетіліп, дыбыс сигналы естіледі.
- Үйлестіру мақсатында сымсыз тез зарядтау модулі телефоныңыздың өндірушісі жеткізген түпнұсқа зарядтау құрылғысынан баяуырақ жұмыс істеуі мүмкін.
- Телефоныңыздың сымсыз тез зарядтау* қуаты телефон қолдайтын қуатқа байланысты, ал автокөліктегі тез зарядтау құрылғысы 50 Вт-тан аспайтын қуатты қолдайды.
- Кейбір телефондарда зарядтау функциясының тез зарядтауды* қолдамайтын ескірген бағдарламалық құралы болуы мүмкін.

06 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат ... 210
Мерзімді техникалық қызмет көрсету 215
Өз бетінше техникалық қызмет көрсету 221

Техникалық қызмет көрсету туралы ақпарат

Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі мен операциялары

Техникалық қызмет көрсету кестесі

- Техникалық қызмет көрсету жоспары ақаулар санын азайту, сенімді және қауіпсіз, үнемді жүргізуді қамтамасыз ету үшін әзірленген.
- Техникалық қызмет көрсету кестесі автокөлікті оңтайлы жағдайда үнемі ұстап тұру үшін қажетті жұмыстар тізбесін қамтиды және олар көрсетілген қызмет көрсету аралықтарына сәйкес орындалуы тиіс.
- Кез келген ескіру немесе зақымдалу белгісі бар құбыршектерді дереу ауыстыру қажет. Резеңке құбыршектерді (салқындату, жылыту және тежеу жүйесі секілді жүйелердің) техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес кәсіби техниктер тексеруі тиіс.

Тұрақты техникалық қызмет көрсету талаптары

Автокөлікке регламенттік техникалық қызмет көрсету кестесіне сәйкес қызмет көрсетілуі тиіс.

Егер автокөлік көбіне төменде келтірілген жағдайлардың бірінде немесе бірнешеуінде пайдаланылатын болса, кейбір техникалық қызмет көрсету операцияларын жиірек орындау қажет болуы мүмкін.

- Жолдардың ахуалы
  - Батпақты, құмды немесе қар басқан жолдар
  - Шаң жолдар
- Пайдалану шарттары
  - Жүк немесе тұрғын тіркемені сүйреу, төбеде жүксалғыштың болуы
  - Сыртқы ауа температурасы нөлден төмен болғанда 8 км-ден аспайтын қашықтыққа қайталап жол жүру.
  - Бос жүріспен ұзақ жұмыс істеу және/немесе төмен жылдамдықпен алыс қашықтықтарға жол жүру, мысалы, автокөлікті полиция автокөлігі, такси ретінде немесе жүк тасымалдау үшін қолдану.

Техникалық қызмет көрсету кестесі

Алғашқы техникалық қызмет көрсету:

Автокөлікке бірінші техникалық қызмет көрсету 6 айдан кейін немесе 5000 км жүрістен кейін (HEV режимінде), қайсысы бұрын келсе, соған байланысты орындалуы тиіс.

Бірінші техникалық қызмет көрсету жұмыстарына автокөлікке базалық техникалық қызмет көрсету, мотор майы мен май сүзгісін ауыстыру, сондай-ақ іштен жану қозғалтқышының бос жүріс айналу жиілігін және картерді желдету жүйесін тексеру кіреді.

Регламенттік техникалық қызмет көрсету:

Регламенттік техникалық қызмет көрсету автокөлікке, оның компоненттеріне және іштен жану қозғалтқышына базалық техникалық қызмет көрсетуді қамтиды.

Автокөлікке базалық техникалық қызмет көрсету: бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін, қайсысы бұрын орын алатынына байланысты, келесі уақыт және жүріс (жалпы жүріс) аралығына сәйкес базалық техникалық қызмет көрсетуді орындаңыз.

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Уақыт/жүріс бойынша қызмет көрсету аралығы
Салқындату сұйықтығы құбырларын зақымдану және қосылыстардағы жылыстауларды тексеру	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Тежегіш қыспақтары мен дискілері	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Уақыт/жүріс бойынша қызмет көрсету аралығы
Шасси болттары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Тежегіш педалі және EPB ажыратқышы*	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Тежегіштің өткізгіш құбырлары мен құбыршектері	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Руль дөңгелегі және руль тартқыштары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Жетек білігінің тозаңдығы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Шарлы тіреу және тозаңдық	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Алдыңғы және артқы аспа	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Алдыңғы және артқы дөңгелектердің орнатылу бұрыштары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Шиналардың тозу дәрежесін тексеру	Техникалық қызмет көрсету кезінде тексеру және қажет болған жағдайда дөңгелектерді ауыстыру. Ауыр пайдалану жағдайларында жиірек тексеру және қажет болған жағдайда дөңгелектерді ауыстыру
Дөңгелектердің мойынтіректеріндегі люфт	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
EPS жермен тұйықтау нүктесінде бөтен материалдардың болуы немесе оның тозуы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
EPS ағытпасының босауы және ағытпа контактілерінің зақымдалуы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
EPS ЭББ коррозиясы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
EPS ЭББ мен электрқозғалтқыш* арасындағы қосылыстарда бөтен материалдар немесе коррозия	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Есіктердің шектегіштерінің механизмдерін тексеріңіз. Иінтіректегі шаңды жұмсақ дымқыл матамен сүртіп алыңыз және иінтіркке, тойтармалы қосылысқа және оське 0,3–0,8 грамм жағармай жағыңыз.	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Уақыт/жүріс бойынша қызмет көрсету аралығы
Капот құлпы және бекіту элементтері	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Кеңейткіш бактегі салқындату сұйықтығының деңгейі	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Тежегіш сұйықтығы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Автокөлік блогының DTC кодтары (жазудан кейін жойылуы тиіс)	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Жоғары вольтті батареяның түпқоймасы, қорғаныш арқалық, экран, апаттық клапан*, жылу оқшаулағыш материал* және бұрап қатыру сәттері	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Күштік агрегаттағы жылыстаулар немесе соққылардың іздері	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Бекіту бөлшектері, мысалы, жоғары вольтты тарату блогы және тұрақты токпен зарядтау тарату блогы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Жоғары вольтті өткізгіш сымдар жүйесінің немесе ағытпалардың босап кетуі және ағытпалардың контактілерінің зақымдалуы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Жоғары вольтті модульдің деформациясы немесе ондағы май дақтары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Зарядтау ағытпасындағы бөтен материалдар немесе оның зақымдалуы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Жоғары вольтті компоненттерге судың тиген іздері	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Автокөлік блогының бағдарламалық құралын жаңарту (жаңартылым бар болған жағдайда)	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Шамдар және жарықдиодты жарық аспаптары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Фаралардың жарықтығын реттеу	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Фаралардың таяу жарығының жарық шоғының бастапқы көлбеу бұрышы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
HEPA сүзгісі	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру. Қоршаған ортаның қатаң жағдайларында немесе ауа беру азайған кезде салон сүзгісін уақтылы тексеру және қажет болған жағдайда ауыстыру

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Уақыт/жүріс бойынша қызмет көрсету аралығы
Трансмиссия сүзгісінің қақпағы	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Әйнектазартқыш иінтірегін бекіту сомынының бұрап қатыру сәті	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Автокөлік әйнектерінің желімді қосылыстары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінің қосылыстарындағы жылыстаулар	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 24 ай сайын немесе 40 000 км сайын тексеру
Үш компонентті каталитикалық бейтараптандырғыштың сыртқы деформациялары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 24 ай сайын немесе 40 000 км сайын тексеру
Отын багының құю аузының тығыны, отын құбырлары және олардың қосылыстары	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 24 ай сайын немесе 40 000 км сайын тексеру
Көмір адсорбері	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 24 ай сайын немесе 40 000 км сайын тексеру

Басқа компоненттерге техникалық қызмет көрсету: қайсысы бұрын орын алатынына байланысты, келесі уақыт және жүріс (жалпы жүріс) бойынша қызмет көрсету аралықтарын сақтаңыз.

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Уақыт/жүріс бойынша қызмет көрсету аралығы
Жоғары вольтты аккумулятор батареясының герметикалығы	Әр екі жыл сайын немесе 40 000 км сайын тексеру және қажет болған жағдайда сапунды ауыстыру
Іштен жану қозғалтқышының салқындату сұйықтығы және тартқыш электрқозғалтқыштың салқындату сұйықтығы (турбоүрлегішті қозғалтқыш үшін)	Органикалық қышқылдары бар жарамдылық мерзімі ұлғайтылған салқындату сұйықтығын төрт жыл немесе 100 000 км сайын ауыстыру.
Тежегіш сұйықтығы	Әр 2 жыл сайын немесе 40 000 км сайын техникалық қызмет көрсету кезінде тексеру
Арнайы EHS трансмиссиялық майы	Техникалық қызмет көрсету кезінде EHS трансмиссиялық майының мөлшерін тексеру Майды әр төрт жыл сайын немесе 40 000 км сайын ауыстыру
Артқы электржетектегі трансмиссиялық майды тексеру және ауыстыру*	Артқы электржетектегі трансмиссиялық майдың жағдайын әр төрт жыл сайын немесе 40 000 км сайын техникалық қызмет көрсету кезінде тексеру
Тартқыш аккумулятор батареясының сыйымдылығы	Әр алты ай сайын немесе 72 000 км сайын сыйымдылықты тексеру және калибрлеу

Іштен жану қозғалтқышына техникалық қызмет көрсету: қайсысы бұрын орын алатынынабайланысты келесі уақыт және жүріс бойынша қызмет көрсету аралықтарын сақтаңыз.

Техникалық қызмет көрсету позициясы	Уақыт/жүріс бойынша қызмет көрсету аралығы
Мотор майы және май сүзгісі (турбоүрлегішті қозғалтқыш үшін)	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Картерді желдету жүйесі (картерді мәжбүрлі желдету клапаны және картерді желдету шлангісі)	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Қозғалтқыштың бос жүріс айналу жиілігі	Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын тексеру
Бензинге қоспа (турбоүрлегішті қозғалтқыш үшін)*	Бірінші техникалық қызмет көрсетуді қоспағанда, әр 12 ай сайын немесе 10 000 км сайын қосу
Оталдыру білтелері	Бірінші рет 42 айдан кейін немесе 35 000 км-ден кейін, содан кейін әр 48 ай сайын немесе 40 000 км сайын ауыстыру керек.
Отын сүзгісі	Бірінші рет 18 айдан кейін немесе 13 500 км-ден кейін, содан кейін әр 24 ай сайын немесе 20 000 км сайын ауыстыру керек.
Ауа сүзгісінің сүзгі элементі	Бірінші рет 6 айдан кейін немесе 3 500 км-ден кейін, содан кейін әр ай сайын немесе 10 000 км сайын ауыстыру. Ауыр пайдалану жағдайларында тексеру және қажет болған
Көмір адсорберінің шаң сүзгісі (отын бағының герметикалық еместігін диагностикалау жүйесі болған жағдайда)*	Әр екі жыл сайын немесе 30 000 км сайын ауыстыру. Немесе жанармай құю кезінде жанармай құю пистолетінің жиі автоматты түрде ажыратылуы кезінде

ЕСКЕ САЛУ

- Бензинге арналған қоспаның құтысы (180 мл) бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін әр жолы турбоүрлегішті қозғалтқышқа қосылуы тиіс.
- Алдымен бензинге қоспаны қосыңыз, содан кейін отын бағын толтырыңыз. Аспаптар тақтасында жанармай құю қажеттілігі туралы индикацияға дейін немесе отын деңгейінің индикаторы сары түспен жанғанға дейін автокөлікке жанармай құюға немесе бензинге қоспа қосуға тыйым салынады.
- Жоғары вольтті батареяның оңтайлы күйін ұстап отыру үшін жүйелі түрде (қайсысының бұрын орын алуына қарай кемінде алты айда немесе 72 000 км-де бір рет) батареяның өздігінен калибрленуі үшін автокөлікті толықтай зарядтаңыз және

ЕСКЕ САЛУ

разрядтаңыз. Сонымен бірге батареяның сыйымдылығын тексерту және калибрлеу үшін BYD өкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына жүгіне аласыз.

- Келесі қолайсыз пайдалану жағдайларында автокөлікті қорғау үшін іс жүзіндегі жағдайды ескере отырып, қызмет көрсету аралығын қысқарту ұсынылады. Төмен температурада (сыртқы температура ≤5 °C) HEV режимінде немесе өте төмен жылдамдықпен (10 км/сағаттан аз) жиі және ұзақ қозғалыс кезінде қысқа сапарлар (15 минуттан аз).

Түсініктеме

- Кестедегі қызмет көрсету аралықтары сатып алу күнінен бастап түсініледі.
- Автокөлікті оңтайлы жағдайда ұстап тұру үшін, автокөлікті дұрыс пайдалану бойынша төмендегі нұсқауларды орындаңыз.
  - Бірінші техникалық қызмет көрсету алдында автокөлікті ECO режимінде HEV режимін пайдалану коэффициенті кемінде 50% болатындай етіп сынап жүргізіңіз.
  - Бірінші техникалық қызмет көрсетуден кейін HEV режимін пайдалану коэффициенті 10%-дан кем болмауы тиіс.
- Май сүзгісін ауыстыру уақыты бензин қозғалтқышының ластану дәрежесіне байланысты қысқаруы мүмкін.
- Атап айтқанда, суық жағдайларда жүріс бойынша қызмет көрсету аралығының жартысынан кейін (тек май мен май сүзгісін ауыстыруға қатысты), яғни әр 5000 км (HEV режиміндегі жүріс) немесе әр 6 ай сайын техникалық қызмет көрсету ұсынылады.
- Ауыр пайдалану жағдайлары:
  - Автокөлікті шаң-тозаңы көп аудандарда жиі пайдалану немесе тұзы көп ауаның әсеріне жиі ұшырау.
  - Тегіс емес немесе таулы жолдармен, шалшық сулары көп жолдармен жиі жүру.
  - Көлікті суық ауа райында жүргізу.
  - Жиі және күрт тежеу.
  - Жиі тіркеме сүйреу.
  - Такси ретінде пайдалану.
  - 32 °C-тан жоғары температурада жалпы сапарлар уақытының 50%-ынан көп бөлігінде қарқынды қозғалысы бар қала аудандарында пайдалану.
  - 30 °C-тан жоғары температурада жалпы сапарлар уақытының 50%-ынан көп бөлігінде 120 км/сағ-тан жоғары жылдамдықпен жүргізу.
  - Жиі шектен тыс жүк арту.
- Сервис орталығында қозғалтқышты ауыстырғаннан кейін, бірінші техникалық қызмет көрсету 5000 км жүрісте (HEV режимінде) немесе 6 айдан кейін, қайсысы бұрын келсе, соған байланысты жүргізілуі тиіс.

Мерзімді техникалық қызмет көрсету

Мерзімді техникалық қызмет көрсету

- Автокөліктің максималды тиімділігін қамтамасыз ету және ақаулықтар санын азайту үшін міндетті түрде кестеге сәйкес автокөлікке техникалық қызмет көрсету жүргізіңіз.
- Жүргізушілер қызмет көрсету аралықтарын одометр көрсеткіштері бойынша немесе уақыт бойынша анықтау үшін техникалық қызмет көрсету кестесіне сүйене алады, қайсысы бұрын келсе, соған байланысты.
- Мерзімі өтіп кеткен қызмет көрсету операциялары үшін дәл сондай интервалды қолдану қажет.
- Техникалық қызмет көрсетуді BYD Auto Co., Ltd. компаниясының стандарттары мен ерекшеліктеріне сәйкес BYD өкілетті дилерлік немесе сервистік орталығында жүргізген жөн.
- Автокөлік жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған әдеттегі көлік құралы ретінде қолданылады және максималды жүктемеден жоғары жүктememен пайдаланылмайды деген болжамға сүйеніп, техникалық қызмет көрсету кестесінде техникалық қызмет көрсету операциялары, олардың орындалу мерзімділігі немесе жүрілетін жол көрсетілген.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөлікке BYD кепілдік және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулығының талаптарына сәйкес автокөлікке жүйелі түрде қызмет көрсетіңіз.

Автокөлікке қызмет көрсету

- Автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларының өзгеруін, қызмет көрсетудің қажеттілігін көрсететін шуылдың немесе көзге көрінетін белгілердің пайда болуын қадағалаңыз. Келесі жағдайлардың кез келгенінде автокөлікті тексеру немесе жөндеу үшін BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына мүмкіндігінше тезірек жеткізу ұсынылады:
  - Электрқозғалтқышты іске қосқанда әдеттен тыс шуыл естіледі.
  - Салқындату сұйықтығы қызып кетеді, айналмайды немесе ағып тұр.
  - Электрқозғалтқыш шалыс істейді және әдеттен тыс шуыл шығарады.
  - Электрқозғалтқыш жұмыс істегендегі күшті діріл.
  - Электрқозғалтқыш іске қосылмайды.
  - Электржетектен майдың жылыстауы
  - Электржетектен әдеттен тыс иістің шығуы.
  - Қуаттың айтарлықтай төмендеуі.
  - Автокөліктің астында сұйықтықтың жылыстауы (кондиционерден тамған конденсат — бұл қалыпты жағдай).
  - Шиналардағы қысымның төмендеуі; бұрылыстарда шиналардан күшті шуыл шығады; шиналардың әркелкі тозуы.
  - Автокөлік тегіс жолмен түзу жүрген кезде бір жаққа тартып кетеді.
  - Аспа қозғалған кезде әдеттен тыс шуыл естіледі.
  - Тежеу тиімділігінің төмендеуі; тежегіш немесе ілінісу педалінің «мақтадай» болуы; педальдің еденге дейін батып кетуі; тежеу кезінде автокөліктің бір жаққа тартып кетуі.
  - Электрқозғалтқыштың салқындату сұйықтығының температурасы жоғары күйінде қалады.
  - Аккумулятор батареясының сыйымдылығы айтарлықтай төмендейді.
  - Батареяның жоғары температурасы сақталып қалады немесе қызып кетуден қорғау іске қосылады, немесе шығыс қуаты жоқ.
  - Аспаптар тақтасында «Қозғалтқыш жүйесін тексеріңіз» хабарламасы көрсетіледі.
  - Мотор бөлімінде оғаш діріл немесе шу байқалады.
  - Мотор майының немесе қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының ағып кетуі.
  - Пайдаланылған газдарды шығару жүйесінен көк немесе қою қара түтін.
  - Климаттық қондырғы салқындату немесе жылыту кезінде салқындатылған немесе жылы ауа бермейді.

ЕСКЕРТУ!

- Тексерістен өтпеген автокөлікті жүргізбеңіз, себебі бұл автокөліктің күрделі зақымдануына және жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Коррозияның алдын алу

Автокөліктің коррозияға ұшырауының ең көп тараған себептері:

- Автокөліктің түбіндегі тұз, шаң және ылғал.
- Автокөлік немесе оның кейбір бөліктері ұзақ уақыт бойы жоғары ылғалдылық және жоғары температура жағдайларында тұр.
- Лак-бояу қабаты немесе грунт қабаты жеңіл соқтығысулардан немесе тастардың соғылуынан сызылған.

Автокөліктің коррозияға ұшырауына жол бермеу үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

- Автокөлікті үнемі жуып тұрыңыз.

- Егер қыстыгүні жол тұзы қолданылатын жолдармен жүретін болсаңыз немесе жағалаудағы аймақтарда тұратын болсаңыз, автокөліктің түбін кемінде айына бір рет жуып тұрыңыз, сондай-ақ коррозия қаупін азайту үшін шассиді және күпшек қалпақтарын жоғары қысымды су арынымен немесе бумен тазалаңыз. Қыстан шыққаннан кейін шассиді мұқият жуыңыз.

- Автокөліктің лак-бояу жабыны мен әрлемесін тексеріп отырыңыз.
  - Коррозияның алдын алу үшін лак-бояу жабынындағы кез келген сызатты немесе жарықты дереу жөндеу қажет. Егер металл панельден ЛБЖ фрагменттері қатпарланып тұрса немесе жарықтар бар болса, жөндету үшін BYD өкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына жүгінген жөн.
- Салонды тексеріңіз.
  - Еден жабынының астында ылғалдың және шаңның жиналуы коррозия тудыруы мүмкін. Құрғақ екеніне көз жеткізу үшін еден жабынының астыңғы бөлігін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.
  - Химиялық және жуғыш құралдарды, тыңайтқыштарды, тұздарды және басқа да заттектерді тасымалдаған кезде ерекше абай болу қажет. Тасымалдаған кезде мұндай заттектер сәйкес контейнерлерде сақталуы тиіс. Төгілгені немесе аққаны байқалған жағдайда ластанған жерді дереу тазалап сүртіп құрғатыңыз.
- Кірқалқандарды пайдаланыңыз.
  - Кірқалқандар тұзды топырақты аймақтарда немесе қиыршық тасты жолдарда пайдалану кезінде автокөлікті қорғауды қамтамасыз етеді. Кірқалқан неғұрлым үлкен және жерге жақын болса, соғұрлым жақсы.
- Автокөлікті жақсы желдетілетін және құрғақ жерге тұраққа қойыңыз.

Лак-бояу жабынына (ЛБЖ) күтім жасау бойынша кеңестер

- Автокөлікті үнемі жуып тұрыңыз.
- Түстердің сәйкес келмей қалуын немесе үйлесімсіздігін болдырмау үшін ЛБЖ-да айқын сызаттар болмаса, қайта боямаңыз.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, оны гаражға немесе жақсы желдетілетін жерге қою, ал қыста шанаққа арналған арнайы тысқап қолдану қажет. Уақытша тұраққа қою үшін көлеңкелі орын таңдаңыз.
- ЛБЖ-ға қатты соққылар, сыдырулар немесе сызаттар тигізбеңіз. Егер ЛБЖ-да сызаттар, майысулар немесе қатпарланулар пайда болса, уақтылы жөндеу жүргізу қажет (кәсіби бояу автошеберханасында жасатқан жөн).
- Жағармай жағылған қолдарыңызды немесе шүберекті ЛБЖ-ға тигізбеңіз. Химиялық реакциялардан сақтану үшін автокөлік шанағына жағармай жағылған құралдарды қоймаңыз және оны органикалық еріткіштермен сүртпеңіз.
- Балауызды автокөлікке айына бір рет немесе оның су жұқтырмайтын қасиеті төмендегенде жағу, сондай-ақ үш айда бір рет ЛБЖ-ға күтім жасау бойынша техникалық қызмет көрсету өткізу қажет.
- Сапасы жоғары жылтыратқыш құралдар мен балауызды пайдалану қажет. Егер шанақтың ЛБЖ қатты тозған болса, балауызға қосымша жылтырды қалпына келтіруге арналған жылтыратқыш құрал қолданыңыз. Өндірушінің нұсқаулары мен сақтық шараларын қатаң түрде орындаңыз. Хромдалған әрлемені де боялған элементтер тәрізді жылтырату және балауызбен өңдеу қажет.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер жоғары температураларда автокөлік қайта боялып немесе балауыз жағылып жатса, жоғары температуралардан туындайтын зақымдарға жол бермеу үшін автокөлік бамперінің пластик қаптауышын шешіп алу қажет.

Шанақты тазалау

- Автокөліктің ЛБЖ қатпарлануына немесе шанағы мен бөлшектерінің коррозиясына алып келуі мүмкін келесі мән-жайлар туындағанда автокөлікті уақтылы тазалап отыру қажет.

- Теңіз жағалауындағы аймақтардағы сапарлар.
- Көктайғаққа қарсы реагенттермен өңделген жолдармен жүру.
- Битум жағылған жолдармен жүру.
- Автокөліктің ЛБЖ-дағы шайыр, құс саңғырығы немесе жәндіктердің қалдықтары.
- Ауасында түтін, күйе, шаң, темір үгіндісі немесе химиялық заттар көп жерлерде жүру.
- Автокөліктің шаңмен немесе батпақпен қатты ластанған.
- Жаңбырдан кейін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөлікті жуу алдында жуу режимін* қосыңыз және барлық есіктердің, капоттың, жүксалғыш қақпағының, шатырдағы люктің* және люк қақпақтарының жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- Ішкі бетін тазалау үшін зарядтау розеткаларының люк қақпағын немесе құю мойнының люк қақпағын ашуға тыйым салынады.
- Автокөлікті ауа температурасы жоғары болғанда және тікелей күн сәулесінің астында жумаңыз.

Автокөлікті қолмен жуу

Автокөлікті жумас бұрын оны көленкеге қойып, жеткілікті деңгейге дейін суығанын күтіңіз.

- Борпылдақ батпақты, соның ішінде автокөліктің түбінен және дөңгелек аркаларынан батпақты және жол тұзын жуып кетіріңіз.
- Автокөлікті өндірушінің нұсқауларына сәйкес дайындалуы тиіс бейтарап құралдармен жуыңыз. Жұмсақ шүберекті тазартқыш ерітіндімен сулап, шанақты су ағынының бағытымен ұқыппен сүртіңіз. Айналмалы қозғалыстармен немесе көлденеңінен сүртпеңіз.
- Шанақты жақсылап шайыңыз — кеуіп қалған жуғыш құрал іздер қалдырады. Автокөлікті ыстық ауа райында жуғаннан кейін барлық бөлшектерін шайыңыз.
- Судың іздері қалмауы үшін автокөлікті таза, жұмсақ сүлгімен құрғатыңыз. ЛБЖ-ды сызып алмау үшін оны ысқыламаңыз және оған шектен тыс күш салмаңыз.

Жоғары қысымды аппаратты пайдаланып автокөлікті жуу

- Автокөлікті жуу үшін жоғары қысымды аппаратты пайдаланған кезде келесі ережелерді сақтаңыз:
  - Жоғары қысымды аппарат шлангісінің саптамасы мен автокөліктің тазаланатын беті арасындағы қашықтық кемінде 30 см болуы тиіс.
  - Су ағынының ұсынылатын қысымы 60 бардан аз, ал максималды қысым 100 бардан аспауы тиіс.
  - Жоғары қысымды аппараттың желпуішті немесе ұсақ дисперсті бүркуін пайдаланыңыз (тікелей тар жоғары қысымды ағынды пайдалануға тыйым салынады).
  - Жуу процесінде шланг саптамасын үнемі қозғалтыңыз. Бір жерде кідіруден аулақ болыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Жуу кезінде жоғарыда келтірілген нұсқауларды сақтаңыз, себебі оларды орындамау автокөліктің және оның компоненттерінің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Жоғары қысымды су ағынын тығыздағыштарға тікелей бағыттауға тыйым салынады, себебі бұл олардың жоғары қысым әсерінен деформациялануына немесе зақымдалуына, сондай-ақ автокөлік салонына судың енуіне әкелуі мүмкін.

ЕСКЕ САЛУ

- Сілтілі кір жуу ұнтағын, сабын ерітіндісін, жуғыш құралдар, балауызды кетіруге арналған құралдар немесе ұшқыр заттектер (бензин, керосин немесе еріткіш) қолданбаңыз.
- Жарық аспаптарын тазалағанда спиртті негіздегі құралдарды (мысалы, спиртті және әйнектерді жууға арналған құралды), кетондарды (мысалы, лак еріткішін және жәндіктерді кетіруге арналған құралды) немесе басқа химиялық еріткіштер (соның ішінде бензин, еріткіш және төртхлорлы көміртек) қолданбаңыз, себебі олар жарық аспаптарының шашыратқыштарының шытынауына алып келуі мүмкін.
- Теңіз жағалауында немесе қатты ластанған аймақтарда қолданылатын автокөліктерді күнделікті жууға кеңес беріледі.
- Автокөлік шанағына жабысып кеуіп қалған батпақты кетіру үшін алмасты немесе бензинді қолданбаңыз. Пластик дөңгелек қалпақтары органикалық заттектерден оңай зақымдалады. Егер автокөлік әрлемесіне органикалық заттектер жұқса, оларды сумен жуыңыз және әрлеменің бүлінген не бүлінбегенін тексеріңіз. Дөңгелектердің күрделі зақымдалған барлық пластик қалпақтарын уақтылы ауыстырып тұрыңыз. Әйтпесе автокөліктің қозғалысы кезінде қалпақ дөңгелектен ажырап кетуі және ЖКО-ға алып келуі мүмкін.
- Бамперді тазалауға абразивті тазартқыш құралдар қолданбаңыз.
- Жылтыратылған металл бөлшектерді қақ тазартқышпен тазалаңыз және қорғау үшін оларға жүйелі түрде балауыз жағыңыз.
- Қолдарыңызды зақымдап алмау үшін шассиді тазалау кезінде абай болыңыз.

Автоматты жуу орнын пайдалану

Автоматты жуу алаңын таңдаған кезде кейбір щеткалардың түрлері, шаюға арналған сүзілмеген су немесе белгілі бір шаю рәсімдері ЛБЖ, әсіресе күңгірт түсті бояуларды сырып кетуі және оның жылтырауына және ұзаққа жарамдылығына әсер етуі мүмкін екенін есте сақтаңыз. Көлікті жуу алдында, бояу жабыны үшін қай жуу әдістері қауіпсіздеу екенін түсіну үшін, сервистік орталықпен кеңесіңіз немесе жабдық нұсқаулығымен танысыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автоматты жуу орнында автокөлікті жуу алдында Auto Hold функциясын өшіріңіз.
- Автокөлікті жуу алдында сыртқы артқы көрініс айналарын жинаңыз. Қозғалысты бастамас бұрын сыртқы артқы көрініс айналарын жазыңыз.

Салонды тазалау

ЕСКЕ САЛУ

- Автокөлікті жуу кезінде судың алдыңғы панельге, еденге немесе жақын орналасқан электр жабдықтарының компоненттеріне түсуіне жол бермеңіз, себебі бұл электр ақауларына әкелуі мүмкін.
- Коррозияны болдырмау үшін автокөлік еденін жумаңыз.

Еден жабыны

- Еден жабынын жоғары сапалы көбікті жуғыш затпен тазалаңыз.
- Шаңды мүмкіндігінше кетіру үшін шаңсорғышты пайдаланыңыз. Көбіктенетін жуғыш заттардың бірнеше түрін қолдануға болады. Олардың кейбіреуі аэрозоль баллон түрінде шығарылады, ал басқалары сумен араласқан кезде көбік түзетін ұнтақтар немесе сұйықтықтар түрінде болады. Еден жабынын көбікке малынған ысқыштың немесе щетканың көмегімен айналдыру қимылдарымен тазалаңыз.

- Тек суды ғана пайдаланбаңыз, еден жабыны барынша құрғақ күйінде қалуы тиіс.

Қауіпсіздік белбеулеріне күтім жасау

- Қауіпсіздік белбеулерін бейтарап сабынды ерітіндімен немесе жылы сумен тазалауға болады.
- Қауіпсіздік белбеулерін губкамен немесе жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Қауіпсіздік белбеулерін және олардың бекіткіштерін шамадан тыс тозу, жыртылу немесе кесілу белгілеріне тексеріңіз.

ЕСКЕРТУ!

- Қауіпсіздік белбеуін бояғыштары немесе ағартқыштары бар құралдардың көмегімен тазаламаңыз. Бұл заттектер қауіпсіздік белбеуінің беріктігін төмендетуі мүмкін.
- Қолданар алдында қауіпсіздік белбеулерінің толық кебуін күтіңіз.

Есіктер мен әйнектер

- Есіктер мен әйнектерді тазалау үшін кәдімгі жуғыш құралдарды қолдануға болады.
- Есік ашылу шектегіштерін үнемі тексеріңіз. Егер есік ашылу шектегішінің тартқышында шаң жиналғаны байқалса, оны дымқыл жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Содан кейін кронштейн мен тартқыштың тойтармалы осі арасына, сондай-ақ тартқыш мен сырғытпа арасына 0,3—0,8 г май жағыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Артқы терезенің ішкі бетін тазалау кезінде электрлі қыздырғыштың сымдары мен қосылыстарын сызып немесе зақымдап алмас үшін абай болыңыз.

Климаттық қондырғының басқару панелі, автокөлік динамиктері, алдыңғы панель, басқару панельдері және қосқыштар

- Кондиционер жүйесінің басқару тақтасын, автокөлік динамиктерін, аспаптар тақтасын, басқару тақтасын және ауыстырып қосқыштарды дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Шаңды жылы суға малынған таза, жұмсақ шүберекпен ақырындап сүртіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Органикалық заттарды (мысалы, еріткіштер, керосин, спирт, бензин) немесе қышқылды-сілтілі ерітінділерді қолданбаңыз. Бұл химиялық заттектер түссізденуге, бояудың оңып кетуіне немесе қабыршақтануына алып келуі мүмкін.
- Қолданылатын жуғыш немесе жылтыратқыш құралдың құрамында жоғарыда аталған заттектердің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жаңа құралды қолданар алдында оны алдымен салонның көзге түспейтін аймағына жағып көріңіз, себебі оның құрамында жоғарыда көрсетілген заттектер болуы мүмкін. Төгілген кез келген сұйықтықты дереу кетіріңіз.

Былғары

- Былғары әрлемені жүнге арналған бейтарап жуғыш құралмен тазалауға болады.
- Шаңды бейтарап жуғыш құрал ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін дымқыл шүберекпен жуғыш құралдың қалдықтарын мұқият сүртіп кетіріңіз.
- Егер былғары суланса, оны таза жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Былғарыны жақсы желдетілетін, салқын жерде кептіріңіз.
- Көлікті тазалауға қатысты кез келген сұрақтар бойынша жергілікті уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер ластағышты бейтарап жуғыш затпен кетіру мүмкін болмаса, құрамында органикалық еріткіштері жоқ жуғыш құрал пайдаланыңыз.
- Былғарыны ұшпа майлар, спирт, бензин, қышқылдар немесе сілтілер сияқты органикалық заттармен тазаламаңыз, себебі бұл түстің өзгеруіне әкеледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Былғарыны нейлон щеткамен немесе синтетикалық талшықты шүберекпен тазаламаңыз, себебі олар былғары бетіндегі ұсақ өрнектерді сызып тастауы мүмкін.
- Ластанған былғары әрлемеде зең түзілуі мүмкін. Майлы дақтарды кетіруге ерекше көңіл бөлу қажет. Әрлеме әрдайым таза болуы тиіс.
- Күн сәулесінің ұзақ түсуі былғарының кеуіп кетуіне немесе кішіреюіне әкеледі, сондықтан автокөлікті әсіресе жазда көлеңкелі және салқын жерге қою керек.
- Ыстық ауа райында әрлеменің үстіне винил немесе балауыз заттар қалдырмаңыз, себебі олар жоғары температураның әсерінен былғарыға жабысып қалуы мүмкін.
- Былғары әрлеуді дұрыс тазаламау түсінің өзгеруіне немесе дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Былғары

- Көлікті көлеңке жерге қойыңыз, бұл ағаштың өңінің кетуіне және кебуіне әкелуі мүмкін тікелей күн сәулесінің әсерін болдырмайды.
- Табиғи ағаштан жасалған әрлеудің деформациялануына немесе зең басуына әкелуі мүмкін шамадан тыс құрғақтықты немесе ылғалдықты болдырмау үшін автокөлікте тиісті ылғалдылық деңгейін сақтау керек.
- Табиғи ағаштан жасалған әрлеудегі шаңды бетін сызып алмау үшін құрғақ мақта матамен ақырын сүртуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Табиғи ағаштан жасалған әрлеуді зақымдауы мүмкін ыстық суды, дезинфекциялық құралдарды, спиртті, қышқылды-сілтілі ерітінділерді және басқа органикалық еріткіштерді қолданудан аулақ болыңыз. Ластанған жағдайда, табиғи ағашқа химиялық зақымдануды барынша азайту үшін оны дереу қағаз сүлгімен немесе құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Табиғи ағаштан жасалған әрлеуді жабу үшін полимерлік таспаны немесе басқа желімді үлдірлерді қолданбаңыз, себебі бұл беткі жабынды зақымдауы мүмкін.
- Табиғи ағаштан жасалған әрлеудегі ластануларды тазалау немесе қырып алу үшін қатты матаны немесе өткір заттарды қолданбаңыз, себебі бұл беткі жабынды зақымдауы мүмкін.

Өз бетінше техникалық қызмет көрсету

Өз бетінше техникалық қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары

- Егер техникалық қызмет көрсетуді көлік иесі жүргізетін болса, осы бөлімде көрсетілген барлық әрекеттерді қатаң түрде сақтаңыз.
- Дұрыс емес және толық емес техникалық қызмет көрсету автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларына әсер ететінін ескеріңіз.
- Бұл бөлімде көлік иесі орындай алатын қарапайым техникалық қызмет көрсету операциялары туралы нұсқаулар ғана берілген. Алайда арнайы құралдардың көмегімен білікті техниктер тарапынан орындалуы тиіс көптеген операциялар бар.
- Абайсыздар жарақат алудан сақтану үшін автокөлікке қызмет көрсету кезінде ерекше сақ болу қажет. Келесі ережелерді қатаң түрде сақтаңыз:

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қысқа тұйықталуға жол бермеңіз, себебі автокөліктің кейбір тізбектері мен компоненттері жоғары токпен немесе кернеумен жұмыс істейді.
- Төгілген салқындату сұйықтығын құрамдас бөліктердің немесе автокөліктің лак-бояу жабынының зақымдануын болдырмау үшін құрғақ шүберекпен немесе майлықпен сүртіңіз және салқындату сұйықтығын уақытылы құйыңыз.
- Тек белгіленген оталдыру білтелерін пайдалануға рұқсат етіледі. Басқа оталдыру білтелерін пайдалану жұмыс сипаттамаларының төмендеуіне немесе қозғалтқыштың зақымдалуына, сондай-ақ басқа электр құрылғылары үшін радиокедергілерге әкелуі мүмкін.
- Электродтар арасындағы саңылауды тазалағаннан немесе реттегеннен кейін оталдыру білтелерін қайта қолданбаңыз.
- Егер тежегіш сұйықтығы ернеуінен асып төгілсе, сұйықтық автокөліктің бөлшектерін немесе лак-бояу жабынын зақымдамауы үшін оны сумен жуып кетіріңіз.
- Ауа сүзгісі алынған автокөлікпен жүруге тыйым салынады, әйтпесе қозғалтқыш шамадан тыс тозады.
- Әйнектазартқыштардың щеткаларын ауыстырған кезде иінтіректердің әйнек бетін сызуына жол бермеңіз.
- Капотты жаппас бұрын, мотор бөлімінде қандай да бір құралдар немесе шүберек қалмағанын тексеріңіз.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, қолдарыңызды, киімдеріңізді және құралдарыңызды айналып тұрған желдеткіштен жеткілікті қашықтықта ұстаңыз. Сағатты, сақиналарды немесе галстукты шешу ұсынылады.
- Жүргеннен кейін қозғалтқыш, радиатор, шығару коллекторы және оталдыру білтелерінің қақпағы ыстық болады. Оларға тимеңіз және жұмыс кезінде абай болыңыз. Мотор майы және басқа пайдалану сұйықтықтары да ыстық болуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер қозғалтқыш өте ыстық болса, күйік алмау үшін кеңейту бағының қақпағын шешпеңіз және босатпаңыз, сондай-ақ салқындату сұйықтығының сорғысын алмаңыз.
- Автокөлікке шоқ пен ашық жалын тигізбеу үшін, сәйкесінше өрт шықпау үшін оның ішінде немесе оның қасында шылым шекпеңіз.
- Электр желдеткішінің немесе радиатор торының жанында жұмыс істегенде автокөліктің электр қуатының өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы ыстық болса немесе автокөлік қосулы кезде кондиционер жүйесі қосулы болса, электр желдеткіші автоматты түрде іске қосылуы мүмкін.
- Автокөлік ішінде немесе оның астында жұмыс істегенде көздеріңізді ұшып шыққан немесе құлап түскен заттардан немесе сұйықтықтардың шашырандыларынан қорғау үшін әрдайым қорғаныш көзілдірік тағыңыз.
- Тежегіш сұйықтығы теріні және көздерді зақымдауы мүмкін болғандықтан оны құйған кезде абай болыңыз. Егер тежегіш сұйықтығы теріге немесе көзге тиіп кетсе, оларды дереу таза сумен шайыңыз. Егер жағымсыз сезімдер мазалап тұрса, медициналық көмекке жүгінген жөн.

Өз бетінше тексерулер

Төменде келтірілген тармақтарды пайдалану жағдайларына немесе көрсетілген жүрілген жолға байланысты тексеру қажет:

- Салқындату сұйықтығының деңгейі: кеңейту бағын ай сайын тексеру керек.
- Әйнекжуғыш сұйықтығы: әйнекжуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін ай сайын тексеру керек. Әйнекжуғышты жиі қолданғанда, сұйықтық деңгейін жиірек тексеру керек.
- Әйнектазартқыш: әйнектазартқыш щеткалардың жағдайын ай сайын тексеріңіз. Егер әйнектазартқыш тиімсіз жұмыс істесе, щеткаларды тозу, жарықтар немесе басқа зақымданулар бар-жоғын тексеріңіз.

- Тежегіш сұйықтығының деңгейі: ай сайын деңгейді тексеріп отырыңыз.
- Тежегіш педалі: тежегіш педалінің бос жүрісін, сондай-ақ стоп-сигналдар ажыратқышының тірегінің тозу немесе зақымдану белгілерін тексеріңіз.
- Электрмеханикалық тұрақ тежегіші: электрмеханикалық тұрақ тежегішінің жұмыс істеуін тексеріңіз.
- Төмен вольтті батарея: ай сайын батареяның күйін және шықпаларда коррозияның бар-жоғын тексеріңіз.
- Климаттық қондырғы: апта сайын жүйе блоктарының жұмысын тексеріңіз.
- Шиналар: ай сайын шиналардың қысымын тексеріңіз. Протектордың тозуын және бөгде заттардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Алдыңғы әйнекті жылыту жүйесі: ай сайын әйнекке ауа үрлейтін желдету саңылауларын тексеріңіз.
- Жарық аспаптары: ай сайын фаралардың, габарит шамдардың, артқы шамдардың, үстіңгі стоп-сигналдың, бұрылыс көрсеткіштерінің, артқы тұман шамдарының, стоп-сигналдардың және нөмір белгісін жарықтандыру шамының күйін тексеріңіз.
- Есіктер: жүксалғыш қақпағының және барлық есіктердің (артқыларын қоса алғанда) еркін ашылатынын және сенімді жабылатын тексеріңіз.
- Дыбыс сигналы: дыбыс сигналының ақаусыздығын тексеріңіз.

ЕСКЕРТУ!

- Тексерістен өтпеген автокөлікті жүргізбеңіз, себебі бұл автокөліктің күрделі зақымдануына және жарақаттарға әкелуі мүмкін.

Жарық аспаптары

Фараларды реттеу

- Фаралар автокөлік жеткізілгенге дейін реттелген. Егер автокөлік жиі ауыр жүктерді тасымалдаса, фаралар қайта реттеуді қажет етуі мүмкін. Фараларды реттеуді уәкілетті дилердің немесе BYD сервистік орталығының мамандарына тапсыру ұсынылады.

Жарық аспаптарының булануы

- Блок-фаралар, артқы шамдар және сыртқы айналардағы бұрылыс көрсеткіштерінің қайталағыштары нәсер жауыннан немесе көлікті жуғаннан кейін буланып кетуі мүмкін. Бұл құбылыс жаңбыр кезінде есіктердің әйнектерінің буланууына ұқсас. Бұл автокөліктің ақаулығын көрсетпейді.
- Жарық аспаптарының ішінің кеңістігі салыстырмалы түрде тұйық және тар. Жұмыс істеген кезде олар шашыратқышты және шағылыстырғышты зақымдауы мүмкін жоғары температураларға дейін қызады, сондықтан олардан жылуды бұрып әкету қажет. Жарық аспабының корпусында конвекцияға арналған желдету саңылаулары бар. Температуралар айырмашылығы неғұрлым жоғары болса, конвекция соғұрлым белсенді болады. Конвекция кезінде ауаның құрамындағы ылғал жарық аспабының ішіне сөзсіз кіреді. Күн жарығы, шамдардың конвекциясы және қызуы сияқты факторлар ауадағы ылғалдың төмен температураларда булану немесе жарық аспабының бетіндегі су тамшылары түріндегі конденсациялануына әкелуі мүмкін. Бұл жарық аспаптарының буланууы деп аталады.

ЕСКЕРТУ!

- Фаралар шамы қосылған кезде қатты қызады. Шам әйнегінің бетіндегі май, тер дақтары немесе сызаттар шамның қызып кетуіне және жанып кетуіне әкеледі.

ЕСКЕ САЛУ

- Егер булану блок-фаралардың және сыртқы айналардағы бұрылыс көрсеткіштерінің қайталағыштарының ішінде пайда болса, бұл ауаның жоғары ылғалдылығынан немесе автокөлік пен қоршаған ортаның арасындағы температуралардың елеулі айырмашылығынан туындауы

ЕСКЕ САЛУ

мүмкін. Мұндай жағдайда қозғалыс кезінде блок-фараларды немесе бұрылыс көрсеткішін қосыңыз. Булану қозғалыс басталғаннан кейін біршама уақыт өткенде ұшып кетеді.

- Егер жарық аспаптарының ішінде судың едәуір мөлшері жиналған болса, техникалық қызмет көрсету үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталыққа хабарласқан жөн.

Шатыр люгіне күтім жасау

Панорамалық шатырға күтім жасау*

- Люктің тығыздау тиімділігін нашарлататын сызаттарды болдырмау үшін люктің сыртқы тығыздағыш жолақтарындағы шаңды немесе құмды дымқыл шүберекпен алып тастаңыз.
- Панорамалық шатырдың герметикалығын нашарлатуы ықтимал сызаттардың пайда болуын болдырмау үшін алдыңғы әйнек қақпағының молдингтерінің жиектерінен шаң мен құмды дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
- Бөгде бөлшектердің (мысалы, шаң, құм және жапырақтар) жиналуын болдырмау, сондай-ақ панорамалық шатырдан судың бұзылуына әкелуі мүмкін дренаждық тесіктердің бітелуін болдырмау үшін екі жағындағы бағыттағыштарды және алдыңғы суағарларды үнемі тазалаңыз.
- Автокөлікті жуған кезде деформациялануына немесе зақымдалуына, сондай-ақ автокөлік ішіне судың кіруіне жол бермеу үшін жоғары қысымды жуу аппаратының ұштығының автокөліктен жеткілікті қашықтықта орналасуын қадағалаңыз және су арынын тікелей тығыздауыштарға бағыттамаңыз.

Автокөлікті сақтау

- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы (бір айдан көп) қолданылмайтын болса, келесідей дайындық жұмыстарын орындау қажет. Дұрыс дайындау автокөліктің техникалық күйінің нашарлауының алдын алуға және ары қарай пайдалану ыңғайлылығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Мүмкіндігінше автокөлікті үй-жай ішіне тұраққа қойыңыз.
- Отынды құйыңыз.
- Шанақтың бетін мұқият тазалаңыз және құрғатыңыз.
- Автокөліктің салонын тазалаңыз және еден жабыны мен кілемшелердің толық кепкеніне көз жеткізіңіз.
- Тұрақ режимін қосыңыз.
- Егер автокөлікті ұзақ уақыт сақтау қажет болса, шиналар тірек бетіне тимеуі үшін автокөлік шанағын көтеріңіз.
- Бір терезені сәл түсіріп қойыңыз (егер автокөлік үй-жай ішінде сақталатын болса).
- Төмен вольтті батареяның теріс шықпасының сымын ажыратыңыз.
- Алдыңғы әйнектазартқыштың щеткалары алдыңғы әйнекке тимеуі үшін олардың астына орамал немесе басқа мата төсеңіз.
- Жабысуды азайту үшін барлық есік тығыздауыштарына силикон майлағышын және есік тығыздауыштарының жанасу жерлеріндегі боялған бетке шанақ балауызын жағыңыз.
- Автокөлік шанағын ауа өткізетін материалдан, мысалы, мақта матадан жасалған тысқаппен жабыңыз. Полиэтилен үлдір секілді су өткізбейтін материалдардың астында ылғал жиналуы мүмкін, бұл лак-бояу жабынының зақымдалуына алып келеді.
- Мүмкіндігінше, іштен жану қозғалтқышын үнемі біраз уақытқа іске қосыңыз (айына бір рет болса да). Егер автокөлік тұрақта бір жыл немесе одан көп уақыт тұрған болса, кешенді техникалық қызмет көрсету үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына жүгініңіз.

Капот

Капотты ашу және жабу

Капотты ашу

1. Селекторды «P» немесе «N» режиміне ауыстырыңыз және электрмеханикалық тұрақ тежегішін қосыңыз, содан кейін алдыңғы панельдің астындағы сол жақтағы тұтқаны екі рет тартыңыз. Капоттың құлпы ашылып, капот сәл көтеріледі.



2. Капотты тепе-теңдік нүктесінен жоғары көтеру және босату капоттың максималды бұрышқа ашылуына мүмкіндік береді.

Капотты жабу

1. Капотты тепе-теңдік нүктесінен төмен түсіріңіз, содан кейін оны аздап басып, жабу үшін босатыңыз.
2. Капотты жапқаннан кейін оның құлпының сенімді бекітілгенін тексеріңіз.

ЕСКЕРТУ!

- Капоттың жабық және мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, қозғалыс кезінде капот кенеттен ашылып кетіп, апатқа әкелуі мүмкін.
- Капотты жабу үшін оған көп күш түсірмеңіз.
- Капотты бір қолмен жаппаңыз, себебі бір нүктеге шоғырланған күш, капотты зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТУ!

- Автокөлікті зақымдамас үшін, капоттың алдыңғы жиегін баспаңыз.

Іштен жану қозғалтқышына күтім жасау

Іштен жану қозғалтқышына күтім жасау бойынша ақпарат

- Егер қозғалтқыш ұзақ уақыт іске қосылмаса, адсорбер толып кетуі мүмкін. Отынның ағып кету қаупін болдырмау үшін адсорберді үнемі үрлеу керек.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт EV режимінде қозғалса, адсорберді үрлеу функциясы көмір адсорберінің толтырылуы талаптарға сай болғанша қозғалтқышты іске қосады және өшіреді.

Мотор майы

- Тиісті спецификациядағы мотор майын пайдалану міндетті.
- Сатып алу кезінде қаптамадағы мотор майының сипаттамаларын міндетті түрде тексеріңіз, сипаттамалары автокөлікті пайдалану шарттарына сәйкес келуі керек.

Ұсынылатын мотор майы

- Мотор майы қозғалтқыштың тиісті жұмыс сипаттамаларын және қызмет ету мерзімін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады, сондықтан жоғары сапалы тазартылған мотор майына басымдық беру керек. BYD түпнұсқа мотор майын пайдалануды қатаң ұсынады.
- Мотор майының шығыны жүргізу мәнеріне, ауа райы және жол жағдайларына байланысты. Жаңа қозғалтқышта май шығыны көп болуы мүмкін.

Мотор майын тексеру

1. Автокөлікті тегіс жолда тоқтатыңыз, қозғалтқышты іске қосыңыз, жұмыс температурасына дейін қыздырыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіріңіз.

2. Өшіргеннен кейін 10 минуттан соң мотор бөлімінің оң жақ қаптамасын алыңыз, май өлшеуіш сүңгіні шығарыңыз, майдың деңгейі мен жағдайын тексеріңіз, сондай-а қ деңгейдің ① және② белгілерінің арасында екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда мотор майын құйыңыз немесе ауыстырыңыз.
3. Май өлшеуіш сүңгіні орнына салыңыз.



- Майдың төмен қысымының сигнал шамы жанған кезде, дереу мотор майын құйыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Абай болыңыз, мотор майын автокөлік компоненттеріне төгіп алмаңыз.
- Май, қозғалтқыш компоненттері және пайдаланылған газдарды шығару жүйесі жоғары температураға дейін қызады және күйік тудыруы мүмкін. Мотор бөлімінде жұмыс істегенде абай болыңыз және қорғаныш киім киіңіз.
- Пайдаланылған майдың ұзақ әсері немесе онымен жиі байланыс тері ауруларын тудыруы мүмкін. Мұндай май теріге түскенде, оны сабынды сумен және таза сумен жуып тастау керек.

Қозғалтқыш цилиндрлерін тазалау

Суық жағдайларда қозғалтқышты іске қосу әрекеттерінің сәтсіздігі цилиндрлердің отынмен толып кетуіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда цилиндрлерді үрлеу процедурасын орындау қажет:

1. OK индикаторы үздіксіз жанып тұрғанда, автокөлік EV режимінде және ECO жүру режимінде болғанда, ал қозғалтқыш жұмыс істемегенде, селекторды тұрақ режимінен бейтарап режимге қолмен ауыстырыңыз.
2. Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Цилиндрлерді үрлеу режимін іске қосу үшін тежегіш және акселератор педальдарын бір уақытта толығымен басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз.

Отын сүзгісі

Отын сүзгісін техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген уақыт және жүрілген жол бойынша ауыстыру аралықтарына сәйкес ауыстырыңыз.

- Егер отын ластанған болса, отын сүзгісін әр 10 000 км сайын немесе алты ай сайын ауыстыру ұсынылады, себебі сүзгінің бітелу ықтималдығы жоғары.
- Отын сүзгісін ауыстыруды уәкілетті дилердің немесе BYD сервистік орталығының мамандарына тапсыру ұсынылады. Отын жүйесі қысымдалғандықтан, отын құбырларымен дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, қауіпті отынның ағып кетуі мүмкін.
- Егер бір бактан артық сапасыз отын жұмсалса, сүзгіні мерзімінен бұрын ауыстыру керек.
- Сүзгі бітелген жағдайда, оны тексеру немесе ауыстыру үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласу ұсынылады.

Салқындату жүйесі

① Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының кеңейту бағы

② Электрқозғалтқыштың басқару блогының салқындату сұйықтығының кеңейту бағы

- Кеңейту бағында салқындату сұйықтығының максималды (MAX) және минималды (MIN) де ң гейлерінің ①② белгілері бар. Кеңейту бағындағы салқындату сұйықтығының деңгейі максималды (MAX) және минималды (MIN) деңгейлердің белгілері арасында болуы керек.



- Егер деңгейі MIN белгісінен төмен болса, салқындату сұйықтығын MAX белгісіне дейін қосымша құйыңыз. Салқындату жүйесінде жылыстаулардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Салқындату сұйықтығы әрқашан зауытта құйылған салқындату сұйықтығының спецификациясына сәйкес болуы керек. Ешқандай қоспалар қоспаңыз. Маркалары мен типтері әртүрлі салқындату сұйықтықтарын араластыруға тыйым салынады.

ЕСКЕ САЛУ

- Салқындату жүйесіне коррозия ингибиторларын немесе басқа қосқыштар қоспаңыз, себебі олар қозғалтқыштың салқындату сұйықтығымен немесе компоненттерімен үйлесімсіз болуы мүмкін.
- Кеңейту бағының қақпағын ашпас бұрын, ішкі жану қозғалтқышы, электрқозғалтқыш, жоғары вольтты электрондық басқару блогы, кеңейту бағының қақпағы және радиатор салқындағанына көз жеткізіңіз.
- Салқындату сұйықтығын құйғанда капот астындағы қуат тарату блогының жоғарғы қақпағын ашпаңыз.
- Сұйықтықтың қуат тарату блогына түсуін болдырмау үшін салқындату сұйықтығын кәсіби құралдың көмегімен құйыңыз.

Тежеу жүйесі

- Бактағы сұйықтық деңгейін ай сайын тексеріңіз және техникалық қызмет көрсету кестесінде көрсетілген пайдалану уақыты мен жүріп өткен жолға сәйкес тежегіш сұйықтығын ауыстырыңыз.
- Әрдайым түпнұсқа тежегіш сұйықтығымен бірдей сипаттамалары бар тежегіш сұйықтығын пайдаланыңыз және тежегіш сұйықтығының әртүрлі типтерін араластырмаңыз.



- Компенсациялық бактағы тежегіш сұйықтығының деңгейі максималды (MAX) және минималды (MIN) деңгей белгілері арасында болуы қажет.
- Егер сұйықтықтың деңгейі MIN белгісінен төмен болса, тежегіш жүйесінде жылыстаудың бар-жоғын тежегіш қыспақтарының тозған-тозбағанын тексеріңіз.

Әйнекжуғыш

- Қалыпты пайдалану кезінде айына кемінде бір рет әйнекжуғыш бағындағы сұйықтық деңгейін тексеріңіз.
- Егер алдыңғы әйнектің жуғышы жиі қолданылатын болса, жуғыш бағындағы сұйықтықтың деңгейін жиірек тексеру қажет.



- Дақтарды тиімдірек тазалау және суық ауа райында қатып қалудың алдын алу үшін жоғары сапалы жуу сұйықтығын пайдалану қажет.
- Әйнекжуғыш сұйықтығын құйғанда әйнектазартқыш щеткаларын тазалау үшін әйнекжуғыш сұйықтығына малынған таза матаны пайдаланыңыз. Бұл әйнектазартқыш щеткаларының жиектерін жақсы күйде ұстауға көмектеседі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Әйнекжуғыш бағына сірке суының сулы ерітіндісін құймаңыз.
- Сертификатталған әйнекжуғыш сұйықтығын пайдалану ұсынылады.

Климаттық қондырғы

- Ауаны кондициялау жүйесі жабық жүйе болып табылады және барлық маңызды техникалық қызмет көрсету жұмыстарын BYD өкілетті дилерінде немесе сервис орталығында кәсіби мамандар орындауы тиіс.
- Келесі ұсыныстар климаттық қондырғының тиімді жұмысын қамтамасыз етуге көмектеседі.
  - Радиатор мен кондиционер конденсаторын жүйелі түрде тексеріңіз. Алдыңғы бетінен жапырақтарды, жәндіктерді және шаңды кетіріңіз. Мұндай шөгінділер ауа ағынын тежейді және жылу алмасуды төмендетеді. BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласқан жөн.
  - Салқындату агентінің компрессорындағы майлағыш майдың айналымын қамтамасыз ету үшін жылдың суық мезгілінде кондиционерді аптасына бір рет кемінде 10 минутқа қосып отырыңыз.
- Кондиционердің салқындату тиімділігі төмендеп кетсе, техникалық қызмет көрсету үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталыққа хабарласыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кондиционерге техникалық қызмет көрсетілгенде техникалық қызмет көрсету станциясында арнайы қондырғы пайдаланылуы керек.
- Мұндай жүйе салқындату агентін атмосфераға төгу арқылы қоршаған ортаның ластануына жол бермеу үшін салқындату агентін қайталап қолдануға мүмкіндік береді.

Әйнектазартқыш щеткалары

Синтетикалық каучуктен жасалған щетка қырғыштары тозатын бөлшектер болып табылады. Автокөлікті пайдаланудың әртүрлі жағдайларына және жүргізушінің әрекеттеріне байланысты щеткалар зақымдануы мүмкін. Сондықтан щеткалардың ұзаққа жарамдылығын және көлік жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз:

- Әйнектазартқыш щеткаларын алдыңғы әйнектің бетінен мұзды кетіруге қолданбаңыз. Арнайы мұз қырғышты пайдаланыңыз.
- Бетіне батпақ, майлағыш немесе балауыз жағылған болса, алдыңғы әйнектің бетін қырмаңыз.
- Алдыңғы әйнектің бетінің тазалығын қадағалаңыз. Алдыңғы әйнек бетіндегі шаңды, құмды, жәндіктерді және бөтен материалдарды сыпырмаңыз.
- Автокөлікті жуу және шанақтың лак-бояу жабынына күтім жасау кезінде алдыңғы әйнекке балауыздың жағылуына жол бермеңіз, өйткені балауыз қабаты нашар жарықта жарықты шағылыстырып, көру мүмкіндігін нашарлатады және көлік жүргізу қауіпсіздігін төмендетеді. Автокөлікті жуғаннан кейін

әйнектазартқыш щеткаларын таза сумен шайыңыз және әйнектегі балауыз қабатын кетіру үшін алдыңғы әйнекке арналған арнайы балауыз тазартқыш құралды қолданыңыз.

- Зақымдап алмау үшін су арынын тікелей щеткаларға бағыттамаңыз.

Әйнектазартқыш щеткаларды күту

Синтетикалық каучуктен жасалған щетка қырғыштары тозатын бөлшектер болып табылады. Автокөлікті пайдаланудың әртүрлі жағдайларына және жүргізушінің әрекеттеріне байланысты щеткалар зақымдануы мүмкін. Сондықтан щеткалардың ұзаққа жарамдылығын және көлік жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз:

- Әйнектазартқыш щеткаларын алдыңғы әйнектің бетінен мұзды кетіруге қолданбаңыз. Арнайы мұз қырғышты пайдаланыңыз.
- Бетіне батпақ, майлағыш немесе балауыз жағылған болса, алдыңғы әйнектің бетін қырмаңыз.
- Алдыңғы әйнектің бетінің тазалығын қадағалаңыз. Алдыңғы әйнек бетіндегі шаңды, құмды, жәндіктерді және бөтен материалдарды сыпырмаңыз.
- Автокөлікті жуу және шанақтың лак-бояу жабынына күтім жасау кезінде алдыңғы әйнекке балауыздың жағылуына жол бермеңіз, өйткені балауыз қабаты нашар жарықта жарықты шағылыстырып, көру мүмкіндігін нашарлатады және көлік жүргізу қауіпсіздігін төмендетеді. Автокөлікті жуғаннан кейін әйнектазартқыш щеткаларын таза сумен шайыңыз және әйнектегі балауыз қабатын кетіру үшін алдыңғы әйнекке арналған арнайы балауыз тазартқыш құралды қолданыңыз.
- Зақымдап алмау үшін су арынын тікелей щеткаларға бағыттамаңыз.

Техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстар

- Алдыңғы әйнек пен щеткаларды жүйелі түрде тазалап тұрыңыз (ең дұрысы аптасына бір рет немесе екі аптада бір рет).
- Әйнектазартқышты жүйелі түрде сүртіп тұрыңыз (ең дұрысы күнделікті немесе екі күнде бір рет). Әйнектазартқыш щеткалармен әйнектерді тазалау кезінде әйнек ылғалдандырылуы тиіс (жаңбыр болмаған жағдайда, әйнекжуғыш сұйықтығын алдын ала қосу керек).
- Алдыңғы әйнекті тазалау үшін арнайы жуу сұйықтығын пайдаланыңыз.
- Алдыңғы әйнектен батпақты және жәндіктердің қалдықтарын мүмкіндігінше тезірек шүберекпен сүртіп кетіруге тырысыңыз.
- Алдыңғы әйнекте ұшқан қиыршық тастардан сынықтар немесе жарықтар пайда болса, жөндеу жұмыстарын уақытында жүргізу қажет. (Ақауларды жою үшін автокөлік әйнектерін жөндеуге арналған полимерлі шайырды пайдалану ұсынылады; егер зақымданулар тым көп немесе ауқымды болса, алдыңғы әйнек ауыстырылуы тиіс).
- Әйнектазартқыш щеткаларын жүйелі түрде, дұрысы жарты жыл сайын ауыстырып отырыңыз.
- Алдыңғы әйнекті тазалаған кезде әйнектазартқыш иінтіректерін алдын ала көтеріп қойыңыз. Әйнектазартқышты сервистік режимге ауыстыру үшін келесі әрекетті орындаңыз:

1. Алдыңғы әйнек/артқы әйнектазалағыштарының сервистік режимін қосу үшін ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлық экранында ⚙ → **Жүргізу** → **Қызмет көрсету** тармағына өтіңіз. Әйнектазартқыштардың иінтіректері ыңғайлы қалыпқа бұрылады.
2. Әйнектазартқыш иінтірегінің үстіңгі ұшынан ұстап, щеткасымен бірге иінтіректі абайлап көтеріңіз.

Шиналар

- Қауіпсіз жүргізу үшін шиналардың конструкциясы мен өлшемдері автокөлік параметрлеріне сәйкес болуы, сапалы протекторы және тиісті ауа қысымы болуы тиіс.
- Келесі беттерде шина қысымын, шиналардың зақымдануын және тозуын тексеру, сондай-ақ дөңгелектерді ауыстырып салу тәртібі толық сипатталған.

ЕСКЕРТУ!

- Шектен тыс тозған немесе жеткіліксіз/шектен тыс қысымы бар шиналарды қолдану апатқа, ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- Шиналарға ауа үрлеу және қызмет көрсету бойынша осы нұсқаулықтың барлық нұсқауларын орындаңыз.

Шиналарды үрлеу

- Маневрліліктің, протектордың ұзаққа жарамдылығының және жүргізу жайлылығының ең жақсы үйлесімін қамтамасыз ету үшін шиналардағы ауаның дұрыс қысымын сақтаңыз.
- Шиналардағы қысымның жеткіліксіздігі олардың әркелкі тозуына алып келуі, басқарымдылыққа және энергия тұтынуға әсер етуі, сондай-ақ қызып кетуден ауаның жылыстауларына алып келуі мүмкін.
- Шектен тыс ауа үрленген шиналар қозғалыс кезіндегі жайлылықты төмендетеді және тегіс емес жолда көбірек зақымдануға бейім. Ең нашар жағдайларда шиналар жыртылуы мүмкін, бұл бүкіл автокөліктің қауіпсіздігіне күрделі нұқсан келтіреді. Шектен тыс қысым сондай-ақ шиналардың әркелкі тозуына алып келеді және олардың қызмет ету мерзімін қысқартады.
- Автокөлік шина қысымын бақылау жүйесімен жабдықталған. Егер шиналар салқын болса, олардағы ауа қысымы және аспаптар тақтасындағы сәйкес мәндер төмен болуы мүмкін.
- Шиналардағы қысымды қоршаған орта температурасында өлшеу керек. Бұл оны тоқтатқаннан кейін кем дегенде үш сағаттан кейін өлшеу керектігін білдіреді. Егер шиналардағы қысымды өлшемес бұрын автокөлікпен жол жүру қажет болса, жүрілген жолдың қашықтығы 1,6 км-ден аспайтын жағдайда шиналар қоршаған орта температурасында тұр деп есептеуге болады.
- Ыстық шиналарда (бірнеше километр жүрілгеннен кейін) өлшенген шина қысымының мәндері суық шиналарға қарағанда 30—40 кПа (0,3—0,4 кгс/см^2) жоғары болады. Бұл қалыпты жағдай. Мұндай жағдайларда шиналардағы қысымды номиналды мәнге дейін түсірмеңіз, әйтпесе шиналардағы қысым жеткіліксіз болып қалады.

ЕСКЕ САЛУ

- Салқын шиналардағы ұсынылатын қысым жүргізуші есігінің ойығына бекітілген заттаңбада көрсетілген.

- Камерасыз шиналардың тесіктері өздігінен бітелуі мүмкін. Дегенмен, мұндай жағдайларда ауаның жоғалуы әдетте өте баяу болатындықтан, шинадағы қысымның алғашқы төмендеуінде ағып кету орнын мұқият анықтау қажет.

Шиналарды қарап тексеру

- Шиналардағы қысымды тексеру кезінде оларда зақымдарының, тесілу және тозу белгілерінің бар-жоғын қарап шығыңыз.
  - Ісінулер, протекторының немесе қапталының зақымдалуы байқалған болса, шинаны ауыстырыңыз. Осы жағдайлардың кез келгенінде шиналар ауыстырылуы тиіс.
  - Егер шинаның бүйірінде жарықтар болса немесе оның матасы немесе сымы көрініп тұрса, оны ауыстырыңыз.
  - Протекторы шектен тыс тозған шиналарды ауыстырыңыз.



- Тозу индикаторлары шина протекторының ойықтарының ішіне құйылған. Протектор осы деңгейге дейін тозған кезде, онда көлденең жолақ пайда болады, бұл протектордың қалдық тереңдігі 1,6 мм-ден аз екенін көрсетеді. Осындай күйге дейін тозған шиналардың ылғалды жол төсеміндегі ілінісуі өте төмен болады.
- Протектор тозу индикаторларының ашылу деңгейіне дейін тозған кезде, шинаның пайдалану сипаттамаларының сыни жоғалуы орын алады және ол міндетті түрде ауыстырылуы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету

- Протектордың тозуын азайту үшін ауаның дұрыс қысымын ұстап отырудан бөлек дөңгелектердің дұрыс орнатылу бұрышын қамтамасыз ету қажет.
- Егер шиналардың әркелкі тозуы байқалса, дөңгелектердің орнатылу бұрыштарын тексерту үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Автокөліктің дөңгелектерінің орнатылу бұрыштары өндіруші зауытта реттелетініне қарамастан, пайдалану кезінде біршама уақыт өткеннен кейін оларды қайтадан реттеу қажет болады.
- Егер жоғары жылдамдықтарда (әдетте 80 км/сағ-тан жоғары), алайда төмен жылдамдықта емес, үнемі діріл сезілетін болса, шиналарды тексерту үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына жүгініңіз.
- Егер шинаға жөндеу жүргізілсе, оны қайтадан теңгеру қажет.
- Жаңа шинаны немесе жаңа дөңгелек дискісін орнатқаннан кейін әрқашан шиналарды теңгеру әрекетін орындаңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Дұрыс таңдалмаған теңгеру жүктері ажырап кетуі және түсіп қалуы мүмкін, бұл қозғалыс кезінде автокөліктің немесе айналадағы заттардың зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Сәйкес емес теңгергіш білдектерді қолдану автокөліктің алюминий дөңгелек дискілерін зақымдауы мүмкін. Сол себепті түпнұсқа теңгергіш білдектерді пайдалану керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дөңгелектердің орнын ауыстыру

- Шиналардың біркелкі тозуын қамтамасыз ету және олардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін протектордың ішкі және сыртқы жақтарының жағдайын үнемі (10 000 км-ден аспайтын жүріс кезінде) тексеру, дөңгелектерді ауыстырып салу, сондай-ақ қажет болған жағдайда дөңгелектерді орнату бұрыштарын тексеру және реттеу ұсынылады.
- Егер автокөлікте қосалқы дөңгелек қолданылса, шиналардың орындарын ауыстырып салмаңыз.
- Шиналарды ауыстырғаннан кейін шиналардағы қысымды реттеу үшін BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына жүгініңіз.

Протекторының бағытталған бедері бар шиналар орнатылған дөңгелектер

- Қосалқы шиналар сатып алғанда, кейбір шиналар протекторының бағытталған бедерінің бар екенін байқауыңыз мүмкін, яғни олар тек бір бағытта айналуы тиіс. Егер протекторының бағытталған бедері бар шиналар қолданылса, шиналарды ауыстырғанда тек алдыңғы және артқы дөңгелектерді орындарын ауыстырып салуға болады.
- Шиналардың орындарын ауыстырып салу суретте көрсетілгендей жүзеге асырылады:

① Протекторының бедері бағытталмаған шиналар.

② Протекторының бедері бағытталған шиналар.



Шиналарды және дөңгелек дискілерін ауыстыру

- Түпнұсқа шиналардың максималды пайдаланушылық сипаттамалары бар және олар маневрліктің, жүргізу жайлылығының және қызмет ету мерзімінің ең жақсы үйлесімін қамтамасыз етеді.
- Шиналарды түпнұсқаға ауыстыру үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервис орталығына хабарласыңыз.
- Өлшемдері, арналған мақсаты, жылдамдық индекстері және салқын күйдегі максималды қысымы (шинаның қапталындағы таңбалама) әртүрлі шиналарды орнату немесе радиалды және диагоналды шиналарды бірге қолдану тежелу тиімділігінің, жетек күшінің (жолмен ілінісудің) және басқару дәлдігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.
- Сәйкес келмейтін шиналарды орнату автокөліктің маневрлігі мен тұрақтылығына әсер етіп, ЖКО-ға әкелуі мүмкін.
- Мүмкіндігінше, барлық төрт шинаны бір уақытта ауыстырыңыз. Егер бұл мүмкін болмаса немесе орынсыз болса, алдыңғы немесе артқы шиналарды бір уақытта ауыстырыңыз. Тек бір шинаны ауыстырмаңыз, себебі бұл автокөліктің маневрлілігін айтарлықтай нашарлатуы мүмкін.
- ABS жүйесінің жұмысы дөңгелектердің айналу жиілігін салыстыруға негізделген. Шинаны ауыстырған кезде түпнұсқа шинаның өлшемімен бірдей шинаны пайдаланыңыз. Шинаның өлшемі мен конструкциясы дөңгелектің айналу жиілігіне әсер етуі және жүйенің үйлесімсіз жұмысына әкелуі мүмкін.
- Егер дөңгелек дискісін ауыстыру қажет болса, жаңа дискінің сипаттамаларының түпнұсқа дискінің сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Жаңа дискілерді BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығынан сатып алуға болады. Дискілерді ауыстырмас бұрын, BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығының мамандарымен кеңесіп алыңыз.

ЕСКЕРТУ!

Автокөліктің тиісті пайдалану сипаттамаларын және басқарылуын қамтамасыз ету мақсатында келесі ережелерді сақтаңыз.

- Автокөлікке радиалды және диагоналды корды бар шиналарды бірге орнатпаңыз.
- Өндіруші ұсынған өлшемдерден өзгеше өлшемдері бар шиналарды қолданбаңыз.

Балқымалы сақтандырғыштар

Автокөліктің барлық электр тізбектері қысқа тұйықталудан немесе шамадан тыс жүктемеден қорғау үшін сақтандырғыштармен жабдықталған.

- Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогы сол қанаттың жанында орналасқан.
  - Алдыңғы бөлімнің сақтандырғыштар блогының үстіңгі қақпағын алып тастаңыз және сақтандырғыштардың орналасу схемасын көру үшін оны төңкеріңіз.
- Алдыңғы панельдің сақтандырғыштар блогы алдыңғы панельдің төменгі жағындағы қаптаманың артында орналасқан.
- Аккумулятор батареясының оң шығысының сақтандырғыштар блогы жүргізуші орындығының астында, төмен вольтты аккумулятор батареясында орналасқан.
- Артқы бөлімнің сақтандырғыштар блогы* жүксалғыш бөлімінің сол жағында орналасқан.
- Күйіп кеткен сақтандырғыштарды қуаты көбірек сақтандырғыштарға ауыстыру электр жүйесіне зақым келтіру қаупін айтарлықтай жоғарылатады.
- Егер дәл осындай номиналды ток күші бар қосалқы сақтандырғыш болмаса, оның орнына номиналы кіші сақтандырғышты қолданыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Номиналды мәннен асатын ток күші бар сақтандырғыштарды немесе сақтандырғыштарды ауыстыруға

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

арналған кез келген басқа шешімдерді қолданбаңыз, себебі бұл күрделі зақымдарға немесе тіпті өртке алып келуі мүмкін.

- Сақтандырғыш күйіп кетсе оны BYD ресми дилерінде тексерткен немесе ауыстыртқан жөн немесе сервис орталығына жүгіну керек.

07 АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Ақауларды жою 236

Ақауларды жою

Жарық шағылысатын кеудеше

- Жарық шағылысатын кеудеше құралдар жинағында орналасқан.
- Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін апаттық жағдайда ақаулықты іздемес және жөндеуге әрекет жасамас бұрын әрдайым жарық шағылысатын кеудешені киіп алыңыз.

Смарт-кілттің қоректендіру элементі разрядталған

Егер смарт-кілттің индикаторы жыпылықтамаса және автокөлікті оталдыру функциясының көмегімен іске қосу мүмкін болмаса, смарт-кілттің қоректендіру элементі разрядталған болуы мүмкін. Қуат элементін ауыстырту үшін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына жүгінген жөн. Мұндай жағдайда автокөлікті разрядталған қоректендіру элементі режимінде оталдыруға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Смарт-кілтті қатты қызуы мүмкін жерлерге қоймаңыз.
- Смарт-кілтке күшті соққылар тигізбеңіз.
- Жақын маңайда электронды смарт-кілттердің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін радиостанциялардың, қосалқы станциялардың немесе радиомұнаралардың, әуежайдың жоқ екенін тексеріңіз.
- Автокөлікті құлыптағаннан және айдап әкетуден қорғау сигнал беру жүйесінің күзетіне қойғаннан кейін жол жүретін ойыңыз болмаса, кілтті автокөліктен алысқа қойыңыз. Әйтпесе автокөліктің автоматты түрде іздеу функциясы төмен вольтті батарея мен смарт-кілттің энергиясын шығындай беретін болады.

1. Автокөлік механикалық кілттің көмегімен ашылады.
2. Смарт-кілтті орталық консольдегі апаттық оталдыру белгісіне басыңыз.
3. START/STOP түймесі мен тежегіш педалін басып, автокөлік қозғалтқышын іске қосыңыз.



Жоғары вольтты жүйе ақаулығы

Егер автокөлікте ақаулық туындаса және аспаптар тақтасында «Төмен вольтты борттық желіде ақаулық. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, сервистік орталыққа хабарласыңыз» деген хабарлама көрсетілсе, автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, BYD уәкілетті сервистік орталығына көмек сұрап хабарласыңыз.

Автокөліктің электр қуатын қосу мүмкін емес

Қарапайым тексерулер

Тексеру алдында автокөліктің оталдыруы белгіленген оталдыру тәртібіне сәйкес орындалғанына (***118-беттті*** қараңыз) және отынның жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз. Сонымен қатар автокөлікті қосалқы кілттің көмегімен оталдыруға болатынын тексеріңіз. Егер сәтті оталдырылса, негізгі кілт зақымдалған болуы мүмкін. Бұл жағдайда кілтті тексеру үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына беріңіз. Егер бірде бір кілт жұмыс істемесе, ақаулық кілттердің өзіне немесе смарт-кілт жүйесіне байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда BYD өкілетті дилеріне немесе сервис орталығына жүгініңіз.

Автокөлік кілт түймелерін басқанда жауап қайтармайды

1. Автокөлік реакциясын немесе аспаптар тақтасындағы индикацияны тексеру үшін микроажыратқышты 10 секунд бойы басып тұрыңыз.
2. Егер автокөлік немесе аспаптар тақтасы тарапынан ешқандай реакцияболмаса, төмен вольтты аккумулятор батареясының клеммаларының мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
3. Егер төмен вольтты аккумулятор батареясының клеммалары тартылған болса, алдыңғы салон жарығы плафондарын қосыңыз. Егер салон жарығы плафондары қосылмаса немесе көмескі жанып тұрса, төмен вольтты аккумулятор батареясының заряды таусылған.
4. Бұл жағдайда уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласқан жөн.

Стартер қозғалтқыштың иінді білігін қалыпты айналу жиілігімен айналдырады, бірақ қозғалтқыш оталмайды

1. Оталдыру әрекетін қайталаңыз.
2. Егер қозғалтқыш оталмаса, оған себеп бірнеше рет оталдыру әрекетінен туындаған отынның асып төгілуі, аккумулятор батареясын басқару жүйесінің (BMS) ақаулығы немесе оталдыруға байланысты компоненттердің, мысалы, стартер-генератордың істен шығуы болуы мүмкін.
3. Егер қозғалтқыш әлі де оталмаса, реттеу немесе жөндеу қажет. Бұл жағдайда уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласқан жөн.

Отын асып төгілгенде қозғалтқышты оталдыру

- Егер қозғалтқыш оталмаса, оталдырудың бірнеше әрекеті отынның асып төгілуіне әкелуі мүмкін.
- Қозғалтқышқа «құйылып» кеткенде, цилиндрлерді қолмен келесі ретпен үрлеуге болады:

1. ОК индикаторы үздіксіз жанып тұрғанда, автокөлік EV режимінде және ECO жүру режимінде болғанда, ал қозғалтқыш жұмыс істемегенде, селекторды тұрақ режимінен бейтарап режимге қолмен ауыстырыңыз.
2. Электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Цилиндрлерді үрлеу режимін іске қосу үшін тежегіш және акселератор педальдарын бір уақытта толығымен басып, бірнеше секунд ұстап тұрыңыз.

- Егер бес секунд айналдырғаннан кейін қозғалтқыш әлі де оталмаса, бірнеше минут күтіп, әрекетті қайталаңыз.
- Егер қозғалтқыш әлі де оталмаса, реттеу немесе жөндеу қажет. Бұл жағдайда уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласқан жөн.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер бірнеше әрекеттен кейін қозғалтқыш әлі де оталмаса, ал аспаптар тақтасында «Қозғалтқышты оталдыру сәтсіз аяқталды. Тексеру үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз» деген хабарлама пайда болса, генератор мен сымдар қызыр кетпеуі үшін оталдыру әрекеттерін тоқтату ұсынылады.

Қозғалтқыш қозғалыс кезінде оталмайды

- Қозғалыс жолағын сақтай отырып, автокөлік жылдамдығын біртіндеп төмендетіңіз. Автокөлікті жүріс бөлігінен қауіпсіз жерге абайлап жылжытып, апаттық жарық сигналын қосыңыз.
- Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз.
- Қозғалтқышты оталдыру әрекетін қайталаңыз.

Қозғалтқыш қызып кетті

Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының жоғары екенін білдіретін сигнал шамы жанса және қуаттың төмендегені сезілсе, бұл қозғалтқыштың қызып кеткенін көрсетеді. Бұл жағдайда келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Автокөлікті қарқынды қозғалыс бар жүріс бөлігінен қауіпсіз жерге жылжытыңыз. Апаттық жарық сигналын қосыңыз, «P» түймесін басыңыз және электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз. Егер кондиционер қосулы болса, оны өшіріңіз. Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес қашықтықта автокөліктің артына апаттық аялдау белгісін орнатыңыз.
2. Егер қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы температурасының жоғары екенін білдіретін сигнал шамы жанса, қозғалтқышты өшіріңіз. Егер мотор бөлімінде шу естілсе және ыстық бу шықса, капотты бу толығымен тарағаннан кейін ғана ашыңыз. Егер салқындату сұйықтығы шықпаса, қозғалтқышты өшіргеннен кейін желдеткіштің жұмыс істеп тұрғанын және қозғалтқышты өшіргенге дейін жұмыс істегенін тексеріңіз. Егер желдеткіш жұмыс істемесе, электр қуатын өшіріңіз.

ЕСКЕРТУ!

- Жарақат алмау үшін салқындату сұйықтығының шығуы тоқтамайынша, капотты ашпаңыз. Салқындату сұйықтығының шығуы жүйедегі жоғары қысымды білдіреді.

3. Радиаторды, шлангілерді және автокөлік астындағы кеңістікті салқындату сұйықтығының ағып кету іздері бар-жоғына тексеріңіз.

ЕСКЕРТУ!

- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде қолдарыңыз бен киімдеріңізді айналмалы желдеткіш пен қозғалтқыш шкивінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.

4. Салқындату сұйықтығы ағып кетсе, қозғалтқышты дереу өшіріп, BYD уәкілетті дилеріне немесе сервистік орталығына көмек сұрап хабарласыңыз.
5. Егер ағып кеткеннің айқын белгілері табылмаса, кеңейткіш бакты тексеріңіз. Салқындату сұйықтығының деңгейі жеткіліксіз болса, кеңейткіш бактың қақпағын ашпас бұрын қозғалтқыштың салқындату жүйесіндегі температураның төмендеуін міндетті түрде күтіңіз.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда, салқындату сұйықтығын жоғарғы белгіге дейін құйыңыз, қақпақты тығыз жабыңыз, содан кейін қозғалтқышты екі-үш жылыту цикліне оталдырыңыз (кондиционерді қоспай, радиатор желдеткішінің қосылуын күтіңіз). Салқындату сұйықтығының температурасы төмендегеннен кейін, оның деңгейін қайта тексеріңіз. Қажет болса, салқындату сұйықтығын тиісті белгіге дейін қосымша құйыңыз. Салқындату сұйықтығы деңгейінің айтарлықтай төмендеуі жүйеде жылыстау бар екенін көрсетеді. Бұл жағдайда тексеру үшін уәкілетті дилерге немесе BYD сервистік орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Ыстық бу мен сұйықтықтың шығуынан туындаған ауыр жарақаттарды болдырмау үшін, қозғалтқыш пен радиатор суығанша, кеңейткіш бактың қақпағын ашуға тыйым салынады.

Автокөлікті сүйреу

Егер автокөлікті сүйреу қажет болса, BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына, кәсіби сүйреу қызметіне немесе жолда көмек көрсетуге шарт жасасқан ұйымға хабарласу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөлікті басқа көлік құралдарымен тек иілгіш тіркеуді пайдалана отырып сүйреуге тыйым салынады.

Дұрыс сүйреу тәсілі:

- Эвакуатор
  - Егер автокөлік істен шықса және оны сүйреу қажет болса, эвакуаторды пайдалануға кеңес беріледі. Сүйреген кезде автокөліктің барлық дөңгелектері жерге тіреліп тұруы тиіс. Автокөлікті тек алдыңғы немесе артқы дөңгелектеріне тіреп сүйреу жоғары вольтті компоненттердің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөлікті эвакуатормен тасымалдаған жағдайда құлап кетуінің алдын алу үшін автокөліктің сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Кәсіби кергіш белбеулер мен кергіштер қолдануға, сондай-ақ дөңгелектің үстінен бекіту тәсілін қолдануға кеңес беріледі.
- Автокөлікті бекіткенде бекіткіш белбеулердің, сымарқанның немесе басқа да бекіту құрылғыларының дөңгелектер арқылы өтіп тұруына немесе оларды шассиге, жүріс бөлігіне немесе көлік құралы шанағының, кез келген басқа бөлігіне бекітуге жол бермеңіз, өйткені олар зақымдалады.
- Ықтимал зақымданудың алдын алу үшін автокөліктің барлық дөңгелектерінің тасымалдау кезінде қозғалыссыз күйге келтірілгеніне көз жеткізіңіз.

Сүйреу құлақшасы

- Сүйреу құлақшасының қақпағы алдыңғы бампердің оң жақ төменгі бұрышында орналасқан, бұл орын суретте көрсетілген.

1. Қақпақты ашу үшін үшбұрышты көрсеткіші бар аймақты басыңыз.
2. Сүйреу құлақшасын сүйреу құлақшасының саңылауына орнатыңыз.



- Егер автокөлікті эвакуациялау қажет болса, кәсіби эвакуациялау қызметін шақыруға немесе клиенттерді қолдау қызметіне қоңырау шалуға кеңес беріледі.
- Апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу барысында автокөлікті сүйреу қажет болған жағдайда, автокөліктің зақымдалуын немесе жарақат алуды болдырмау үшін келесі ережелерді сақтаңыз.
  - Сүйрейтін автокөлік ақаусыз болуы тиіс, ал сүйрелетін автокөлікте беріліс қорабының бейтарап режим таңдалған болуы тиіс; сүйреу жылдамдығы 5 км/сағ-тан аспауы тиіс.
  - Автокөлікті сүйреу кезінде жұлқу әрекеттеріне жол бермеңіз.
  - Сүйрелетін автокөліктен жүргізушіден өзге ешкім болмауы тиіс.
  - Сүйрейтін автокөлікте де, сүйрелетін автокөлікте де апаттық жарық сигналын беру жүйесі қосулы болуы тиіс.
  - Автокөліктің зақымдалуына жол бермеу үшін тек автокөліктің жиынтығында бар сүйреу құлақшасын ғана пайдалануға болады.
  - Сүйреуші және сүйрелетін автокөліктер арасындағы қашықтық төрт метрден артық, бірақ он метрден кем болмауы керек.
  - Сүйрелетін автокөліктің ені мен салмағы сүйрейтін автокөліктің ені мен салмағынан аспауы тиіс.
  - Автокөлікті сүйреген кезде оның айналасында кедергілердің жоқ екеніне және орынның жеткілікті екеніне, ал сүйреуші автокөліктің жанында адамдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
  - Автокөлікті босатқан кезде оның түсірілген сүйреу күшінің бағытына қарай қозғалуын қадағалаңыз. Автокөлікті бүйірге қарай немесе тік

бағытта көтеріп жылжытуға тыйым салынады.

- Сүйрелетін автокөлікті салон ішінде отырған жүргізуші басқаруы тиіс, бұл ретте сүйрелетін автокөліктің рульмен басқару жүйесі және тежеу жүйесі ақаусыз болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ!

- Ешбір жағдайда батып қалған немесе асты жерге тиіп қалған автокөлікті сүйреу құлақшасы арқылы шығарушы болмаңыз. Кәсіби құтқару қызметіне немесе клиенттерге қолдау көрсету қызметінің нөміріне қоңырау шалыңыз.
- Егер сүйрелетін автокөліктің рульмен басқару жүйесі немесе тежеу жүйесі ақаулы болса, эвакуациялау қызметіне немесе клиенттерді қолдау қызметіне жүгініңіз. Автокөлікті қатты тіркегішпен сүйремеңіз.

Шинадағы қысымның төмендеуі

- Егер автокөліктің шинасындағы қысым кенеттен төмендеп кетсе, жылдамдықты азайтыңыз, түзу бағытта қозғалыңыз және жолдың жүріс бөлігінен қауіпсіз орынға қарай шығыңыз.
- Автокөлікті қатты тегіс жер бетіне тоқтатыңыз және автострадалардағы жолайрықтарға тоқтаушы болмаңыз.
- Автокөліктің «P» (тұрақ) режимінде екеніне және электрмеханикалық тұрақ тежегішінің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
- Автокөліктің қоректендіру жүйесін өшіріңіз және апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
- Міндетті түрде барлық жолаушыларды көліктен түсіріңіз және жүріс бөлігінен алыс қауіпсіз орынға шығуын өтініңіз.
- Автокөліктің жылжып кетуіне жол бермеу үшін шинасының ауасы шығып кеткен дөңгелекке диагонал бойынша орналасқан дөңгелектің астына тіреу қойыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ауасы шығып кеткен шинамен қозғалысты жалғастырмаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Шинадағы төмен қысыммен тіпті қысқа қашықтыққа қозғалудың өзі түзеуге келмейтін зақымдануларға алып келуі мүмкін.

Құралдар жинағы

- Құралдар жинағы жүксалғыш еденінің жабының астында құралдарға арналған жәшіктің ішінде орналасқан.
- Борттық құралдар төменде көрсетілген:

① Апаттық аялдау белгісі

② Жарық шағылысатын кеудеше

③ Сомын қақпағын алуға арналған қысқыш

④ Шиналарды жөндеу жиынтығы

⑤ Сүйреу құлақшасы



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Автокөлікке өзіңіз қызмет көрсетуіңіз қажет болатын апаттық жағдайда бұл автокөлік құралдарын пайдалану жолдарын және олардың орналасқан жерін білуге тиіссіз.
- Борттық құралдарды пайдаланғаннан кейін, оларды жоғалтып алмау немесе жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін бұрынғы орнына қайтарыңыз.

Апаттық аялдау белгісін орнату

ЕСКЕРТУ!

- Жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мәжбүрлі тоқтаған кезде, апаттық аялдау белгісін жүріп келе жатқан елдің заңнамасының талаптарына сәйкес орнатыңыз. Белгі қызыл түсті жағымен артынан келе жатқан көлікке қаратылып тұруы керек, бұл басқа көлік құралдарының жүргізушілерін уақытылы ескертіп, ықтимал қауіптің алдын алу үшін қажет.
- Апаттық аялдау белгісін қолданып болған соң, оны алдағы уақытта пайдалану үшін орнына салып қойыңыз.

Апаттық аялдау белгісі артқы жақтан жақындап келе жатқан автокөліктерге ескерту және жоғары жылдамдыққа немесе кеш тежелуге байланысты соқтығысулардың алдын алу үшін қолданылады.

Апаттық аялдау белгісін қолдану:

1. Апаттық аялдау белгісін жәшіктен шығарып алыңыз.
2. Үшбұрыш пайда болатындай етіп ұштарын біріктіріңіз.
3. Суретте көрсетілгендей етіп тіреулерін орнатыңыз.



Шиналарды жөндеуге арналған жинақты қолдану

- Шиналарды жөндеу жиынтығы кішкентай тіліктерді, әсіресе протектор суретіндегі тіліктерді желімдеу үшін қолданылады. Тіпті шинадағы қысым төмендемесе де бұл тек жақын жердегі сервис орталығына дейін жетіп алуға мүмкіндік беретін және тек қысқа төтенше сапарларға арналған төтенше шешім болып табылады
- Шиналарды жөндеу жинағы жүксалғыш бөлімінде орналасқан; оны ішкі қаптамадағы қақпақты ашу арқылы алуға болады.
- Шиналарды жөндеу жинағына мыналар кіреді: герметик, шиналарды үрлеуге арналған компрессор, сондай-ақ нұсқаулық және рұқсат етілген максималды жылдамдық көрсетілген жапсырма.

ЕСКЕРТУ!

- Шина жөндеу жиынтығы тек шиналардың кішкентай зақымдарын жөндеуге жарамды. Дөңгелек дискісінде зақымданулар болған жағдайда, шиналарды жөндеу жинағын пайдалануға тыйым салынады.
- Шина герметигі жеңіл тұтанады және денсаулыққа зиянды. Тұтанудың алдын алу үшін қажетті сақтық шараларын қолданыңыз және герметиктің теріге, көздерге және киімге тиюінен сақтаныңыз; оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз; оның буымен дем алмаңыз.

Шина герметигі тиген жағдайда:

- Егер шина герметигі теріге немесе көзге тисе, кідірместен дененің зақымдалған бөлігін таза судың көп мөлшерімен мұқият жуыңыз.
- Ластанған киімді дереу шешіңіз.
- Аллергиялық реакция болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз.
- Шина герметигін абайсызда жұтып қойсаңыз, аузыңызды жақсылап шайыңыз да. дереу көп мөлшерде су ішіңіз. Өзіңізді лоқсытып, құстырмаңыз және дереу медициналық көмекке жүгініңіз.

Қалай пайдалану керек

- Жинақты пайдалану тәртібін компрессор корпусындағы жапсырмалардан қараңыз.
- Егер сорғыны қуат көзіне қосу қажет болса, оны автокөліктегі 12В розеткаға жалғаңыз, автокөліктің қоректендіру жүйесін қосыңыз және сорғыны қосыңыз. Осыдан кейін герметикті ауамен бірге сорғының құбыршегі арқылы шинаға құйыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Қуат ашасын автокөліктегі 12 В розеткаға жалғамас бұрын компрессор ажыратқышының өшірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Компрессорды бір уақытта 10 минуттан артық үздіксіз пайдаланбаңыз.
- Қуат ашасын жалғамас бұрын, кернеу мен қуаттың осы электр розеткасы үшін көрсетілген шекті рұқсат етілген мәндерден аспайтынына көз жеткізіңіз. Бұл шектерден асып кету қауіпсіздікке қатер төндіреді.
- Автокөлікті оталдыру ашық ауада немесе жақсы желдетілетін бөлмеде (мысалы, тиімді желдету жүйесі бар ғимаратта) жүзеге асырылуы керек. Іштен жану қозғалтқышының жабық немесе жеткіліксіз желдетілетін кеңістікте жұмыс істеуі көмірқышқыл газымен улануға және соның салдарынан тұншығуға әкелуі мүмкін.

- Компрессор манометріндегі шина қысымының көрсеткіштерін қадағалаңыз.
- Егер 10 минут ішінде шиналардағы қысым 180 кПа-ға жетпесе (суреттегі қызыл түсті аймақ), компрессорды өшіріңіз. BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласқан жөн.



- Егер шинадағы қысым 180—320 кПа-ға жетсе (суреттегі жасыл және сары түсті аймақтар), жинақты дереу ажыратып, бір минут бойы 80 км/сағ төмен жылдамдықпен жүріңіз, бұл ретте жүру қашықтығы 10 км-ден аспауы керек, герметик шина ішінде біркелкі таралуы үшін.



- Автокөлікті тоқтатып, аспаптар тақтасындағы шина қысымын тексеріңіз.
  - Егер шиналардағы қысым 220 кПа-дан асатын болса, жақын жердегі сервис орталығына 80 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен жетіп алыңыз.
  - Егер шинаның қысымы 130–220 кПа болса, шинаға герметик құю процесін қайталаңыз және сорғыдағы манометрдің көрсеткіштерін қадағалаңыз.
  - Шиналардағы қысым 130 кПа шамасына жетпесе, BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталығына хабарласу керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Зақымдалған шиналарда шина герметигін қолдану — бұл тек төтенше шешім ғана. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте шиналарды кәсіби жөндеу орталығында ауыстыртып алыңыз. BYD уәкілетті дилерлік немесе сервистік орталыққа хабарласып, техникалық қызмет көрсету жөніндегі маманға шиналарға арналған герметиктің қолданылғаны туралы хабарлау керек.
- Күрт үдеу әрекеттерінен мен бұрылыстардан жоғары жылдамдықпен өтуден аулақ болыңыз.
- Жылдамдықты 80 км/сағ-тан асырмаңыз. Егер автокөліктің жұмыс кезінде күшті діріл, тұрақсыздық немесе шуыл пайда болса, қозғалысты жалғастырмаңыз.
- Егер шина герметигінің жарамдылық мерзімі өтіп кеткен болса (дәл күні баллонның заттаңбасында көрсетілген), оны жаңасына ауыстырыңыз.
- Шиналарды жөндеуге арналған жинақты қолданғаннан кейін BYD ресми дилерінен немесе сервис орталығынан жаңа шина герметигін сатып алуға кеңес беріледі.

08 ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Деректер 246
Ақпарат 251
Сәйкестік декларациясы 253

Деректер

Автокөлік туралы мәліметтер

Өлшемдері

Параметр	Мағынасы
Ұзындығы(мм)	5040
Ені, (мм, сыртқы айналарсыз)	1996
Биіктігі (мм)	1760
Дөңгелек базасы (мм)	2950
Алдыңғы дөңгелек жолтабаны (мм)	1716
Артқы дөңгелек жолтабаны (мм)	1720
Алдыңғы асылма (мм)	980
Артқы асылма (мм)	1110
Жолға кіру бұрышы (°)	20
Жолдан шығу бұрышы (°)	21°

Автокөлік массасы

Параметр	Мағынасы	
Жинақтамасы	DMI	DMP
Жарақталған массасы, кг	2315	2580
Алдыңғы оське түсетін жүктеме (кг)	1285	1355
Артқы оське түсетін жүктеме (кг)	1030	1225
Максималды рұқсат етілген толық массасы (кг)	2970	3265
Алдыңғы оське түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме, кг	1420	1495
Артқы оське түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме, кг	1550	1770
Жолаушылар саны (адам)	7	7

Іштен жану қозғалтқышы

Параметр	Мағынасы
Іштен жану қозғалтқышының моделі	BYD472ZQB
Іштен жану қозғалтқышының түрі	Қатарлы төрт цилиндрлі, төрт тактілі, ұшқынды тұтанатын, цилиндрлерге отынды тікелей бүркитін, сұйықпен салқындатылатын және цилиндр блогының басында екі тарату білігі бар
Жұмыс көлемі, л	1.498
Номиналды қуаты, кВт / айн/мин	115/1100
Қозғалтқыштың макс. пайдалы қуаты, кВт / айн/мин	110/5550
Максималды айналу моменті, Н·м / айн/мин	225/(2500-4500)
Экологиялық класы	Евро 5

Тартқыш электрқозғалтқышы

Параметр	Мағынасы	
Жинақтамасы	DMI	DMP
Моделі	TZ210XYD	Алдыңғы жетек: TZ210XYD Артқы жетек: TZ200XSAE
Түрі	Тұрақты магниттері бар синхронды электрқозғалтқыш	Тұрақты магниттері бар синхронды электрқозғалтқыш
Жетек түрі	Алдыңғы жетек	Интеллектуалды толық жетек
Номиналды қуаты / айналу жиілігі / айналдыру моменті (кВт/айн/мин/Нм)	90/6600/130	Алдыңғы жетек: 90/6600/130 Артқы жетек: 70/5306/140
Шыңдық қуаты / айналу жиілігі / айналдыру сәті, кВт / айн/мин / Н·м	200/20000/315	Алдыңғы жетек: 200/20000/315 Артқы жетек: 200/18400/360

Автокөлік қуатының және үнемділігінің сипаттамалары

Параметр	Мағынасы	
Моделі	DMI	DMP

Параметр	Мағынасы	
Отын шығыны, л/100 км (NEDC циклінде)	5,3	6,3
Максималды есептік жылдамдығы (км/сағ)	200	200
Максималды еңсерілетін еңіс (%)	≥50	≥30

Дөңгелек дискілері мен шиналары

Параметр	Мағынасы	
Моделі	DMI	DMP
Шиналардың техникалық сипаттамалары	255/50 R20	265/45 R21
Шиналардағы қысым (кПа)	270	290
Дөңгелектің рұқсат етілген динамикалық теңгерімсіздігі (г)	<10	<10

Дөңгелектердің түйісу мәндері (жарақталған массасымен)

Параметр	Мағынасы
Алдыңғы дөңгелектердің құлауы (°)	-0.2±0.75
Алдыңғы дөңгелектердің жалпы түйісуі (°)	0.3±0.16
Шүберіннің көлденең еңкею бұрышы (°)	8±0,75
Шүберіннің бойлық көлбеу бұрышы (°)	6±0,75
Артқы дөңгелектердің құлауы (°)	-0.5±0.75
Артқы дөңгелектердің жалпы түйісуі (°)	0.16±0.16

Тежеу жүйесі

Параметр	Мағынасы	
Жинақтамасы	DMI	DMP
Тежегіш педалінің еркін жүрісі (мм)	1-5	1-5
Алдыңғы тежегіш дискісінің стандартты қалыңдығы (мм)	30	32

Параметр	Мағынасы	
Алдыңғы тежегіш дискісінің минималды қалыңдығы (мм)	28	30
Артқы тежегіш дискісінің стандартты қалыңдығы (мм)	25	25
Артқы тежегіш дискісінің минималды қалыңдығы (мм)	23	23
Алдыңғы тежегіш қыспақтарының стандартты қалыңдығы (мм)	11	11
Алдыңғы фрикциондық дискінің минималды қалыңдығы (мм)	2,5	2,5
Артқы фрикциондық дискінің стандартты қалыңдығы (мм)	6,5	7
Артқы тежегіш қыспақтарының минималды қалыңдығы (мм)	2,5	2,5

Жоғары вольтті батарея

Параметр	Мағынасы	
Жинақтамасы	DMI	DMP
Түрі	Литий-темір-фосфатты батарея	Литий-темір-фосфатты батарея
Жоғары вольтті батареяның номиналды сыйымдылығы (А сағ)	54	78,4

Орындықтар

Параметр	Мағынасы
Алдыңғы орындықтардың бойлық қозғалыс диапазоны (орындық жастығының регламенттелген тереңдігінде өлшенген)	Орындық жылжымаларының ең артқы орнынан 70 мм алға
Алдыңғы орындықтар арқалығының еңіс бұрышы (орындық жастығының регламенттелген тереңдігінде өлшенген)	23 °
Алдыңғы орындықтардың арқалықтарының еңкею диапазоны	Конструктивтік орналасуы: 16° алға және 73,5° артқа; жылжымалардың бойлық қозғалысы: 190 мм алға және 70 мм артқа; жылжымалардың еңіс бұрышы: 4,5°
Екінші қатардағы орындықтардың бойлық қозғалыс диапазоны (орындық жастығының регламенттелген тереңдігінде өлшенген)	Орындық жылжымаларының ең артқы орнынан 80 мм алға

Параметр	Мағынасы
Екінші қатардағы орындықтар арқалығының еңіс бұрышы (орындық жастығының регламенттелген тереңдігінде өлшенген)	25°
Екінші қатардағы орындықтарды қалыпты пайдалану шарттары	Конструктивті орналасуынан 8° алға және 12° артқа; көлденең бағыттағыштар бойынша бойлық қозғалыс 110 мм алға және 80 мм артқа
Үшінші қатардағы орындықтардың бойлық қозғалыс диапазоны (орындық жастығының регламенттелген тереңдігінде өлшенген)	Орындық жылжымалары болмайды
Үшінші қатардағы орындықтар арқалығының еңіс бұрышы (орындық жастығының регламенттелген тереңдігінде өлшенген)	21°
Үшінші қатардағы орындықтар арқалықтарын қалыпты пайдалану шарттары	Стандартты қалыптан 6° артқа және 2° алға. Алға қарай жиналғанда, көлденеңінен 4° бұрыш пайда болады. Бойлық реттеу жоқ.

Майдың ұсынылатын типі және мөлшері

Параметр	Мағынасы
BYD472ZQB мотор майының түрі	SP 0W-16
BYD472ZQB мотор майының мөлшері, л	4
EHS арнайы трансмиссиялық майының түрі	EHSF-2LV
EHS арнайы трансмиссиялық майының мөлшері, л	3.2±0.1
Артқы жетекке арналған трансмиссиялық май түрі*	EHSF-2LV
Артқы білдек үшін трансмиссия* майының құю көлемі (л)	1.3±0.1
Тежегіш сұйықтығының типі	HZY6/DOT4/HYDRA ULIC404
Тежегіш сұйықтығының мөлшері (мл)	MAX белгісінен 0—5 мм аралығында
Іштен жану қозғалтқышының салқындату сұйықтығының түрі	Гликольді органикалық қышқыл негізіндегі салқындату сұйықтығы: қату температурасы: –40 °C (аязға төзімді)
Іштен жану қозғалтқышының салқындату сұйықтығының мөлшері, л	8.5±0.5
Электрқозғалтқыштың салқындату сұйықтығының типі	Гликольді органикалық қышқыл негізіндегі салқындату сұйықтығы: қату температурасы: –40 °C (аязға төзімді)
Электрқозғалтқыштың салқындату сұйықтығының мөлшері (л)	4.7±0.5

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Ұсынылған майлардың типтері BYD компаниясы тарапынан сыналған және мақұлданған. Майдың басқа типтерін қолдану автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларына нашарлатып жіберуі және ақаулықтарға немесе жекелеген компоненттердің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Ақпарат

Автокөлікті сәйкестендіру

Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN)

VIN орналасқан орындар:

① Капоттың ішкі панелінде

② Алдыңғы жетектің бүйір жағында

③ Алдыңғы панельдегі алдыңғы әйнектің артындағы сол жақ төменгі бұрышта

④ Алдыңғы бампердің арқалығында



⑤ Жүргізуші есігінің ішкі панелінің төменгі бөлігінде

⑥ Сол жақ артқы есіктің табалдырығының ішкі жағында

⑦ Сол жақ артқы дөңгелек аркасында

⑧ Жүксалғыш қақпағының ішкі қаптамасының астында



VIN жазылған орын:

VIN нөмірі алдыңғы жолаушы орындығының астына ойып басылған. VDS жалғағаннан кейін сәйкес модельге арналған автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) экранның үстіңгі оң жақ бұрышында көрсетіледі. Толық ақпаратты VDS пайдалану нұсқаулығынан қараңыз.



Іштен жану қозғалтқышы мен тартқыш электрқозғалтқыш моделі және сериялық нөмірі

① Алдыңғы тартқыш электрқозғалтқыш моделі мен сериялық нөмірі капоттың ішкі панелінде орналасқан

② Іштен жану қозғалтқышының моделі мен сериялық нөмірі үрленетін ауаның аралық салқындатқышында орналасқан

③ Артқы тартқыш электрқозғалтқышының моделі мен сериялық нөмірі артқы тартқыш электрқозғалтқышының корпусында* жазылған

④ Артқы тартқыш электрқозғалтқышының моделі мен сериялық нөмірі бар затбелгі жүксалғыш қақпағының ішкі қаптамасының оң жағына бекітілген.



⑤ Іштен жану қозғалтқышының моделі мен сериялық нөмірі қозғалтқыш цилиндр блогында жазылған

⑥ Алдыңғы тартқыш электрқозғалтқышының моделі мен сериялық нөмірі алдыңғы тартқыш электрқозғалтқышының корпусында жазылған

Автокөліктің зауыттық тақтайшасы

Автокөліктің зауыттық тақтайшасы оң жақ B бағанының астыңғы бөлігінде орналасқан.



Ескерту жапсырмалары

Қауіпсіздік жастығы туралы ескертуі бар жапсырма оң жақ күнқағарда орналасқан.



Шиналардағы белгіленген қысым туралы жапсырма сол жақ B тірегінің төменгі бөлігіне бекітілген.



Хладагент құю және радиатор желдеткіші туралы ақпарат бар жапсырмалар капот құлпының екі жағына бекітілген.



Белгіленген отын түрі туралы жапсырма отын бағы мойнының қақпағының ішкі жағына бекітілген.



Зарядтау ашасын шығару туралы ескерту жапсырмасы зарядтау розеткаларының люк қақпағының ішкі жағына бекітілген.



Транспондер орнату

Транспондер алдыңғы әйнектің үстіңгі оң жақ бөлігінде орнатылған.



ЕСКЕ САЛУ

- Транспондер-жапсырманы әйнектің жақтауымен немесе басқа заттармен жаппаңыз.

Сәйкестік туралы декларация

Смарт-кілт

	Өзбекстан Моделі: D1-92
	ЕО елдері Моделі: D1-92
ANATEL 13120-22-14807	Бразилия Моделі: D1-92 Бұл жабдық зиянды кедергілерден қорғанышты қажет етпейді және тиісті түрде сертификатталған жүйелерге кедергілер тудыра алмайды.

Миллиметрлік диапазонды бұрыштық радар	
	ЕО елдері Сертификат идентификаторы: T.2021.08.0001
	Австралия/Жаңа Зеландия Австралияның радиобайланыс стандарттарына сәйкес, өнім түрін мақұлдау сәйкестік декларациясы түрінде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте типті мақұлдаудың ресми нөмірі берілмейді. Австралия мен Жаңа Зеландия арасында сәйкестік белгісін өзара тану туралы келісім бар, бұл RCM белгісінің Жаңа Зеландия аумағында да қолданылатынын білдіреді.
TCR: XXXXX	Камбоджа Сертификат идентификаторы: RF-TA-2022-0803
ANATEL 13120-22-14807	Бразилия Сертификат идентификаторы: Versys 3008
CONATEL COMISION NACIONAL DE TELECOMUNICACIONES	Парагвай Сертификат идентификаторы: 2022-01-I-0065
E24 10R-06 XXXX	EU R10 Сертификат идентификаторы: E1*10R06/03*10307*01

Миллиметрлік диапазонды алдыңғы радарлар	
	ЕО елдері Сертификат идентификаторы: T.2022.01.0005

	Австралия/Жаңа Зеландия Австралияның радиобайланыс стандарттарына сәйкес, өнім түрін мақұлдау сәйкестік декларациясы түрінде жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте типті мақұлдаудың ресми нөмірі берілмейді. Австралия мен Жаңа Зеландия арасында сәйкестік белгісін өзара тану туралы келісім бар, бұл RCM белгісінің Жаңа Зеландия аумағында да қолданылатынын білдіреді.
	Бразилия Сертификат идентификаторы: Versys 3163
	EU R10 Сертификат идентификаторы: E1*10R06/03*10232*01
IFETEL: XXXXX	Мексика Сертификат идентификаторы: IFT/223/UCS/3391/2023

Шина қысымын бақылау модулі

	Австралия/Жаңа Зеландия Сертификат идентификаторы: SZCR230600177901/ SZCR230600177903/SZCR230600177904
	Бразилия Сертификат идентификаторы: 08529- 24-13003
	Біріккен Араб Әмірліктері Сертификат идентификаторы: ER30729/24

Радиожиіліктер туралы мәлімет

	Автокөлікте әртүрлі радиожабдық орнатылған. Радиожабдық өндірушілері радиожиілік модульдері 2014/53/ЕО Директивасына сәйкес келеді. ЕО сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі интернет-мекенжайда қолжетімді: https:// cnprod.byd.com/eu/eu-doc.



Пәкістан

Сертификат идентификаторы: 9.758/2024

Компонент	Жиілік	Максималды қуат
NFC құрылғысы	13.56MHZ	1 Вт
Борттық Bluetooth модулі	2400-2483,5 МГц	8 дБм
Wi-Fi кіру нүктесінің модулі	2402-2482 МГц	2,4 ГГц-те 19,5 дБм
	5150-5825 МГц	5,8 ГГц-те 16 дБм
Желі (4G)	820-2700 МГц	23 дБм
FM радиотюнері	64-108 МГц	/
GPS модулі	1575,42 МГц	/
Миллиметрлік диапазонды радарлар	76-77 ГГц	4 Вт
AM радиотюнері	520-1710 кГц	/

Көрсеткіш

12 В электрмен қоректендіру розеткасы . 204

A

Auto Hold функциясы (AVH) 126

B

Bluetooth арқылы шақыру..... 190
BYD қолданбасы туралы..... 200

D

DiSus-C*..... 122

M

Mode 2 зарядтау кабелін пайдалану*..... 94

O

OTA жаңартуы* 190

U

USB-ағытпалар 204

А

Автокөлік деректерін өңдеу..... 35
Автокөлік коррозиясының алдын алу..... 216
Автокөлікке қызмет көрсету 216
Автокөлікті қолмен жуу 218
Автокөлікті механикалық кілттің көмегімен апаттық құлыптау..... 63
Автокөлікті оталдыру..... 118
Автокөлікті пайдалану және сақтау бойынша ұсыныстар 109
Автокөлікті сақтау бойынша нұсқаулар... 224
Автокөлікті тазалау..... 217
Автокөлікті тұрақты пайдалануға үшінші тұлғаларға беру және автономдық режим 36
Автокөліктің жақындауы туралы дыбыстық ескерту жүйесі (AVAS)..... 177
Автокөліктің зауыттық тақтайшасы..... 252
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) .. 251
Автоматты жуу орнын пайдалану..... 219
Айдап әкетуге қарсы жүйе..... 34
Айнала шолу жүйесі (AVM) 168
Айнымалы ток зарядтау станцияларын пайдалану 96
Аккумулятор батареясының мақсатты заряд деңгейін баптау..... 102
Ақпараттық-ойын-сауық жүйесінің сенсорлы экраны 186
Алдыңғы әйнектің әйнектазартқыштары мен жуғышы..... 78
Алдыңғы бүйірлік дефлекторлар..... 199
Алдыңғы жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасы..... 201
Алдыңғы стақан қойғыштар 202
Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің ажыратқышы 84
Аспаптар тақтасындағы ақаулықтар туралы басқа хабарламалар 49
Аспаптар тақтасының СК дисплейі..... 40

Ә

Әйнектазартқыш қылшақтарын ауыстыру 79
Әйнектазартқыш щеткалар..... 229

Б

Бала бекіту жүйесі 21
Бала бекіту құрылғыларын орнату 23
Бассүйегіштерді реттеу..... 73
Берілістерді ауыстырудың басқару органдары 122
Былғары 220

Г

Гибридті жүйенің жұмыс режимдерін сипаттауға кіріспе 27, 29
Гибридті жүйенің жұмыс режимдеріне қатысты ескертулер..... 31
Гибридті жүйенің жұмыс режимін таңдау.. 30

Д

Дербес деректерді билік органдарына жария ету..... 37
Дербес орталық және автокөлікті басқару..... 200
Деректерді жинау және өңдеу 34

Е

Еден жабыны 219
Екінші қатардағы орындық жолаушыларына арналған стақанқойғыштар..... 202
Есептік жазбаны тіркеу..... 200
Ескерту жапсырмалары 252
Есіктер мен әйнектер..... 220

Есіктердегі қалталар 201

Ж

Жалпы зарядтау ақаулықтарын іздеу және жою 92
Жарық ажыратқыштары 80
Жарық аспаптары 223
Жоғары вольтты аккумулятор батареясын кәдеге жарату 106
Жоғары вольтті батарея 105
Жол белгілерін тану жүйесі 151
Жолаушы жағындағы әйнеккөтергішті басқару ауыстырып қосқышы 83
Жүк тасымалдау 114
Жүксалғыш қақпағын апаттық жағдайдаашу 62
Жүксалғышта жүк тасымалдау 114
Жүксалғышты құлыптау/құлпын ашу 60
Жүргізушінің жай-күйін бақылау жүйесі (DMS)* 174
Жылдамдықтың шектелуін зияткерлік бақылау (ЖШЗБ)* 140

З

Зарядтау ағытпасын бұғаттау жүйесі 103
Зарядтау ағытпасының құлпын апаттық жағдайда ашу 105
Зарядтау кезіндегі сақтық шаралары 90
Зарядтау кезіндегі сақтық шаралары 90
Зарядтау 7

И

Индикаторлар мен бақылау шамдары 41
Интеллектуалды дауыстық көмекші — BYD ассистенті 191
Интеллектуалды зарядтағыш 99
Интеллектуалды кіру және оталдыру жүйесі 63
Ишаралар және жүйе реакциялары 190

К

Капотты ашу және жабу 225
Караоке* 191
Киімілгіштер 204
Климаттық қондырғының баптаулары 199
Климаттық қондырғының басқару панелі, автокөлік динамиктері,
алдыңғы панель, басқару панельдері және ауыстырып қосқыштар 220
Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі (BSD) 158
Көзілдірік бөлімі 202
Көлік жүргізу кезіндегі сақтық шаралары 109
Көмірқышқыл газымен (CO) улану қаупі . 113
Күңқағар 203
Кілттер 52

Қ

Қауіпсіз жүргізуге арналған жүйелер 177
Қауіпсіздік белбеулері 12
Қауіпсіздік белбеулерін күту 220
Қауіпсіздік белбеулерін пайдалану 12
Қауіпсіздік белбеуінің инерциялық шарғысының функциясы 12
Қауіпсіздік жастықтарына шолу 15
Қауіпсіздік жастықтарының түрлері 16
Қашықтық индикаторы және динамик 170
Қозғалтқыш қозғалыс кезінде оталмайды 237
қолмен 77
Қысқы мезгілінде жүргізу кезіндегі сақтық шаралары 128

Л

Лак-бояу жабынына күтім жасау бойынша кеңестер 217

М

Менің автокөлігім* 192
Мерзімді техникалық қызмет көрсету 215
Механикалық кілттің көмегімен құлыптау/құлыпты ашу 56
Микроажыратқыш көмегімен әйнектерді көтеру/түсіру 59

О

Орындық арқалықтарындағы қалталар .. 203
Орындықтарды жылыту және желдету жүйесі* 72
Орындықтарды пайдалану кезіндегі сақтық шаралары 65
Отын құю 111
Отын шығыны аз қозғалыс 121
Отынды таңдау 110
Отынды үнемдеу және автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту 112

Ө

Өз бетінше техникалық қызмет көрсету кезіндегі сақтық шаралары 221

Өрттің алдын алу жөніндегі нұсқаулар 116

П

Пайдалану кезіндегі сақтық шаралары ... 127
Панорамалық шатырды күту 224
Проекциялық дисплей (HUD)* 173

Р

Разрядтауға арналған жабдық* 99
Рекуперативті тежеу баптаулары 103
Руль дөңгелегіндегі ауыстырып қосқыштар 75
Руль күшейткіші режимінің баптаулары 77
Рульді реттеу

С

Сақтандырғыштар 232
Салқындату сұйықтығын таңдау 226
Салонды жарығының артқы плафондарының ажыратқыштары 86
Салонды тазалау 219
Салонның алдыңғы жарықтандыру плафондары 85
Сигнал шамдары/индикаторларының сипаттамасы 43
Смарт-кілттің көмегімен әйнектерді көтеру/түсіру 58
Смарт-кілттің көмегімен құлыптау/құлыпты ашу 57
Смартфондарды сымсыз зарядтау жүйесі* 205
Су кедергілерінен өту 115
Сынап жүргізу кезеңі 108
Сырғытпайтын шынжырлар 129
Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу .. 87
Сыртқы электр тұтынушыларын V2L қуаттандыру 100
Сіздің деректерді қорғау құқықтарыңыз 37

Т

Тақырыптық режимдер 187
Тежегішті блоктау жүйесі 181
Техникалық деректер 246
Техникалық қызмет көрсету кестесі 210
Техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі мен операциялары 210
Төбе дефлекторлары* 199
Төмен вольтты аккумулятор батареясы . 107
Транспондер орнату 253
Тұраққа қою көмекші жүйесі 170
Тұрақты токпен зарядтауға арналған тірек* 97
Тіркеме сүйреу 109

Ұ

Ұстағыштар 203

Ү

Үшінші қатардағы орындық жолаушыларына арналған стақанқойғыштар* 202
Үшінші қатардағы орындықтар 73

Ф

Функциялардың сипаттамасы 195

Ш

Шина қысымын тікелейбақылау жүйесі ... 175
Шинадағы қысымның төмендеуі 240

І

Ішкі артқы көрініс айнасы 86

Э

Электр әйнеккөтергіштердің ауыстырып қосқыштары 82
Электржетегі бар алдыңғы орындықты реттеу 66
Электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB) 123
Электрондық бала бекітпесі 65
Эстетикалық жарықтандыру 86

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

Қысқарған сөздер

Қысқарма	Толық атауы	Қысқарма	Толық атауы
ELR	Қауіпсіздік белбеуінің инерциялық шарғысы	ECU	Электронды басқару блогы
SOC	Заряд деңгейі	EDR	Оқиғалар тіркегіші
ESC	Электронды бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі	GPF	Бензинді қозғалтқыштың қатты бөлшектер сүзгісі
AVH	Автокөлікті автоматты түрде ұстап тұру функциясы	FCW	Бетпе-бет соқтығысу туралы ескерту
BSD	Көзден таса аймақтарды бақылау	DOW	Ашық есік туралы ескерту
RCTB	Артқы көлденең қозғалыс кезінде тежеу	ABS	Тежегіштерді блоктау жүйесі
VDC	Автокөлік динамикасын басқару жүйесі	TCS	Бос айналудан қорғау жүйесі
HHC	Өрде орыннан қозғалу кезінде көмектесу жүйесі	HBA	Гидравликалық тежегіш күшейткіші
CDP	Тұрақ тежегішінің көмегімен басқарылатын баяулау	HDC	Ылдиға қарай түсу көмекші жүйесі
MCB	Екіншілік соқтығысулардың алдын алу үшін шұғыл тежеу жүйесі	МАКС.	Максимум
МИН.	Минимум	VIN	Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі

BUILD YOUR DREAMS

Шығарылған күні: 11.2025 EN_V0